


С.Ш. Даубасов

ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІ ҰСТАП БЕРУ
(ЭКСТРАДИЦИЯ)
ИНСТИТУТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 343 (035.3)
КБЖ 67408
Д 19



*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

заң ғылымдарының докторы, профессор *С.Ж. Айдарбаев*
заң ғылымдарының докторы, профессор *А.А. Сабитова*

Даубасов С.Ш.

Д 19 Қылмыскерлерді ұстап беру (экстрадиция) институтын
халықаралық-құқықтық реттеу: монография / С.Ш. Даубасов.
– Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 175 бет.

ISBN 978-601-04-1262-0

Осы еңбекте тұңғыш рет кешенді түрде Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру құқығын және рәсімін реттейтін отандық және шетелдік заңдары зерттелінді. Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және экстрадиция туралы екіжақты келісімшарттарына көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелері бойынша көпжақты халықаралық-құқықтық механизмдерге қатысуы, яғни Қазақстан Республикасының Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының (Интерполдың) Ұлттық орталық бюросы шеңберіндегі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті жүзеге асыру контекстінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелерінде қатысты ынтымақтастығы теориялық және тәжірибелік тұрғыда талқыланды.

Басылым жоғары заң оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, оқытушыларына, құқықкорғау органдарының қызметкерлеріне, көпшілік оқырмандарға арналған.

**ӘОЖ 343 (035.3)
КБЖ 67408**

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

ҚР	– Қазақстан Республикасы
РФ	– Ресей Федерациясы
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
Интерпол	– Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы
ҰОБ	– Ұлттық Орталық Бюросы
ҚР ҰОБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық Орталық Бюросы
ЭКОСОС	– БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік Кеңесі
ЕК	– Еуропа Кеңесі
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
СБСЕ (ОБСЕ)	– Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Кеңесі
АМҰ (ОАГ)	– Американдық мемлекеттер ұйымы
ҚР ҚК	– Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ҚІЖК	– Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
РФ ҚК	– Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі
РФ ҚІЖК	– Ресей Федерациясының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
СІМ	– Сыртқы істер министрлігі
ІМ	– Ішкі істер министрлігі
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ГФР	– Германия Федеративтік Республикасы
ЕО	– Еуропа Одағы

КІРІСПЕ

Халықаралық тәжірибеде көрсеткендей, халықаралық қылмысты жасағаны үшін жауаптылықтың аумақтылық қағидасы аумағында қылмыс жасалған мемлекеттің ұлттық сотымен анықталынатын жауаптылықтың тиімділігін арттырудың негізгі рөлін білдіреді. Яғни, соттылыққа тиесілігін анықтау үшін негізгі белгісі ретінде аумақтылық қағидасын тану тікелей қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтымен байланысты. Әрбір мемлекет өз аумағында жасалған құқықбұзшылықтың алдын алу үшін және қайда жасырынғанына қарамастан кінәліні қудалау және жазалау үшін мүдделі.

Соңғы уақытта қылмыс жасаған тұлғалардың өзге елдің аумағына қашып барып жасырынуы кең етек алуда. Міне, осы мән-жағдай мемлекеттердің қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтастығына және саны жылдан жылға өсіп отырған қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы Конвенциялар мен екіжақты шарттарды жасасуына итермелеп отыр.

Соңғы кезеңдері қылмыстылық мәселесі ұлттық шекарадан да шығып отыр және бұл мәселе жекеленген мемлекеттерге ғана қауіптілік тудырып қоймайды. Осыған орай, қылмыстылықпен күрес жүргізу барысында күшті бір орталыққа біріктіріп мемлекеттер ынтымақтастығын арттырғанымыз жөн. Міне, осындай ынтымақтастықта халықаралық келісімшарттармен және ұлттық заңдардың көмегімен реттелінетін экстрадиция институты ерекше орын алады.

Бұл институтты зерттеу өзектілігі ең алдымен ұйымдасқан қылмыстылықпен күрестің шұғылдылығымен, республика бекіткен халықаралық шарттардың және Конвенциялардың республика заңдарынан басымдылығы туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының қалыптарын орындаумен, сонымен қатар қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек туралы мемлекеттер арасындағы шарттардың (Конвенциялардың) кеңейтілген жүйесін жүзеге асырумен анықталады.

Ғылыми пікірталас тудырып отырған экстрадиция мәселесі заң оның ішінде қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде, әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі бірегей реттелінбеген, осыған орай оның ұлттық қылмыстық заңдағы дамуын, халықаралық қылмыстық құқық жүйесіндегі қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының орнын анықтауға және осы мәселені терең теориялық негізде зерттеуге әкеп соқтырады.

Мемлекеттердің қылмыстылықпен күресудегі қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің маңыздылығына және бұл институттың терең тарихи тамырына қарамастан, экстрадиция институты дербес қалыптасқан деп тануға болады және әрдайым даму үстінде және де бүгінгі күнде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру түсінігі туралы мемлекеттер арасында әртүрлі талқылаулар қалыптасқан. Бұл ұғымға әртүрлі анықтамалардың қалыптасуына қылмыстық заңның кеңістікте әрекет етуіне әртүрлі баға берумен және ұстап беруді жазалау актісіне жатқызу салдарынан туындап отыр.

Экстрадиция институтының құқықтық реттелуіне көз жүгіртсек, яғни ол халықаралық және ұлттық құқық қалыптарымен де қоса реттелінеді. Мүдделі мемлекеттер арасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы тиісті халықаралық келісімшарттардың негізінде туындайтын ұстап беру міндеттемесін ескере отырып, экстрадицияның халықаралық-құқықтық регламентациясы тәртіп бойынша аса маңызды мәнінің болуы тиіс. Бірақ, қазіргі таңдағы тәжірибеге сүйенсек, экстрадиция мемлекеттер арасындағы саяси қатынасқа сирек негізделген. Сондықтан, осы саладағы өзгерістерге қарамастан, экстрадиция институты тиімді құқықтық механизм мәртебесін (әсіресе, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) сияқты ұйым шегінде) иемденуі тиіс.

Қазір әрбір кеңестік республикалардың егеменді мемлекеттері өздерінің ұлттық қылмыстық заңдарын қабылдауда және иеленуде, осы жерде ТМД-ның аясында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру проблемасын реттеу мәселесі ең өзекті болып отыр. Бұл ұстап беру мәселесін реттейтін ТМД-ның аясында қабылданған екіжақты және көпжақты келісімшарттармен және Конвенциялардың кемшілігінен туындағанын білдіреді.

Ұлттық және халықаралық маңыздылықты иемденетін экстрадиция мәселесін шешудегі халықаралық жаңа талаптар көптеген елдерде заңи реттелінуінің қиындығына әкеп соқтырды. Қазақстандағы ағымдағы конституциялық және қылмыстық заңдар халықаралық құқық қалыптарының басымдылығының қалыптасуына, сонымен қатар Республикамыздың құқықорғау және прокуратура органдары халықаралық құқық қалыптарын қолдануға бағытталған. Бірақ бұл жерде айта кеткен жөн, Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге мемлекеттердің заңдарында да экстрадицияның құқықтық табиғаты туралы мәселе біркелкі шешімін таппаған. Әрине бұл аспект терең зерттеуді, әсіресе салыстырмалы-құқықтық талдауды қажет етеді.

Тақырыптың өзектілігін анықтау барысында мынандай мәнжайды ескеруіміз қажет, яғни қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған тұлғалардың көпшілік бөлігі қылмыстық жазадан қашу үшін ал, кейде өзінің қылмыстық қызметін жалғастыру үшін де өзге мемлекеттің аумағында жасырынады. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі бойынша мемлекеттер арасындағы қатынасты кеңейту және дамыту ұйымдасқан қылмыстарға қарсы қолданылатын шараларды күшейтуге әкеп соқтырары сөзсіз. Осы саладағы тәжірибелермен алмасу барлық тараптарға, яғни сұрау салушы мемлекет сұрау салынған мемлекеттен қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруіне қол жеткізеді.

Сонымен, экстрадиция институты халықаралық қылмыстылықпен күресудің маңызды құралы болып табылады. Ол қылмыс жасаған тұлғаларға әртүрлі мемлекеттердің қылмыстық заңының аумақтық ажыратылуына қарамастан, халықаралық-құқықтық деңгейде жазаның қолданылуын қамтамасыз етеді. Осы институт халықаралық қылмыстылықпен күресудің тиімді құралы бола отырып, осы күресті халықаралық деңгейде жүргізуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Демек, халықаралық қылмысты жасаған тұлғаны ұстап беру институты және өзге де халықаралық-құқықтық өзара көмек түрлері бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ынтымақтастықты нығайту үшін күресте пайдаланылуы мүмкін. Осыған байланысты, бүгінгі күнде осы институтты теориялық жоспарда да және нақты қылмыс түрлерімен күресуде оны қолдану тәжірибесіне қатысты да

жүйелі зерттеуді талап етуде. Ұсынылып отырған зерттеу осы алға қойылған мәселелерді кешенді құқықтық талдауға әкеп соқтырады.

Ұстап беру институты – халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтың ең ертеден қалыптасқан институттарының бірі болғандықтан әр елдің ғылыми әдебиеттерінде, халықаралық шарттық тәжірибеде, БҰҰ-ның органдарының, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарының қызметінде аса көңіл бөлінген. Бұл біріншіден, қазіргі халықаралық қатынас үшін оның маңыздылығын білдірсе екінші жағынан, оның мазмұнын соңғы теориялық жетістіктерге сондай-ақ, қылмыстық және халықаралық қылмыстылықпен күресу аясындағы халықаралық және ішкі мемлекеттік тәжірибе талабына орай, қайта қарау және қайтадан тұжырымдау қажеттілігі туралы мәселеден туындауда.

1. ЭКСТРАДИЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының қалыптасуы және дамуы

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты ұзақ тарихи қалыптасу және даму кезеңдерінен өткен. С.Д. Бедидің пікірі бойынша, ұстап беру кез келген нысанында әлі халықаралық құқық қалыптарының жүйесі қалыптаспаған және ол туралы жазылған ілім болмаған кезеңде пайда болған ерте цивилизациядағы институт болып табылады¹ [1, 16 б.]. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру ертеректе халықаралық-құқықтық тәжірибеде кездескендігі туралы В.Э. Грабарь [2, 460 б.], А.В. Гефтер [3, 128 б.] және басқалар өз еңбектерінде атап көрсеткен. Сонымен айта кеткен жөн, «ұстап беру» (немесе «extradition») термині 1828 жылға дейін бірде-бір халықаралық құжаттарда кездеспейді. XVII ғасырда «restituer» және «remettre» сөздері жиі қолданылған. Алғаш рет «extradition» сөзі Францияда қолданылған, яғни осы елдің Ұлттық Жиналысы 1791 жылы 19 ақпанда ұстап беру

¹ Ғалымдар арасында ұстап беру институтының пайда болуына қатысты екі ғылыми көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарастағы ғалымдар, ұстап беру институтының қалыптасуын халықаралық құқықтық дамуымен байланыстырса, ал келесі ғалымдар тобы XIX ғасырдың аяғымен және XX ғасырдың басындағы буржуазиялық төңкеріспен байланыстырады.

Екінші концепцияның өкілдері халықаралық құқықты өздігінен қалыптасқан құқық саласы ретінде қарастыра отырып, оның пайда болуын мемлекеттің пайда болуымен және қоғамдағы таптардың бөлінуімен байланыстырмайды және халықаралық құқықтың ерте кезеңде болғандығын жоққа шығарады.

Бірақ, осы институтты зерттеумен айналысатын арнайы заңгерлер өзге көзқарасты қолдануда, ұстап беру кез келген нысанында ертеден қалыптасқан институт, өйткені оның бастауын ерте кезеңдерден көруге болады. Осы көзқарасқа осы зерттеудің авторында қосылады.

туралы заңның жобасын жасау үшін конституциялық және дипломатиялық комитетті біріктіру туралы Декрет қабылдады².

Ерте ғасырда пайда болған қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты кейіннен маңызды өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер ұстап беру институтының қалыптасу процесінің халықаралық құқықтың дамуымен қатар жүргендігімен байланысты және таптық қоғамның барлық тарихи кезеңдерін қамтиды. Сөзсіз, халықаралық құқық кез келген тарихи кезеңнің бейнесін бейнелейді және сондықтан сол кезеңдерде өмір сүрген мемлекеттердің өзара қарым-қатынасының шегінде дамыған.

Сонымен, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру ерте кезеңнен белгілі екендігі және қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттердің өзара көмектесуінің ескі құралы болып табылатындығы ешқандай күдік тудырмайды. Ерте кезеңдегі шарттардың бірі – біздің дәуірімізге дейін 1296 жылғы Египет фараоны II Рамсес пен Хеттер патшасы III Хеттушили арасындағы Шартта былай делінген: «Егер кімде-кім Египеттен қашып кетіп Хеттер еліне барып паналаса, Хеттер патшасы оны өз елінде ұстап тұра алмайды, яғни оны Рамсес еліне қайтарып береді». Сонымен қатар, қамтамасыз ету туралы Шарттың ережесін айта кеткеніміз жөн. Егер заңсыздық (немесе құқық) бұзылса, ұстап беруге жататын тұлғаның қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс: «Оларды өлтіруге болмайды, олардың көздеріне, аузына және аяғына зиян келтіруге болмайды»³ [4, 7,9 б.].

² Бірақ, бұл Декрет заңдық күшіне енбеген. Сондықтан ұстап беру құқығы даулы мәселе болып қала берді. Ал, кейбір заңгерлер Адам және азамат құқықтарының Декларациясының 7-бабын, 1791 жылғы Франция Конституциясының 16-бабын, және кейбір актілердің, мысалы, қылмыстық кодекстің 272-бабын басшылыққа ала отырып, ұстап беру құқығын жоққа шығарды. Бірақ, 1811 жылғы 23 қазандағы Декретте Француз императорының ұстап беру құқығы көзделген. Өз қол астындағы азаматтарын ұстап беру мәселесіне қатысты бұл Декрет шетел азаматын ұстап беруде де кеңінен қолданылды және ұстап беру өндірісіндегі императордың бұрынғы құқығын расталды. Сайып келгенде, жоғарыда айтылған нормативті акті 1849 жылы 3-11 желтоқсанда атқарушы билікке, яғни оның ішінде ішкі істер министріне және шекаралық департамент префектіне шетел азаматтарын күштеп көшіріп жіберу құқығын берді.

³ Кейбір шетел авторларының еңбектерін алып қарасақ, ұстап беру туралы шарттардың ең көнесі голландық княз Вильгельм II мен граф Брабанта Генри II арасында жасалған 1242 жылғы шарт, немесе король Карл V пен граф Саува арасындағы 1376 жылғы шарт, не ағылшындық король Эдуард III пен француз королі Филипп Красивый арасында жасалған 1303 жылғы шарт болып табылатындығы туралы қорытындылар-

Мысалы, қарастырылып отырған құлиеленушілік кезеңдегі шарт ұстап беру үшін қашып кету фактісінің өзі негіз болатындығын бейнелейді және қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру тәжірибесінің біртіндеп қалыптаса бастағандығын көруге болады. Құлиеленушілік кезеңде де қолдау тапқан қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты бастапқы сәтінен-ақ, шарттық сипатқа ие болғандығын және өзіне ұстап беруге жататын тұлғалармен адамгершілікпен қарау туралы қалыптарды қамтығандығын айтпай кетуге болмайды. Міне, осыған орай, шарттар екіжақты сипатқа ие бола бастаған.

Осындай шарттардың бірі ретінде жеке грек қалалары мен мемлекеттері арасында жасалған екіжақты келісімдерді айта кеткен жөн. Ұстап беру институты Ежелгі Грецияда және Рим империясында қашқан құлдарға кеңінен қолданылды. Негізгі өндірістік күш болып саналатын құлдардың қашуын тоқтату құралы ретінде ұстап берудің рөлі артты. Сонымен қатар, қонақжайлықтың кейбір ережелері де қолданылды, бірақ бұл ережелер құлдарға тән болмады. Қонақжайлық жауласып жатқан мемлекеттерден қашып келгендерге сирек берілетін болған.

Орта ғасырда ұстап беру мәселесіне қатысты мемлекеттердің ынтымақтастығы ұлғайтылды, саяси себептермен өзге елдерге қашып кеткен тұлғаларды қылмыскер ретінде емес қашқындарды (жау жаққа өтіп кеткендерді) ұстап беру мақсатында халықаралық шарттар жасалынған. Осы кезең үшін тән сипат, католиктік шіркеу жауларын қудалау және оларды ұстап беру кеңінен етек алған. Сол кезеңдегі шарттардың ішінен мыналарды атап көрсеткен жөн, 1303 жылғы трактатқа сәйкес, Англиямен және Франция екі жаққа бірдей жау және бүлікші болып табылатын тұлғаларға пана беруден бас тарту міндетін алды, сонымен қатар, жау жаққа өтіп кеткендерді ұстап беру туралы Ресей мен Швеция арасындағы 1649 жылғы «шарттық жазбаны» айтуға болады. Бірақ, тәжірибе мынаған әкеп соқтырды, достық-тату мемлекеттерден

ды кездестіруге болады. (қараңыз.: A. Rolin. Quelques questions relatives a Lextradition, "Recueil des Cours". 1923. – t. I. – p.194.). Л.Н. Галенскаяның пікірі бойынша, осы аталған қорытындымен келісуге болмайды, өйткені олар халықаралық құқық тарихын Еуропалық мемлекеттер тарихынан және олардың өзара қарым-қатынасын шектеуге тырысып отыр. (қараңыз.: А.Н. Галенская. Международная борьба с преступностью. – М.: Международные отношения, 1972. – с.163.).

қанып келгендер ұстап берілді, ал дос емес мемлекеттерге ұстап берілмейтін болған. Мұсылман мемлекеттері исламды уағыздаушы тұлғаларды ұстап бермеген. Мынаған көңіл бөлгеніміз жөн, орта ғасырда қылмыстық заңды бұзған қылмыс жасаған тұлғаларды өзара ұстап берудегі мемлекеттердің заңи міндеттері жоқтың қасы болған. Бұл дегеніміз, сол ғасырда қылмыскерлердің қиындық жасауына кедергі болатын халықаралық қатынастың жеткілікті дамымағандығын және де ұстап беру мәселесі орталық үкіметтің емес, тек шекаралық биліктің келісім жүргізу құралы болғандығын бейнелейді.

Бірақ, қазіргі кезеңде де қылмыс жасаған тұлғалар сирек ұстап беріледі. Ұстап беру институты сол кезеңдерде қалыптасу сатысында еді. Ұстап беру институтын қолдануға кейде шек қойылды мысалы, Батыс Еуропадағы феодалдық мемлекеттерде елге рұқсатсыз келген немесе елде бір жылдан астам болған шетел азаматтарының барлығын құлдыққа айналдыру әдеті кеңінен қолданылған.

Қылмыстылыққа жол бермеу мақсатындағы мемлекеттердің ынтымақтастығының қарқынды дамуы XVIII ғасырға тән. Осы кезеңдерден бастап ұстап беру туралы шарттар қылмыстық іс-әрекеттерге кеңінен таратылды, яғни мемлекеттердің өзге мемлекетте жалпы қылмыстық құқықбұзушылық істеген тұлғаларға ұстап беру институтын қолданудың қажеттілігіне біртіндеп көздері жете бастады.

XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық төңкерісі ұстап беру институтының тағдырына маңызды бет бұрыс жасады, яғни пана беру құқығын заңи рәсімдеді. 1793 жылғы Конституцияда былай делінген: «Француз халқы бостандық үшін күресіп өз Отанынан қуылған шетел азаматтарына пана береді. Біздер тирандарға пана беруден бас тартамыз» (120-бап).

Феодалдық мемлекеттердің қарсыластары сөзсіз буржуазиялық францияның одақтастары болды. Аталған пана беру құқығын ұғыну үшін мына факті маңызды болып табылады. Англия мен Голландияға соғыс жариялау туралы Ұлттық Конвенттің 1793 жылғы 1 ақпанындағы Декретінде «Францияға қарсы күрескендерге, бүлікшілердің көсемдеріне және эмигранттарға ақшалай көмек және қамқорлық көрсеткені» үшін британия королі айыпталды [5, 305 б.].

Франция қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аясындағы алдыңғы қатардағы ел болды және нәтижесінде олардың баста-

масымен экстрадиция институтының жаңа ережелері қалыптастырылды. Саяси себеппен тұтқындалғандарға буржуазиялық төңкеріс кезінде феодализммен және абсолютизмге қарсы шыққан тұлғаларға қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы шарт ережесі қолданылмады.

Бірақ, XVIII ғасырдың аяғына қарай, Д. Никольскийдің 1884 жылғы жарияланған «О выдаче преступников по началам международного права» атты зерттелген еңбегінде былай делінген: ұстап беру құқығының кейбір негіздері пайда болуда, толық өзара қарым-қатынастың басталуы, қоластындағы өз азаматтарын ұстап бермеудің басталуы; ұстап беру тек ауыр қылмыстарға және сонымен қатар, саяси қылмыстарға ғана тиісті болды; трактатта қылмыстардың тізімі көзделгенімен көпшілік бөлігі белгісіздігімен айқындалады және осы жоғарыда айтылғандардың негізінде XIX ғасырға дейін ұстап беру құқығы туралы сөз болмағандығын қорытындылайды. Д. Никольскийдің пікірі бойынша, кездейсоқ мән-жайда пайда болған ұстап берудің жеке талаптары мен жеке жағдайлары бар. Бір-бірінен оқшау өмір сүріп жатқан мемлекеттер заңи тәртіпті өзара бірігіп қорғау қажеттілігі туралы санаға жете қойған жоқ. Ұстап беру кезінде бірінші орында әділдік мүддесі емес, саяси ұғыныстық тұрды. Конвенциядан өзара пайда сезілмеді, талаптар қанағаттандырылмады, кей жағдайда тек соғыспаудың себебі болды, тек пана беру құқығы пайда болды, бұл жағдайда ұстап беру мүмкін бола алмады [6, 81 б.].

Бірақ, осы XIX ғасырда пана беру құқығы жалпымен мойындалды және ұстап беру қылмыстылықпен күресу мақсатында мемлекеттердің өзара көмектесу құралын сипаттады. Осыған орай, халықаралық шарттар жасалынды және ұстап беру туралы арнайы заңдар қабылдана бастады. Шарттардың басым көпшілігі екіжақты сипаттағы келісімдер болып саналады сонымен қатар, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы көпжақты шарттардың санының өсу тенденциясы анық айқындалып келеді. Олардың ішіндегі біріншісі, Франция, Испания, Голландия және Ұлыбритания арасында Амьенде жасалған 1802 жылғы шарт, оның 20-бабы, адам өлтіргені, қасақана банкроттық жасағандығы және жалған ақша белгілерін істегендігі үшін айыпталған тұлғаларды ұстап беру туралы ережені қамтиды [7, 243-251 б.].

Осыған ұқсас ұстап беру туралы көпжақты шарттар америка континентінде де жасалынды. Яғни, Аргентина, Боливия, Парагвай, Перу және Уругвай арасында Монтевидеода 1889 жылы 23 қаңтарда халықаралық қылмыстық құқық бойынша Конвенция жасалынды [8, 105 б.] және оның 19-43 аралығындағы баптары ұстап беру мәселесіне арналған.

Айта кеткен жөн, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесінде мемлекеттердің ынтымақтастығын кеңейту осы институттың жаңа сипаттық белгісінің қалыптасуына әкеп соқтырды: ол мемлекеттердің қылмыстылыққа қарсы күресу және де ұстап берілетін тұлғаның кейбір құқықтарын қамтамасыз ету құралы ретінде қызмет етеді. Пайда болады және бекітіледі мысалы, «Екіжақты жүктеу» немесе «екіжақты қылмыстылық» қағидасына сәйкес, ұстап беру үшін негіз болып табылатын іс-әрекет ұстап берушінің және де ұстап беруді сұрайтын мемлекеттің құқығы бойынша қылмыс болып есептелінуі тиіс, «арнайы бағытқа бағындыру» немесе «нақтылық» қағидасына сәйкес, ұстап берілген тұлға тек сол ұстап берілгендегі қылмысы үшін сотталуы тиіс.

Кейбір елдерде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы арнайы заңдар қабылданған. Осы нормативтік актілерде мемлекет ұстап беруді талап ететін жасалынған қылмыстардың тізімі көзделген; осы заңдармен ұстап беру рәсімі реттеледі. 1833 жылы алғаш рет осындай заңды қабылдаған ел Бельгия болып табылады. Өзге мемлекеттер оның жолына ере бастады⁴.

Ұстап беру туралы Бельгия заңының өзіндік ерекшелігі бар, яғни ұстап беруге жататын қылмыстардың қатарынан саяси қылмыс алынып тасталынды және ұстап беру туралы шартты жасасу үшін келесідей ережелер белгіленген: шартты жасасу кезінде тікелей ескерту қажет, яғни ұстап беріліп отырған шетел азаматы қандай да бір саяси қылмыс немесе қандай да бір соған ұқсас қылмыс үшін қудаланбауы тиіс [9, 146 б.].

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты үшін

⁴ Яғни, мысалы, Бельгиядан кейін ұстап беру туралы арнайы заң 1870 жылы Ұлыбританияда, 1875 жылы нидерландияда және Люксембургте, 1885 жылы Аргентинада, 1886 жылы Конгода және Перуде, 1892 жылы Швейцарияда қабылданған. Ал, Ресейде 1911 жылы заңның жобасы Мемлекеттік думамен мақұлданған.

осындай ұқсас шектеулер көзделген ережелер 1882 жылы қабылданған қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы Канада заңында қолдау тапқан. Осы заңның 15-бабына сәйкес, егер Канада сотының шешімі бойынша жасалған қылмыс саяси сипатта болса, онда ол экстрадициялық деп танылмайды, ал 21-бапқа сәйкес, егер: «а) осы мәселе бойынша қарастыру рәсімін жүзеге асыруға қатысты қылмыс саяси сипатта; б) осындай қудалау саяси сипаттағы қылмыс үшін жазалау немесе қудалау мақсатында жасалынған болса», бірде-бір қашқын заңның осы бөлігі бойынша ұстап беруге жатпайды [10, 57-62 бб; 57-66 бб.].

Бұл ережені ақтайтын дәлел, өз кезеңінде Ф. Лист «Международное право в систематическом изложении» атты еңбегінде былай бейнелейді, әртүрлі мемлекеттердің әртүрлі нысандарынан және саяси қатынастың айқынсыздығынан іздестіру қажет. Сондықтан, оның пікірі бойынша, бұл ереже ұстап беру туралы шарттардың басым көпшілігінде қолдау тапқан, олардың қатарына Пруссия және Бавария арасындағы 1885 жылғы шарт және де Германиямен Конго мемлекеті арасындағы 1890 жылғы шарт кірмейді [11, 330 б.].

XIX ғасырда қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының қалыптасу процесі үшін көптеген жаңалыққа тән болды. Мысалы, осы жүз жылдықтың ортасында тұрақты ережелер белгіленді: қылмыстық іс-әрекет жасаған қылмыскер ғана ұстап беруге жатады, ал саяси қылмыскерлер мен қашқындарға бұл ереже қолданылмайды.

Ұстап беру туралы шартта ұстап беруге жататын қылмыстардың тізімі ұлғайтылды, ұстап беруге қатысты келіссөздердің ережелері белгіленді, алдын ала ұстап алу туралы, өзаралық шарттарын сақтау туралы, өз азаматтарын ұстап бермеу туралы және өзге де мәселелер қарастырылды.

Сонымен, қылмыстылықпен күресу аясында мемлекеттердің ынтымақтастығын ұлғайту нәтижесі экстрадиция туралы қалыптарды жүйелеу қажеттілігіне әкеп соқтырды. Осыған орай, 1880 жылғы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі бойынша Халықаралық құқық институты атақты Оксфорд қарарын қабылдады, ол ұстап беру туралы шарт жасасуды қолдады және даулы құқықтық мәселелері бойынша ұсыныстарды енгізді. Мысалы, институт шарт жасаспай-ақ ұстап беру мүмкіндігін және

сияси сипаттағы әрекеті үшін ұстап беруден бас тарту пікірін ұсынды. Қарардың 9-бабында былай делінген: «Егер бір іс-әрекет үшін ұстап беру туралы бірнеше талап болса, артықшылық нұмағында сол қылмыс жасалған мемлекетке берілуі тиіс» [12, 300-301, 304 бб.]. Институт қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелерін 1890 жылы Женевада және 1894 жылы Парижде өткен сессияларында қарастыруды тоқтатпады.

XX ғасырда мемлекеттердің қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының әртүрлі аспектілерін халықаралық-құқықтық реттеу белсенділігімен бейнеленген. Бұл ерекшелік регионалдық сипаттағы көпжақты халықаралық шарттарды жасасуда көрініс алады: Коста-Рика, Гватемала, Гондурас, никарагуа және Сальвадор арасында 1907 жылы жасалынған ұстап беру туралы Конвенция; Эквадор, Перу, Колумбия, Боливия және Венесуэла арасындағы 1911 жылғы; Орталық Америка мемлекеттері арасында 1923 жылы ұстап беру туралы тағы бір Конвенцияға қол қойылды.

1928 жылы Гаванадағы американдық мемлекеттердің VI Халықаралық конференциясында халықаралық жеке құқық бойынша жалпы Конвенция жобасы қарастырылды, «Международное уголовное право» деп аталатын III Кітапқа ұстап беру туралы баптар енгізілген. Бұл жоба соңынан мақұлданылды және қазіргі таңда Бустаманте Кодексі ретінде бізге белгілі⁵ [13, 314 б.]. Кодекстің 348-бабы, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесіндегі артықшылық аумағында ауыр қылмыс жасалған мемлекетке беріледі. Ал, 349-бабында былай делінген: «егер есі дұрыс құқықбұзушы үшін фактілер бірдей маңызды болса, ұстап беру туралы талапты бірінші берген және келісуші тарап болып табылатын мемлекет ғана артықшылықты иемденеді». Осы жерде «егер талап бір мезгілде берілген болса, ұстап беру міндеті жүктеліп отырған мемлекеттің өзі шешеді бірақ, ол аумағында құқықбұзушылық болған мемлекетке артықшылықты береді ал, ондай мемлекет болмаса, ұстап беруді талап етіп отырғандардың ішінде мынандай елдер болса, қылмыс жасаған тұлғаның тұрғылықты жері болып есептелінетін мемлекетке беріледі» [14, 64 б.].

⁵ Бустаманте Кодексіне Бразилияда, Гаитида, Гватемалада, Гондураста, Доминикан Республикасында, Коста-Рикада, Кубада, Никарагуада, Перуде, Чилиде бекітілген.

Сонын, 1933 жылы америкалық мемлекеттер Монтовидеода өздерінің VII Халықаралық конференциясында ұстап беру туралы арнайы Конвенциядан қабылдады.

Өзге континенттегі мемлекеттерде экстрадицияға қатысты өзара келісімдер арнайы шарттарды жасасты. 1957 жылы Еуропа Кеңесі шегінде ұстап беру туралы Конвенция қабылданған; 1962 жылы Бенилюкс мемлекеттері (Бельгия, нидерланды, Люксембург) өзара осындай келісімдер жасасақан. Сонымен, 1962 жылы ұстап беру туралы Скандинавия шарты жасалды, Дания, Исландия, Норвегия, Финляндия және Швеция оның қатысушысы болып есептеледі. Араб мемлекеттері Лигасының қамқоршылығымен 1952 жылы 14 қыркүйекте Египет, Ирак, Иордания, Сауд Арабиясы және Сирия мемлекеттері ұстап беру туралы Конвенцияға қол қойды.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелері көптеген халықаралық үкіметтік емес және үкіметаралық ұйымдардың сессиясында (немесе сессияның күн тәртібіне енгізіледі) талқыланған. Егер өткен XIX ғасырда Халықаралық құқық институты ұстап беру құқығын жүйелеумен айналысса, ал XX ғасырда өзге де үкіметтік емес мекемелер оның ізін басты. Мысалы, 1928 жылы Варшавада жиналған халықаралық құқық Қауымдастығы ұстап беру туралы Конвенцияның жобасын мақұлдады, бұл мәселемен айналысу үшін Халықаралық пенитенциарлық комиссияға жүктелді. Ал, 1930 жылы шілде айында Брюсельде болған қылмыстық құқықты унификациялау мақсатында өткен III конференцияда экстрадицияға қатысты ұсыныстар қарастырылып және осы мәселені толық 1932 жылы Палермода қарастыруға қалдырылған.

Экстрадицияның осы мәселесіне Ұлттар Лигасы да көңіл аударған. Ол көмекші орган ретінде 1924 жылы 22 қыркүйекте қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін зерттеу міндеті жүктелген арнайы Халықаралық құқықты жүйелеу бойынша сарапшылардың комитетін құрды. 1926 жылы қаңтарда комитет өзіне ұсынылған баяндаманы мақұлдайды және жобаны дайындау қажеттілігі туралы қорытындыға келеді және қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруде барлық мемлекеттердің ынтымақтастығын белгілі ережелерге бағындыратын жан-жақты халықаралық Конвенция жасауды қажет деп тапты. Сонымен, аталған комитет осындай халықаралық шарттарды жасаса отырып, құқықтық рет-

теуді қажет ететін мәселелердің қатарын шешкен болар едік, – дейді, яғни:

1. Тиісті жағдайда, ал егер тиісті болса, рұқсат берген үшінші мемлекет өз аумағы арқылы ұстап берілген тұлғаны қандай жағдайда тасуы қажет?

2. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруді талап етуші екі мемлекеттің қайсысы өз талабын қанағаттандыруда артықшылық құқық иеленеді?

3. Өзге қылмысы үшін тұлғаны талқылау кезіндегі шектеулер қандай және мемлекет ұстап беру жолымен алған тұлғаны үшінші мемлекетке бере ала ма?

4. Егер қылмысты жасағаны үшін айыпталса немесе сол болған мемлекетінде өзге қылмысы үшін сотталған болса, ұстап беру жүзеге асырылуы мүмкін бе?

5. Ұстап беру бойынша жұмсалған шығындарды талап етіп отырған мемлекет көтеруді тиіс деген ереже көпшілікпен танылған ба? [15, 243 б.]

Бірақ, уақыт көрсеткендей жан-жақты халықаралық Конвенция жасалынбады және бүгінгі күнде де бұл жоқ⁶. Сондықтан, мемлекеттер үшін алдымен екіжақты шарт жасасуы тиімді болып қала бермек және келісімде екі тарап өз мүдделерін толық көрсете алады немесе регионалдық сипаттағы көпжақты шарттар, сонымен қатар халықаралық қылмыстармен және халықаралық сипаттағы қылмыстардың күресу сипатындағы көпжақты шарттардың да тиімділігі бар.

Екінші әлемдік соғыстан кейін, адамзатқа қарсы қылмыс жасалған (аумағында осындай қылмыс жасалған мемлекетке) тұлғаны ұстап беру мәселесі өзекті бола бастады. Осыған байланысты, екінші әлемдік соғыста қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін қамтитын бірінші халықаралық актілердің бірі 1943 жылы 30 қазандағы Москва декларациясы болып табылады. Декларация ережесіне сәйкес, адамзатқа қарсы қылмыстары үшін неміс офицерлерімен және нацистік партия мүшелері жауапты, «олар жасаған жан түршіктіретін әрекеттері үшін өз елдеріне

⁶ Осыған орай айта кеткен жөн, өз кезінде кейбір зерттеушілер ұстап беру туралы регионалдық шарттарды ұлғайтуды ұсынған және соңында ұстап беру туралы жалпы конвенция жасасамыз деп түйіндеген.

қайтарылады, яғни босатылған елде құрылған еркін үкімет өз заңдарына сәйкес оларды соттауға және жазалауға тиісті» [16, 418 б.]. Декларацияда сонымен қатар, басты әскери қылмыскерлер белгілі бір географиялық орынмен байланысы жоқ қылмыстарды жасаған тұлғаларды үкімет-одақтастарымен біріге отырып жазалайтындығы қарастырылған.

Соғыс қылмыскерлерін ұстап беру туралы Москва декларациясының Ережесі сосын КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция уақытша үкіметі арасындағы 1945 жылы 8 тамыздағы Лондон келісімінің 4-бабында, еуропалық елдердегі әскери қылмыскерлерді соттық қудалау және жазалау туралы ереже бекітілген және Нюрнбергтегі халықаралық әскери Трибуналдың жарғысында былай делінген: «олар болған жерінде қылмыс жасаған әскери қылмыскерлерді еліне қайтару туралы Москва декларациясында белгіленген ережеге сай ешбірі осы келісіммен кешірілмейді» [17, 825-831 бб.].

1942 жылы 13 қаңтардағы Сент-Джейм декларациясына қол қойған елдердің үкіметі төмендегідей қаулы етті, «халықаралық ынтымақтастық рухын көтеру мақсатында:

а) кінәлі және жауапты тұлғалар ұлтына қарамастан іздеу салынуы және сот әділдігінің қолына беріліп сотталуы тиіс;

б) қабылданған үкім мүлтіксіз орындалуы тиіс» [16, 278 б.].

1943 жылы қазанда жұмыс істеуін бастаған әскери қылмыс туралы мәселе бойынша Біріккен Ұлттар Комиссиясы 1944 жылы әскери қылмыскерлердің тек жауласып жатқан елге ғана емес, сондай-ақ, халықаралық трибуналдың (осы трибуналды құру жолдарыда көзделген болатын) талабы бойынша одақтас, бейтарап мемлекетке ұстап берілуін көздейтін Конвенция жобасын дайындады. Бірақ, Конвенция қолдау таппады және қабылданылмады [18, 392 б.].

1945 жылы 8 наурызда Мексикада болған Соғыс және бейбітшілік мәселесі бойынша Америкааралық конференциясының VI қарарында қаулы етілді:

1. «Американдық мемлекеттердің үкіметіне ұсыныс, осы қылмыс үшін кінәлі, жауапты тұлғаға пана бермеу;

2. Осы аталған үкіметке ұсыныс, осындай қылмысы үшін айыпталған тұлғаларды төмендегі пункте көзделген рәсімге сәйкес БҰҰ-на мүше мемлекеттің кез келгенінің сұранысы бойынша

ұстап беруге немесе осындай қылмыстарды жазалау үшін құрылған халықаралық органдарға оларды ұстап беруі тиіс;

3. Америкааралық заңи комитетке әскери қылмыскерлердің мәртебесін анықтайтын жекеленген мемлекеттердің заңдарын және осындай құқықбұзушыларды ұстап беру рәсімін ескере отырып, американдық мемлекеттердің қарауына жобаны дайындауды және ұсынуды тапсырады» [19, 168 б.].

Екінші дүниежүзілік соғыстың қылмыскерлерін ұстап беру мәселелері Болгария, Финляндия, Венгрия, Румыния арасындағы бейбіт шарттарға да енгізілді. 21 мемлекеттің қатысуымен 1947 жылы 10 ақпанда қол қойылған. Италиямен жасалынған бейбіт шарттың 45-бабына сәйкес, Италия әскери қылмыстарды және адамзатқа қарсы немесе бейбітшілікке қарсы қылмысты жасағаны үшін айыпталған тұлғаларды ұстап беру және тұтқында ұстау үшін барлық қажетті шараларды қолданатындығын өз міндетіне алады [20, 797 б.].

1960-70 жылдардағы қылмыстылықпен күресу барысында мемлекеттердің ынтымақтастығын әрі қарай дамыту қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының мәні мен роліне елеулі әсерін тигізетіні сөзсіз. Қылмыстық құқықтың халықаралық қауымдастығы 1963 жылы мемлекеттердің ұлттық соттарының қылмыстық істері бойынша шығарған үкімдерін халықаралық деп тану мүмкіндігін қарастыратын арнайы коллоквиумды ұйымдастырды. Осы мақсатта 1964 жылы Еуропа Кеңесінің заңи комитеті сотталған немесе шартты жазадан босатылған тұлғаларды қадағалау туралы Еуропалық Конвенцияның жобасын жасады және осы ұйымның жеті мүше-мемлекеті қол қойды, Конвенцияға сәйкес, бір мемлекетте шартты жазаға сотталған тұлғалар үшін қадағалауды өзге мемлекеттің өкілетті органдары жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Еуропа Кеңесінің жеті мүше-мемлекеттері қылмыстық істер бойынша үкімдерді халықаралық деп тану туралы Еуропалық Конвенцияға қол қойған. 1971 жылы қылмыстық істерді сот қарауының өкілеттілігіне беру туралы Еуропалық Конвенцияның алғашқы мәтіні жарияланды, яғни 1972 жылы қабылданылды және бүгінгі таңда қылмыстық істер бойынша қудалауды беру туралы Еуропалық Конвенция ретінде белгілі. Сол кезеңде кейбір заңгерлердің айтуынша, жоғарыдағыдай Конвенциялардың жасалуы және заңдық күшіне енуі, қылмыс жасаған

тұлғаларды ұстап берудің кейбір жағдайларының қажеттілігінің жоқтығына әкеп соқтырады. Олар өздерінің көзқарасын былай негіздейді, өзге мемлекетте шығарылған үкімнің күшін тани отырып, жаза сол мемлекетте орындалуға тиіс, ал, бұл жерде қылмыскер қайда болады. Сонымен қатар, қылмыстық істерді соттық қарау бойынша өкілеттілігіне беру кезінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің қажеттілігі болмайды [21, 26 б.].

Жоғарыда айтылған пікірге орай еуропалық елдерде бірегей еуропалық қылмыстық заңды қалыптастыру туралы идея ұсынылды. Бірақ, барлық әрекет жекеленген еуропалық елдердің қылмыстық заңдарын бірегей қағидалармен сәйкестендіруге бағытталғанымен, яғни еуропалық қылмыстық құқықты «үйлесімдіру» әрекеті қиындықтармен соқтығысты. Бүгінгі таңда Еуропа Кеңесінің барлық мүше-мемлекеттері толығымен жоғарыда аталған екі Конвенцияны өз елдерінде бекітпеген. Ал, қылмыстық істер бойынша қудалауды беру туралы Конвенция заңдық күшіне енсе де, Еуропа Кеңесі өзі құқықтық көмектің нысаны ретінде бекітсе де, Еуропада бүгінгі күнге дейін қолданылмаған.

Қылмыстық істер бойынша өзара көмектің ерекше жүйесі Еуропалық Одақ (ЕО) шегінде қалыптасуда. Осы ұйымның шегінде 1976 жылы ЕО-қа мүше-мемлекеттердің министрлері кіретін «ТРЕВИ» тобы бекітілді. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін қоса отырып, бірегей құқықтық кеңістікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастыққа саяси жәрдемдесуді қамтамасыз ету топтың басты мақсаты болып танылады. Бүгінгі таңда «ТРЕВИ достары» атты мекеме құрылған және өз қызметін жүзеге асыруда, бұл мекеме Австрия, Канада, Марокко, Норвегия, АҚШ, Швейцария және Швеция өкілдерінен құрылған.

XX ғасырдың бірінші жартысында экстрадиция мәселесі бойынша қызметтің құқықтық негізін дайындауда Халықаралық қылмыстық полицияның ұйымы (интерпол) белсенділік танытты, әрине бұл қылмыстық сипаттағы халықаралық қылмыстармен күресуге тікелей қатысатын жалғыз ғана халықаралық үкіметаралық ұйым болып отыр.

1960 жылы осы ұйымның Бас Ассамблеясы өзінің XXIX-шы сессиясында мүше-мемлекеттерге экстрадиция туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасуын ұсынды. Ал, 1967 жылы сессиясында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы мем-

лекет ішіндегі заңдарды қабылдауды және онда өзінің экстрадициялық саясатын бейнелеуді, сонымен қатар, тиісті шарттармен реттелінбеген елдермен ұстап берудің алғышарттарын айқындауды ұсынды. Осы ұйымның тұрақты қызмет ететін органы болғандықтан Бас секретариатқа жоғарыда айтылған заңдық актілердің тексті жіберілуі тиіс болды. Өзінің қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде Интерпол қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруді тездету және жеңілдету мақсатында ал, соның ішінде қылмыс жасаған тұлғаларды халықаралық іздестіруде, уақытша қамауға алу және қамауда ұстау дипломатиялық жол арқылы қылмыс жасаған тұлғаларды мемлекетке, яғни аумағында қылмыс жасаған немесе азаматы болып табылатын мемлекеттің біріне ұстап беру туралы келіссөздер жүргізу идеясын өмірге енгізді.

Айта кеткен жөн, Интерполдық тәжірибелік қызметінде қылмыс жасаған тұлғаларды халықаралық іздестірудің үш түрі кездеседі: әдеттегі, жедел және аралас. Егер әдеттегі іздестіру дайындық сатысын құраса, ал, жедел «ізін суытпай» деп аталатын ереже ретінде жүзеге асырылса, аралас мемлекеттер арасында болмаған қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы екіжақты шарттарды алмастырады⁷.

70-жылдары Интерпол әуе көліктерін ұрлап әкетумен байланысты қылмыстық тәжірибеде де белсенділік танытуда⁸, әрине

⁷ Сондықтан Интерполдың Бас секретариаты аралас іздестіруде циркулярмен (бұйрыққа) бірге бекітілген екі белгіні жібереді: “қызыл” белгісімен; мысалы, “кылмыскер еуропалық елдерде табылса және АҚШ-та ұстап беру мақсатында арестке алады” (“қызыл циркуляр” кылмыскерді ұстап беру туралы тиісті шарттары бар елдерге жіберіледі); ал “жасыл” белгісі бар: “өзге елдер оның орын ауыстыруын және қызметін бақылайды. Барлық жағдайда іздестіруді бастаушыға және Бас секретариатқа хабарлауы тиіс (“жасыл циркуляр” ұстап беру туралы шарттар жасалмаған мемлекеттерге жіберіледі).

⁸ Интерполдың әуе бандитизміне қатысты позициясы 1950 жылы анықталған, сол кезде алғаш рет бұрынғы Чехославакияға тиселі әуе көлігі ұрланған болатын. Жасалған әрекет қылмыс деп танылып (ұшақты ұрлау, қару-жарақпен қорқыту, экипажды алдау), Интерпол кылмыскерді тұтқынға алып және бұрынғы Чехославакия үкіметіне қылмыскерді ұстап берген. Бұл жағдай сол кездегі АҚШ-ның ФБР шефі Э.Гувердің ызасын келтірді, Интерполмен өз мекемесінің көпжылдық байланысын үзді және осы күнге дейін АҚШ-ның өкілдері қаржы министрлігі арқылы құпия қызметті жүзеге асыруда.

бұл бүгінгі таңдағы мемлекет ішіндегі және халықаралық әуе жолындағы азаматтық авиациядағы бақытсыздықтың бірі болып отыр.

1970 жылы қазанда Брюссельде болған Интерполдың Бас Ассамблеясы осы мәселені зерттеу үшін арнайы комиссия құрды, бұл әрине оның қызметіндегі үлкен жаңалықтың бірі болды. Өз Жарғысының 3-бабына сілтеме жасай отырып, Интерпол алдымен әуеде жасалған қылмыстардың көпшілігі саяси сипатпен байланысты болғандықтан, бұл мәселелер шеткерілей бастады. Өйткені, ұстап беру туралы мәселе теріс шешім тапты, себебі олар тез арада саяси баспана беру үшін жүгінетін болған. Көзделген комиссияның өкілі, Интерпол мүшелерінің материалдары мынандай қорытындыға әкеледі, ұшақты ұрлау қылмыс болып танылады, ал ұрлаудың қандай да бір ниетіне сілтеме жасаудың қажеттілігі жоқ. Бұның логикалық нәтижесі осы мәселе бойынша Интерполдың бұрынғы позициясын қайта қарастыру болып отыр [22, 96 б.].

1971 жылы қыркүйекте Бас Ассамблеясының 40-шы сессиясында бірнеше шешімдер қабылданды. Франкфуртта өткен Бас Ассамблеяның 41-ші сессиясында 1972 жылы қыркүйекте Халықаралық әуе жолындағы азаматтық авиацияның қауіпсіздігі туралы арнайы қарар қабылдады. Осы мәселелер Венада 1973 жылы қазанда қарастырылды, онда үкіметтік деңгейде әуе бандитизміне қарсы әрекеттерді жедел ұйымдастыратын арнайы «қауіпсіздік тобын» құру қажеттілігі жөнінде сөз болды.

Бірақ, Интерполдың басшылары әуе жолындағы қылмыспен күресу Жарғының 3-ші бабын қатал басшылыққа алуын ескертті. Соңында, 1974 жылы Канада өткен Бас Ассамблеяның 43-сессиясында кез келген елдің полициясына әуе қарақшыларымен күресу үшін көмек беретін мамандардың халықаралық тобын құру мәселесі шешімін тапты. Аталған топ ұшу жолын қорғауға, жолаушылардың жүктерін техникалық қорғауға, экипажды психологиялық дайындауға байланысты полиция әрекетін қамтитын бағдарлама дайындады.

Панамада 1978 жылы қазанда болған Интерполдың Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында әуе компанияларының полиция қызметімен тұрақты өзара әрекетін ұйымдастыру институтын дайындау туралы шешім қабылдады [23, 96 б.].

Маңыздысын айтқанда, қылмыстылықпен күресу мүддесін көздейтін қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты тарихи және заңи тенденцияда адам құқықтарын қорғау бағытына сәйкес дамыды. Ұстап беру институтының жалпымен қабылданған қағидаларына әсер ете алмаса да, қоғамда ауыспалы сипаттағы күштеу болып тұрды.

Профессор И.И. Лукашук және А.В. Наумовтың айтқанындай, бұрынғы социалистік мемлекеттің заңымен және шарттық тәжірибесінде қолданылған ұстап беру институты осындай ауытқулардың бірі болып есептелінеді. Сонымен, КСРО-ның Халық комиссарларының кеңесімен бекітілген 1923 жылғы ұстап беру туралы Типтік Конвенцияда былай делінген: «Егер діни және саяси сипаттағы қылмыс үшін оны ұстап беру талап етілсе, осындай сот әділдігінен тығылған тұлғаны ұстап беруге болмайды» [24, 212 б.]. Демек, өзге негізде ұстап беру туралы шартта өзге мемлекетпен қабылданылмайтын болды.

Кейірек, КСРО заңдарында саяси қылмыскерлерді ұстап бермеудің жалпы қағидасын жоққа шығаратын өзге концепция бекітілді. 1977 жылғы КСРО-ның Конституциясының 38-бабына сәйкес, «прогрессивтік қоғамдық-саяси, ғылыми немесе өзге де творчестволық қызметке, революциялық және Ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан», бейбітшілік пен еңбекшілердің мүддесін қорғағаны үшін қудаланған шетел азаматтарына пана беру құқығы ұсынылынады [25, 120 б.], КСРО-ның бұрынғы Конституциясында көзделген жетекші идеяны қолдады. Осыған орай, В.П. Шупилов өзінің бір мақаласында социалистік және капиталистік елдер арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсетудің мазмұнын талқылай отырып, былай деді: «Құқықтық көмек туралы келісімнің ережелері, жалпы құқық қағидасына, елдің Конституциясында белгіленген қағидаларға қайшы келмеуі тиіс» [26, 89-90 б.].

Мысал ретінде, автор осындай қағидалардың бірі ретінде 1936 жылғы КСРО Конституциясының қалпына сілтеме жасайды, 129-бабына сәйкес, «КСРО еңбекшілердің мүддесін қорғағаны немесе ғылыми қызметке немесе Ұлт-азаттық күреске қатысқаны үшін қудаланған шетел азаматтарына пана беру құқығын ұсынады», сонымен, көзделген талапқа сәйкес, жоғарыда көзделген негіздер бойынша азаматқа қарсы қозғалған қандай да бір қыл-

мыстық істер бойынша ешқандай құқықтық көмек көрсетілмейді, – деген қорытындыға келген. Социалистік мемлекеттер арасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шарттар 1956 жылдан бастап жасалына бастаған және қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы қалыпты реттеу негізгі мәселе болды⁹ және халық республикасының мемлекет нысанына қарсы немесе мемлекеттік немесе экономикалық тәртіпке қарсы бағытталған құқықбұзушылық үшін ұстап берудің мән-жайы қарастырылды.

КСРО өмір сүруін тоқтатқаннан кейін және бірегей социалистік жүйе тарағаннан кейін, Шығыс Еуропа елдері мен бұрынғы Кеңестік республикалардың жаңа Конституциясында саяси қылмыс үшін ұстап берілмейтіндігі туралы ереже бекітілген. Әрине, айта кеткен жөн, саяси сипатты иемденетін қылмыс үшін ұстап берілмейтіндігі туралы заңдардағы негізгі қалыптар тек қағида түрде қала берді. Яғни, 1993 жылғы 12 желтоқсанда қабылданған Ресей Конституциясының қалпында былай делінген: «Ресей Федерациясы саяси сенімі үшін қудаланған тұлғаларды өзге мемлекетке ұстап беруге жол бермейді» (63-бап, 2-т.).

Ресей Конституциясында бекітілген ұқсас ереже 1995 жылғы 24 тамыздағы Грузия Конституциясында да (47-бап, 3-тармағында) көзделген. 1996 жылғы 28 маусымда қабылданылған Украина Конституциясы ұстап бермеуге үндеместік көрсетіп отыр, ал пана беруге қатысты ережелер қамтылған: «Заңда көзделген тәртіп бойынша шетел азаматына және азаматтығы жоқ адамдарға пана берілуі тиіс». (26-бап, 2-т.) [27, 218, 454, 664 бб.].

Польша Конституциясында былай делінген: «Күш қолданбай саяси себептер бойынша қылмыс жасағаны үшін сезікті тұлғаларды ұстап беруге тыйым салынады». Ұстап беруге жол бермеу мәселесін сот шешеді (55-б, 2 және 3-тармақтары) [28, 11 б.]. Көпшілік мемлекеттің құқығында саяси қылмыс үшін ұстап берудің жалпы демократиялық идеясының қалыптасуы халықара-

⁹ Өз уақытында осыған байланысты румын заңгері Р. Конечконың айтуынша, қылмыскерлерді ұстап беру институты социалистік елдердің құқықтық көмек туралы келісімдерінде терең бейнеленген. (Қараңыз: Договоры об оказании правовой помощи по гражданским, уголовным делам, заключенные СССР с другими социалистическими государствами. – М., 1973.).

лық қатынастарда осы концепция позициясын ұлғайтуға әкеп соқтырды.

Бүгінгі таңда қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының маңызы зор. Әрине, бұл қазіргі қылмыстылықтың аумақтық шекарасының жоқтығымен байланысты. Осыған орай, қылмыстылықпен қарсы күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығын құқықтық реттеудің қажеттілігі осы саладағы ұстап беру институтының маңыздылығының өскендігін білдіреді. Ұстап берілетін тұлғалардың құқықтарын және ұстап беру мәселесін шешу кезінде мемлекеттердің мүддесі арасындағы тепе-теңдік қамтамасыз етілуі тиіс. Сондай-ақ, азаптауға тыйым салу және адамгершілікке қарсы ұстау немесе жазалау, істі әділ сотта қарау құқығы ұстап беруден бас тарту үшін негіз болатындығы жайлы адам құқықтары туралы Еуропалық Соттың шешімінде тікелей көрсетілді. Осыған орай, «әлемде жүріп-тұру жеңілдетілді және қылмыстылық халықаралық өрісте белгілі болды, шетелден қашып кеткен құқықбұзушының сотқа тартылатындығы мемлекет мүддесі үшін маңызды болып қала берді». («Soering v. Kingdom» ісі бойынша 1989 ж. 7 шілдедегі шешімі) [29, 113 б.].

1985 жылы 14 маусымда осы мемлекеттер арасында жасалған Шенген келісімін жүзеге асыру мақсатында 1990 жылы 19 маусымда ГФР мен Франция мемлекеттерінің Бенилюкс экономикалық одағы қол қойған Шарт адам құқықтары бойынша Еуропалық Соттың жоғарыда аталған ережесін растайды. Аталған шарттың 4 тарауы толығымен ұстап беру мәселесіне арналған. Өз кезегінде, оның жүйесіне кіретін 59-бапта былай делінген: осы тараудың ережелері 1957 жылғы 13 қыркүйектегі ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясын толықтыруы және оның қолданылуын жеңілдетуі тиіс. Бенилюкс экономикалық одағына жататындармен келісіп жатқан тараптар арасындағы бұл ережелердің 1974 жылғы 10 мамырдағы редакциядағы Хаттамасына, 1962 жылғы 27 шілдедегі қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және ұстап беру туралы Бенилюкс елдерінің Келісімінің 1-тарауына қатысы бар [30].

Шарттың 63-бабында былай делінген: жоғарыда аталған келісімге сәйкес, келісімге келген тарап 50-баптың 1-тармағына сәйкес (салық төлеу және кедендік заң саласында бұзушылық жасау) қылмыс жасағаны немесе осы қылмысы үшін шығарылған жазаны орындау үшін іздестірілуіне байланысты сұратып отыр-

ған тараптың әділет органдарымен қудаланған тұлғаны ұстап беруге міндетті [30]. Осындай тұлғалар бірегей Шенген ақпараттық жүйесіне енгізілінеді, 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының 16-бабындағы немесе 1974 жылғы редакциядағы Хаттамасы (64-бабы), 1962 жылғы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы Бенилюкс елдерінің Келісімінің 15-бабының мәніндегі алдын ала ұстау үшін берілетін өтінішпен пара-пар (маңызы бірдей) [30].

Бүгінде ұстап беру институтының рөлінің артуы мына фактіні куәландырады, ол халықаралық құқық қалыптарымен, яғни оның ішінде халықаралық қылмыстық құқығымен және адам құқықтарының құқықтарымен реттелінді. Халықаралық-құқықтық реттеудің қосымша дамуына мемлекеттің құқықтық жүйесінің әртүрлігі де себепші болуда.

Экстрадиция арасындағы мемлекеттердің арттырып отырған белсенділігі мемлекет ішіндегі құқықтар жүйесінде көрініс алуға, яғни конституциялық, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығына қатысты заңдардың жобасы жасалып, олар қабылданылды. Халықаралық ұйымдар аясында қарарлар қабылданылып, сот тәжірибесі кең көлемде қалыптасып отыр.

1.2 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің түсінігі, оның құқықтық негіздері және шарттары

XIX-XX ғасырдың беделді орыс халықаралық-заңгерінің бірі Ф.Ф. Мартенс қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының құқықтық табиғатын зерттей отырып, оның мағынасын толық анықтаған. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруде өзара бірлестіктің және «кінәліні анықтауда және қылмыстың фактісін белгілеуде бір-біріне» мемлекеттердің көмектесуі қажет, – деп есептеді [31, 188 б.]. Бірақ, олардың мүддесін ескеретін, мемлекеттің қылмыстылықпен күресудегі ұстап берудің мағынасына және оның терең тарихи тамырына қарамастан, бұл жеке және әрдайым қозғалыста (дамып отыратын) болатын институт ретінде танылады және бүгінгі таңда оған қатысты, әсіресе қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру ұғымымен байланысты әртүрлі талқылаулар кездесуде. Осы құбылыстың әртүрлі бағаланылуы, қылмыстық заңның кеңістіктегі әрекет етуі, ұстап бе-

рудің жаза актісіне жатқызылуы және осы институттың маңызды ережелерін құрайтын әрекеттер осы ұғымды анықтауда әртүрлі пікірге әкеп соқтырады.

Құқық теориясында «ұстап беру» немесе «экстрадиция» ұғымдарына аса көңіл бөлінген. Сөзсіз, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесіне қатысты көптеген ғылыми еңбектерде тікелей осы мәселеге қатысты теория мен тәжірибедегі жетістіктер қорытындыланған. Сонымен, арнайы заңи әдебиеттердегі ұстап беру ұғымының әртүрлігіне қарай отырып, олардың ішіндегі бірнешеуіне көңіл бөліп, олардың тиімді және тиімсіз жақтарын анықтауымыз қажет.

Э. Симсонның айтуынша: «ұстап беру заңи мағынада соттық көмектесу актісі және оның ұстап берілуін талап ететін, осы тұлғаның жасаған қылмысынан жәбір шеккен мемлекетке аумағында қылмыскер болған мемлекет жасаған қылмысы үшін айыпталған тұлғаны ерікті түрде беруі болып табылады» [32, 1 б.]. Осы анықтама ұстап берудің мазмұнын ашып көрсеткенімен оның кейбір маңызды жақтарын ескермейді. Ұстап берудің маңызды жақтарының бірі ретінде автор оның ерікті түрде жүргізілуін атап көрсетіп отыр. Бұл жағдайда «ерікті түрде», – деген сөз өзгенің бірінші талабы бойынша бір мемлекет қылмыс жасағаны үшін айыпталушы тұлғаны ұстап беруі деген мағынаны қамтиды. Болмаса, осы мемлекетке қолдана отырып немесе қорқыта отырып ұстап беруді талап етілуі мүмкін. Бұл жерде, ұстап беру мүмкін емес, яғни қысым көрсету немесе күш көрсету мақсатында мәжбүрлеу немесе жол беру орын алады. Осыған байланысты былай айтқанымыз жөн болар еді, яғни қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру ұстап беру туралы талаптың көмегімен және мемлекеттердің өзара келісімі арқылы жүзеге асырылады, автор өзінің құқықтық зерттеуінде айтқанындай: «оның құқықтық анықталғандығы дұрыс болған болар еді» [32, 5 б.]. Әрі қарай осы анықтамада қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруді талап ету құқығы, яғни ұстап беру талабы сұратып отырған мемлекеттің аумағында қылмыс жасағаны үшін айыпталушы тұлғаға ғана таралатындығын байқау қиындық тудырмайды.

Осы соңғы жағдайда Л. Оппенгеймнің берген анықтамасында да өз шешімін таппаған, яғни ол былай деген: «қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру дегеніміз аумағында қылмыс жасалған не-

месе қылмыс жасағаны үшін сотталған мемлекетке сол уақытта аумағында шамаланған қылмыскер болған мемлекет айыпталған немесе сотталған тұлғаны беруі болып табылады» [33, 257 б.]. Бұл анықтамада, оның шегінде, оның мүддесіне немесе оның азаматтарының мүддесіне қарсы қылмыс жасалған мемлекет тарапынан талап етіліп отырған азаматтың жағдайы, сонымен қатар, егер болашақта сотталатын тұлға қашып кетіп, өзге мемлекеттің аумағында жасырынған тұлғаның жағдайы қалай болады деген сұраққа жауап бере алмайды.

А. Ролинның пікірі бойынша, «ұстап беру оны соттауға және жазалауға құқығы бар немесе соттаған мемлекетке қылмыс жасағаны үшін айыпталушы тұлғаны өзге мемлекеттің ұстап беру актісі болып есептелінеді» [34, 182 б.]. Бұл анықтамада жалпы ұғымды қамтитын «қылмыскер» сөзі нақты процессуалдық «айыпталушы» немесе «сотталушы» терминдерімен алмастырылып отыр, бұл жайт халықаралық шарттардың мәтінін жасауда және ұстап беру туралы талапты орындауда қолдануға болады. Бірақ, бұл анықтаманың да өзіне лайықты ақауы бар. Демек, автор ұстап беруді жаза ретінде қарастырып отыр. Ал, өз кезегінде ұстап беру жазаны құрай алмайтындығы бәрімізге мәлім жайт. Бұдан ұғынатынымыз, осы немесе басқа мемлекетке қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап бере отырып, өзінің егеменді құқығын, яғни оның қылмыстық заңының ережесін бұзған тұлғаны жазалау және соттау құқығын жүзеге асыру үшін ұстап беруді талап етіп отырған мемлекетке құқықтық көмек көрсетеді. Сондықтан қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруді сот әділдігін жүзеге асырудағы мемлекетке үшін құқықтық көмек көрсету нысаны ретінде қарастыру қажет, өйткені ол екі мемлекеттің де мүддесін қамтиды, бірі қылмыс жасаған тұлғаны ұстап береді, ал екіншісі – қабылдайды.

Кеңестік заңгерлер ұстап беру ұғымын мынадай қалыпта айқындаған. Мысалы, С. Соколов былай дейді: «экстрадиция дегеніміз аумағында қылмыскер болған мемлекет аумағында қылмыс жасалған мемлекетке немесе қылмыскер сол мемлекеттің азаматы болып табылатын мемлекетке қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруі» [35, 46 б.]. Ал, профессор Л.А. Моджорян және доцент Н.Т. Блатованың редакциялығындағы Халықаралық құқық оқулығында және профессор Д.Б. Левин және доцент Г.П. Ка-

люжнаның редакциялығындағы Халықаралық құқық оқу құралында төмендегідей анықтама берілген: қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аумағында қылмыскер болған бір мемлекет өзге мемлекетке, яғни азаматы болып табылатын немесе аумағында қылмыс жасалған немесе қылмыстан жәбір шеккен мемлекетке жазалау немесе соттау үшін, оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін не болмаса үкімді орындау үшін ұстап беру болып табылады [36, 150, 282 бб.].

Осы екі анықтаманың мазмұнымен толығырақ таныса отырып, онда қылмыстық заңның кеңістікте қолданылатындығы негізделінеді, яғни кең мағынада айтқанда, қылмыстық-құқықтық заңның ережесі бойынша, мемлекеттің негізгі ұлттық заңымен, ал кей жағдайда осы мемлекет таныған халықаралық құқық қалыптарымен де анықталынады.

Істің мәні бойынша, мысал ретінде келтірілген анықтама өз концепциясымен бұрынғы КСРО заңдарына және бірінші кезекте белгілі аумақтық қағидасына негізделген. Осы қағидаға сәйкес, мемлекет аумағының шегінде жүзеге асырылатын аумақтық юрисдикция негізін КСРО аумағында жасалған қылмысты сол аумақтың сотының қарауына жататындығы құрайды. Осы тұжырымды 1958 жылғы 25 желтоқсандағы КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық заңының Негізі растаған, Негізге сәйкес, КСРО шегінде жасалған барлық қылмыстарға кеңестік қылмыстық заңдар қолданылатын болған. Айта кететін жайт, аумақтылық қағидасы абсолюттік бола алмайды. Сондықтан, КСРО-ның қылмыстық заңдарында қылмыстың жасалған орнына қарамастан қылмысы үшін өз азаматтарын жауаптылыққа тарту мәселесі қарастырылды. Осыған орай, КСРО және одақтас республикалардың қылмыстық заңдарының Негізінде шетел аумағында қылмыс жасаған КСРО-ның азаматы КСРО-ның заңдары бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады деген қағида көрініс тапты. Азаматтық қағидасы немесе дербестік (персональный) қағидасы, – деп атау алған бұл қалып, осы күнге дейін мемлекет шегінде жүзеге асырылатын экстерриториялық юрисдикцияның негізін құрады және құруда. Мысалы, КСРО-да бұл қағида экстерриториялық юрисдикцияға сүйенетін барлық кеңестік азаматтарға шетел заңын сақтау міндетін жүктеген,

ереже бойынша, ол тек шектеулі сипатқа ие болған және жазылған күйінде қала берді.

Демек, айта кеткен жөн, кеңес заңгерлері берген анықтамада аумақтық қағидасы мен азаматтық қағидасын үйлестіре отырып, кеңестік қылмыстық заңының кеңестікте қолданылуын айқындайды. Сонымен, жоғарыда айтылып кеткен жайлардың өзіндік кемшілігі бар, яғни кеңестік қылмыстық құқығында қылмыстық заңның экстерриториялық әрекет етуіне қатысты маңызды мәнжай ескерусіз қалған.

Біздің ұғынғанымыздай, онда шетел аумағында жасаған қылмысы үшін КСРО-ның азаматының жауаптылығы көздейтін және өзге де маңызды жайттарды шешпестен, осы мәселеге қатысты кертартпалық позицияны ұстанған. КСРО азаматтары аумағында қылмыс жасалған мемлекеттің заңы бойынша жасалған іс-әрекет қылмыс ретінде сараланғанына қарамастан тиісті одақтас республиканың заңы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады, яғни, жалпымен қабылданған және осы күнге дейін бізге белгілі «екіжақты қылмыстылық» немесе «екіжақты жүктеу» қағидасын ескермеген. Сондай-ақ, шетел азаматтары КСРО-ның шегінен тыс жерде жасаған қылмысы үшін халықаралық келісімдер болған жағдайда ғана жоғарыда аталған КСР Одағы және одақтас республикалардың қылмыстық заңының Негізінің 5-бабына сәйкес жауаптылыққа тартылады [37, 6 б.]. Осындай әділсіздіктің нәтижесінде сол жылдары шетел азаматтары кеңестік қылмыстық юрисдикциясындағы ескертумен қоса артықшылықты иелене отырып, кеңестік азаматтардың бабын таба білді. Осыған байланысты айта кетсек, КСРО-нан басқа социалистік мемлекеттердің айырмашылығы сол жылдары олар сол заманғы батыс елдерінде қалыптасқан бағытты ұстанды. Әрине осы салыстырмалы аспекті 1979 жылғы 1 шілдеде қабылдаған Қытай Халық Республикасы Қылмыстық кодексінде көрініс алған, жоғарыда айтылған мақсатта аумақтылық қағидасының ұғымын кеңейткен: 3-бапқа сәйкес, жасалған қылмыс егер жасалған орнына қарамастан оның салдары (нәтижесі) оның аумағында орын алмаса, қылмыс Қытай Халық Республикасында жасалынған деп есептелінеді [38, 332 б.]. Аумақтылық қағидасын осылай ұғыну осы күнге дейін Қытай үшін қылмыстың жасалған орны бойынша іс-әрекет қылмыс болып есептелген немесе есептелмегендігіне қарамастан

тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту жүзеге асырылып отыр және де екіжақты қылмыстылық қағидасаның талабын жоққа шығарады. 1968 жылғы 1 шілдедегі Болгария Қылмыстық кодексінің 4-бабында қорғау қағидасы бекітілген, осы бапқа сәйкес, сотқа тарту үшін немесе жазасын өтеу үшін шетелдік мемлекетке болгар азаматтары ұстап берілмейді, ал, 5-бабына орай, болгар азаматының немесе Болгар Республикасының мүддесіне қол сұғатын жалпы сипаттағы қылмысты шетелде жасаған шетел азаматтарына Қылмыстық кодекстің тиісті қалыптары қолданылады, – делінген [39, 15 б.].

Л.Н. Галенскаяның айтуынша, «ұстап беру – халықаралық құқық қалыптарына сәйкес, мемлекеттің қылмыскерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе қылмыстық жаза қолдану үшін өзге мемлекетке беру процесі» [40, 122 б.]. Автордың берген анықтамасы ұстап берудің ұғымын жеткілікті ашып көрсеткенімен, ұстап беру процессінде халықаралық құқық қалыптары ғана емес, сонымен қатар, ұлттық құқық қалыптарының қолданылатындығын бейнелейтін ұстап беру институтының кешендік сипаты қамтылмаған.

Осы ескерілген жайтқа Р.М. Валеевтің көзқарасы жақын келеді, яғни, ол қылмыскерді ұстап беруді халықаралық құқықпен және ұлттық құқықтың түйісуіндегі халықаралық құқықтың бір институтына жатқызады. Ол өзінің позициясын былай негіздейді: «қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты халықаралық-құқықтық қалыптарды, сондай-ақ, мемлекеттің ұлттық қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқығының қалыптарын да қамтиды» және оның кешендік сипатын мойындайды [41, 19 б.]. Ұстап беру құқықтық көмек актісі ретінде сүйенетін халықаралық шарттармен және халықаралық құқықтық қағидаларын автор халықаралық қалыптарға жатқызып отыр бірақ, бәрі бір халықаралық қылмыстық құқық жүйесіндегі әрекет ететін қалыптарға басымдылық беруде [41, 28-29 бб.].

Өйткені, экстрадицияға қатысты қалыптар халықаралық қылмыстық құқықтың ажырамас бір бөлігін құрайды және халықаралық қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы қатынастарды реттейтін қалыптар мен қағидалардың жүйесі ретінде жетілдіру сағысында отыр. Өзге жағынан алғанда, халықаралық қылмыстық құқығы шет мемле-

кеттердің қатынасына ұлттық қылмыстық заңдарды қолдануға шектеу қойды. Жоғарыда айтылғанға сүйене отырып, ұстап беру институты халықаралық қылмыстық құқық жүйесіндегі өзіндік орны бар екендігін ұғындық. «Бүгінгі таңда қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы ілімінде халықаралық қылмыстық құқықтың барлық кешеніне шоғырландырылуда», – дейді Ф.Ф. Мартенс [31, 391 б.].

Сондай-ақ, В.П. Пановтың айтқанындай, белгілі халықаралық құқықты кезеңге бөлумен сай келетін халықаралық қылмыстық құқықты кезеңге бөлу ұстап беру институтынан басталады [42, 8 б.].

Ғалымдардың қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтына қатысты белгілі ғылыми ұғымдарының мазмұнын талдай келе, оның анықтамасын келесідей тұжырымдауға болады. Жалпы құқық бойынша, ұстап беру – халықаралық сипаттағы қылмыстық қылмысты жасаған тұлғаны аумағында қылмыскер орналасқан бір мемлекет (ұстап беру талабы қойылған) оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе осы тұлғаға қатысты заңдық күшіне енген үкімді орындау үшін аумағында қылмыс жасалған немесе қылмыскер сол мемлекеттің азаматы болып табылатын өзге мемлекетке беру болып табылады. Осы анықтамаға орай, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының негізгі белгілерін бөліп көрсетуге болады:

Экстрадицияға қатысты барлық мәселелер сөзсіз мемлекеттің өкілетті органдарының ішкі өкілеттігіне жатқызылады. Тек, мемлекет ғана халықаралық құқықтың субъектісі ретінде ұстап беру туралы заңдарды дайындайды және қабылдайды, тиісті халықаралық шарттарды жасасады және экстрадиция мәселесі бойынша мемлекетаралық тәжірибелік қызметті жүзеге асырады.

Ұстап беру тек қылмыстық іс-әрекет істеген жеке тұлғаға ғана қатысты, яғни, ұстап берудің субъектісі ретінде қылмыс жасаған және сол қылмыс үшін сотталған немесе қылмыс жасады деп сезіктелген және ұстап беруді талап етіп отырған мемлекеттің аумағынан тыс жерде болған жеке тұлға болып табылады. Міне, осы жерде айта кеткен жөн, сотталған тұлғаларды емес, көпшілігінде қылмыс жасағаны үшін айыпталушы тұлғаларды талап ету және ұстап беру мемлекеттер тәжірибесінде кең етек

алып отыр. Осыған байланысты ұстап берілетін сезікті тұлғаның кінәлігін дәлелдеу қажет.

Ұстап беру тек жасалған қылмыстық іс-әрекетке ғана қолданылады. Сөзсіз, азаматтық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылатын құқықбұзушылық ұстап беру туралы талап қою үшін немесе ұстап беру туралы мәселені қоюға негіз бола алмайды.

Ұстап беру туралы мәселені шешу ұстап беру талабы берілген тұлғаның азаматтығымен тығыз байланысты.

Халықаралық сипаттағы қылмысты жасаған тұлғаны ұстап беру туралы қойылған талап дұрыс шешімін тапқан жағдайда, сұратып отырған мемлекет қылмыстық іс-әрекет осы тұлғамен жасалынған деп есептейді. Бірақ, ұстап беру фактісі жаза ретінде танылмайды, ал, жазаны қолдануға ықпалын тигізетін шара ретінде қызмет етеді¹⁰.

Ұстап берілген тұлғаны ұстап беретін мемлекет анықтаған соттық қудаланады немесе жазалауға тартылады, яғни, ұстап беру ұстап берілген тұлғаның қылмыстық жазасын жорамалдайды. Осыған орай, тәжірибеде мемлекеттер құқықтық көмек бойынша халықаралық ынтымақтасты жүзеге асыру арқылы, әртүрлі мемлекеттердің заңының аумақтық ажыратылатындығына қарамастан қылмыс жасағаны үшін кінәлі тұлғаны жазалау кепілдігін қамтамасыз етеді.

Доктрина бір ауыздан, экстрадиция процесті құрайды, – деген тұжырымды қолдауда. Жоғарыда айтылған ұстап беру ұғымында авторлар «акті», «беру», «процесс» жөнінде сөз қозғаған. Әрине бұнымен келіспеске болмайды. Бірақ, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты тек процессуалдық құқық қалыптарынан құралады деген ұғымды бермеуі қажет. Демек, біз жоғарыда айтып кеткендей, ұстап беру туралы қалыптар конституцияда, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде қамтылған. Сонымен қатар, ұстап беру ұлттық заңдармен қоса халықаралық келісімшарттарымен де реттелінеді. Осы айтылғандардың барлығы ұстап беру процесінің негізін құрайтын қалыптардың кешендік сипатын растайды, сондай-ақ, бұл жағдайда екі құқықтық жүйенің

¹⁰ Жоғарыда атап өткен Халықаралық құқық Институтының Оксфорд қарарының 1-бабы осыған негіз бола алады, онда былай делінген, ұстап беру қылмыстылықтың алдын алу құралы ретінде қызмет етеді.

қалыптары (халықаралық құқық және ұлттық құқық) өз алдына жеке әрекет етеді, бұл ұстап беру институтының құқық жүйесінің қандай да біреусіне түпкілікті жатпайтындығын білдіреді.

Қарастырылып жатқан институттың мәнін анықтау үшін ұстап беру мемлекеттің құқығы ма немесе міндеті ма деген мәселені шешуіміз қажет. Басқа сөзбен айтқанда, аумағында қылмыскер болған мемлекеттің жасырынған (немесе қашып кеткен) қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру міндетінің барлығы немесе жоқтығы туралы сөз болып отыр.

Тек, кейбір ғалымдар бұрынғы кезде «ұстап беру – бұл мемлекеттің міндеті», – деп тұжырымдаған [43, 508-509 бб.]. Ал, бүгінгі көзқарас бойынша, ұстап беру – бұл мемлекеттің құқығы болып табылады, ал, міндеті ретінде танылмайды. Осы көзқарастың дәлелдемесі ретінде мынаны айтуға болады: ол мемлекет егеменділігін сыйлау қағидасының нормативтік мазмұнына толығымен сай келеді және мемлекетаралық тәжірибеде расталуда. Осыған орай, кез келген мемлекет өзінің аумақтық үстемдігі арқылы оның аумағында болған тұлғаны жазалау туралы мәселені шешу құқығын иемденеді. Керекдесе, халықаралық шарт болғанның өзінде де ұстап беру міндетін ескертулер арқылы қолдануға болады.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының маңызды белгісін айқындау кезінде халықаралық және ұлттық құқық жүйесіндегі өзге де институттардан оның айырмашылығы қандай деген мәселені қарастырмай кетуге болмайды. Осыған байланысты ең алдымен экстрадицияны саяси баспана беру институтынан ажырата білгеніміз жөн.

Егер ұстап беру институты алдымен қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттердің өзара құқықтық көмегі ретінде дамыса және ал адам құқықтарын қорғауды тек қосымша түрде қарастырады, ал баспана беру институты басынан бастап адам құқықтарын қорғауды мақсат етіп қояды, яғни, нақтырақ айтқанда, халықаралық құқықтың жалпымен танылған қалыптарына сәйкес, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың саяси баспана алу немесе осы немесе өзге мемлекеттің ішкі заңдық актілеріне сәйкес арнайы құжатпен куәландырылынған ерекше мәртебені иемдену құқығын білдіреді. Осы аталған екі институт бір-бірінен халықаралық құқықтың да және ұлттық құқықтың да қалыптарымен

реттелуіне байланысты ерекшелендіріліп отыр. Айта кеткен жөн, баспана алған тұлға бірінші кезекте ол қашып кеткен мемлекетке ұстап берілуге жатпайды.¹¹

Сондай-ақ, осы немесе өзге жеке тұлғаны ұстап берумен және жер аудару арасында да айырмашылық бар, яғни, біріншіден, ұстап беру жоғарыда айтып кеткендей құқықтық көмек беру актісі, ал жер аудару әкімшілік-құқықтық акті болып табылады. Сонымен қатар, екіншіден, ұстап беру халықаралық-құқықтық институт ретінде кешендік сипатты иемденсе, ал, жер аудару ішкі мемлекеттік (ұлттық) институт ретінде танылынады. Жер аудару аумағында осы тұлға болған мемлекеттің бастамасы бойынша жүзеге асырылады, ал, ұстап беру – ұстап беру туралы қойылған талаптың негізінде жүзеге асырылады [44, 168 б.].

Экстрадиция институтымен және әуе кемесін айдап кету әрекетін жасаған қылмыскерді әуе кемесі тіркелген мемлекетке қайтарып беру институтының арасында да өзіндік айырмашылық бар. Қайтарып беру институтының заңи табиғаты, аумағына айдалып кетілген әуе кемесі қонған мемлекеттің осы әуе кемесі тіркелген мемлекетке азаматтық әуе кемесін айдап кеткен тұлғаны ұстап берудің күрделенген рәсімін ұсынады, және соңында, ұстап беру болып есептелінбейтін, халықаралық құқықта өз алдына жеке процессуалдық әрекет ретінде қарастырылатын бас бостандығынан айыру жазасына сотталған тұлғаны жазасын өтеу үшін беру институтының да айырмашылығы бар. Яғни, жазаны өтеу үшін беру институтынан айырмашылығы мынада, ұстап беру мемлекеттердің халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жазаны өтеу үшін емес, үкімнің орындалуын іске асыру үшін қолданылады.

Экстрадиция институтының құқықтық табиғатын анықтауға арналған осы жұмыстың қорытынды бөлімінде, ұстап беру қылмыстық іс-әрекет үшін айыпталған тұлғаға ғана қолданылып қоймайды деген тұжырымды айта кеткеніміз жөн. Алдыңғы бөлімде айтылған 1943 жылғы 30 қазандағы Москва декларациясының, 1945 жылғы 8 тамыздағы Лондон келісімінің, КСРО мен Германияның бұрынғы одақтастары арасындағы бейбіт шарттардың және қо-

¹¹ Бірақ, осындай тұлғаның мәртебесі ұстап берудің иммунитетін білдірмейді. Тәжірибе көрсеткендей, ол жасаған қылмысының салдары үшін немесе бұрынғы іс-әрекеті үшін өзге мемлекетке ұстап берілуі мүмкін.

сымша жаңа құжаттардың бірі ретінде Германиядағы Одақтық Бақылау Кеңесінің №10 заңының, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарарларының негізінде халықаралық қылмысты жасағаны үшін айыпталған тұлғаға қатысты ұстап беру жүзеге асырылады.

Демек, 1946 жылы 13 ақпанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы «әскери қылмыскерлерді ұстап беру және жазалау туралы» өз қарарында, аумағында қылмыс жасалған мемлекетке осы мемлекеттің заңы бойынша жазалау және соттау үшін әскери қылмыскерлерді іздестіру, тұтқынға алу және жер аудару үшін тиісті шараларды қабылдау ұсынылды [45, 401 б.]. Бірнеше уақыт өткеннен кейін, яғни 1947 жылы 31 қазанда Бас Ассамблея өзге қарарды қабылдады, бұл қарарда да, «соғыс қылмыскерлерін және отанын сатқандарды (опасыздарды) ұстап беру және сот қарауына беру бойынша жүктелген міндеттерін мемлекеттің қажымай орындауын», – тағы талап етті [46].

Осыған орай, халықаралық құқықта аумағында халықаралық қылмыс жасалған мемлекетке әскери қылмыскерлерді ұстап берудің ерекше құқықтық режимі белгіленген, бұл жерде әскери және адамзатқа қарсы қылмыстар жайлы сөз болып отыр. Осындай құқықтық режимге сәйкес, өзге де халықаралық құқықтық актілермен талап күшейтілді, яғни, тұлғаның азаматтығына және ұлттық заңына, экстрадициялық шарттардың бар-жоғына қарамастан кез келген мемлекет әскери қылмыскерлерді ұстап беруге міндетті. Сонымен қатар, осы жоғарыда айтылып отырған қалып ескіру мерзіміне қарамастан аумағында халықаралық қылмыс жасалған мемлекеттің аумақтық соттауға жататындығын бекітеді. Кей жағдайда кейбір мемлекеттер халықаралық шарттармен қоса әскери қылмыс туралы ұлттық заңдарында қолдана алады. Мысалы, Канада да қылмыс туралы заң 1996 жылы 31 тамызда қабылданған, осы заңға сәйкес, әскери қылмыс дегеніміз «1939 жылдың 9 қыркүйегіне дейін кез келген уақытта қатысушы болған немесе Канада қатысқан кез келген соғыс кезінде жасалынған соғыс әдетін немесе заңын бұзу» (2-б, 1-т.). Заңда әскери қылмысты жасағаны үшін айыпталған тұлғаны жазалау және оларды ұстап беру тәртібі көзделген [47, 93 б.].

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берумен байланысты мәселелерді реттеуде халықаралық келісімшарттар, мемлекеттің ұлттық заңдары және өзара көмектесу қағидасы құқықтық негіз

ретінде танылатындығы бәрімізге мәлім. Өйткені, осы негіздердің өзі көрсеткендей, олар халықаралық және ішкі мемлекеттік құқық қалыптарында бейнеленген және осы аталған құқықтардың нысанына жатқызылады. Сонымен қатар, Американдық мемлекеттер ұйымының (АМҰ) Конвенциясының 3-бабында былай делінген: қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру үшін қарастырылып отырған шарттың тиісті бабына сәйкес, не ұстап беру туралы шарт немесе не қатысушы-мемлекеттің ұлттық заңы негіз болады [48, 115 б.]. Бұл жерде, тек мемлекет ғана, яғни заң бағынуында және қорғауында қылмыс жасаған тұлға болған мемлекет оған қарастырылып отырған шарттың ережесін қолдануға бола ма деген мәселені шешу және қылмысты анықтау үшін жауаптылықта болатындығы анық көзделген. Ресей Федерациясы Конституциясының 63-бабына сәйкес, «қылмыс жасағаны үшін айыпталған тұлғаны ұстап беру Ресей Федерациясының Федералдық заңының немесе халықаралық келісімшарттардың негізінде жүзеге асырылады» [27, 454 б.].

Өзара келісім қағидасына 1982 жылғы АҚШ-пен және Аргентина арасында жасалған ұстап беру туралы Шарты негізделген, шартта қылмысты жасағаны үшін ұстап беру көзделген қылмыстардың үлкен тізімі (30 түрі) қамтылған.

Демек, халықаралық келісімшарт ұстап берудің алғашқы және тұрақты негізі болып табылғандықтан оған күдіктенуге болмайды. Сайып келгенде, халықаралық келісімшарт ғана ұстап беру институтының қолдану параметрін толық анықтайды және ұстап беру қатынасына байланысты туындайтын мәселелерге жауап береді. Мысалы, соңғы уақыттарда ұстап берудің негізі мен белгісін толықтыратын және ұстап беруге жататын тұлғалардың шегін нақтылайтын халықаралық шарттардың саны өсіп келеді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда саяси ниеті бойынша қудаланған тұлға және осы себепке байланысты Отанын тастап кеткен тұлға ұстап беруге жатпайды, – деген қағида кеңінен қолдау табуда. Сондай-ақ, мемлекеттер халықаралық шарттардың көмегімен ұстап беру туралы қойылатын талапқа байланысты туындайтын мәселелерді (және өзге мәселелерді) шешуге мүмкіндік алып отыр. Сайып келгенде, «кез келген әрекеттегі халықаралық шарттардың өз қатысушылары үшін міндетті заңдық күші болады және осы мағынада қалыпты белгілейді» [49, 81 б.].

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі бойынша халықаралық шарттар және халықаралық-құқықтық қатынастың өзге аясында да бірнеше түрге бөлінетіндігін ескергеніміз жөн. Олардың ішінен халықаралық қылмыстардың жеке түрлерімен және халықаралық сипаттағы қылмыстармен күресу жөніндегі көпжақты келісімдер бөлініліп отыр. Мысалы, олардың қатарына 1971 жылғы 23 қыркүйектегі Азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күресу туралы Монреаль Конвенциясын, 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күресу туралы БҰҰ-ның Конвенциясын және тағыда басқаларын жатқызуға болады. Онда екіжақты шарттардағы «екіжақты қылмыстылық» немесе «екіжақты жүктеу» қағидасы көзделген, яғни сұратып отырған және ұстап беру талабы қойылған мемлекеттердің заңы бойынша оның жасаған іс-әрекеті қылмыс ретінде сараланған жағдайда ғана қылмыс жасаған тұлғаның ұстап берілуге жататындығы бізге жоғарыда айтылып кеткен жайттардан белгілі болып тұр. Сонымен қатар, екі мемлекеттің қылмыстық заңында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмысы үшін бір жыл және одан жоғары мерзімдегі бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделуі тиіс.

Экстрадиция мәселесінде және қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру немесе қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда құқықтық көмек туралы регионалдық және екіжақты келісімдердің ерекше орын алатындығын айтпай кетуге болмайды. Олардың бірі ретінде 1993 жылғы 22 қаңтардағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы ТМД-ның Минск Конвенциясын, Кишинев Конвенциясын, Қазақстан Республикасы мен Грузия Республикасы арасындағы 1996 жылғы 17 қыркүйектегі Қылмыстық және азаматтық істер бойынша құқықтық көмек туралы келісімшартын, Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасындағы 1997 жылғы 8 сәуірдегі Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру және қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру туралы шартын және тағы басқаларын атауға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, ұстап беру құқығы көпшілігінде халықаралық шарттар арқылы жүзеге асырылады, – де-

ген тұжырым жасауға әбден болады. Бірақ, бұл жайлы айтпай кетуге болмайды, кей жағдайда халықаралық шарттар негізгі ролді атқармауы да мүмкін. Мысалы, экстрадицияның мәнін анықтау кезінде жауап беруді талап ететін маңызды сұрақтар туындайды: келісімшартсыз ұстап беру мүмкін бе? Халықаралық шарттар ұстап беру туралы ішкі мемлекеттік (ұлттық) заңдардың орнын баса алмай ма? Ұстап беру туралы арнайы шартты жасасудың қажеттілігі бар ма?

Ұстап беруде шарттың жоқтығы туралы мәселеге қатысты, мемлекеттегі қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру міндетінің жоқтығы туралы жоғарыда айтылған көзқарасты басшылыққа ала отырып, бұл жағдайда әрбір мемлекет өз қалауы бойынша әрекет етуге құқылы, - деп тұжырымдауға болады. Осыған ұқсас қорытынды, мысалы, өз уақытында «Faktor v. Laubheimer» ісі бойынша 1933 жылы АҚШ-тың Жоғарғы Сотының шешімінде көрініс алған [50, 276 б.].

Сондай-ақ, халықаралық шарттар ішкі мемлекеттік (ұлттық) заңдардың орнын баса алмайды, – деген пікірді ескірген деп есептеуге болады. Бұл жерде Ю.М. Малеевтің көзқарасымен келіспеске болмайды, онда былай делінген: «елдің соттары тиісті істі қарастыру кезінде халықаралық шарттың қалыптарына емес, нақты шарттан туындайтын мемлекеттің халықаралық міндеттемесіне сәйкес өзгертілгенге дейін ұлттық заңның қалыптарын басшылыққа алуы тиіс. Осының нәтижесінде мемлекеттің белгілі бір заңды қабылдау міндеті туындамаса және осындай міндет тек жобаланған болса, тиісті арнайы заңды қабылдау туралы мәселені мемлекет өзі шешеді» [51, 102 б.].

Қылмыс жасаған тұлға туралы келіссөздер жүргізу және мемлекеттер арасында ұстап беру туралы шарт жасасу қажеттілігі туралы мәселеге қатысты тұжырымдалған жауаптың болуы жоқтың қасы. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, мысалы, Е.Г. Ляхованың пікірінше, «шарттық жол арқылы қылмыстық іс-әрекеттің танылғаны жеткілікті» [48, 112 б.]. Автор өзінің көзқарасын толықтырады, яғни «белгілі бір зорлық-зомбылық актілері халықаралық қылмыс ретінде сараланған халықаралық келісімдерді жасасудың қажеттілігі зор». Осыған байланысты ұсынылды: «халықаралық қылмыс түрлері бойынша, оның ішінде халықаралық терроризм бойынша, осындай типтегі іс-әрекет жасаған

қылмыскер-орындаушыға ұстап беру міндеттемесін көздейтін келісімді дайындау шынға жанасар еді» [48, 112 б.]. Осы жоғарыда айтылған ереже Ресей Федерациясының Қылмыстық Кодексінің 13-бабында айқындалған [52, 555 б.] және осы мемлекеттің Конституциясының 63-бабы былай бейнеленген: «шетел азаматы және азаматтығы жоқ адамдар Халықаралық шартқа сәйкес ... шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін» [27] Жаңа жоғарыда мысал ретінде алынған көзқарасқа қарағанда айырмашылығы, экстрадиция үшін Ресей Федерациясының арнайы халықаралық шартының болуы қажет. Д. Якубовский қорытындылағандай, «Экстрадиция осындай шарт болмаса – заңсыз болып табылады, ал егер ол азаматтардың құқықтары мен заңдық мүдделерін бұзуға әкеп соқтырса, Ресей Федерациясы Қылмыстық Кодексінің 286-бабына сәйкес-қылмыс болып табылады» [53, 49 б.]. «Жалпы құқыққа» жататын елдер үшін де халықаралық шарттың болғандығын, ұстап берудің қажетті алғы шарты ретінде есептеу тән (Ұлыбритания, АҚШ және т.б.).

Ұлттық заңдарда да жеткілікті түрде ұстап беру құқығы және рәсімі белгіленген және сондай-ақ, ұстап беру туралы талап қоюға негіз бола алады. Бірақ, әрбір мемлекеттің заңдарымен осы мәселе біркелкі шешімін таппаған. Мысалы, мына елдерде Ұлыбританияда, АҚШ-та, Швейцарияда және Индияда ұстап беру туралы арнайы заңдар қабылданылған, онда ұстап беруге жататын қылмыстардың тізімі көзделген. Аргентина, Бразилия, Мексика, Перу, Швеция және кейбір өзге де елдерде де ұстап беру туралы заңдар әрекет етеді, олар ұстап беруге жаппайтын қылмыстар тізімін көрсеткен, яғни тізімнен шығару әдісі қолданылған.

Халықаралық шарттар болмаған жағдайда ұлттық заңдар ұстап беру үшін жеткілікті негіз ретінде қызмет ете алады (ГФР, Франция, Италия және т.б. еуропа елдері). Көпшілік жағдайда ұстап беру туралы қалыптар конституциялық, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарында қамтылған. Мысалы, ұстап беру туралы бап тек Ресей Федерациясы Конституциясында ғана емес сондай-ақ, Франция, Германия, Италия, Португалия, Испания, Эстония және Қазақстан мемлекеттерінің заңдарында да көзделген. Эстон Республикасы Конституциясының 36-бабында былай делінген: «бірде-бір Эстония азаматы шет мемлекетке ұстап берілмейді» [54, 532 б.]. Испания Конституциясында былай

дейді: «Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру шарттың немесе заңның негізінде өзара көмектесу тәртібімен жүзеге асырылады» [54, 58 б.]. Италияда ұстап беру туралы арнайы заң жоқ, кейбір өзге елдер спякты ұстап беру туралы қалыптар бір мезетте Қылмыстық кодексіне, Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және Конституцияға енгізілген. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 656-бабына сәйкес, «ұстап беру туралы мәселе шартпен реттелінбеген жағдайда осы Кодекс ережесі қолданылынады», – делінген [24, 214 б.], сондай-ақ, Италия Республикасының Конституциясының 26-бабында былай делінген: « халықаралық шарттармен қарастырылған жағдайда ғана азаматтарды ұстап беруге жол беріледі» [55, 98 б.].

Шартсыз ұстап беру мүмкін және ол өзара көмектесу қағидасы арқылы жүзеге асырылады, бұл қағида мемлекеттердің біркелкі әрекетін ұсынады: егер бір тарап өзге тараптың ұстап беру туралы талабын қанағаттандырса, келесі тараптың осындай әрекетіне талаптанады. Басқа сөзбен айтқанда, « өзара көмектесу қағидасы мемлекеттердің шарттар мен Конвенциялардың талаптарын сақтаудағы алғы шарты болып есептелінеді...». Сонымен қатар, «оның талаптарын мемлекеттер сақтаған кезде кінәлі тұлғаны ұстап беру негізі ретінде қызмет етеді» [41, 38 б.] Экстрадицияны жүзеге асыру үшін «ұстап беру туралы талап қойылған» тұлғаның әрекетінен қылмыстың құрамын белгілеу қажет, яғни ұстап беруді талап еткен мемлекетпен бағытталған құжаттар жиынтығы қажет.

Бүгінде ұстап беруді жүзеге асыру үшін өзара көмектесу қағидасын сақтау міндеті Испания (1958 жылғы ұстап беру туралы заңының 2-бабында), Израиль (1954 жылғы заңының 2-бабында) және Люксембург (1870 жылғы заңының 1-бабында) елдерінің заңдарында көзделген. Осы жағдайды тану үшін барлық мемлекеттердің теңдігін мойындау және олардың егеменді құқықтарын сақтау қажеттілігі негіз ретінде қызмет етеді.

Бірақ, бірнеше мәрте аталған Оксфорд қарарының 5-бабы өзара көмектесу қағидасын құқыққа емес саясат саласына жатқызады. В.П. Пановтың айтуынша, «бұндай бағытты негізді деп тануға болмайды, өйткені экстрадициялық заңдарда өзара көмектесу қағдасына негізделген қылмыскерлерді ұстап беру туралы қалыптар жиі кездеседі» [8, 108 б.] Бірақ, сонымен қатар ұстап

беру туралы халықаралық шарт болмаған жағдайда әрбір мемлекет талап етіліп отырған қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру немесе оны ұстап беруден бас тарту құқықтарын өз еріктерімен пайдалана алады. Немесе, А.Н. Анисимов дұрыс ескергендей, «...мемлекеттің еркін өз егеменділігін жүзеге асыру кезінде және осы мән-жайды шектейтін өзге актілер болмаған жағдайда қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру әрекетін жүзеге асыру үшін кедергі келтірілмейді» [44, 458 б.]. Сөзсіз, әрбір мемлекет өз қалауы бойынша ұстап беру туралы мәселені шешуге құқылы және қандай да бір өзге мемлекет оған өзара көмектесу қағидасын басшылыққа алу міндеттемесін жүктей алмайды. Өзге жағдайда мемлекет өзінің егемендігінің баян етілгендігіне сүйене отырып, қылмыстық іс-әрекет жасаған қылмыскер үшін баспана болудан қауіптенеді [44, 458 б.]. Осы жоғарыда айтылғандарға қосымша ретінде, 1970 жылы 16 желтоқсандағы әуе кемесін заңсыз басып алумен күресу туралы Гаага Конвенциясының 8-бабының 2-тармағына сілтеме жасауға болады, бапта былай делінген: «Егер келісуші мемлекет келесі келісуші мемлекеттен ұстап беру туралы өтінішті алса, ұстап беруді жүзеге асыру үшін шарттың болуымен байланыстырады. Егер олардың арасында ұстап беру туралы шартқа қол жеткізілмесе, келісуші мемлекет өз қалауы бойынша осындай қылмысқа қатысты осы Конвенцияны ұстап беру үшін заңи негіз ретінде қарастыруы мүмкін. Ұстап беру туралы өтініш келіп түскен мемлекеттің басшылыққа алған заңындағы өзге шарттарға сәйкес ұстап беру жүзеге асырылады» [56, 578 б.].

Халықаралық-құқықтық актілерде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру шарттары арнайы ескертілген. Біріншіден, жасалған қылмыс экстрадициялық, яғни ұстап беруге әкеп соқтыратын және ұстап беру туралы шартта көзделген болуы тиіс. Мысалы, Токиода 1963 жылы 14 қыркүйекте қабылданған әуе кемесінің ішіндегі кейбір өзге актілермен және құқықбұзушылық туралы Конвенциямен мынандай жалпы ереже белгіленген, «тиісті қылмыс осы қылмыс жасалған орны бойынша емес, аумағында әуе кемесі тіркелген мемлекетке ұстап беру мақсатында қарастырылады (16-б, 1-т.)» [56, 576 б.]. Осы Токио Конвенциясының 16-бабының 1-тармағындағы ережені қамтыған Гаагада 1970 жылы 16 желтоқсанда қабылданған әуе кемесін заңсыз болып алумен кү-

ресу туралы Конвенцияның 8-бабына сәйкес, осы Конвенциямен көзделген әуе кемесін басып алу актісін келісуші мемлекеттер арасында жасалған немесе олардың арасында жасалынып жатқан ұстап беру туралы кез келген шарттың ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыс ретінде тізіміне енгізіледі деп танылды [56, 578 б.].

Айта кеткен жөн, жоғарыда көзделген шарттардан да басқа өзге халықаралық шарттарда қылмыс жасағаны үшін мемлекет кінәлі тұлғаны ұстап беру міндеті көзделген экстрадициялық қылмыстардың тізімі айқындалуы мүмкін. Бірақ, тарихи бұл процесс баяу қалыптасуда. Мысал ретінде, XVIII-XIX ғасыр аралығында жасалған экстрадиция туралы халықаралық шарттарда ұстап беру тек жекеленген қылмыстарға ғана қарастырылған. Еуропалық мемлекеттер арасында жасалған алғашқы шартқа сәйкес, тек дезертирство (қашқындық) жасаған тұлғалар ғана ұстап берілетін болған. Бізге Амьен шарты ретінде белгілі Ұлыбритания, Голландия, Испания және Франция арасында 1802 жылы жасалынған экстрадиция туралы халықаралық шартта кісі өлтіру, қасақана банкроттық және жалған монета жасау экстрадициялық қылмыс ретінде танылды. Соңғы шарттарда экстрадициялық ретінде он және одан көп қылмыстардың тізімі көзделген. Мысалы, 1932 жылы АҚШ-пен және Ұлыбритания арасында жасалған шартта экстрадициялық сипаттағы 27 қылмыстың тізімі айқындалған. Осындай қылмыстардың толық тізімі АҚШ-ның өзге шарттарында: 1896 жылғы 26 қыркүйектегі Аргентинамен жасалынған қылмыскерді ұстап беру туралы Конвенциясының 2-бабында, 1930 жылғы 31 қаңтардағы Австриямен жасалынған Шарттың 2-бабында қамтылған.

Өмірде мынандай шарттар да кездеседі, мемлекет-қатысушы экстрадициялық қылмыстың тізімін көрсетпей, тек ауыр жасалған іс-әрекеттің белгілерін қолданады. Сонымен қатар, шартта жасалған қылмысқа бір жылдан артық мерзімді бас бостандығынан айыру немесе одан да ауыр жазаға тартылатындығы белгіленген. Бұл туралы, мысалы, бұрынғы КСРО-мен және ЧКСР арасында жасалған ұстап беру туралы Шартының 53-бабында көзделген, бұл шарт осы келісімге қатысты мемлекет-құқық қабылдаушы ретінде қарастырылып отырған Ресей, Чехия және Словакия арасындағы құқықтық қатынасты реттеуде қолданылуда және бізде жоғарыда

айтып кеткен 1933 жылы Монтевидеода жасалған ұстап беру туралы Конвенцияның 1-бабында да осы мәселе қамтылған.

Сондай-ақ, ұстап беру туралы шарттарында жазаның ең төменгі шегі ретінде бас бостандығынан айырудың әртүрлі мерзімі, ал кей жағдайда осындай жазаның ең жоғарғы шегі көрсетілуі мүмкін. Халықаралық шарттардың көпшілік бөлігінде жазаның төменгі шегі ретінде бір жылға бас бостандығынан айыру белгіленген. Мысалы, 1957 жылы 13 желтоқсандағы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының 2-ші бабында былай делінген, «сұрап жатқан елдің заңы бойынша жазаланатын және ұстап беру талабы қойылған елде бір жылға бас бостандығынан айыру жазасы көзделген қылмыс ұстап беруге әкеп соқтырады, – деп есептелінеді» [57].

1993 жылғы 22 қаңтардағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы ТМД Конвенциясының 56-бабына сәйкес, «сұратып отырған және ұстап беру талабы қойылған мемлекеттердің заңы бойынша жазаланылатын болып табылатын және қылмыс жасағаны үшін жаза түрінде бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру қолданылатын іс-әрекетті қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін ұстап беру қолданылады» [58, 63 б.].

1962 жылғы Бенилюкс елдерінің ұстап беру туралы Келісімінің Еуропа Конвенциясынан айырмашылығы, егер іс-әрекетке алты айдан жоғары мерзімді бас бостандығынан айыруға жазаланған жағдайда ұстап беруді қолдануға болады. Осы шарттағы жазаның «төменгі» мерзімінің көрсетілгендігі кездейсоқ емес. Біріншіден, бір жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айыру тек күрделі (ауыр) қылмыстар үшін ғана тағайындалынады. Демек, ұстап берілетін тұлғаның құқығын шектеу үшін жеткілікті болғандықтан, қылмыс жасаған тұлғаны алдын ала тұтқынға алу және оны күштеп өзге мемлекеттің өкілетті органдарына беру жүзеге асырылады. Екіншіден, көптеген мемлекеттерде (мысалы, АҚШ, Испания және т.б.) қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру мәселесін соттық тәртіппен қарастыру белгіленген. Онда сот шешімін жоғары тұрған сот инстанциясына шағымдану мүмкіндігі ұсынылған. Бірақ, мұндай тәртіп ұстап беру жөніндегі дауды біраз мерзімге созады, егер осы кезде қылмыс жасаған тұлға қамауда

болса, ол жасаған қылмыстың маңызы аз болатын болса, бұл соттық тәртіптің негізді болуы екіталай.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының жүйесінде экстрадициялық қылмыстар тізімін беретін және бас бостандығынан айырудың экстрадициялық мерзімін көздейтін шарттар да бар. Яғни, «аралас жүйе» қолданылады, демек, экстрадициялық қылмыстардың тізімі жазаның ауырлық белгісімен үйлестіріле отырып қолданылуда.

Осындай шарттардың қатарына жоғарыда айтылған 1896 жылғы 26 қыркүйектегі ұстап беру туралы АҚШ пен Аргентина арасындағы Шартты және 1923 жылғы 27 ақпандағы Швейцария мен Уругвай арасындағы Шартты жатқызуға болады. Осы шарттардың мазмұнын басшылыққа ала отырып, мына қорытындыға келуге болады: ұстап беруге жататын қылмыстардың тізімімен қоса, жазаның ауырлығын қосымша қамтығандығымен ерекшелініліп отыр. Және де өз кезегінде, тізімде қамтылған қылмыстың бірін жасаған тұлғаның тек кейбіреуі ғана ұстап беруге жатады.

Екіншіден, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің шарты туралы сөз қозғағанда, мемлекет қандай да бір тәжірибені қолданса да, «екіжақты қылмыстылық» немесе «екіжақты жүктеу» қағидасымен әрекет етуі тиіс. Яғни, сұратып отырған және ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңы бойынша жасалған іс-әрекет қылмыс ретінде сараланған жағдайда ғана ұстап беру жүзеге асырылады. Осы жағдайдағы ұстап беру заңдылығы күмән тудырмайды. Бірақ, «екіжақты қылмыстылық» фактісін белгілеу кезінде, сұратып отырған мемлекеттің заңы бойынша жасалған іс-әрекет қылмыс ретінде сараланған, ал ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңы бойынша қылмыс болып есептелінбейтін жайттар орын алуы мүмкін. Өйткені, ұстап беру талабы қойылған мемлекет осындай талапты қанағаттандыру үшін ешқандай заңдық негізді иемдене алмағандықтан, осы оқиғада ұстап беруден бас тарту заңды болып табылады. Міне, жоғарыдағы тұжырымнан тағы бір қорытынды шығып отыр, яғни барлық жағдайда жасалған қылмыстың қылмыстылығымен және жазаланатындығын ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің өзі анықтайды. Және де соңында айтарымыз, «екіжақты қылмыстылық» қағидасы халықаралық шарттарда да, ұлттық заңдарда да, сот тәжірибесінде де заңи бекітімін тапқан.

Үшіншіден, ұстап берілген тұлға оны ұстап беру үшін заңи негіз болып табылған қылмысы үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады және жазаланылады. Ереже бойынша, осы сипаттағы міндеттемені сұратып отырған мемлекет өз мойнына алу керек. Сондай-ақ, ұстап беру туралы мәселенің дұрыс шешіміне, қылмыс үшін белгіленген ескіру мерзімінің, рақымшылық актісінің, кешірімнің немесе ақтау үкімінің болуы әсер етеді. Осы аталған мәселелер әдетте халықаралық шарттарда арнайы ескертіледі. Бізбен бірнеше мәрте айтылған, 1933 жылғы Монтевидеода американдық мемлекеттермен қабылданылған ұстап беру туралы Конвенцияның 3-бабына сәйкес, а) егер айыпталған тұлғаны тұтқынға алу кезінде іс-әрекеттің қылмыстық сипаты жойылса немесе талап қойып отырған немесе ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңы бойынша үкімнің әрекет ету мерзімі өтіп кетсе; б) егер айыпталған тұлға ақталған болса немесе рақымшылық берілген болса ұстап беру жүзеге асырылмайды. Елінде жала жабылған, азапталынған, жеңіл дәрежеде дене жарақатын алған тұлғалар қашып келген мемлекетінде ұстап берілуге жатпайды (мысалы, Албания, Венгрия, Румыния және т.б.).

Төртіншіден, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру және құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар да төмендегідей қалыптар қамтылған: егер жасалған қылмыс үшін сұратып отырған мемлекетте өлім жазасы қолданылатын болса, ал ұстап беру талабы қойылған мемлекет заңы бойынша осы аталғандай жаза шарасы көзделмеген болса, сұратып отырған мемлекеттің өлім жазасын қолданбаймыз,-деп берген сөзінің негізінде ұстап беру талабы қойылған мемлекет экстрадицияға рұқсат береді. Мысалы, осындай мазмұндағы қалып 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясында көрініс алған.

1.3 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруден бас тарту мәселесінің императивтік және факультативтік негіздері

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтына тән ерекшелік, кез келген мемлекет ұстап беру туралы арнайы шарт болған жағдайда ғана тұлғаны ұстап беруден бас тарту мүмкіндігін

немденеді. Ереже бойынша, осы ерекшелік ұстап беру туралы шарттың (Конвенцияның) өзінде тікелей көзделінеді, ал кейде қашыптар нысанында, яғни тиісті қалыптарда айқындалады.

Демек, қалыптарда төмендегідей ұстап бермеудің негіздері қамтылған: 1) егер ұстап беру талап етілген тұлға талап қойылған мемлекеттің азаматы болып табылса; 2) егер қылмыс талап қойылған елдің аумағында жасалынса; 3) егер бір тараптың заңына сәйкес қылмыстық қудалауға қатысты істі қозғауға немесе үкім ескіру мерзімінің өтуіне байланысты орындалуға жатпаса немесе заңда көзделген өзге де негіздер бойынша; 4) егер жасалған қылмыс саяси сипатта болса; 5) егер ұстап беру талап етілген тұлғаға қатысты талап қойылған елдің аумағында осы қылмысы үшін үкім шығарылған болса немесе осы іс бойынша соттық қудалау тоқтатылған болса; 6) егер ұстап беру талап етілген тұлға қаржылық қылмыс жасаған болса (мысалы, салық салу, кеден алымдары аясында болса); 7) егер ұстап беру туралы талап қойылған мемлекеттің аумағында ұстап беру талап етілген тұлғаға қатысты осы іс-әрекет қозғалып және қылмыстық іс тергеліп жатса; 8) ұстап беру туралы талап қойылған мемлекеттің заңында өзгеше, ал сұратып отырған мемлекеттің заңы бойынша қарастырылып жатқан қылмыс үшін өлім жазасы көзделген болса, ұстап беруден бас тартылады.

Жоғарыда келтірілген тізімге сәйкес, ұстап беру институты ұстап беруге болмайтын қылмыс жасаған тұлғалардың кейбір санатын белгілейтін жалпымен қабылданған ережелерді қамтиды. Біз осыған дейін айтып кеткендей, келісуші тараптар өз арасында жасалған, осы мәселе бойынша халықаралық келісімшарттарында ұстап беруден бас тартудың негіздерін белгілей алады. Сондай-ақ, айта кеткен жөн, бұл тізім тұрақты болып табылмайды, өйткені, тараптар өзара келісе отырып, бас тартудың өзге негіздерін белгілеуі мүмкін. Сайып келгенде, ұстап беруден бас тартудың жалпымен қабылданған негіздерін «абсолютті» деп қарастыруға болмайды, олар ереже бойынша шектеулі сипатты иемденеді немесе осы жағдайды (тізімді) кеңейтуде ұстап беру туралы шарты арқылы оның негізгі мақсатына қол жеткізуге болады, яғни, қылмыс жасаған тұлғаны қылмысы үшін соттау немесе жазасын өтеу үшін мүдделі мемлекетке берілуі жөнінде сөз болып отыр.

Бүгінгі таңда халықаралық құқықта ұстап беруден бас тарту негіздері екі топқа бөлінуде: императивтік және факультативтік. Осындай саралау алғаш рет 1990 жылғы 14 желтоқсандағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарарымен қабылданылған ұстап беру туралы Типтік шартта қамтылған. Осы шарт 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының қалыптарын басшылыққа алған. Бірақ, модельдік сипатты иемденетін ұстап беру туралы Типтік шартының жоғарыда аталған және осы шартты дамытуға себепші болған Еуропа Конвенциясынан өзіндік айырмашылығы бар және толықтыруды қажет етуді.

Демек, Еуропа Конвенциясымен салыстырғанда императивтік негіз толығырақ қамтылған, ұстап беруге мына жағдайларда рұқсат етілмейді:

1) егер ұстап беру талабы қойылған мемлекет нәсілдік, ұлттық, діни сеніміне, азаматтығына байланысты тұлғаны жазалау немесе соттық қудалау мақсатында ұстап беру туралы өтініштің берілгендігін анықтаса немесе осы аталған себептер тұлғаның мәртебесіне зиян келтіретін болса (бұл жерде маңыздысын айта кеткен жөн, мемлекеттер өз арасында экстрадиция туралы шарт жасасу кезінде және оған осы негізді енгізу кезінде, яғни мемлекет оны өзге қызметі үшін жазалау мақсатында тиісті тұлғаның жасаған қылмысының фактісін сылтау ретінде пайдаланғандығы анықталса, қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруден бас тартуға болады);

2) егер ұстап беру туралы өтініш түскен тұлға осы және өзге елдің заңына сәйкес ескіру мерзімінің өтуі немесе рақымшылық және өзге де себептер бойынша жазалаудан немесе соттық қудалауға қатысты артықшылықты иеленген болса (осыған орай, Типтік шарттың 4-бабына сәйкес, келісуші тараптар осы негізді факультативтікке жатқызуға да болады деген ескерту көзделген);

3) егер ұстап беру туралы өтініш түскен тұлғаға ұстап беру талабын қойып отырған мемлекет тарапынан азаптау немесе қадірқасиетін таптау түріндегі жазалауға тартылатын болса немесе егер осы тұлға қылмыстық іс жүргізу процессінде азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабында көзделген қылмыстық іс жүргізу процесіндегі кепілдік құқығын иелене алмаса немесе мүлдем иеленбейтін болса;

4) егер ұстап беру жүктелген мемлекет *in absentia* (сұратып отырған мемлекеттің жоқтығы) бойынша сот шешімін қабылдаса, сотталған тұлға өз қорғауын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мүмкіндіктерді және оның қатысуы бойынша істі қайта қарауды жүзеге асыру үшін мүмкіндіктерді иелене алмаса немесе иеленбесе ұстап беруге жол берілмейді.

Типтік шартта мынадай ескерту көзделген, әрбір мемлекет төмендегі негіз арқылы бас тартудың императивтік негіздерін толықтыруға құқығы бар: «Егер ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің дәлдемелік қалыптарына сәйкес құқықбұзушылық субъектісі болып табылатын тұлғаның ұстап берілуіне қатысты дәлелдемелер жеткіліксіз болса», – деген негізбен толықтыруға болады.

Еуропа Конвенциясы сияқты Типтік шартта ұстап беруден бас тартудың императивтік негізіне тұлға жасаған құқықбұзушылықтың саяси сипатын да жатқызады. Сонымен қатар, осыған байланысты Типтік шартта ескерту көзделген, яғни әрбір мемлекет төмендегідей қосымша енгізе алады: «Кез келген көпжақты Конвенцияны орындау міндеттемесін қабылдаған Тараптар қандай да бір бұзушылықты қамтымайтын саяси сипаттағы құқықбұзушылыққа қатысты ұстап беруді жүзеге асырмаған жағдайда соттық қудалауды тоқтатпайды, сонымен қатар, ұстап беру мақсаты үшін қандай да бір өзге құқықбұзушылықтарды саяси сипаттағы құқықбұзушылық деп есептемеуге Тараптар келісті»¹² [59, 47 б.].

Типтік шарт бас тартудың факультативтік негіздерінде де толықтырады. Демек, мына төмендегі мән-жайлар негізінде ұстап беруден бас тартылады (Еуропа Конвенциясымен салыстырғанда қосымша негізді қамтиды):

– егер ұстап беру туралы өтініш түскен құқықбұзушылыққа қарсы соттық қудалау ұстап беру талабы қойылған мемлекетте ұстап берілуі талап етілген тұлғаға қарсы қозғалған болса;

– егер ұстап беру туралы өтініш түскен құқықбұзушылық бір

¹² Барлық өзге жағдайда ұстап беру туралы Типтік шарт Еуропа конвенциясының ережелерін жүзеге асырады. Мына жағдайлардың кез келгенінде ұстап беру рұхсат етілмейді: егер ұстап беру туралы өтініш берілген құқықбұзушылық әдетте қылмыстық құқықтағы емес, әскери құқықтағы құқықбұзушылық ретінде танылса; егер ұстап беру талап етілген мемлекет ұстап беру туралы өтініш түскен құқықбұзушылық үшін тұлғаға өкім шығарып қойған болса, ұстап беруге жол берілмейді.

тараптың аумағының шегінде жасалынса және ұстап беру талабы қойылған мемлекет заңында бір тараптың аумағының шегінде жасалынған құқықбұзушылыққа қатысты юрисдикция болмаса және ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңнамасы салыстырмалы жағдайда өз аумағының шегінде жасалынған құқықбұзушылыққа қатысты юрисдикцияны қамтымаса;

– егер ұстап беру туралы өтініш түскен құқықбұзушылық ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңына сәйкес, осы мемлекеттің аумағында толық немесе жартылай жасалынған деп қарастырылса (осы негіз бойынша ұстап беру талабы қойылған мемлекет ұстап беруден бас тартқан жағдайда, егер бұны өзге мемлекет сұратып отырса, өзінің құзіретті органдарына ұстап беру туралы өтініш түскен құқықбұзушылық үшін осы тұлғаға тиісті шараларды қолдану мақсатында істі береді);

– егер ұстап беру талабы қойылған мемлекет құқықбұзушылық сипатын және осы мемлекет мүддесін ескерсе сондай-ақ, осы іс бойынша ұстап беру осы тұлғаның жасына, денсаулық жағдайына және өзгеде жеке мән-жайларына сай келмейтіндігін ескерсе, ұстап беруге жол берілмейді.

Еуропа Конвенциясында бекітілген ұстап беруден бас тартудың факультативтік негіздері де Типтік шартпен мақұлданылған. Яғни, ұстап беруді сұратып отырған мемлекеттің заңына сәйкес ұстап беру туралы өтініш берліген құқықбұзушылық үшін өлім жазасы тағайындалатын болса, егер бұл мемлекет өлім үкімін шығармайтындығына немесе өлім үкімін шығарған жағдайда да орындауға жатпайтындығына берген кепілдігі жеткіліксіз деп таныса, ұстап беру талабы қойылған мемлекет ұстап беруден бас тартады. Сонымен қатар, Типтік шартта мына мағынадағы ескерту көзделген, яғни, кейбір мемлекеттер өмірлік немесе мерзімсіз түрмеге қамау туралы үкімге қатысты ұқсас шектеулерді қолдануға құқығы бар. Сондай-ақ, ұстап берудің негіздерін жасалған қылмыстық сипатымен және оған көзделген санкцияға байланысты қысқарту бағытын куәландырады [59].

Типтік шарттағы ұстап беруден бас тартудың өзгеде факультативтік негіздері Еуропа Конвенциясымен ұқсас. Бұл мынадай мән-жайлар: егер ұстап беру туралы өтініш берілген тұлға ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің азаматы болып табылса, бас тартуға болады. Осы негізде ұстап беру талабы қойылған мемлекет ұстап

беруден бас тартса, егер бұл жайлы өзге мемлекет сұраған болса, құқықбұзушылық жасаған осы тұлғаға тиісті шара қолдану мақсатында істі өзінің құзіретті органдарына береді; егер ұстап беру тиіабы қойылған мемлекеттің құзіретті органдары ұстап беру туралы өтініш берілген құқықбұзушылық үшін тұлғаға қатысты істі қозғамау немесе соттық қудалауды тоқтату мәселесін шешсе; егер ұстап беру туралы өтініш берілген тұлғаға қатысты үкім шығарылған болса немесе ол соттық қудалауға ұшыраған болса немесе сұрағып отырған мемлекеттің төтенше немесе арнайы сотымен үкім шығарылатын болса, ұстап беруге жол берілмейді.

Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, ұстап беру туралы Типтік шарттыңда ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясына қарағанда қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруден бас тарту негіздерінің аясының кеңдігін байқауға болады. Сонымен қатар, біздің ескеруімізше, Типтік шартта да, Еуропа Конвенциясында да маңызды қалыптар жоқтың қасы, ол былай аталған болар еді: қорғау құқығын жүзеге асыруға құқығы бар мемлекеттің тиісті билік органдары ұстап берілуі талап етіліп отырған тұлғамен байланыса алмаса, ұстап беру туралы өтініш (немесе талап) қанағаттандылмайды (немесе қанағаттандырылуға жатпайды).

Ұстап беру туралы өтініш берілген мемлекеттің заңында көзделген экстрадициялық емес негізге сәйкес сезікті қылмыс жасаған тұлға ұстап берілмейді. Осы мағынаның көрсеткіші ретінде мысалы, Ресей Федерациясының заңнамасы болып табылады. РФ Конституциясының 61, 62 және 63-баптарының қалыптарын қатал сақтау талабына орай, сондай-ақ, «Ресей Федерациясының Прокуратурасы туралы» Федералдық заңының 17-бабының 1-тармағын және 30-баптың 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Ресей Бас прокуратурасы өзінің 1998 жылғы 23 маусымдағы «Экстрадиция туралы өзге мемлекеттердің өтінішін қарастыру тәртібі туралы» Нұсқауында бізбен қарастырылып отырған ұстап беруден бас тартудың императивтік те және факультативтік те негідерін көруге болады. Демек, Нұсқаудың 1.1. тармағында анық айтылған: «Ресей Федерациясының азаматы болып табылатын тұлғаларды, баспана алған немесе жасалған іс-әрекеті әрекеттегі ресей заңы бойынша қылмыстық жазалануға жатпайтын болса; сондай-ақ, егер қылмыс үшін жаза ретінде бір жылдан кем емес бас бостандығынан айыру түріндегі санкция көзделген болса; егер тұлғаға үкім бойынша алты айдан кем емес бас бостан-

дығынан айыру жазасы тағайындалса; егер тұлға жеке айыптау тәртібімен қудаланса; егер ескіру мерзімі өткен болса; Ресей Федерациясының заңындағы өзге де заңдық негіздер бойынша қылмыстық қудалау қозғалмайтын болса немесе үкім орындалуға жатпаса, ұстап беруге рұхсат етілмейді» [60].

Бірақ, осы жоғарыда аталған ұстап бермеудің негіздері жеткілікті сипатталғанына қарамастан олардың кейбіреуі тәжірибеде де, теорияда да даулы мәселе болып отыр. Осыған орай, мемлекет тәжірибесінде және ғалымдар арасында дау тудырып отырған негіздердің тиімді және тиімсіз жақтарын талдағанымыз жөн.

Көпшілік мемлекеттерде олардың арнайы заңдарымен алдымен өз азаматтарын ұстап беруге тыйым салынған. Мысалы, 1883 жылғы ұстап беру туралы Швейцария заңының 2-бабы, 1885 жылғы ұстап беру туралы Аргентина заңының 3-бабы, 1927 жылғы ұстап беру туралы Франция заңының 5-бабын да осы ережелер қамтылған. Кейде осындай тыйым салынған ережелер кейбір елдердің Конституциясында да бекітілген. Яғни, осы жөнінде тікелей әрекет ететін қалыптар Бразилия Конституциясының 33 бөлімінің 141-бабында, ГФР Конституциясының 16-бабының 2-тармағында, РФ Конституциясының 36-бабында және өзге мемлекеттердің негізгі заңдарында да бекітілген. Өз азаматтарын ұстап бермеу ережелері сондай-ақ, халықаралық келісімшарттарда да қарастырылған. Осы мағынадағы екіжақты шарттардың мысалы ретінде 1933 жылғы 21 ақпандағы Финландиямен және нидерландия арасындағы Шарт (1-бабы) болып табылады. Жуық арада осындай шарттардың бірі ретінде АҚШ мен Еуропа Одағына мүше-мемлекеттер арасындағы Келісім есептелінуі мүмкін, бүгінгі таңдағы жүргізілген келіссөзде американдық азаматтарды үшінші мемлекетке ұстап бермеу туралы қалыптарда қамтылған. Ал, көпжақты шарттарды алып қарасак, өз азаматтарын ұстап беру туралы мәселе тараптардың қарауына қалдырылған. Осы мазмұндағы қалыптар, мысалы, Бустаманте Кодексінде (345-бабы), 1933 жылғы Монтевидеода жасалған ұстап беру туралы Конвенцияда (2-бабы) көзделген.

Жоғарыда аталған заңдар мен шарттардың негізіне орай, өз азаматтарын ұстап бермеу негіздері экстрадиция институтының бұрыннан белгілі және жалпымен танылған негізінің бірі болатындығын айтқанымыз жөн. Бірақ, сонымен қатар, осы негізді

қорғайтын да және оған қарсы шығатын да аргументтердің барлығын ұмытпауымыз қажет. Яғни, кейбір мемлекет өз азаматтарын ұстап бермеу негізін жалпымен танылған деп есептемейді. Ереже бойынша, мынандай мемлекеттер осындай қарама-қарсы позицияны ұстанады. Олардың қатарына Австралия, Ұлыбритания, Индия, Израиль, Канада, АҚШ, Ресей және Қазақстан да жатады.

Сондай-ақ, олар өз азаматтарын ұстап беруді төмендегідей ескертулермен байланыстырады:

1) олардың ішіндегі мәндісі болып осындай ұстап беру көзделген халықаралық шарттың бар болуы қажеттілігі табылады (1931 жылғы 22 желтоқсандағы АҚШ мен Ұлыбритания арасындағы шарттың 1-бабы; 1947 жылғы 18 желтоқсандағы АҚШ мен ОАР арасындағы шарттың 4-бабы; 1960 жылғы 4 сәуірдегі Ұлыбритания мен Израиль арасындағы шарттың 1-бабында осы ереже көзделген);

2) шарттың келесі тарабы осы тәжірибені заңи және фактілі түрде қолдауы тиіс. Сайып келгенде, өз азаматтарын ұстап бермейтін мемлекеттермен жасалған шартта жоғарыда аталған мемлекет оларды ұстап бермеу туралы қалыптарды қамти алады (1862 жылғы 15 сәуірдегі Ұлыбритания мен Дания арасындағы шарттың 1-бабы; 1910 жылғы 24 қыркүйектегі Ұлыбритания мен Греция арасындағы шарттың 3-бабы) немесе мәселені шешу талан қойылған тараптың қарауына берілетіндігін көрсетеді (1924 жылғы 11 қарашадағы Ұлыбритания мен Чехословакия арасындағы шарттың 3-бабы); 3) ұстап беру тек өзара екіжақтылық қандидасының негізінде жүзеге асырылады (1900 жылғы 14 мамырдағы АҚШ пен Швейцария арасындағы шарттың 1-бабы, 1935 жылғы 10 қаңтардағы және 1940 жылғы 31 қаңтардағы қосымшасымен бірге).

Өз азаматтарын ұстап бермеу негізінің өзіне тән шектеулері де бар. Олардың бірі, бұл жағдайда ұстап беру талабы қойылған ол қылмыс жасағаннан кейін азаматтық алған тұлға туралы сөз болып отыр. Бұл жерде екі бір-біріне қарама-қарсы тәсіл жөнінде айта кеткеніміз жөн. Егер өз уақытында Халықаралық құқық Институты өзінің Оксфорд Сессиясында, сонымен қатар, 1927 жылғы халықаралық құқықтың Американдық институты Монтевидеодағы өз сессиясында айыпталған тұлғаның азаматтығы (ұлттылығы) оны ұстап беруден бас тартудың негізі ретінде танылмауы тиіс деген ережені қарарында бекітті және осы тәжірибені мына мемлекеттер қолдады: АҚШ, Греция, Франция және

т.б. мемлекеттер ал, керсінше, Бельгия, нидерландия және Уругвай мемлекеттерінде барлық азаматтарға тән өзге мемлекетке ұстап бермеу режимі осындай тұлғалар үшін де белгіленген (Бұл жөнінде 1874 жылғы 15 наурыздағы ұстап беру туралы Бельгия заңының 10-бабында анық көзделген).

1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының 6-бабында былай делінген, азаматтық ұстап беру туралы шешім қабылданылған мезетте анықталдынады. Бірақ, ұстап беру талабы қойылған мемлекет халықаралық шартқа қол қою немесе қосылу кезінде берген өтініші арқылы өзінің «азаматтар» деген терминді анықтайды [57].

Р.М. Валеев айтып ескерткендей, өз азаматын ұстап бермеу қағидасынан ауытқу арнайы халықаралық келісімдер мен декларациялардың нәтижесінде орын алады және орын алуы мүмкін. «Осының мысалы ретінде», «адамзатқа қарсы қылмыс жасаған тұлғаларды және нацистік әскери қылмыскерлерді ұстап беру міндеті қызмет етуі мүмкін» [41, 56 б.], – деп ол өте дұрыс есептейді. Демек, айта кеткен жөн, егер өз азаматтарын ұстап бермеу қағидасын қылмыскерлерге қолдануда қарсылық тудырмаса, яғни ол сөзсіз, халықаралық қылмыс жасаған тұлғаға қатысты мүлдем қолданылуға жатпайды. Бұл туралы алғаш рет Брюссельде 1930 жылы өткен қылмыстық құқықты унификациялау туралы III Халықаралық конференцияда айтылды. Ал, соңынан бұл шектеу Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі құжаттарда да және ол аяқталғаннан кейін жасалынған бейбіт шарттарда да кеңінен мақұлданылған.

Өз азаматтарын ұстап бермеу туралы мәселенің мазмұнын қорытындылай келе, келісуші тараптардың барлық азаматтары емес тек ғана қылмысты жасағаны үшін айыпталған немесе оны жасағаны үшін сотталған тұлғалар ұстап беруге жататындығын айта кеткеніміз жөн. Міне, жеке тұлғаның осы екі санаты әдетте ұстап беру туралы халықаралық шарттардың барлығында да бейнеленген. Егер бір тараптың заңы бойынша ескіру мерзімінің өтуіне байланысты үкім орындауға жаппаса немесе қылмыстық қудалау қозғалынбайтын болса немесе өзге де заңдық негіздер бойынша қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруден бас тартуға болады. Ғалымдар арасындағы келіспеушіліктері қайсы келісуші тараптардың заңы бойынша ескіру мерзімінің өтуі немесе қылмыстық

қудалауды тоқтатудың өзге негіздері қолданылуы тиіс деген мәселені шешуге әкеп соқтырды.

А. Деревяшкин көрсеткендей, «осы және өзге тараптың заңымен көзделген қудалау немесе жазалаудың ескіру жағдайында» қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге жол берілмейді» [61, 47 б.].

Осы дауды шешуде Д. Никольский өзге бағытта болды: «егер талап етілген тұлға ескіру мерзімі өткен кеткен деп ұстап беруге қарсылық білдірсе, егер сонымен қатар, «мемлекет-талапкер» және «мемлекет-жауапкер» заңы бойынша ескіру мерзімі әртүрлі болса, теория тек мемлекет-талапкердің заңының пайдасына шешеді. Мемлекет-жауапкер заңы бойынша ескіру туралы мәселені бағалаудың ешқандай заңдық негізі жоқ. Ұстап беру құқығында басты маңыздылықты мемлекет-талапкердің заңы иеленеді» [6, 372-373 бб.]. Осы концепция кеңінен қолдау таппады, тәжірибе де жоққа шығарылды. Бұл дау ұстап беру туралы халықаралық шарттарға қылмыстық қудалау немесе жазалаудың ескіру мерзімі өткенде ұстап беруден бас тартуды реттейтін жеке тармақты қосу арқылы шешілуі мүмкін. Нақтырақ айтқанда, ескіру мерзімінің өтуі туралы мәселені шешу ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңынан туындауы тиіс. Мысалы, 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының 10-бабына сәйкес, «егер жасалған іс-әрекетке немесе жазаға қатысты ескіру мерзімі келісуші бір тараптың заңы бойынша өтіп кетсе, ұстап беру жүзеге асырылмайды» [57]. Кейбір мемлекеттер арасында жасалынған ұстап беру туралы екіжақты шарттарда да, ереже бойынша, ескіру мерзімінің өтуі тараптың бірінің заңымен анықталынатындығын қамтитын ұқсас қалыптар көзделген (1970 жылғы 12 қаңтардағы АҚШ пен Жаңа Зеландия арасындағы шарттың 6-бабы; 1970 жылғы 29 мамырдағы АҚШ пен Испания арасындағы шарттың 5-бабы). Сонымен, ескіру мерзімін анықтау жөніндегі мәселені шешуде тәжірибе осы мәселе бойынша екі тараптың да ұлттық заңының теңдігін белгілейтін немесе талап қойылған мемлекет заңына артықшылықты беретін қалыптарды халықаралық шарттарда бекіту арқылы қол жеткізді. Егер талап етілген тұлға саяси сипаттағы қылмысты жасаған болса, ұстап беруден бас тартылады. Сондай-ақ, саяси қылмыс ұғымы әрбір мемлекетте және олардың заңы бойынша әртүрлі анықталған. Осы ұғым заңи табиғатынан күрделі, әсіресе саяси қылмыс бір мезетте қылмыстық іс-әрекетті жасаумен бірге жүрген жағдайда

қиындық тудырады. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында «саяси қылмыс» термині мүлдем жоқ, ал, тек «мемлекеттік қылмыс» деген ұғым бар. Сондай-ақ, мысалы, болгар құқығында да саяси қылмыстың жеке және арнайы ұғымы жоқ. Яғни, мемлекеттік билікке қарсы бағытталған қылмысты саяси қылмыс деп есептеу қолданылады.

1968 жылғы Болгария Қылмыстық кодексінің бірінші тарауында Республикаға қарсы қылмыстардың тізімі айқындалған. Олардың қатарына: мемлекеттік опасыздық, сатқындық, шпионаж, мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткерді өлтіру, бүліктілік және зиянкестік, фашистік немесе антидемократиялық идеологияға үгіттеу, мемлекеттің рәміздерін қорлау және осы қылмысты жасау мақсатында антимемлекеттік ұйымды құру [39].

Саяси қылмыс концепциясы экстрадиция туралы неміс заңының 9-бабында толық дамыған. Осы бапқа сәйкес, «мемлекет қауіпсіздігіне және өмір сүруіне қарсы үкімет басшылары мен мүшелеріне, Конституция негізінде құрылған мемлекеттік органға қарсы, азаматтық сайлауға және дауыс беруге қарсы, өзге мемлекеттермен достық қарым-қатынасына қарсы бағытталған қылмыстар саяси қылмыс болып табылады» [62].

Халықаралық қылмыстық құқықтағы «саяси қылмыс» ұғымы экстрадиция және баспана алу құқығы туралы мәселе туындаған жағдайда маңыздылықты иеленеді. Демек, Б. Велчев дұрыс ескерген, «ол экстрадициядан бас тартудың негізі ретінде қызмет еткенде және баспана құқығын беруден бас тартудың негізі ретінде де қызмет еткенде бұл ұғым бір мазмұнды камтиды» [63, 79 б.].

Экстрадициядан бас тарту негізі ретінде қызмет ететін саяси қылмыс туралы ұғым экстрадиция құқығымен байланысты мәселені реттейтін көпшілік халықаралық шарттарда қарастырылған. 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының 3-бабында қарастырылғандай, егер ұстап беру туралы талап қойылған құқықбұзушылық ұстап беру талабы қойылған мемлекетпен саяси қылмыс немесе сонымен аралас іс-әрекет ретінде қарастырылған болса, тұлғаны ұстап беру жүзеге асырылмайды [57]. Өзге де халықаралық шарттарда белгілі бір қылмыстық іс-әрекет түрлері саяси қылмыстар қатарынан алынылып тасталған және осындай қылмыстар үшін экстрадиция міндеттілігін

белгілеген. Осы қылмыстар аманатты басып алуға қарсы күрес туралы Конвенцияда, әуе кемесін заңсыз басып алумен күресу туралы Конвенцияда, азаптау және зорлық-зомбылықтың өзге нысанын көздейтін немесе қадір-қасиетті таптайтын жазалауға қарсы Конвенцияда, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға қарсы қылмысты қудалау және алдын алу туралы Конвенцияда, есірткі және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен күресу туралы БҰҰ Конвенциясында көзделген. Осы жерде кейбір халықаралық шарттарда осы ұғымның нақты анықтамасын беруге ұмтылады, өйткені, жасалған қылмыстың саяси сипатына баға беретін құзіретті органы (ұстап беру талабы қойылған мемлекет тарапынан) талқылауды дұрыс бермеуі мүмкін (яғни, осы себептен қашу мақсатында). Мысалы, Болгария мен Кувейт арасындағы 1988 жылғы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық және соттық көмек көрсету туралы Шарттың 38-бабына сәйкес, «терроризм, қасақана адам өлтіру, өлтіруге оқталу және болгар мемлекетінің басшысына және Кувейт әмірі мен тақ мұрагерлеріне оқталу» саяси қылмыс ретінде танылмайды [64, 21 б.].

Ал, кейбір халықаралық шарттардың қалыптарында саяси қылмыстың анықтамасы қамтылмаған. Халықаралық-құқықтық тәжірибеде кейбір жасалған қылмыстың саяси сипатын жоққа шығару жолы арқылы ұстап беруді жүзеге асыру жағдайлары кездескен. Мысалы, 1971 жылғы 13 қыркүйектегі азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актімен күресу туралы Конвенцияның 7-бабының мағынасына сай, азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыс жасаған тұлға «әдеттегі кез келген ауыр сипаттағы қылмыс жағдайындағыдай» ұстап берілуге және жазалануға жатады [56, 581 б.]. Конвенциялық қылмысты немесе халықаралық сипаттағы қылмысты жасаған тұлға ғана емес, сонымен қатар, халықаралық қылмысты жасағаны үшін айыпталған тұлға да сөзсіз ұстап беруге жатады¹³.

¹³ Мысал ретінде, серб жартылай әскери құрамының басшысы Зелько Разнятовичті бұрынғы Югославия аумағында жасаған әскери қылмысы үшін ұстап беру туралы талапты жүзеге асыру қажеттілігін келтіруге болады. Сондай-ақ, сол уақытта ол орнатқан диктаторлық режимі арқылы осы оңтүстік америка мемлекетінің азаматтарына қарсы, адамзатқа қарсы жасаған қылмысы үшін Испанияның бұрынғы президенті Чили Аугусто Пиночетаның Гаагадағы Халықаралық әскери трибуналға ұстап берілуі.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 2312 (XXII) қарарымен қабылданылған 1967 жылғы 14 желтоқсандағы аумақтық баспана беру туралы Декларацияның 1-бабына сәйкес, бейбітшілікке қарсы, адамзатқа қарсы және әскери қылмыс жасаған тұлға (жеткілікті негіздер болса) баспана іздеу және оны пайдалану құқығына сілтеме жасай алмайды [65, 339 б.]. Осыған орай, нәсілшілдік, геноцид, апартеид, соғыс, халық заңын және әдетін бұзу заң теориясында осы қылмыстар қатарын құрайды деп есептеу көзделген. Осылардың кейбіреуі саяси қылмыс болып табылмайды және барлық жағдайда экстрадицияға жол берілмейді деген ерекше ескеру халықаралық шарттарда қамтылды. Мысалы, 1948 жылғы 9 желтоқсандағы геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенцияның 7-бабында былай делінген, геноцид саяси қылмыс болып есептелінбегендіктен оған экстрадиция қолданылады [66, 69 б.].

Нақты қылмыстың саяси сипатын бағалау мәселесі халықаралық қылмыстық құқықта баспана беру құқығы контекстінде қарастырылады. Бізге ерте кезден белгілі бұл құқық 1948 жылғы 10 желтоқсандағы адам құқықтарының Жалпы декларациясында және жоғарыда аталған аумақтық баспана беру туралы Декларациясында бекітілген.

Баспана беру құқығы – халықаралық құқықпен және Конституциямен, көптеген мемлекеттердің арнайы заңдық актілерімен кепілдік берілген заңи мүмкіндік болып табылады. Ол ұсынады: 1) саяси қылмыс жасаған тұлға, ешқандай қылмыс жасамаған бірақ саяси себеп бойынша қудаланған тұлға, және де саяси себеп бойынша азаматтығын өз елін тастап кеткен тұлға немесе жүргізген саясатына байланысты онда тұру мүмкін болмаған тұлғаны ұстап бермеу; 2) олар қудалауға ұшырайтын немесе тастап кеткен еліне жар аудармау; 3) баспана алу құқығын алған тұлғаға осы мемлекетте шетел азаматтары иеленетін халықаралық деп танылатын адам құқығымен бостандығын ұсыну; 4) баспана берілген тұлғаға саяси қызметпен айналысуға рұқсат беру, оларға кейбір саяси құқықтар мен бостандықтар ұсыну, бірақ, БҰҰ-ның мақсаты мен қағидаларына қайшы келетін қызметпен айналысуына тыйым салынады.

1967 жылғы аумақтық баспана беру туралы Декларациясында саяси сипаты жоқ қылмысты жасағаны үшін соттық

қудалауға жататын тұлғаға баспана беру құқығынан бас тарту мүмкіндігі ерекше аталып көрсетілген. Халықаралық құқықта мына жағдай ерекше аталған, яғни, бейбітшілікке, адамзатқа қарсы қылмыстар әскери қылмыстармен теңестіріліп, саяси сипатының болмайтындығы және осындай қылмысты жасаған тұлғаға баспана алу құқығын беруден бас тартылатындығы ескертілген¹⁴.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы мына мәселеге жауапты қалыптастыруға әсер етті: қандай белгілері бойынша бағалауға болады, осы қылмыстың саяси сипаты бар ма, экстрадиция немесе баспана беру құқығына жол беруге бола ма? Біріншіден, бұл мәселе ұстап беру туралы талап бағытталған (яғни, баспана беру талап етіліп отырған) мемлекетпен шешілуі тиіс. Мысалы, 1967 жылғы аумақтық баспана беру туралы Декларацияның 1-бабының 1-тармағында ерекше аталған: «баспана беруді ұсынып отырған мемлекет осындай баспана берудің негізін өзі бағалайды». Осыдан шығатын қорытынды, қылмыстың сипатын бағалайтын белгілері әрбір мемлекеттің ұлттық заңымен шығарылуы тиіс. Екіншіден, халықаралық құқық алдын ала шешілген саяси сипаты жоқ жеке қылмыстарды бөліп көрсетеді және бір мезетте бейбітшілікке, адамзатқа қарсы қылмысы, әскери қылмысы үшін баспана беруден бас тартады және ұстап беруді көздейді. Үшіншіден, саяси қылмысты жасағанына байланысты ұстап беруден бас тарту құқығы өзінің қамтуы бойынша жалпы болып табылады. Өз кезегінде осындай құқық қылмыскерлерді беру міндетемесімен түзетілуі мүмкін немесе халықаралық шартта көрсетілуі мүмкін.

Осы қорытындыларды тұжырымдай келе, осы немесе өзге қылмыстың саяси сипатын анықтау осы қылмыстың саяси сипатын анықтайтын халықаралық шарттар болмаған жағдайда мемлекеттің өзі шешетін мәселе екендігін айтқанымыз жөн. Бұл жағдайда халықаралық шарттардың қалыптары ұлттық заңдар-

¹⁴ Осы мағынадағы, яғни, адамзатқа қарсы қылмысы және әскери қылмысы үшін кінәлі тұлғаны ұстау, тұтқындау, экстрадиция және сотқа беру кезінде аумақтық баспана беру туралы Декларациясының 12-бабын және халықаралық ынтымақтастық қағидасының 7-бабын қараңыз (БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 1973 жылғы 3 желтоқсандағы 3074 қарарымен қабылдалынған).

дың алдында артықшылық күшін иеленеді. Осы немесе өзге де келісуші мемлекет қылмыс жасаған тұлғаны, оның айтуы бойынша, азаптауға немесе зорлық-зомбылыққа ұшырайтын, қадір-қасиеті аяққа тапталатын мемлекетке ұстап беру маңызды мәселе болып отыр. Осы мәселені шешу адам құқығын қорғаудағы еуропалық жүйе шегінде қарастырылуда, мысалы, 1994 жылы, 1992 жылы және 1970 жылы қабылданған 11 қосымша хаттамасымен 1950 жылғы 4 қарашадағы адам құқығын және оның бостандығын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияның негізінде әрекет ететін Страсбургтегі адам құқығы бойынша еуропалық Сот қызметін айтуға болады.

Алғаш рет Еуропалық Сот осы мәселені бізбен жоғарыда аталған *Soering v. United Kingdom* [29] ісінде қарастырған, Ұлыбритания Біріккен Королдығымен және Солтүстік Ирландия арасындағы экстрадиция туралы халықарлық шартқа сәйкес, Соуринг Вирджиния штатына (АҚШ-на) Соуринг адам өлтіргені үшін сотталуы үшін ұстап берілді. Вирджиния Үкіметі өлім үкімін тағайындауға кірісті. Соурингтің тұжырымдауынша, Вирджиниядағы өлім үкімін орындау оқиғасындағы кідірту ұзақтығы ереже бойынша, өлім үкімін шығару мен оны орындау арасы алты-сегіз жылды құрайды, бұл әрине, адамсыздықпен қарауды немесе жазалауды білдіреді. Сондықтан, оны осындай қарауға (жазалауға) қалдыра отырып Ұлыбритания Біріккен Королдығы мен Солтүстік Ирландия 1957 жылғы Еуропа Конвенциясының 3-бабының ережесін бұзып отыр деп тұжырымдаған. Келесі жағынан, экстрадицияны жүзеге асырушы мемлекет Конвенцияға сәйкес оның юрисдикциясының шегінен тыс қабылданылған адамсыздықпен қарау немесе қадір-қасиетін аяққа тапту немесе жазалау үшін жауапкершілікке тартылмайды деп Ұлыбритания тұжырымдады.

Ұстап берілген тұлғамен болашақта дұрыс қаралмауы үшін Конвенцияға сәйкес экстрадицияны жүзеге асыратын мемлекетте белгілі бір жауаптылыққа тартылады деп сот қаулы етті. Өзге сөзбен айтқанда, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру жөніндегі келісуші мемлекеттің шешімі Еуропа Конвенциясының 3-бабына сай келетін оқиғаны құруға мүмкіндік жасайды және тұлғаға дұрыс қарамайтын мемлекет Конвенция бойынша жауаптылыққа тартылуы тиіс. Осындай жауаптылықты белгілеу

сұратып отырған мемлекеттегі жағдайдың Конвенцияның 3-бабының стандартына сай келуін бағалауға мүмкіндік береді [67, 171-172 бб.].

1.4 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру тәртібі

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру әдетте дипломатиялық жолмен жүзеге асырылады. Көп жағдайда экстрадиция туралы мәселені қарастыру мүдделі мемлекеттің әділет министрлігі, прокуратура және полиция органдары арасында белгіленген қатынастарда да тікелей орын алады. Мысалы, Канаданың Сыртқы істер министрлігі келіп түскен ұстап беру туралы талапты әділет министрлігіне бағыттайды, ал соңында аумағында қылмыс жасаған тұлға орналасқан провинцияның генерал-атторнесіне хабарлайды. Аталған тұлға тұтқынға алынады және сот алдына ұсынылады. Жалпы құқық жүйесі әрекет ететін провинцияда ұстап беру істі жергілікті соттың судьясы, ал Квебек провинциясында – провинцияның Жоғарғы сотының судьясы қарастырады.

Судья істің материалдарымен танысып, қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруге келіседі немесе қамауға (тұтқынға) алынған тұлғаны босатуға бұйрық береді. Экстрадицияға қатысты ордерді ұстап беру туралы шешім қабылданған күннен бастап 15 күннің ішінде әділет министрі береді. Ордердің бір данасы тіркеу үшін мемлекет хатшысына, ал екіншісі – түрме билігіне, үшіншісі – тиісті мемлекетке беру үшін ұстап берілетін тұлғаны алып жүретін сарапшыға жіберіледі. Егер экстрадицияны Канада талап етсе, провинцияның генерал-атторнейі тиісті талапты әділет министрлігіне бағыттайды, ал, сосын оны Сыртқы істер министрлігіне береді. Тұлғаны ұстап беру туралы заңға сәйкес талапты осы министрлік жүзеге асырады.

АҚШ-та экстрадициялық рәсім өзге сипатты иемденеді. 1968 жылы Канаданың Сыртқы Істер Министрлігінің құқықтық бөлімі хабарлады. Ұстап берудің қарапайым рәсімі мынандай: 1) Канада полициясы (қылмыстың мәніне байланысты провинциялық және федералдық болып бөлінеді) қашқынның тұрғылықты жері бойынша американдық полиция билігімен тікелей байланысқа түседі; 2) провинцияның генерал-атторнейі телефон арқылы аме-

рикандық полициямен байланысады және талап етілген тұлғаны тұтқынға алынуын сұрайды. Осындай өтініш ұстап беру туралы алдын ала ордерді алмастырады және тұтқынға алу үшін негіз болып табылады; 3) ұстап беру туралы шешім сотпен қабылданылады; 4) Канадалық полициялық билік іс бойынша барлық материалды өзінің әділет министрлігіне ұсынады, әділет министрлігі – тиісті тұлғаны ұстап беру туралы арнайы ұсынысты жасау үшін Сыртқы істер министрлігіне береді [68, 515-516 бб.].

Бізбен осыған дейін аталған Бенилюкс мемлекеттері Франция мен ГФР-ның арасында қол қойылған Шенген шартына сәйкес, «дипломатиялық каналды пайдаланудан басқа, ұстап беру туралы өтінішті (талапты) сұратып отырған келісуші тараптың құзіретті министрлігі ұстап беру талап етілген келісуші тараптың құзіретті министрлігіне бағыттайды» [30, 65 б.]. Сондай-ақ, құзіретті министрліктер болып: Бельгия Королдігінде – әділет министрлігі, Германияда – Федералдық әділет министрі және әділет министрліктері және жерлердің әділет министрлері (сенаторлары), Францияда – Сыртқы істер министрлігі, нидерландия Королдігінде – әділет министрлігі, Люксембург Ұлы Герцоствасында – әділет министрлігі табылады.

Ресей Федерациясында және бұрынғы КСРО-ның көпшілік республикаларында ұстап беру туралы шешімді қабылдау РФ-ның Бас Прокурорының және оның орынбасарларының өкілеттілігіне жатады. Бұл туралы «Ресей Федерациясының прокуратурасы туралы» федералдық заңының негізінде РФ-ның Бас Прокурорымен қабылданылған 2002 жылғы 20 маусымдағы «РФ-сы ҚДЖК-нің заңды күшіне енуіне байланысты шет мемлекеттердің экстрадиция туралы өтінішін қарастыру тәртібі туралы» РФ Бас Прокуратурасының Нұсқауында қарастырылған. Осы нұсқауға сәйкес ұстап беру тәртібі мынандай: РФ-ның Бас прокуратурасы арқылы бағытталған өзге мемлекеттің құзіретті органдарының тапсырмасына сәйкес тұлғаны ұстау кезінде қадағалаушы прокурорлар тұлғаларды ұстаудың негізін, мерзімін, заңдылығын, тұтқындау туралы құжаттардың барлығын тексереді және тиісті құжаттар болмаған жағдайда тез арада іздеу салу инициаторларынан сұратылады, сонымен қатар, олардың алдына РФ-ның Бас прокуратурасына ұстап беру туралы тиісті талапты бағыттау жөніндегі мәселені қояды. Тұтқындау туралы қаулы келіп түскеннен кейін ұсталған тұлға уа-

қытша ұстау изоляторында қамауда ұсталуы тиіс, ал тұтқындау туралы құжат келіп түспеген жағдайда босату Ресей Федерациясының тиісті прокурорларының ескертуімен жүзеге асырылады.

Тұтқынға алуды бекіткеннен кейін және осы туралы почта, телефакс, телеграф немесе телетайп арқылы жіберілген қаулы ұсынылғаннан кейін, Ресей Федерациясының көпжақты және екіжақты халықаралық шарттарында көрсетілген мерзімге сәйкес тұтқындалған тұлға тергеу изоляторында қамауда ұсталынады. Ұстау орны бойынша және ұстап беруге жататын тұлғаны қамауда ұстайтын аумақтық прокурорлар: а) олардан Ресей Федерациясына келу мақсаты, тұру орны және уақыты және тіркелуі, азаматтығы, баспана алуы, қылмыстық қудалаудың мән-жайы және ниеті, оны ұстап беру үшін мүмкін болатын кедергілер жөнінде түсініктеме алуға; б) онда бар құжаттардың шындығын тексеруге, оның жек басын, азаматтығын белгілеуге; в) қажетті жағдайда оның азаматтығы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің төл құжаттық-визалық қызметінің қорытындысын талап етуге тиіс. Іздестіру инициаторы көзделген тұлғаны ұстап беруді талап етуді көздеген жағдайда тезарада істің барлық материалдарымен Ресей Федерациясының прокурорлары өздерінің қорытындысы арқылы РФ-ның Бас Прокуратурасына жібереді. Ұстап беру туралы талап келіп түспеген жағдайда немесе РФ-ның Бас Прокуроры ұстап беруден бас тарту туралы шешім қабылдағаннан кейін РФ Бас Прокуратурасының нұсқауы бойынша ғана тұтқындалған тұлға қамаудан босатылады.

Аумақтық прокурорлар, Ресей Федерациясының субъект прокурорлары немесе оларға теңестірілген мамандандырылған прокурорлар ұсталған тұлғаның ұстаудың заңдылығы мен негізділігі, ұстау жағдайы, Ресей Федерациясының азаматтығын беруден бас тарту, ұстап беру үшін мүмкін болатын кедергілер туралы шағымын текереді; осы мәселелер бойынша әрекеттегі заңға сәйкес ұсталған және тұтқындалған тұлғаға қорғаушының жолығуына рұқсат береді, сондай-ақ, ескере кеткен жөн, нақты іс бойынша қылмыстық сот өндірісінің мәселесі Ресей Федерациясының құқыққорғау органдарының юрисдикциясына жатпайды.

Ұстап беру туралы талап қанағаттандырылған жағдайда РФ Бас Прокуратурасының халықаралық құқықтық басқармасы қабылданған шешім туралы дер уақытында сұратып отырған та-

рапқа хабарлауға және сұратып отырған тараптың құқыққорғау органдарының өкілдеріне ұстап берілетін тұлғаның берілуін ұйымдастыру туралы РФ-ның Сыртқы істер министрлігіне немесе Федералдық қауіпсіздік қызметіне тапсырма жіберуге міндетті [60].

Жоғарыда келтірілген мысалдарға орай, сұратып отырған мемлекеттің жіберген құжаттарының жиынтығы «ұстап беру туралы талап» деп аталынады. Ереже бойынша, жазбаша нысанда рәсімделуі тиіс. Бұл жалпымен танылған ереже деуге болады, өйткені, ол барлық екіжақты және көпжақты халықаралық шарттарда бекітілген. Мысалы, осы ереже 1958 жылғы 17 қаңтардағы Бельгия мен ГФР арасындағы шарттың 10-бабының 1-тармағында, ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының 12-бабының 1-тармағында көзделген. Бірақ, шартта осы талап тікелей бекітілмесе де, талаптың жанама куәлігі ретінде (жазбаша нысаны) мәтінде көзделген фразалар болуы мүмкін, мысалы, «ұстап беру туралы талаппен бірге қоса ұсынылынады...» немесе «ұстап беру туралы талап алынғанға дейін...» және т.б.

Ұстап беру туралы талаптың реквизиттері: сұратып отырған мекеменің атауы; жасалған іс-әрекет қылмыс болып табылатын заңның мәтіні; қылмыскердің сырт бейнесі, оның фотосуреті, азаматтығы, тұрғылықты жері және келіп орналасқан жері, жеке бас туралы мәліметі; қылмыспен келтірілген материалдық зиянның мөлшері; істің нақты мән-жайын айқындайтын қамауда ұстау қорытындысы туралы қаулының куәландырылған көшірмесі көзделуі тиіс. Егер ұстап беру үкімді орындау үшін жүзеге асырылса, оның заңдық күшіне енуі туралы белгісімен үкім көшірмесі және жаза тағайындалған қылмыстық заңның мәтіні қосылып беріледі. Барлық құжаттар бағытталған мемлекеттің тілінде рәсімделуі тиіс. Егер ұстап беру туралы мәселені шешу үшін өзге де мәліметтер қажет болса, ұстап беру туралы талап қойылған мемлекет қосымша мәліметті талап етуіне болады. Оның берілу мерзімі жөнінде ұстап беру талабы қойылған тарап халықаралық шартта көрсетуі тиіс. Мысалы ретінде 1962 жылғы (Бельгия, нидерландия, Люксембург) Бенилюкс мемлекеттерінің Шартының 12-бабы танылады. Осы аспекті 1990 жылғы ұстап беру туралы Типтік шартта нақты ескерілген, 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясында былай

делінген, ұстап беру туралы талаппен қоса төмендегідей қосымша материалдармен жүруі тиіс: 1) егер тұлға қылмысы үшін сотталса – айыптау бөлімімен қоса шешімнің түпнұсқасы немесе куәландыратын көшірмесі немесе қылмысты бейнелейтін өзге де құжаттар және шығарылған үкім, оның орындалуы және жазаның қалған мерзімі (яғни, жазаның аяқталуына төрт-алты ай қалса да бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан тұлғаны ұстап беруге рұқсат) көрсетілген үкім қоса жіберіледі; 2) егер тұлғаның қатысуынсыз қылмысы үшін сотталса – оның қатысуымен істі қайта қаруды жүзеге асыру үшін не оның қорғауын дайындау үшін осы тұлғаның билігіне жататын құқықтық құрал жөнінде баяндау; 3) егер тұлға қылмысы үшін сотталған болса, ал, бірақ үкім шығарылмаса – ұстап беру туралы өтініш түскен қылмысты баяндау, және де қылмысты құрайтын әрекетті немесе әрекетсіздікті баяндау, сонымен қатар, айыптау бөлімінің мазмұндамасын құжатымен қоса және айыптау үкімін шығару ниетін тұжырымдайтын өтініш-арыз қоса берілуге жатады [59].

Ұстап беру туралы талапты алған бойда ұстап беру талабы қойылған тарап тезарада ұстап беру талап етілген тұлғаны қамауға алуға кіріседі, оны тұтқынға алу туралы өтініш почта, телеграф немесе телефакс арқылы жіберілуі мүмкін. Егер ұстап беруге жататын тұлға қылмысты жасаған деген күдік жеткілікті болса, тұтқынға алу осындай өтінішсіз де жүзеге асырылу мүмкін. Қамауға алу туралы мемлекетке тезарада жазбаша нысанда хабарландырылады. Бірақ, егер хабарлама жіберілген күннен бастап бір айдың ішінде ұстап беру туралы талап келіп түспесе, тұтқынға алынған тұлға босатылуы мүмкін.

Халықаралық шарттарда ұстап беруге қатысты, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мерзімін ұзарту туралы, қылмыстық қудалау үшін уақытша ұстап беру туралы, үшінші мемлекетке ұстап беру шарттары туралы, транзиттік тасымалдау туралы қалыптар қамтылған. Мысалы, ерекше мән-жайлар уақытша ұстап берудің негізі болуы мүмкін. Демек, қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінің өтуі негіз бола алады. Үшінші мемлекеттің аумағынан басып өту үшін міндетті түрде осы мемлекеттің рұқсатын алу қажет.

Қылмыс жасаған тұлғаны беру орны мен уақытын ұстап беру талабы қойылған мемлекет белгілейді. Мысалы, егер ұстап бе-

ру күні белгіленгеннен кейін 15 күннің ішінде сұратып отырған мемлекет осы тұлғаны қабылдамаса, ұстап берілетін тұлға қамаудан босатылынады.

Ұстап беру жағдайында тұлғаны бір емес бірнеше мемлекет талап етуі мүмкін. Мынадай жағдайлар кездесуі мүмкін, егер: а) қылмыс бірнеше мемлекеттің аумағында жасалынған болса; б) қылмыс А мемлекетінің аумағында жасалынып, бірақ Б мемлекетіне қарсы бағытталған болса; в) А мемлекетінің аумағындағы қылмысты Б мемлекетінің азаматы жасаған болса; г) қылмыскер Х мемлекетінің аумағында қылмыс жасаса, ол қылмысы А мемлекетіне қарсы бағытталса, өз азаматы болып табылатын Б мемлекетімен осы тұлға қудаланған немесе сотталған болса; д) Б мемлекеттің азаматы А мемлекеттің аумағында қылмыс жасаса, ол қылмысы Б мемлекетіне бағытталса, ал қылмыскер С мемлекетінің аумағында орналасқан болса. Осыған байланысты сұрақ туындайды: сот әділдігін жүзеге асыру үшін қылмыс жасаған тұлғаны алуға қандай мемлекет артықшылық құқығын иеленеді?

Жоғарыда айтылған жағдайда ұстап беру туралы мәселе әртүрлі шешілуі мүмкін. Бұл жерде, алдымен қылмыстық заңның кеңістікте қолданылуы туралы әртүрлі қалыптарды қамтитын мемлекеттің қылмыстық заңнамасы басшылыққа алынады. Егер бір заңдар аумақтылық қағидасын бекітсе, яғни, аумағында қылмыс жасалған мемлекеттің заңы бойынша тұлғаның соттылығын белгілейді және осы ереже өз азаматтарына да, шетел азаматтарына да тең дәрежеде қолданылуға жатады. Ал, өзгелері оны ұлттық қағидасымен толықтырады, өз азаматтарының шетелде жасаған қылмысына осы мемлекеттің әрекеттегі қылмыстық заңының қалыптарын қолдану туралы ережені қамтиды; ал, келесілері нақтылық қағидасын көздейді, яғни қылмыскердің азаматтығына қарамастан осы мемлекеттің мүддесіне қарсы бағытталған және шетелде жасалған қылмысы үшін осы елдің әрекеттегі қылмыстық заңы қолданылуға жатады. Қылмыстық заңның кеңістікте қолданылуы осы аталған қағидамен шектеліп қоймайды. Кейбір мемлекеттер кешенділік қағидасын өз тәжірибелерінде қолдануда, осы қағидаға сәйкес қылмыстың жасалу орнына және оның азаматтығына қарамастан барлық тұлғаны жазалау мүмкіндігін білдіреді.

Сөзсіз, жеке мемлекеттердің қылмыстық заңдарындағы үлкен айырмашылық «бәсекелестік юрисдикциясын» тудырады және нәтижесінде бір тұлғаға қатысты ұстап беру туралы талаптың көптілігін тудырады. Бірақ, тәжірибеде осы жағдайдағы мемлекетаралық қатынаста көпшілік жағдайда аумағында қылмыс жасалған мемлекетке артықшылық беріледі, яғни, «артықшылықты юрисдикция» деп аталынады. Мысалы, 1933 жылғы 1 маусымдағы Турция мен Швейцария арасындағы Шарттың 2-бабында, Бустаманте кодексінің 347-бабында осы аталған ереже көзделген. Бірақ, сондай-ақ, айта кеткен жөн, барлық мемлекеттер «артықшылықты юрисдикция» қағидасын ұстана алмайды. 1927 жылғы 10 наурыздағы француз заңының 6-бабына сәйкес, ұстап беру туралы талаптың келіп түскен күнін ескере отырып аумағында ауыр қылмыс жасалған мемлекетке артықшылық беріледі.

Халықаралық құқық Институтының Оксфорд қарарының 10-бабында былай делінген, қылмыстың ауырлық белгісі артықшылықты береді, ал осы белгіге күдік келтілген жағдайда ұстап беру туралы талапты бірінші болып жіберген мемлекетке артықшылық беріледі. Осы аталған екі белгі туралы 1892 жылғы 22 қаңтардағы швейцария заңының 14-бабында да қарастырылған [69, 420 б.].

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің тәртібі туралы мәселені қарастыру мемлекеттің ішкі өкілеттігіне жатқызылады. Ол екіжақты келіссөзді (дипломатиялық және заңи) жүзеге асыру арнасын анықтайды, ұстап беру туралы ақтық шешімді қабылдауға өкілетті органдарды (сот, прокуратура) көрсетеді, оның рәсімін жүзеге асыруда ынтымақтасатын тараппен келімге келеді.

Экстрадициялық тәжірибеде полиция көмекші ролді атқарады деп тұжырымдайды К.С. Родионов. Полицияның мақсаты ұстап беруге жататын субъектінің қатысуын қамтамасыз ету [70, 99 б.]. Осыған байланысты 1960 жылы Интерполдың Бас Ассамблеясы арнайы көрсеткендей: «экстрадициялық мәселеде полиция органы ұстап беруді шешуге жауапты үкіметтік департаменттің басты көмекші органы болып табылады» [70, 99 б.]. Бірақ, сайып келгенде, полиция үлесіне күрделі, қауіпті жұмыс бөлігі беріледі: іздестіру, идентификациялау, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстау және тұтқынға алу және т.б. Оның ұстап берілуі, Ж. Непоттың

айтқанындай, «бұл полицияның логикалық күш жұмсауы арқылы жүзеге асады» [71, 144 б.].

Бізбен жоғарыда айтылып кеткендей, Интерпол тәжірибесінде қылмыс жасған тұлғаларды халықаралық іздестірудің: жай, орташа және аралас түрлері қолданылады. Егер алғашқы екеуі туралы айтатын болсақ, екеуіде мынадай екі құжаттың бірі болған да ғана жүзеге асырылады: 1) іздеу салынған тұлғаның фактісінің ордері; 2) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау туралы сот үкімі болғанда. †

Жай іздестіру, ереже бойынша, төмендегідей сатылардан тұрады:

1. Іздестіру инициаторы – полиция, прокуратура немесе сот органы қылмыскердің орналасқан жері белгісіз болса, өз мемлекетінен шетелге қашып кеткен қылмыскерді іздестіруді бастау өтінішімен Интерполдың Ұлттық Орталық бюросына (ҰОБ) жүгінеді. Өтінішке іздестірілген тұлғаның жеке басы туралы мәлімет, оның сырт келбеті, әдеті, мамандығы, жеке құжаттары, суреті және бармағының таңбасы қоса жіберіледі. Өтініш тұтқында алу бұйрығын, қылмыстың бейнесін, оның жасалу жолдарын, саралайтын белгісін, қылмыскер ұсталған жағдайда тезарада оны ұстап беру туралы талап жіберілетіндігі туралы мәліметтерді қамтиды.

2. ҰОБ өтініштің Интерполдың Жарғысының 3-бабына сәйкестігін тексереді, ал сосын осы ұйымның Бас секретариатына жібереді.

3. Бас секретариат іздестірілген тұлғаға Интерполдың қызыл циркулярын толтырып (оң жоғары бұрышында Интерполдың қызыл түсті эмблемасы бейнеленген іздестіру бланкасы), көшірме данасын ҰОБ-сы барлық мемлекетке жібереді. ҰОБ «қызыл циркулярын» алған әрбір мемлекет онда көзделген қылмысты ұлттық қылмыстық заң позициясынан бағалайды және мемлекет аумағында іздестіруді жариялау туралы мәселені шешеді. Шешім қабылданғаннан кейін барлық полициялық органдарға іздестіруді бастау командасы беріледі. Әрбір мемлекетте полиция тәжірибесінде қолданылатын әрекеттер жүзеге асырылады (іздестірілетін тұлғалар тізімінде жариялау, әрбір іздеу салынған тұлғаға бюллетень басып шығару және оны әртарапқа жіберу, іздестіру кітабына енгізу және т.б. әрекеттерден тұрады). Орталықтан алынған хабарламаның негізінде жергілікті полиция органдары іздестіру шараларын

жүзеге асырады. Олар асықпай қолданылатын тәсілдермен және өздері иеленетін құралдарды пайдалана отырып әрекет етуге міндетті. Іздеу салынған тұлғаның аты-жөні шетелден келу және кету бөлімшесіне жіберілуі тиіс.

4. Іздеу салынған тұлғаны тапқанда, полиция өз елінің заңын басшылыққа ала отырып оны ұстауды жүзеге асырады.

Интерполдың көпшілік мүше-мемлекеттерінің ҰОБ-сы осы мемлекеттердің Сыртқы істер министрлігі арқылы әрекет етеді, яғни, қылмыс жасаған тұлғаларды іздестіру туралы хабарлама тұлғаны тапқан жағдайда оны ұстау жөніндегі өкім ретінде қарастырылады. Қылмыс жасаған тұлғаны ұстаған кезде полиция жақын жергілікті сот алдында ұстап беру үшін оны тұтқынға алу туралы мәселені қояды. Шетел азаматын қамауға алу үшін өзге мемлекетте ол жасаған қылмысының фактісі және өзге мемлекетпен шығарылған тұтқынға алу ордері негіз болып табылады. А. Кристаның жазғанындай, «Австрияда бұйрықта көзделген істің мән-жайы қылмыс жасаған тұлғаны қамау үшін және австрия соты оны тұтқынға алу туралы бұйрық шығару үшін негіз болып табылады» [72, 96 б.]. Осындай тәжірибе өзге мемлекеттерде де қалыптасқан. Кідіртпейтін жағдайда, өзге мемлекеттен тұтқынға алу жөніндегі бұйрықты алу кешіктірілгенде, қылмыскерді ұстау орны бойынша судья оны тұтқынға алу туралы өз шешімін Интерполдың «қызыл циркулярына» негіздей алады. Бұл батыс криминалистерінің пікірі бойынша, іздестіріліп отырған тұлғаны тұтқындау туралы халықаралық бұйрыққа айналды. Егер жергілікті сот қылмыскерді уақытша тұтқындау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартса, полицияға оның жүріп тұру қозғалысын бақылау тапсырылады және тезарада Бас секретариатқа немесе оның келген орнын өзгерткендігі туралы іздестіру инициаторына хабарланады. Полиция оздерімен жүргізілген тұтқынға алу туралы өз елінің ҰОБ-на хабарлайды.

5. Ұлттық Орталық Бюро өз кезегінде қылмыс жасаған тұлғаны тұтқынға алынғандығы туралы Бас секретариатқа және іздеу салу елінің-инициаторының ҰОБ-на хабарлайды.

6. ҰОБ өз кезегінде, өз елінің мүдделі полиция органына (согына) қылмыскерді тұтқынға алу туралы хабарлайды. Соғында тезарада ұстап алған елге оны ұстап беру туралы арнайы құжат-

тарды жібереді. Интерпол тұлғаны ұстағаннан және тұтқынға алынғаннан кейін осы әрекетті тез жүргізуді талап етеді, өйткені, экстрадициялық заңдарда және шарттарда уақытша тұтқынға алудың қысқа мерзімі көзделген.

7. Қылмыс жасаған тұлғаны қамауға алғаннан кейін Бас секретариат оны іздестіру туралы материалға белгі соғады. Іздестіруді тоқтату туралы барлық мемлекетке хабарлайды.

Тез іздестірудің жай іздестіруден айырмашылығы бар, жедел жағдайда Бас секретариатқа соқпастан, мемлекеттің ҰОБ-сы қашып кеткен қылмыс жасаған тұлғаны іздестіру туралы өтінішін телекс немесе телефакс арқылы оның уақытша болған еліндегі ҰОБ-на жібереді. Қылмыс жасаған тұлғаны «ізің суытпай» қудалауда Интерпол іске тезарада қосылады. Оны іске қосу кез келген елге іздестіру және тұтқынға алу туралы өтінішті тез жіберуге кепілдік береді. Тез іздестіруге шектеулі елдердің саны қатыстырылады, өйткені, ол қылмыскердің орналасқан елі немесе регионы шамамен белгілі болған жағдайда жарияланады. Тез іздестіру кезінде оның инициаторына – ҰОБ-на -өзге елдің полициясын оған (іздестіруге) тартпастан бұрын халықаралық масштабта осындай акцияның негізділігін хабарлау міндетін жүктейді. Іздестіру инициаторы іздестірудің жарияланғандығы туралы Бас секретариатқа хабарлауға міндетті. Тез іздестіру жарияланғаннан күннен бастап үш айдың ішінде нәтижесі болмаса, жай іздестірумен алмастырылады.

Интерполдың циркулярын болашақта кеңінен қолдану ұсынылып отыр. Бүгінде «Интерпол арқылы» алдын ала тұтқынға алу туралы өтінішті бағыттау 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясымен дипломатиялық рәсіммен теңестірілген (16-б, 3-т), сонымен қатар, өзгеде халықаралық шарттармен де осылай теңестірілді [73, 240-240 бб.].

Сонымен, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы іске егер Интерпол қатысатын болса, тезарада шешімін табады. Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, халықаралық экстрадициялық тәжірибеде бүгінгі таңда ұстап беру рәсімін жетелдетуге талаптану байқалуда, әсіресе оның дайындық сатысын – келген мемлекеттің аумағында жасырынып жатқан қылмыс жасаған тұлғаны ұстауды және тұтқындауды жеделдету қажеттілігі туындауда. Осыған байланысты тағыда

пайта кеткен жөн, Интерполдың қатысуымен уақытша тұтқынға алу идеясы өмірге келді, яғни, дипломатиялық арналар арқылы келіссөзге келгенге дейін және оны ұстап беру рәсімін рәсімдеуге дейінгі уақыт аралығында іздестірілген қылмыскерді қамауда ұстай тұруды білдіреді. 2001 жылы 20 қыркүйекте Брюссельде Еуропа Одағына (ЕО) мүше-мемлекеттердің әділет, полиция және азаматтық қорғаныс ведомстваларының басшылары жиналды. Олар экстрадициямен байланысты рәсімді жүзеге асыру тәртібін жеңілдетуге тиіс болған, сонымен қатар, «Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің Еуропалық ордерін» қабылдау жөнінде сөз қозғады.

2. ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ҰСТАП БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

2.1 Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аясындағы мемлекеттер ынтымақтастығының тиімділігін арттырудағы қызметі

Халықаралық-құқықтық деңгейде ұстап беру мәселесімен байланысты сұрақты қарастыруға және шешуге Біріккен Ұлттар Ұйымы қатыстырылады. Осы ұйымның Жарғысының 1-бабында «қылмыстылықпен күресу...мәселесін шешу» [74, 4 б.] және халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін бекітеді. Осы жұмыспен айналысуға негізінде басты органдары тартылды (Бас Ассамблеясы, Қауіпсіздік Кеңесі, Халықаралық Соты, Экономикалық және әлеуметтік Кеңес (экосос), Секретариаты, қамқоршылық бойынша Кеңесі).

Сонымен қатар, БҰҰ-ның құрлысындағы көмекші сипаттағы негізгі құқыққорғау органдары ЭКОСОС аясына шоғырландырылған. Олардың ішінде Қылмыстық сот әділдігі және қылмыстылықтың алдын алу туралы Комиссиясы ерекше орынды алады, яғни бес жылда бір рет халықаралық қылмыстық құқықты унификациялау мақсатында қылмыстылықтың алдын алу және құқбузушылықпен күресу жөніндегі БҰҰ-ның Конгрессін өткізеді. Сондай-ақ, халықаралық құқықтың прогрессивті дамуына және оның жүйелендірілуіне тікелей көмектесетін БҰҰ-ның халықаралық құқық Комиссиясы туралы да айта кеткен жөн. Осы Комиссиямен халықаралық қылмыстық құқықбұзушылықтармен күресу туралы халықаралық шарттардың жобасы жасалынды, бүгінгі таңда олардың көпшілігі әрекет етуде.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге қатысты нақты мәселелерге тоқталсақ, ең алдымен олар тиісті халықаралық актілерінде әртүрлі уақыт кезеңінде БҰҰ-ның әртүрлі органдарымен қарастырылған. Алдыңғы тарауда, мысалы, бізбен 1946 жылғы 13 ақпандағы әскери қылмыскерлерді ұстап беру және жазалау туралы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының арнайы қарары (1947 жылғы 31 қазандағы 3(I) қарары және 170 (II) қарары), 1967 жылғы 14 желтоқсанындағы аумақтық пана беру туралы Декларациясы (2312 (XXII) қарары) айтылған болатын. Ұстап беру қағидасы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде антагитлерлік бірлестіктегі мемлекеттер қабылданған халықаралық актілерінде ғана емес, осы жоғарыда аталған құжаттарда да белгіленген (мысалы, 1942 ж. 13 қаңтардағы және 1943 жылғы 30 қазандағы әскери қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы Сент – Джейм және Москва декларациясын айтамыз) және сондай-ақ, БҰҰ-ның басты органдарының бірінің қарарында сипаттама («жұмсақ құдық» қалыпы) қамтылған және осы ұйымының барлық мемлекет мүшелері қатысушысы ретінде қатысты.

БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік Кеңесі қараусыз қалмады, Адамзатқа қарсы қылмысты жасаған тұлғаны және әскери қылмыскерлерді жазалау туралы 1966 жылғы 5 тамыздағы 1158 (XI) қарары арқылы «адамзатқа қарсы қылмысы және әскери қылмысы үшін кінәлі тұлғаны тұтқынға алуды ұстап беруді және жазалауды қамтамасыз ету және осындай қылмысқа қатысты өздерінде бар кез келген құжаттарды өзге мемлекеттің билігіне ұсыну мақсатында күш салуға» [75] барлық мемлекеттерді шақырды. Сонымен қатар, Экономикалық және әлеуметтік Кеңес өз қарарының 4-тармағында БҰҰ-ның бас хатшысына ұсынды: «адамзатқа қарсы қылмысы және әскери қылмысы үшін кінәлі тұлғаны тұтқынға алуды, ұстап беруді және жазалауды қамтамасыз етуге қатысты зерттеуді жүргізеді» [75]. Осы қарарға жауап беретін Бас хатшының зерттеуі БҰҰ-ның адам құқығы жөніндегі Комиссияның 25 сессиясына ұсынылды. Ол өзінің Экономикалық және әлеуметтік Кеңестің 1158 (XII) қарарына жауап ретінде дайындалған зерттеуінде мынандай қорытындыға келген: көзделген қылмыстарды тиімді бұлтартпау мақсатында не екіжақты келісімді және әрекеттегі заңды өзгерту, не адамзатқа қарсы қылмысты жасаған тұлғаны ұстап беру мәселесі туралы халықаралық

Конвенцияны дайындау қажеттілігі жайлы көптеген мемлекеттер арасында ұсыныстар туындап отыр.

Осы қорытынды БҰҰ-ның аясында осындай тұлғаларды тұтқынға алуды, ұстап беруді және жазалауды реттейтін халықаралық Конвенцияны дайындау қажеттілігіне әкеп соқтырады. Р.М. Валеевтің пікірінше, «бүгінгі таңда осындай Конвенцияда көзделген қылмыскерлер тобын тұтқынға алудың және ұстап берудің процессуалдық жақтарын және жауаптылыққа тарту тәртібіне қатысты мемлекеттер ынтымақтастығын қамтамасыз еткен болар еді» [41, 84 б.]. Сайып келгенде, БҰҰ-ның Бас хатшысы жеке атап көрсеткендей, осы саладағы халықаралық құқықта осы қылмыскерлер санатын жазалау туралы онда көзделген қағиданы жүзеге асыруға қатысты қалыптардың саны мардымсыз, ал адамзатқа қарсы қылмысты жасағаны үшін айып тағылған немесе сол үшін сотталған тұлғаны ұстап беруге қатысты ұлттық заңдарды және екіжақты келісімдерді қолдануға кедергі келтіреді.

«Адамзатқа қарсы қылмысы және әскери қылмысы үшін кінәлі тұлғаны табуға, тұтқынға алуға, ұстап беруге және жазалауға қатысты халықаралық ынтымақтастық қағидасын» 1973 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бекітті. Сондай-ақ, барлық мемлекеттерге осындай қылмыс үшін өз азаматтарын өздері соттау, аумағында қылмыс жасалған өзге мемлекетке соттау үшін оларды ұстап беру, осындай қылмысы үшін жазалайтын ұлттық заңдарды қабылдау құқығын ұсынды.

1945 жылдан бастап осы бүгінгі таңға дейін БҰҰ-ның аясында адам құқығының әртүрлі аспектілері бойынша 60-тан астам халықаралық шарт жасалынған. Және де адам құқытарына қол сұғатын қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі және оларды халықаралық құқықтық актілердің қалыпына сай келуін талап ететін мәселелерде ескерусіз қалмады. Сондай-ақ, нақты жағдайда экстрадиция мүмкіндігіне шектеу қою тенденциясы орын алуда.

1949 жылғы 12 тамыздағы әрекеттегі әскердегі жаралылар мен аурулардың қатысуын жетілдіру туралы Женева Конвенциясының 49-бабында, Конвенция ережелерін бұзуға жол берген қылмыскерді ұстап беру мәселесін альтернативтік түрде шешу қарастырылған. Көпшілігінде, әрбір Келісуші тарап өзінің қалауы бойынша қылмыс жасаған тұлғаны соттау үшін өз заңының

ережесіне сәйкес келесі мүдделі Жоғары Келісуші тарапқа (яғни, осы тұлғаны айыптау үшін жеткілікті дәлелдемесі бар Келісуші тарапқа) қылмыскерді ұстап бере алады [76, 169 б.].

1966 жылғы 16 желтоқсандағы азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактісі, қылмыскерді ұстап беру мүмкіндігінен осы пактінің қатысушысы болып табылатын мемлекеттің аумағында заңды болған шетел азаматын шектеуді көздеген. Құзіретті органның арнайы шешімін орындау үшін келген мемлекеттің заңының негізінде оларды ұстап беру мүмкін. Сонымен қатар, ұстап берілетін тұлғаға өзге мемлекетке өзін ұстап беруге қарсы дәлелдер келтіруге, өз ісін құзіретті органның немесе лауазымды тұлғаның қайта қарауына беру құқықтары көзделген (13-бабы) [76, 169 б.].

Біз айтып кеткендей, 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес, ұстап беру туралы Типтік шарт қабылданылды. Осы БҰҰ-ның кепілдемелік құжатының негізінде қылмыскерді ұстап беруден бас тартудың императивтік және факультативтік негіздерін жоғарыда қарастырған болатынбыз. Типтік шартқа және көпшілік екіжақты және көпжақты шарттарға сәйкес, сондай-ақ, келісуші тараптардың заңдарына сәйкес ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыстар үшін түрмеге қамау немесе бір жылдан кем емес (екі жыл) мерзімдегі бас бостандығынан айыру шарасы немесе басқада ауыр жаза тағайындалынады. Сайып келгенде, Типтік шарт мемлекеттерге ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыстардың санын азайтуға жөн сілтейді. Осыған, түрмеге қамау немесе бас бостандығынан айырудың өзге шарасы туралы үкімді орындауға қалған мерзімді кеңейту сай келеді, яғни мерзімі өтіп кетсе ұстап беру мүмкін болмайды.

Сонымен қатар, Типтік шарты келісуші тараптардың заңындағы тиісті қылмыстың құрамын қалыптастыратын терминологиялық және конструктивтік екершелігіне байланысты ұстап беру үшін кедергілердің жоқтығын бейнелейді. Мысалы, қандай да бір қылмыс келісуші екі тараптың заңдарына сәйкес жазалануға жататын құқықбұзушылық болып табылатындығын белгілеуде мыналардың маңыздылығы жоқ: 1) осы қылмысты құрайтын әрекет немесе әрекетсіздік тараптардың заңына сәйкес құқықбұзушылықтың ұқсас санатына жата ма немесе осы қылмыс ұқсас терминді білдіре ме; 2) тараптардың заңдарына сәйкес осы

қылмысты құрайтын элементтері ажыратыла ма, яғни, сұратып отырған мемлекетпен көзделген әрекеттің немесе әрекетсіздіктің барлық жиынтығы басшылыққа алына ма [59].

Типтік шарт қаржылық қылмысы үшін кінәлі тұлғаны ұстап беруге қатысты дәлелдемені қамтиды. Егер тұлғаны салық салу, кедендік баж, валюталық бақылау немесе кіріспен байланысты өзге мәселелерге қатысты қандай да бір заңды бұзғаны үшін ұстап берілуі талап етілсе, сұратып отырған мемлекеттің заңындағы бар ұқсас ережелер ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңында салыққа немесе бажға немесе валютаны айырбастауға қатысты ұқсас ереже болмаса, ұстап беруден бас тартуға жол беріледі.

Өз кезегінде, Типтік шарт ұстап беру талабы қойылған тұлғаны ұстап беру мүмкіндігін шектеу мақсатын иеленетін арнайы ережелерді қамтыған, яғни, халықаралық шартқа сәйкес ұстап берілетін тұлғаға қатысты соттық қудалау, үкім шығару, ұстау, үшінші мемлекетке қайтадан ұстап беру жүзеге асырылмайды, және ол берілгенге дейін жасаған кез келген қылмысы үшін сұратып отырған мемлекеттің аумағында қандай да бір жеке бостандығын шектеуге жол берілмейді. Мына төмендегі шарттарға жауап беретін қылмыстарға жоғарыда аталған ереже қолданылмайды: 1) ұстап беру туралы рұқсат берілген қылмыс; 2) ұстап беру талабы қойылған мемлекет келісімін берген қылмыс (Типтік шартта мынандай ескерту көзделген, кейбір мемлекеттер осы талапқа тұлғаның келісім беруін қосымша көрсетуі мүмкін); егер талап қойылған құқықбұзушылық Типтік шартқа сәйкес ұстап беруге жататын болса, мемлекет осындай келісімін беруі қажет.

Ұстап берілген тұлғаны транзиттік тасымалдауға қатысты кейбір ерекшеліктерді қамтиды. Осындай тасымалдау кезінде транзиттік мемлекет тұлғаны қамауда ұстаудың заңдық мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Транзиттік тасымалдауға рұқсат сұрау міндеті жүктелген тарап алдын ала жоспарланбаған отырғызу кезінде еріп жүретін қызметкердің өтініші бойынша транзиттік тасымалдау туралы өтінішті алғанға дейін 48 сағат ішінде тасымалданатын тұлғаны қамауда ұстауы мүмкін [59].

1992 жылы қазанда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі 780 қарарды орындау үшін бұрынғы Югославиядағы қылмысты қарастыру үшін сарапшылар Комиссиясын бекітті, және оның баяндамасын,

сонымен қатар, Франция, Швеция, Италия, ОБСЕ заңгерлерінің комитетінің баяндамасын, Еуропалық бірлестіктің миссиясын және бұрынғы Югославия бойынша Координациялық комитеттің халықаралық конференциясының сипаттамасын қарастыра отырып, 1993 жылғы 22 ақпандағы 808-қарарының және 1993 жылғы 25 мамырдағы 827-қарарының негізінде, 1991 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұрынғы Югославия аумағында жасалынған, халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны үшін жауапты тұлғаларды соттық қудалау үшін Халықаралық трибуналды құру туралы қаулы қабылдады және осы сот мекемесінің Жарғысын бекітті. 1994 жылы 8 қарашада БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі 955-қарарына сәйкес, Руанда аумағында жасалынған, халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны және геноцид үшін жауапты тұлғаны, және 1994 жылдың 1 қаңтары мен 1994 жылдың 31 желтоқсанының аралығында көршілес мемлекет аумағында жасалынған, осындай бұзушылық және геноцид үшін жауапты Руанда азаматын соттық қудалау мақсатында Халықаралық трибуналды құру туралы шешім қабылдады және Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдың Жарғысын бекітті.

Айта кеткен жөн, осы халықаралық трибуналдардың Жарғылары 1998 жылы тамызда Римде БҰҰ-ның Дипломатиялық конференциясының нәтижесінде қабылданылған Халықаралық Қылмыстық Сот статутының негізінде дайындалған. Барлық осы құқықтық актілерде, және де Нюрнберг және Токио халықаралық әскери трибуналының жарғысында халықаралық қылмысты жасағаны үшін сотқа тарту көзделген, сондай-ақ, жүйеге келтірілген және айырмашылығы бұл жүйе жетілдірілген. Бұрынғы Югославия және Руанда бойынша трибуналдың Жарғысында және Халықаралық қылмыстық соттың Статутында адамзатқа қарсы қылмыстардың, әскери қылмыстардың тізімі толық берілген. Осы қылмыстарға, мысалы, қасақана адам өлтіру, азаптау және қадір қасиетін таптау, уландыратын заттарды немесе өзге түрдегі қаруларды қолдану, нәсілдік, саяси және діни сенімі бойынша қудалау, зорлау және т.б. жатады. Сондай-ақ, ерекше айта кеткен жөн, осы барлық халықаралық құқықтық актілерде және олардың қабылдануымен бірге жүретін қарарларда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасағаны үшін «ұстап беру» терминінің орнына «беру» термині қолданылған. 1993 жылы 25 мамырда 3217 отырысында

қабылданған БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің 827-қарарында, халықаралық гуманитарлық құқықты бұзғаны үшін жауапты тұлғаны сотқа беру мақсатында тиімді шараларды қолдану қажеттілігі туралы айтылған [65, 746 б.]. Бұл халықаралық трибуналға және сотқа қатысты осы рәсімнің ерекше сипатын баса айту мақсатында жасалынған болуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған халықаралық құжаттардың кейбір айырмашылықтарына көңіл бөлмей кетуге болмайды. Олардың ішінде негізгісі болып табылатын, Халықаралық қылмыстық соттың Статутында мемлекеттің сезіктелген тұлғаны беру міндеті үшін шектеулер тізімі енгізілген. Себебі, өйткені бұрынғы Югославия және Руанда бойынша трибуналдың Жарғысы осы мемлекеттердің аумағында ғана өзінің юрисдикциясын шектейді, ал Халықаралық қылмыстық соттың юрисдикциясы БҰҰ-ның барлық мүше-мемлекеттердің аумағын қамтиды. Сондай-ақ, егер бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық трибуналдың Жарғысында мемлекет сотының юрисдикциясына қатысты Трибунал юрисдикциясының басымдылығын қарастырса, ал Халықаралық қылмыстық соттың Статуты халықаралық және ұлттық юрисдикцияның теңдігін қарастырған. Нәтижесінде егер қылмысты жасағаны үшін айыпталған, істің сотта қаралуын күтіп жатқан тұлға қамауда болса немесе қамау мерзімін өтеп жатса, оның өтініші бойынша сотқа тұлғаны беру міндеттілігі көзделмеген (Статуттың 53-бабының 5-бөлімі). Сонымен қатар, бұрынғы Югославия бойынша трибуналдың Жарғысынан айырмашылығы, онда арнайы бағытқа бағындыру қағидасын қолдану қамтылған: жасағаны үшін тұлға мемлекетке берілетін қылмысқа қатысты істі сот қарауы мүмкін (55-бабы) [77].

1996 жылы БҰҰ-ның халықаралық құқық Комиссиясы есеп бойынша екі бөлімнен және 20-баптан тұратын бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс Кодексінің үшінші жобасын қабылдады. Кодекстің 15-20-баптарында геноцид, агрессия актісі, адамзатқа қарсы қылмыс БҰҰ-ның персоналына қарсы қылмысы және әскери қылмысы үшін халықаралық қылмыстық жауаптылық белгіленген. Агрессия актісін қоспағанда, барлық осы қылмыстарға қатысты Кодекстің 9-бабында былай делінген: осындай қылмыстардың бірін жасаған тұлғаны аумағында

тибылған мемлекет, «осы тұлғаны ұстап береді немесе оған қарсы соттық қудалауды қозғайды».

Кодекс жобасында агрессия қылмысын жасағаны үшін ұстап беру туралы мәселе ерекше тәртіппен шешілген. Осы қылмысқа қатысты Халықаралық қылмыстық сотының ерекше юрисдикциясы белгіленген, тек сот ғана осы жағдайда ғана тұлғаға қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыра алады. Осы жалпы ережеден алып тастау агрессия жасалынған мемлекеттің сотының юрисдикциясы үшін жасалынған. Сонымен қатар, Кодекстің жобасында белгіленгендей, егер онда көзделген қылмыс және тағы да агрессияны қоспағанда, ұстап беру туралы кез келген шартқа ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыс ретінде енгізілмесе, олар осы шартқа ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыс ретінде енгізілген деп есептелінеді. Сонымен, Кодексті қабылдаған мемлекет осындай қылмыстарды ұстап беру туралы кез келген шартқа енгізетіндігі жөнінде міндет алады. Мына жағдайда да, егер мемлекет ұстап беру туралы талапты қойып отырған мемлекет арасында ұстап беру туралы шарт мүлдем болмаса, мемлекет өз қалауы бойынша Кодексті ұстап беру үшін құқықтық негіз ретінде есептеуіне болады. Мемлекет ұстап беруді шарттың барлығымен байланыстырмаса, өздерінің арасындағы қатынаста Кодексте көзделген қылмысты ұстап беруге жататын қылмыс ретінде қарастыра алады, сондай-ақ, ұстап беру туралы өтініш берілген мемлекеттің заңына сәйкес ұстап беру жүзеге асырылады. Кодекс жобасында аталған кез келген қылмыс жасалған орны бойынша да және кез келген өзге мемлекеттің аумағында жасалғандығы бойынша да ұстап беру мақсатында қарастырылады. Бұл ереженің мәні мынада, өйткені, кейбір мемлекеттің заңдары мен шарттарында тек аумағында қылмыс жасалған мемлекетке ғана ұстап беру мүмкіндігі көзделінген [24, 241-242 бб.].

1968 жылы 26 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы әскери қылмысқа және адамзатқа қарсы қылмысқа ескіру мерзімін қолданбау туралы Конвенцияны қабылдады. Осы халықаралық шартта Екінші дүниежүзілік соғыс қылмыскерлерін ұстап беру туралы мәселе тағы көтерілді. Демек, Конвенцияның 3-бабында былай делінген: «мемлекет-қатысушы... ..халықаралық құқыққа сәйкес осы Конвенцияның 2-бабында көзделген тұлғаны ұстап беру үшін жағдай жасауға бағытталған заңдық және ішкі

сипаттағы барлық қажетті ішкі шараларды қабылдауға міндетті» [76, 529 б.].

Конвенцияның 1-бабына сәйкес, әскери қылмысқа және адамзатқа қарсы қылмысқа, оның соғыс уақытында немесе бейбіт уақытта жасалғанына қарамастан, ескіру мерзімі қолданылмайды. Конвенцияға қатысушы – мемлекет барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті: а) Конвенцияның I және II баптарында көзделген қылмыс үшін соттың қудалауға және жазалауға ескеру мерзімін немесе өзге шектеулердің қолданбауын қамтамасыз ету, және де осы қылмыстарға осындай мерзім қолданылатын болса, ол алынып тасталуы тиіс; б) халқаралық құқыққа сәйкес, Конвенцияның II бабында көзделіген тұлғаны ұстап беру үшін жағдай жасауға міндетті. Сонымен, Конвенцияға сәйкес адамзатқа қарсы жасаған қылмысы үшін ескеру мерзіміне қарамастан ұстап беруге жатады. Сондай-ақ, Конвенция, көзделген қылмысты жасаған кезінен бастап уақыты өтіп кеткеніне қарамастан осы көзделген қылмыскерлер санатын жауаптылыққа тартуға байланысты ұлттық заңдардағы кемшіліктердің орнын толтырады.

Сайып келгенде, тағы айта кеткеніміз жөн, адамзатқа қарсы қылмысты жасаған тұлғаны ұстап беру тәжірибесінде бір-келкіліктің болмауы және осы мәселе бойынша ұлттық қалып тек осындай тұлғалардың ұстап беруін реттейтін көпжақты Конвенцияны дайындау мәселесі БҰҰ-ның көмекші органы халқаралық құқық Комиссиясының күн тәртібіне қойылған. Осыған орай, Комиссиямен қабылданылған адамзат Қауіпсіздігіне және бейбітшілікке қарсы қылмыс Кодексінің жобасы мемлекеттермен қабылданылған және күшіне енген жағдайда да осы мәмілені жартылай реттеген болар еді.

Көпшілік жағдайда қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі халқаралық қылмыстардың жеке түрлерімен күресу түрлері көпжақты халқаралық шарттармен де реттелінеді¹⁵.

Бұл қылмыстардың тиісті мемлекеттің қызметімен тікелей

¹⁵ Халқаралық құқықты бүгінгі таңда осы қылмысты белгілеу үшін бірегей термин жоқ. Сондықтан әртүрлі қайнар көздерден өзге атауларды кездестіруге болады: “Халықаралық сипаттағы қылмыс”, “конвенциялық қылмыс”, “халықаралық сипаттағы қылмыстық қылмыс”, “Халықаралық құқықтық тәртіпті бұзатын қылмыс”, және тағы басқа. Өзінің заңи табиғатына сәйкес олардың халықаралық қылмыстан айырмашылығы “шетелдік элементі” бар қылмыс болып табылады.

байланысы болмайды, бірақ бір мезетте халықаралық және ұлттық құқықтық тәртіпке, экономика, мәдениет, сауда, адам құқығы және бостандығы, заңды тұлға мүддесі саласында мемлекеттердің бейбіт ынтымақтастығына қол сұғады және көптеген мемлекеттер үшін қоғамдық қауіптілік тудырады. «Бір мемлекеттің масштабында осындай қылмыстармен күресу, олардың алдын алу тиімді нәтиже бермейді, сондықтан әртүрлі мемлекеттердің келісілген әрекетін талап етеді» [8, 13 б.]. Осы әрекетті жүзеге асыру нәтижесінде мемлекеттер арасында күрделі қылмыстық – құқықтық және процессуалдық қатынас пайда болады.

1970 жылғы әуе кемесін заңсыз басып алумен күресу туралы Гаага Конвенциясының 2, 7 және 8 баптары қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге қатысты. Конвенцияның 7-бабында былай делінген: «Аумағында сезіктелген қылмыскер болған келісуші мемлекет егер ол қылмыскерді ұстап бермесе, қандай да бір ескертусіз және қылмыс оның аумағында жасағанына қарамастан, істі қылмыстық қудалау мақсаты үшін өзінің өкілетті органдарына береді. Осы органдар осы мемлекеттің заңына сәйкес кез келген әдеттегі қылмысқа қолданылатын шешімді қабылдай алады» [56, 577 б.]. Бұл мына мағынаны білдіреді. Егер мемлекет Конвенцияның 7-бабына сәйкес қылмыскерді ұстап бермесе, егер тиісінше басып алу актісіне қатысты арнайы қалыптар болмаса, қылмыскерге кез келген әдеттегі қылмысқа қолданылатын ұлттық заңның ережесіне сәйкес (Конвенцияның 2-бабы) жаза шаралары қолдануы тиіс. Қарама-қарсы жағдайда, мемлекет үшін өзін-өзі өзгерту және қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы Арнайы шартты жасау қажеттілігі болмаса, қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруі тиіс. Өйткені, біз осыған дейін айтқанымыздай, Конвенцияның 8-бабына сәйкес мемлекеттермен ұстап беру үшін заңдық негіз ретінде қарастыруы мүмкін.

Ұстап беруге жататын қылмыстар болып 1971 жылғы 23 қыркүйектегі азаматтың авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған тиісінше актілермен күресу туралы Конвенцияда көзделген қылмыстар табылады. Осы Конвенцияның қатысушы – мемлекеті кез келген тұлға қылмыс жасауы мүмкін, – деген тұжырыммен келісті. Егер ол заңсыз және қасақана істелген болса: а) ұшудағы әуе кемесінің бортындағы тұлғаға қатысты зорлау (күштеу) актісі жасалынса, егер осы акті осы әуе кемесінің қауіпсіздігіне

қауіп төндіруі мүмкін: немесе б) пайдаланудағы әуе кемесі қиратылса, немесе осы әуе кемесіне зиян келтірсе, нәтижесінде әуе кемесі істен шықса немесе ұшу кезінде осының қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін: немесе в) пайдаланудағы әуе кемесін орналастыруға (қозғалтуға) әкеп соқтыратын әрекет жасалынса қандай да бір қондырғымен заттармен әуе кемесін бүлдірсе немесе оған зиян келтірсе, яғни оның ұшуы кезіндегі қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін: немесе г) эронавигациялық құрал-жабдықты бүлдірсе немесе қиратса немесе оның пайдалануына киліктірілсе егер кез келген акті әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін: немесе д) жалған мемлекетті жариялау, әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін болса, ұстап беруге жатады.

Кез келген тұлға жоғарыда айтылған қылмыстың кез келгенін жасауға ақталуы немесе жасауы мүмкін, немесе кез келген осындай қылмысты жасауға ақталған немесе жасаған тұлғаның қатысушысы болып табылады [56, 579 б.].

1950 жылғы 21 наурыздағы үшінші тұлғаға жезөкшелерді пайдаланумен және адамдарды сату мен күресу туралы Конвенцияға қосылған мемлекет, өзге тұлғаның құмарлығы қанағаттандырығаны үшін кез келген тұлға жазалануы тиіс, – дегенмен келісті: а) кез келген адамды жезөкшелік мақсатында азғыру немесе көңілін аудару, керек десе осы адамның келісімі бойыншада осы әрекеттерді жүргізу: б) осы тұлғаның келісімі бойыншада, өзге тұлғаның жезөкшелігін пайдалану: в) төзімділік үшін ұстау немесе оны басқару, немесе саналы түрде төзімділік үшін қаржыландыру немесе қаржыландыруға қатысу: г) үшінші тұлға жезөкшелік мақсатында пайдалану үшін ғимаратты жалға беру немесе жалдау немесе бір бөлегін жалдау (1,2-баптары) [17, 383 б.].

Жоғарыда қылмыстар тізімі ұстап беруге жататын қылмыстар ретінде қарастырылады, және оларға осы Конвенцияның кез келген тараптары арасында жасалынған және жасалынуы тиіс, қылмыскерді ұстап беру туралы кез келген шарт қолданылады. Осы Конвенцияның тараптары қылмыскерді ұстап беруі шарттың барлығымен байланыстырмаса, жоғарыда айтылған қылмыстарды өздерінің өз ара қатынасында экстрадициялық қылмыс ретінде танылуы тиіс. Конвенцияға сәйкес, ұстап беру түрлері талап қойылған мемлекеттің заңына сәйкес ұстап беру жүзеге асы-

решады (8-бабы). Конвенцияның қатысушы мемлекеттерінде өз азаматын ұстап беру қағидасы заңымен танылмаса, азамат осы Конвенцияда көзделген қылмыстың бірін өзге мемлекетте жасағаннан кейін өз мемлекетіне қайтарылып берілсе, өз мемлекетінің соты бойынша қудалануға және жазалануға тартылады (9-бабы). Егер қылмысты жасағаны үшін айыпталған тұлға, өзге мемлекетте сотталған болса және осы мемлекеттің заңына сәйкес айыптау үкімі бойынша жазасын өтесе немесе жазаны өтеуден босатылса, немесе жазасының мерзімі қысқартылса, бұл ереже қолданылмайды (10-бабы) [17, 384,385 б.].

1988 жылғы 10 наурыздағы теңіз кемесінің қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерімен күресу туралы Конвенцияның қатысушы мемлекеті келіскендей, кез келген тұлға қылмыс жасайды, егер ол заңсыз және қасақана болса: а) кемеңі басып алса немесе күштеу немесе қорқыту жолымен бақылануды жүзеге асырса; немесе б) кеме бортында тұлғаға қарсы күштеу актісі жасалынса, егер осы акті осы кемеңің жүзу қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін болса; немесе в) кемеңі бүлдіру немесе кемеге немесе оның жүгіне зиян келтіру, осы кемеңің жүзу қауіпсіздігіне қауіп төндірсе немесе г) кеме бортын орналастыру мақсатында әрекет жасау немесе орналастыру, қандай да бір қондырғы арқылы кемеңі бүлдіру, кемесі немесе оның жүгіне зиян келтіру; немесе д) теңіз новигациясының құрал – жабдығына зиян келтіру немесе бүлдіру, немесе пайдалануына кедергі жасау немесе е) кемеңің жүзу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жалған мәліметтер жариялау; немесе ж) осы қылмыстардың біреуін жасауға ақталуда немесе жасауда тұлғаны өлтіру немесе кез келген тұлғаны жаракаттау сияқты қылмыстар тізімі көзделген. Осы айтылған қылмысты ақталуда немесе көмектесу де қылмыс болып есептелінеді (1,2-баптары). Осы қылмыстар экстрадициялық болып табылады және ұстап беру туралы халықаралық шарттарға енгізуге жатады. Осы Конвенция ұстап берудің заңдық негізі ретінде қарастырылуы мүмкін.

1973 жылғы 14 желтоқсандағы дипломатиялық агентке, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаға қарсы қылмыстың алдын алу және жазалау туралы Конвенцияның 2 бабында көзделген қылмыс ұстап беру түрлері халықаралық шартқа міндетті түрде енгізілуге жататын және ұстап беруге әкеп соқтыратын

қылмыс болып табылады. Конвенцияға сәйкес: а) халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаның жеке басына немесе бостандығына қарсы шабуыл немесе ұрлау, өлтіру; б) халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаның көлік құралына немесе тұрған үй-жайына немесе арнайы ғимаратына күшпен шабуылдау, тұлғаның жеке басы мен бостандығына қауіп төндіре; в) кез келген осындай шабуыл қауіп төндіре; г) кез келген осындай шабуылға оқталу; д) кез келген осындай шабуылдың қатысушы ретіндегі әрекетті әрбір қатысушы – мемлекетпен оның ішкі заңына сәйкес қылмыс ретінде қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар, әрбір мемлекет осындай қылмыс үшін оның ауырлық сипатын ескере отырып, тиісті жазасын белгілейді (2-бабы) [56, 18, 19 бб.].

Қарастырылып жатқан бөлімде маңызды халықаралық шарттардың бірі 1977 жылғы 27 қаңтардағы терроризммен күресу туралы Еуропалық Конвенция болып табылады. Конвенцияда былай делінгендей, келісуші мемлекеттермен орындалатын, қылмыскерді шет мемлекетке ұстап беруді қамтамасыз ету үшін төменде көзделген құқықбұзушылықтың қайсысы болса да саяси қылмыс немесе саяси сипаты бар қылмыс ретінде қарастырылады:

а) 1970 жылғы 16 желтоқсандағы әуе кемесін заңсыз басып алу мен күресу туралы Конвенцияны қолдануға қатысты құқықбұзушылық;

б) 1971 жылғы 23 қыркүйектегі азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актімен күресу туралы Конвенцияны қолдануға қатысты құқықбұзушылық;

в) дипломатиялық өкілдерді қосқанда, халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаның бостандығына немесе жеке басына, өміріне оқталумен байланысты ауыр құқықбұзушылық;

г) аманатты басып алуды немесе заңсыз бас бостандығынан айыруды қамтитын құқықбұзушылық;

д) адамдар үшін қауіп төндіретін бомба, граната, ракета, автоматтық қаруды пайдалануды қамтитын құқықбұзушылық;

е) осы жоғарыда аталған құқықбұзушылықтың бірін жасауға оқталу немесе осындай құқықбұзушылықты жасаған немесе оқталған тұлғаның сыбайласы ретінде қатысу (1-бабы) [56, 94-95 бб.].

Мысалы ретінде жоғарыда аталған барлық халықаралық шарттарда қылмыскерді ұстап беру туралы ережелер толық тұжырымдалған. Бірақ бұл жерде осы шарттардың біреуінде де

ұстап беру құқығы шүбәсіз сипатты иемденбеген. Осы есептегі баптың мәні мынаған әкеледі, қылмыстық қылмысты жасаған тұлға жазаланусыз қалмауы тиіс. Оның мазмұнына сәйкес, егер осындай шарттың болмауына байланысты мемлекет өзінің ұлттық заңына сәйкес сезіктелген қылмыскерді ұстап бере алмаса, мемлекеттерге ұстап беру туралы халықаралық шартты жасау жолы арқылы бару ұсынылады. Кейбір халықаралық шарттарда, әсіресе террористік актімен күресу үшін арналған шарттарда «auf dedere, aut punire» («не болмаса ұстап беру, не болмаса жазалау») маңидасын қамтитын ереже бекітілген. Демек, айта кеткен жөн, БҰҰ-ның аясында қабылданған, жоғарыда аталған барлық халықаралық шарттарда ұстап беру талабы жіберілген мемлекеттің міндеті ретінде қарастырылмаған. Бірақ, Конвенцияның қатысушы мемлекеттері ұстап беру үшін заңдық негіз ретінде өздерінің арасында жасалынған ұстап беру туралы халықаралық шарттарға көзделген қылмыстарды енгізу міндеттемесін алған.

2.2 Еуропа Кеңесі шеңберіндегі мемлекеттердің ынтымақтастығы

Еуропа Кеңесі – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған бірінші еуропалық үкіметаралық регионалдық ұйым болып табылады. Оның Жарғысы 1949 жылы 3 мамырда Лондонда бекітілді және қол қойылды, және заңдық күшіне 1949 жылы 5 мамырда енді. Осы ұйымның мақсатының бірі құқықтың негізгі мәселесі бойынша мүше – мемлекеттер арасында тығыз ынтымақтастықты қамтамсыз ету болып есептелінеді.

Мемлекеттердің осындай ынтымақтастығының нәтижесі болып 1957 жылы 13 қыркүйекте қабылданылған ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясы [57, 282-299 б.] танылады. Бүгінгі таңда осы мәселені жан-жақты қамтитын, халықаралық құқықтық деңгейде қабылданған Конвенция ретінде қарастырылады. Еуропалық Кеңестің мүше-мемлекеттері (олар саны бүгінгі күнде 44), осы Конвенцияға қатысатын, қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруге қатысты бірегей қалыпты қабылдауда унификациялау бойынша әрекет етуді есептейді.

Осы жұмыстың жоғарыда айтылған бөлімдерінде біз бірнеше

мәрте Конвенцияның осы немесе өзге ережелеріне сілтеме жасандық, сонымен қатар, еуропалық жүйеге негізделген ұстап беру туралы кейбір халықаралық қалыптардың артықшылығын айттық және осы регионалдық шарттарға сәйкес жүйелендірілді. Жұмыстың осы бөлігінде Конвенцияның өзге де маңызды қалыптарын жеке қарастырамыз және талдаймыз. Қатысушылардың өзара қатынасында өзінің құқықтық мәртебесін кез келген екіжақты шарттың ережесі алмастырады (28-бабы).

Ең алдымен, 1957 жылғы Конвенция толық қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру үшін негіз ретінде қызмет ететін жасалынған қылмыстардың санаты туралы мәселе белгілі ережелерге бағындырылған. Конвенцияға сәйкес, сұратып отырған мемлекеттің де және ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің де заңына сәйкес бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе одан да ауыр жазаға жазаланатын қылмысқа қатысты ұстап беру жүзеге асырылады. Бірақ, егер ұстап беру туралы өтініш осындай қылмысқа қатысты шығарылған, қамауда ұстау немесе өзгеде бас бостандығынан айыру шарасы туралы үкімді орындау мақсатында іздестірілген тұлғаға қатысты берілсе, егер де осы жазаның аяқталуына төрт ай қалған жағдайда ғана ұстап беруге рұқсат етіледі. Сондай-ақ, Конвенцияда кез келген келісуші тараптардың құқығы қарастырылған, яғни кез келген келісуші тараптардың заңдарында кейбір қылмыстар үшін ұстап беру көзделмеген болса, және де бір жылдан кем емес мерзімдегі бас бостандығынан айыру немесе одан да ауыр жазаға жазаланылатын болса да, Конвенцияның қолданылу аясынан осы сипаттағы қылмыстарды шығару құқығын иемденеді. Бұл үшін мүдделі тарап өзінің бекітілген қағазын сақтау үшін немесе Конвенцияға қосылу туралы құжатын Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына береді немесе ұстап беру рұқсат етілген қылмыстың тізімін немесе ұстап беруге жатпайтын қылмыстардың тізімін беруі мүмкін (ұстап беруге рұқсат ететін немесе жатқызбайтын құқықтық негізін көрсетеді). Егер мұнан былай келісуші тараптардың заңдарында өзге қылмыстарға қатысты ұстап беру қолданылмайтын болса, бұл тарап бұл жөнінде Бас хатшыға хабарлауға тиіс, және осындай хабарлама үш ай өткеннен кейін заңдық күшіне енеді. Осыған орай, кез келген тарап кез келген уақытта осы мәселені қайта қарауға және Конвенцияның әрекет ету аясынан бұрын алынып тасталған

қылмыс турға Конвенцияны қолдануға құқылы, және осы жөнінде қажетті жағдайға мәлімдеуі қажет.

Тікелей қылмыс үшін тағайындалатын санкция шегімен анықталатын ұстап берудегі шектеу, Конвенциядағы жалғыз ғана шектеу болып табылмайды. Сондай-ақ, Конвенцияда жасалынған қылмыстардың кейбір түрлерімен байланысты шектеулер (немесе ұстап беруден бас тарту негізі) белгіленген. Бірінші кезекте бұл ескеру қылмыстарға қатысты болып отыр. Сонымен қатар, онда мынадай ескерту жасалынған, мемлекет басшысын немесе оның өкілетті мүшелерін өлтіру немесе өлтіруге оқталу саяси қылмыс болып есептелінбейді. Яғни ұлттық заң бойынша да әдеттегі қылмыстық қылмыс ретінде танылса оның нәсіліне, дініне, азаматтығына немесе саяси сеніміне байланысты тұлғаны қудалау немесе ұстап беру мақсатында берілген ұстап беру туралы өтінішке қатысты қылмысқа осы ұқсас ереже қолданылады. Соңында, осы Конвенцияның қолдану аясынан (егер тараптар басқаша келіспесе) ескеру және қаржылық қылмыстар алынып тасталған.

Конвенцияда ұстап берілетін тұлғаға қатысты өлім түріндегі жази мүмкіндігіне және ескіру мерзіміне, өз азаматтарын беруге «non Bis idem» қағидасына, белгілі бір қылмысқа қатысты аяқталмаған соттық қарауға, байланысты ұстап беруден бас тартудың өңі де негіздері көзделген. Мысалы, Конвенцияда мынадай ереже бекітілген: ұстап беру туралы өтініш жасалынған қылмыс ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңы бойынша оның аумағы ретінде қарастырылған орында немесе оның аумағында толық немесе жартылай жасалынған деп есептелінеді. Егер ұстап беру талабы қойылған тараптың өкілетті органы талап етілген тұлғаға қатысты ұстап беру сұратылған қылмысқа байланысты қылмыстық қудалауды жүргізген болса, ұстап беру талабы қойылған тарап талап етілген тұлғаны ұстап беруден бас тартуы мүмкін.

Қылмыстық құқықтағы «non Bis in idem» (бір қылмыс үшін екі рет соттауға болмайды) қағидасының мазмұны Конвенцияның 9-бабында қамтылған. Осы бапқа сәйкес, егер ұстап беру талабы қойылған тараптың өкілетті органы ұстап беру сұратылған қылмысқа байланысты талап етілген тұлғаға қатысты ақтық шешімді шығарса, немесе егер өкілетті орган осы қылмысқа қатысты қылмыстық қудалауды тоқтату немесе қозғамау жөнінде шешім шығарған болса, ұстап беру жүзеге асырылмайды. Соны-

мен қатар, егер осы қылмыс үшін тұлға сотталған болса, немесе егер ол ақталған болса, ұстап беру жүзеге асырылмайды, яғни Конвенция осы қағиданы толық көлемде бекітті. Конвенцияда келісуші тараптардың өз азаматтарын ұстап беруден бас тартуы туралы нақты айтылмаған, тағыда әрбір жағдайда осы мәселені шешу тараптардың өзіне ұсынылған. Конвенцияның 6-бабының 1-тармағына сәйкес, тараптар өз азаматтарын ұстап беруден бас тарту негізінде олар бұны істеуге міндетті емес. Бірақ, бұл жағдайдан байқайтынымыз, ұстап бермеу – қылмыс жасаған тұлғаның жазаланбауы, – дегенді білдірмейді. Конвенцияға сәйкес, егер сұратып отырған тараптың өтініші бойынша ұстап беру талабы қойылған тарап өз азаматтарын ұстап бермесе және жалпы танылған тәжірибеге сәйкес, егер ол қажет болса, қылмыстық қудалауды қозғау үшін істі өзінің өкілетті органына береді. Яғни, өзге сөзбен айтқанда, Конвенцияға сәйкес, егер сұратып отырған тараптың өтініші бойынша ұстап беру талабы қойылған тарап өз азаматтарын ұстап бермесе, іске қарау жүргізу үшін (тергеу, соттық қарау) егер ол қажет деп танылса, істі өзінің өкілетті органына қарауға береді. Осы мақсат үшін қылмысқа қатысты құжатты, мәліметті және заттың дәлелдемені ұстап беру талабы қойылған тарапқа сөзсіз берілуі тиіс, және сұратып отырған тарапқа оның өтінішінің нәтижесі туралы мәлімет жіберіледі.

Келісуші тараптың заңдары бойынша ескеру мерзімінің өтуі ұстап беруден бас тартудың негізі болып табылады (10-бабы), яғни ескіру мерзімі көпшілік халықаралық қылмыстарға қатысты қолданылмайды. Осыған орай, Конвенцияда көзделгендей, әскери қылмыс және азаматқа қарсы қылмыс үшін тиімді жаза қолдану осындай қылмыстың алдын алуды, адам құқығын, қоғамдық сенімді нығайтуда, халықтар арасындағы ынтымақтастықты қолдауда және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету істеріндегі маңызды фактор болып табылады. Конвенция қатысушы мемлекеттерге көзделген қылмысты жасаған тұлғаны ұстап беру үшін жағдай жасауға бағытталған заңдық, барлық қасиетті шараларды қабылдау міндетін жүктейді.

Конвенцияда жасағаны үшін жаза ретінде өлім жазасы көзделген қылмыс үшін ұстап беруге толық тыйым салынбаған. Егер ұстап беру жөнінде сұратылған қылмысқа сұратып отырған мемлекеттің заңына сәйкес өлім жазасы қолданылатын болса және

өзін осындай қылмысқа қатысты ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің заңында өлім жазасы қарастырылмаса немесе орындалуға жатпаса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін. Осындай оқиғадан шығудың жолы ретінде сұратып отырған тараптың заңы үкімі шығырылған жағдайда ол орындалуға жатпайды, – деп берген кепілдігі көзделген (11-бап). Байқағанымыздай, «ұстап беруден бас тартылуы мүмкін». Осындай формула мемлекеттерді ұстап беруден бас тартуға міндеттемейді. Егер келісуші екі тараптың да заңында өлім жазасы көзделген жағдайда ғана ұстап беруге жол беріледі. Бірақ, осыған орай айта кеткен жөн, Еуропа Кеңесінің мүше-мемлекеттерінің өзара қатынысында олармен қабылданған осы жаза түрін қолдануға тыйым салу туралы №6 Хаттамасына сәйкес өлім жазасы туралы ереже біртіндеп маңыздылығын жоғалтуда.

Конвенцияға қосымша 1975 жылы қабылданған Хаттамасымен жоғарыда аталған кейбір ережелерге маңызды өзгертулер енгізілген. Демек, ұстап беру мақсаты үшін геноцид, әскер заңымен және әдет-ғұрып бұзу саяси қылмыс болып есептелінбейді.

Ерекше айтқан жөн, кең көлемде ұсынылатын фискалдық қылмыс тізімге қосылынбаған. Олар салықпен, бажбен, кедендік алыммен және валюталық операциялармен байланысты қылмыстарды қамтиды. Кез келген осындай қылмысқа немесе қылмыс санатына қатысты тараптардың келісілген шешімі болған жағдайда ғана ұстап беру мүмкін (5-бабы), яғни егер келісуші тараптар кез келген осындай қылмысқа немесе осындай қылмыстар санатына қатысты ол туралы шешім қабылданғанда ғана ұстап беру жүзеге асырылады. Осындай оқиға сөзсіз кең көлемде таралып отырған қауіпті қылмыстармен күресудегі мемлекеттердің ынтымақтастығының мүддесіне қайшы келді. Сондақтан, 1978 жылы Конвенцияға Қосымша хаттама қабылданылды, онда салық ережесін бұзу туралы бапты, яғни тараптың тиісті қылмысты жасағаны үшін кінәлі тұлғаны ұстап беру міндеттемесін көздейтін ережені жаңаша тұжырымдады. Сонымен қатар, Қосымша хаттама «non Vos in idem» қағидасының мазмұнын толығырақ ашып көрсетті. Демек, тұлға ақталған жағдайда ғана емес, сондай-ақ, жазасын кешірген жағдайда да ұстап беру жүзеге асырылмайды.

Конвенцияда өтінішке қойылатын талапты, ұстап беру туралы өтінішті беру тәртібі және өтінішке қосымша құжаттарды

(мәліметтерді) қоса жіберу тәртібін толық белгілейді. Өтініш жазбаша нысанда және дипломатиялық жолмен берілуі тиіс, ал кейде тікелей екі тарап арасындағы келісімнің негізінде берудің өзге құралы қарастырылуы мүмкін. Өтініш айыптау үкімімен немесе сот шешімімен немесе тезарада ұстау туралы өкімімен немесе тұтқынға алу ордерімен қоса жіберілуі тиіс. Өтініште: ұстап беру сұратылған қылмыс; оның жасалу орны мен уақыты; тиісті заңдық ережелерге сілтеме жасай отырып, қылмыстың заңи квалификациясы көзделуі тиіс. Осыған орай, Конвенцияда былай белгіленген, осылардың барлығы тиісті заңдық актілерге сәйкес көшірмесінде берілуі тиіс, ал мүмкіндігі болмаса лажы болса толық бейнеленуі қажет. Онда талап етілген тұлғаның жеке басын және азаматтығын белгілеуге көмектесетін кез келген мәліметтері қамтылуы тиіс. Егер ұстап беру талабы қойылған тараппен жиналған мәлімет ұстап беру туралы шешімді қабылдау жеткіліксіз болса, осы тарап сұратып отырған тараптан қажетті қосымша мәліметтерді талап етеді және оны алудың ең ақырғы мерзімін белгілейді.

Конвенция специализация қағидасы ретінде белгілі нақтылық қағидасының мазмұнын ашып көрсетеді. Осы қағидасына сәйкес, ұстап берілген тұлға берілгенге дейін жасалынған кез келген қылмысы үшін ұстау туралы қаулыны немесе үкімді орындау мақсатында ұсталуға немесе қылмыстық қудалануға ұшырамауы тиіс, және оның жеке бостандығы қандай да бір себеппен шектелмеуі тиіс. Өзге сөзбен айтқанда, өндіріс кезінде ұстап берілетін тұлға құқығының процессуалдық кепілдігін қамтиды.

Төмендегі екі жағдайды қоспағанда, оның жеке бостандығы шектелмеуі тиіс: біріншіден, оны ұстап берген тарап осыған келісім берген жағдайда, осындай келісім туралы өтініш ұстап беру туралы өтініш құжатымен бірге жүруі тиіс. Егер ұстап беру сұратылған қылмыс Конвенцияның ережесіне сәйкес ұстап берудің негізі болып табылған жағдайда ғана осындай келісім беріледі. Екіншіден, егер тұлға ұстап берілген тараптың аумағын тастап кету мүмкіндігін иемдене отырып, өзі толық босатылғаннан кейін 45 күннің ішінде тастап кетпесе, немесе оны тастап кеткеннен кейін осы мемлекет аумағына қайтып оралған жағдайда келісім беріледі. Сондай-ақ, сұратып отырған мемлекет өз аумағының шегінен тиісті тұлғаны қуып шығу үшін қажетті кез келген ша-

рәсімді немесе айыпкер қатыспаған кезіндегі соттық қарауды және өскіру мерзімінің өтеуінің заңи салдарын болдырмау үшін оның аяғында көзделген кез келген шараларды қабылдауы тиіс. Егер соттық қарау кезінде ұсталып берілетін тұлғаға қатысты қойылған айыптың формулировкасы өзгертілсе, бұрынғы айыптың құрамдас бөлігі болып табылатын жағдайда ғана айыптау үкімі шығарылады. Сұратып отырған тараптың өкілетті органы қажет жағдайда іздестірілген тұлғаны уақытша тұтқынға алу туралы өтінішпен баруы мүмкін. Осындай өтініш дипломатиялық жол бойынша немесе тікелей почта немесе телеграф бойынша немесе Интерпол арқылы ұстап беру талабы қойылған тараптың өкілетті органына жіберіледі. Оның өтінішінің нәтижесі туралы сұратып отырған органға кідіртілмей мәлімделуі тиіс. Егер ұстап беру талабы қойылған тарап тұтқынға алғаннан кейін ұстап беру туралы өтінішті 18 күннің ішінде ала алмаса, уақытша тұтқынға алу тоқтатылады. Кез келген жағдайда алдын ала қамауда ұстау кезеңі 40 күннен аспауы тиіс. Тұтқынға алу күннен бастап 40 күн өтіп кетсе, уақытша ұсталған тұлғаны босату міндетті болып табылады. Бірақ, ұстап беру талабы қойылған тарап тиісті тұлғаның қанып кетпеуінің алдын алу үшін қажетті кез келген шараларды қабылдауға құқылы (егер оған тиісті негіз бар болса).

Уақытша қамауда ұсталғанды босату салдары ұстап беру туралы өтініш алынғаннан кейін қайтадан тұтқынға алуға және ұстап беруге кедергі келтірмейді. Жұмыста бұрын айтылып кеткендей, ұстап беру бір мезетте екі немесе одан көп мемлекетпен бір қылмыс үшін, немесе әртүрлі қылмыс үшін талап етілуі мүмкін. Конвенция осы жағдайды төмендегідей реттеді, ұстап беру талабы қойылған мемлекет барлық мән-жайларды ескере отырып өз шешімін қабылдайды, яғни әсіресе, жасаған қылмыстың ауырлығы, оның жасалған орны, сұратып отырған тараптардың берген өтінішінің уақыты (олардың кезектілігі), талап етілген тұлғаның азаматтығы ескеріледі. Конвенция сонымен қатар, ұстап беруге жататын тұлғаны беру рәсімін белгілейді. Біріншіден, ұстап беру талабы қойылған мемлекет ұстап беруге қатысты өз шешімі туралы (жағымды және жағымсыз жақтарын) сұратып отырған мемлекетке хабарлауға міндетті. Ұстап беруден бас тарту жағдайында оның себептері толық көрсетілуі тиіс. Өтініш қанағаттандырылған жағдайда сұратып отырған тарапқа беру күні мен орны ту-

ралы, талап етілген тұлғаны беру мақсатында қамауда ұсталған уақыт кезеңі туралы мәліметпен хабарландырылады. Егер талап етілген тұлға белгіленген күнінде берілмесе, ол 15 күн өткеннен кейін босатылуы және кез келген жағдайда 30 күннен кейін босатылуы тиіс. Егер тараптарға тәуелсіз мән-жайларға тұлғаны беруге немесе ұстап беруге жататын тұлғаны қабылдап алуға кедеріс келтірсе, бұл жайлы бір біріне хабарлауды тиіс. Сондай-ақ, тараптар белгілі шарттарды сақтай отырып, берудің жаңа күні туралы келісуге құқылы.

Ұстап беру талабы қойылған тарап осы тұлғаға қатысты қайта қарауды жүргізу үшін талап етілген тұлғаны беруді кейінге қалдыру құқығы Конвенциямен қамтылған. Егер бұл тұлға сотталған болса, ұстап беру талабы қойылған тарап осы тұлғаны өзге қылмысы үшін осы тараптың аумағында өз жазасын өтеу үшін беруді кейінге қалдырады. Сонымен қатар, кей жағдайда ұстап беру талабы қойылған тарап берудің кейінге қалдырудың орнына тараптар арасындағы келісім негізінде анықталған шарттарға сәйкес сұратып отырған тарапқа талап етілген тұлғаны уақытша ұстап беруге болады.

Конвенция тиісті қылмысты жасаған тұлғаны беруге байланысты туындаған меншікті беру жөніндегі мәселені де реттейді. Сұратып отырған тараптың өтініші бойынша ұстап беру талабы қойылған тарап (егер оның ұлттық заңы бойынша бұл көзделген болса) құқықбұзушылық нәтижесінде алынған немесе талап етілген тұлғаны тұтқынға алу кезінде оның иелігінде болған, заттық дәлелдеме ретінде талап етіліп отырған меншікті тәркілейді және беруі мүмкін. Сондай-ақ, талап етілген тұлғаның өлуіне немесе қашып кетуіне байланысты қылмыскерді ұстап беру жүзеге асырылмаған жағдайда көзделген меншік берілуге жатады. Аяқталмаған қылмыстық қарауға байланысты ұстап беру талабы қойылған тарап көзделген меншікті уақытша ұстауы немесе оны қайтадан қайтарып беру шартымен беруі мүмкін. Конвенцияда ескертілгендей, көзделген меншікке қатысты ұстап беру талабы қойылған тарап (немесе үшінші тарап) иемдене алатын кез келген құқықтары сақталынады. Егер осы құқық шындығында бар болса, іс соттың шешілгеннен кейін меншік тезарада ұстап беру талабы қойылған мемлекетке ақысыз қайтарылып беріледі. Конвенцияда келісуші мемлекет-

қалай пұмағы арқылы ұстап берілетін тұлғаны транзиттік тасымалдауды жүзеге асырудың тәртібін, ал сонымен қатар, өзге құжаттарды, әуе көлігімен транзиттік тасымалдауды жүзеге асырудың ерекшелігін және транзиттік тасымалдауға рұқсат беруден бас тартудың шарттарын белгілейді. Көпшілігінде, ұстап берілетін тұлға транзиті оның өміріне немесе бостандығына оның нәсіліне, дініне, азаматтығына немесе саяси сеніміне байланысты қауіп төнбейді деп есептелген мемлекеттің аумағы арқылы жүзеге асырылады. Тараптар Конвенция ережелерін қолданырағын немесе онда көзделген қағидаларды қолдануды жетілдету үшін өздерінің арасында ұстап беру туралы екіжақты немесе көпжақты келісімдер жасауға Конвенцияның өзінде рұқсат берілген. Осыған байланысты Бенилюкс экономикалық одағы (Франция мен Германия) мемлекеттерінің арасындағы жасалған 1990 жылғы 14 маусымдағы Шенген шартын тағы еске түсіреміз.

Мына жағдайда, егер екі немесе одан көп келісуші тараптар арасындағы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру унифициацияланған заңдар негізінде жүзеге асырылса, тараптар Конвенция ережесімен емес, осы аталған заңды басшылыққа алуға құқылы. Сайып келгенде, осындай ұлттық заң артықшылығы (приоритет) келісуші тараптар аумағында өзге тараптар (тарап) аумағынан берілген тұтқынға алу ордерін орындау жөніндегі міндетіне да қатысты беріледі. Шындығында, көзделген жағдайда Конвенцияны қолданылмайтындығы жөнінде келісуші тараптар тиісті дәрежеде Еуропа Кеңесінің Бас хатшысына хабарлауға тиіс. Соңында, өз кезегінде бұл туралы өзгеде келісуші тараптарға мәлімдейді.

Қорытындысында айта кеткеніміз жөн, Конвенция ережесін және оған қабылданған Қосымша хаттаманы адал орындауын Еуропа Кеңесінің қылмыстылық мәселесі бойынша Еуропа комитеті қадағалайды. Осы ережені жүзеге асыру кезінде туындауы мүмкін кез келген мәселелерді достық реттеуге көмектесу мақсатындағы барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асырады.

2.3 Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті жүзеге асыру контексінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелеріне қатысты ынтымақтастығы

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету – мемлекеттердің қылмыстылықпен күресу аясындағы ынтымақтастықтың негізгі дәстүрлі нысанының бірі. Сонымен қатар, осындай халықаралық деңгейдегі құқықтық көмекке берген Г.В. Игнатенконың анықтамасында былай делінген: «бір мемлекеттің өзге аумақтағы жеке және заңды тұлғасының жеке және мүліктік құқықтарына өзара тану және тең қамтамасыз ету мақсатын иеленетін ұйымдастырушылық-құқықтық (институтциялық) құралы және нормативтік (Конвенциялық) реттеу жүйесі» [78, 268 б.]. Бұл жерде сотта және өзге әділет мекемелерінде осындай құқықты қорғауға кепілдік беретін келісілген шаралар жөнінде, сондай-ақ, тиісті мекемелер ынтымақтастығы немен қарастырылады деген мәселе жөнінде сөз болып отыр. Толық нақтырақ осы ереженің мазмұнын төмендегідей сипатта ашуға болады. В.П. Шупилов айтқандай, мемлекеттердің заңдық тәжірибесінде мынадай жағдай орын алған, яғни, сотта қылмыстық істі қарау, тергеу үшін немесе қылмыстық іс бойынша тағайындалған жазаны орындау үшін бір мемлекеттің құзіретті органдары өзге мемлекеттің құзіретті органдарының көмегіне амалсыз жүгінеді. Егер шетелдік мемлекет куәгерден жауап алу үшін рұқсат берсе, заттық дәлелдемелерді қоса берсе, қылмыстық қылмыскерді ұстап беру туралы талапты қанағаттандырса, яғни өзге мемлекетте құқық әділдігін жүзеге асыру үшін қажетті әрекеттерді орындаса, бұл жерде өзге мемлекетке құқықты қолдануға көмек көрсетеді. Осындай көмек түрі құқықтық көмек деген атқа ие болды [26, 85 б.].

Қылмыстық істер бойынша мемлекеттер ынтымақтастығы ереже бойынша тиісті халықаралық шарттармен реттелінеді. Онда тәжірибеде қалыптасқан қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекке мыналарды жатқызады: қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру; іске қатысы бар заттық дәлелдемелерді беру; куәгерден жауап алуға рұқсат беру, өтініш түскен мемлекетте қамауда болған куәгерден жауап алу үшін келісуші тараптың аумағына

өкілетті органымен қатар, қылмыс жолымен иеленілген затты беру және оның құнының орнын толтыру.

Құқықтық көмек институтының маңызды белгісі болып өтінішті қозғайтын мемлекет толық көлемде «соттық егемендікті» сақтайды, яғни, өзінде қылмыстық істі қарау, жазаны тағайындау және орындау құқықтарын қалдырады, демек, осы құқықтарды жүзеге асыру үшін осы институт қызмет етеді. Бірақ бірақ жөн, осы мән-жай мемлекеттердің қылмыстылықпен күресу аясындағы ынтымақтастығының кейбір өзге нысанымен арасындағы құқықтық көмек институтының ерекше орнын анықтайды. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру және құқықтық көмектің өзге де түрлері қылмыстылықпен күресу аясындағы мемлекеттер ынтымақтастығының әртүрлі бағытының арасында ерекше орын алады, бірақ бұл жерде ең бастысы осы институттың кең тарамауында болып отыр. В.П. Шупиловтың сөзінше, «қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің ерекшелігі мынамен айқындалады, яғни құқықтық көмек жөніндегі өтінішпен жүгінетін мемлекет өзінде тек қылмыстық істі қарау, істі жазаны тағайындау және шығарылған үкімді орындау құқықтарын ғана қалдыра алады» [26, 90 б.].

Сонымен, жоғарыда айтылғандар қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берумен құқықтық көмектің өзге де түрлерімен арақатынасын белгілеуге мүмкіндік береді. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруді жүзеге асыру кезінде мемлекет тек тиісті талапты қанағаттандырып ғана қоймай, және байқағандай, ұстап берілетін тұлғаның еркіне қатысты оны қамауда ұстай отырып және оны өзге мемлекетке бере отырып, ұстап берілетін тұлғаның құқықтарын едәуір шектейді. Сөзсіз, осындай маңызды шектейтін әрекеттер ұстап берілетін тұлғаның құқығына қатысты кепілдікті сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс. Мына жағдайда, егер құқықтық көмек туралы өтініш негізінде мемлекеттердің құзіретті органдары қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берумен байланысы жоқ белгілі бір әрекеттерді орындаса, мысалы, куәгерден жауап алса немесе іске тиісті заттық дәлелдемелерді өзге мемлекетке жіберсе, іс басқа жағдайда болады. Сайып келгенде, осы жағдайда құқықтық көмек туралы өтінішті қанағаттандыратын мемлекет, әрекеті қылмыстық қудалауды қозғау үшін негіз ретінде қызмет ететін тұлғаның құқықтарын мүлдем шектеуіне болмайды.

Қарама-қарсы, кейбір жағдайда бұл тұлға осындай әрекеттері мүдделі болуы мүмкін, әрине, қудаланған тұлғаның мүдделігі немесе мүдделі еместігі қудалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар үшін ерекше рол атқармайды. Осындай органдар қылмыстық істі объективті қарау үшін қажетті барлық әрекеттерді орындауға міндетті.

ТМД-ның аясында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі он мемлекетпен-бұрынғы одақтық республикалар арасында (әзірбайжан, Армения, Беларуссия, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Өзбекстан және Украина) Минск қаласында 1993 жылы 22 қаңтарда жасалынған азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Конвенциясымен [58] реттелінді. Демек, осы Конвенцияны дайындау және қабылдау КСРО өмір сүруін тоқтатқаннан кейін өзге мемлекетте шетел азаматының мәртебесін иеленген бұрынғы кеңестік азаматтардың құқықтарын қорғау қажеттілігінен, бұрынғы одақтық республикаларда халықаралық қылмыстың өсуіне байланысты, сонымен қатар, оларда құқықтық көмек туралы ішкі заңының жоқтығының салдарынан туындады. Өзінде 30 бапты қамтитын, Конвенцияның IV тарауы «Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек» деп аталады, ал оның бірінші бөлімі – «Ұстап беруге» арналған.

ТМД-ның Конвенциясының мазмұнымен толық танысу жалпы қабылдаған ережелерді бейнелейді деп айтуға мүмкіндік береді. Ондағы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы қалыптар аталған немесе қабылданылған халықаралық құқықтық актілердің негізінде белгіленілген. Сайып келгенде, қажетті қалыптар ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясына және БҰҰ-ның Типтік шартына сай дайындалынған, және сөзсіз, ТМД-ның Конвенциясын қолдану тәжірибесі әлемдік тәжірибені басшылыққа алған, ең алдымен дамыған құқық жүйесіндегі мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенген. Конвенцияның IV тарауының 1-бөлімінің мазмұны осыны тұжырымдайды. Онда мыналар көзделген: ұстап беру міндеті (56-б); ұстап беруден бас тарту (57-б); ұстап беру туралы талап (58-б); ұстап беру үшін қамауға алу және қамауға алынған немесе қамаудағы тұлғаны босату мәселесі (60-62-б); ұстап беруді кейінге қалдыру (63-б); уақытша ұстап беру (64-б); ұстап беру туралы талап коллизиясы (65-б); ұстап берілетін

тұлғаны соттық қудалау шегі (66-б); ұстап берілетін тұлғаны беру (67-б); қайтадан (екінші рет) ұстап беру (68-б); қылмыстық іс бойынша өндіріс нәтижесі туралы хабарлама (69-б); транзиттік аймақтарда (70-б); транзитке байланысты шығындар (71-б).

Осыған орай, айта кеткен жөн, ТМД-ның Конвенциясы жоғарыда аталған халықаралық шарттармен салыстырғанда олардан айырғатын кейбір ерекшеліктері бар. Демек, ұстап беру негізі Конвенцияда кең көлемде айқындалған. Ұстап беру қылмыстық қудалау реті үшін де, және үкімді орындау реті үшін де қарастырылған. Ал, ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясында, ұстап беруді сұратып отырған тараптың және ұстап беру талабы қойылған тараптың заңдары бойынша бір жылдан кем емес бас бостандығынан айыруға немесе одан да ауыр жазаға жазаланатын қылмыстарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жүзеге асырылатындығы көзделген. Бірақ, ТМД-ның Конвенциясында, ұстап беру сұратылған тұлғаға осы әрекетті жасағаны үшін алты айдан кем емес бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін үкім шығарылса, ұстап беру үкімді орындау үшін жүргізіледі (56-б) (Еуропа Конвенциясында – төрт айдан кем емес немесе одан да ауыр жаза түрі көзделген). Конвенцияның 72-бабында көзделгендей, әрбір қатысушы-мемлекет өз заңына сәйкес, өзге мемлекеттің тапсырмасы бойынша сұратып отырған мемлекеттің аумағында олар қылмыс жасаған деп сезіктілген өз азаматына қарсы соттық қудалауды жүзеге асыруға міндетті. Егер, мысалы, ҚР азаматы Волгаград қаласында қылмыс жасаса, сосын өз отанына қайтып келіп жасырынса, Қазақстан Республикасы осы тұлғаны Конвенцияның 57-бабын сәйкес ұстап беруге міндеті жоқ. Бірақ, ҚР-ның тергеу органдары осы факті бойынша қылмыстық істі қорғауға және кінәліні қылмыстық жазалау үшін тиісті сотқа беруге міндетті. Сондай-ақ, қылмыстық істе дәлелдемелік маңызы бар заттарды беру, яғни, қылмыс құралын, соттылық туралы мәліметті беру болып табылады (78-б) [58]. Конвенцияда, егер тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босатуға немесе ақтауға болмайтын негіздер бойынша жазалауға байланысты мән-жайлар бар болса, ұстап беру мүмкіндігі сөзсіз шектелінген. Ескіру мерзімінің өтуіне қатысты Конвенцияның 57-бабына өзге де заңдық негіздер бойынша ұстап беру мүмкін болмайтындығы жөнінде ереже қосылған.

ТМД қатысушы-мемлекеттерінің ынтымақтастығының аясында әрдайым жаңа, бұрын белгісіз, құқықтық реттеуді қажет ететін мәселелер пайда болады және тараптардың күзиретті органдарының қарым-қатынасының тәртібін жеңілдету мақсатында 1997 жылы 28 наурызда ТМД мемлекеттерінің басшыларының Кеңесімен Конвенция Хаттамасы [58] қабылданылды. Әсіресе, маңызды толықтырулар мен анықтаулар 58,60,62-баптарға енгізілді. Сонымен қатар, 61¹-бабымен (ұстап беру туралы талап алынғанға дейін тұлғаны іздестіру); 61²-бабымен (қамауда ұстау мерзімін есептеу) толықтырылды. Маңызды толықтыру 70-баптың 2-тармағына және 71-бапқа енгізілді.

Сайып келгенде, ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясымен салыстырғанда ТМД-ның Конвенциясы ұстап берудің рәсімдік мәселесін қамтиды. Демек, 58-баптың 1-тармағының жаңа редакциясына сәйкес, ұстап беру туралы талапта мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс: а) сұратып отырған мекеменің және ұстап беру талабы қойылған мекеменің атауы (бұрын тек ұстап беру талабы қойылған мекеменің атауы ғана көзделетін болған); б) қылмыстың мән-жайын бейнелеу және осы іс-әрекет қылмыс ретінде танылатын сұратып отырған келісуші тараптың заңының мәтіні, сондай-ақ, осы заңмен көзделген жаза шарасын көздеу (бұрын жаза шарасы туралы мәліметті жариялау талабы мүлдем болмаған); в) ұстап беруге жататын тұлғаның аты-жөні, туған жылы, азаматтығы, тұрғылықты жері немесе қашып келіп жасырынған жері, мүмкін болса – сырт бейнесін бейнелеу, суретін, бармақ белгілерін және оның жеке басына қатысты өзге де мәліметтер; г) қылмыспен келтірілген залал мөлшері туралы мәлімет көрсетілуі тиіс. Конвенцияның 60-бабының редакциясы өзгертілген. Өзгертудің басты мәні, ұстап беру талабы қойылған мемлекет тарапынан ұстап беру талап етілген тұлғаны іздестіруге қатысты шараларды қолдану қажеттілігімен айқындалады. «Ұстап беру талабын алғаннан кейін ұстап беру талабы қойылған келісуші тарап ұстап беру жүзеге асырылмайтын жағдайды қоспағанда, тез арада ұстап беру талап етілген тұлғаны іздестіру және қамауға алу шараларын қолданады» [58].

Бізбен жоғарыда айтылып кеткендей, Конвенция қабылданылған Хаттамаға сәйкес кейбір жаңа баптармен толықтырылды.

60-бабына (ұстап беру туралы талапты алғанға дейін тұлғаны іздестіру) сәйкес:

1. Келісуші Тараптар осы тұлға ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тараптың аумағында болуы мүмкін деген жорамалдаумен негізінде оны ұстап беру туралы талапты алғанға дейін тұлғаны іздестіруді тапсырма бойынша жүзеге асырады.

2. Іздестіруді жүзеге асыру жөніндегі тапсырма Конвенцияның 7-бабының ережесіне сәйкес жүзеге асырылады және онда іздестірілген тұлғаның толық суреттемесі, оның тұрған жерін белгілеуге мүмкіндік беретін мәліметтер, осы тұлғаны ұстап беру туралы талаптың берілетіндігін көздеген оны қамауға алу туралы шешімнің қамтылуы тиіс.

3. Іздестіруді жүзеге асыру туралы тапсырмамен құзіретті органдардың қамауға алу туралы шешімінің көшірмесі немесе заңдық күшіне енген үкім; өтелмеген жаза бөлігі туралы мәлімет, сонымен қатар, фотосуреті және бармақ белгілері (егер осындай бар болса) қоса беріледі.

4. Іздестірілген тұлғаны қамауға алу туралы немесе іздестірудің өңге де нәтижелері тезарада сұратып отырған Келісуші Тарапқа мәлімделеді» [58].

Конвенцияның жаңа 62 – 1-бабы қамауда ұстаудың мерзімін есептеу туралы бұрынғы даулы мәселені шешуге арналған. Қамауға алынған тұлғаны қамауда ұстау уақыты Конвенцияның 60, 61, 61¹-баптарының ережесіне сәйкес, оны ұстап беру жағдайында, осы тұлға ұстап берілген Келісуші Тараптың заңымен көзделген қамауда ұстаудың жалпы мерзімі есептелінеді.

Демек, қарастырылған ТМД-ның Конвенциясы ұстап беру туралы қалыптарды қамтығанымен тиісті заңнамамен алмастыруға жеткіліксіз. Өйткені, Конвенцияда ұстап берілген тұлға өлім жазасына жазаланылмайды деген жалпымен қабылданған ережені қамтиды. Осындай жағдайда Конвенцияның қатысушы-мемлекеттері (егер осы халықаралық шартқа қосылған болса) 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясының ережелерін басшылыққа алуға міндетті. Саяси сипаттағы қылмысты, ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің ұстап беруден бас тарту негізі ретінде қарастыру мәселесі туралы Конвенцияда бірде бір сөз жоқ. Демек, осындай жағдайда ұстап беруге жол бермеу Конвенцияның жалпы ережесінен туындайды, яғни, егер

құқықтық көмек көрсету туралы өтініш ұстап беру талабы қойылған тараптың заңына қайшы келсе, құқықтық көмек көрсету туралы өтініш қабыл алынбайды (19-бабы, бұл мүмкін емес деп ойлаймыз, бірақ міндетті түрде қабыл алмауы тиіс). Осыған орай, осы Конвенцияда ұстап беру туралы арнайы бапта қылмыстың саяси сипаты туралы көзделуі қажет. Бұл ережені ерте ме немесе кеш пе қабылдауға әкеп соқтырады, және әсіресе бірінші кезекте Еуропа Кеңесіне мүше ретінде қабылданылған мемлекеттер (Ресей, Украина, Армения, әзірбайжан, Грузия, Молдова) немесе осы регионалдық ұйымға қабылдануға белсенді әрекет етіп отырған мемлекеттер (Беларусь және Қазақстан) қабылдауы тиіс.

Сондай-ақ, айта кеткен жөн, айтылған кемшіліктің өзінің себебі бар.

И.И. Лукашук және А.В. Наумов дұрыс ескергендей, Ресей және ТМД-на өзгеде қатысушы-мемлекеттерінің әрекеттегі қылмыстық заңнамасына «саяси қылмыс» деген ұғым белгісіз және бұл ұғым осы елдердің қазіргі қылмыстық-құқықтық доктринасында да қолданылынбайды. Шындығында алып қарасақ, мысалы, РФ Қылмыстық кодексі саяси қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қалыптарды қамтиды және әрі қарай ескерткендей, «өздігінен Ресей Қылмыстық кодексі ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясын қолдану үшін кедергі болып табылмайды, Бірақ, оның Конвенциямен осындай ішкі қайшы келуі, ғалымдардың осы мәселені толық талдауын және де қандай көзделген ресейлік қылмыстық құқықпен қылмысты саяси сипаттағы қылмыс деп есептеуге тиісті құқ қорғау органдарының сипаттамасы талап етуде» [24, 232 б.]. Осы ғалымдардың осындай беделді пікірі қылмыстық заң шығарушының да және де Қазақстан ғалымдарына да осы позицияны өзгертуге әкеп соқтыруы мүмкін.

ТМД Конвенциясына қатысушы-мемлекеттердің ұстап беру тәжірибесінде, әсіресе ұстап берілетін тұлғаның азаматтығы туралы мәселені шешу кезінде көптеген қиындықтар туындауда. Осы тұлғаның азаматтығы бар жағдайда ұстап беру талабы қойылған мемлекет ТМД елдерінің заңы бойынша оның ұстап берілуіне жол бермейді, бірақ, бұл осы азамат ұстап беру талабы қойылған елде жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтан автоматты түрде босатылады дегенді білдірмеуі тиіс. Осындай тәжірибе кең таралған, бірақ ТМД елдері мүмкіндікті толық

мәселесі пайдалана алмай отыр. Мысалы, ҚР-ның Бас прокуратурасы Романенко атты азаматты ұстап беру туралы талаппен РФ Бас прокуратурасына жүгінген. Соңғы қал-жайы бойынша ол 1992 жылдың ақпанынан бастап Ресей аумағында тұрақты тұраптықтан заң бойынша РФ азаматы болып табылады және осы күннен кейін бір жылдың ішінде өзінің РФ азаматтығында тұруын қаламайтындығы туралы мәлімдемеген. Осы жағдайда Ресей азаматы ретінде Романенко өзге мемлекетке ұстап беруге жатпайды. Осыған орай, ұстап беру талабы қойылған тараптың күшіретті органдары ресей заңы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында жасалынған қылмысы үшін Романенкоға қатысты қылмыстық қудалауды ұйымдастыруды өздеріне алуға дайын [79, 124-125 бб.]. Сондай-ақ, Конвенцияға қатысушы-мемлекеттерде төмендегідей сұрақ туындаған: ешқандай азаматтығы жоқ тұлғаларды қайда қуып шығамыз? Осы мәселенің мәні мынандай, мысалы, «Қазақстан Республикасының құқ қорғау органдарының өтініші бойынша Минск Конвенциясына қатысушы-мемлекеттерде қылмыс жасағаннан кейін жасырынған республика азаматын тұтқынға алу және ұстап беру жүзеге асырылады. Демек, жақында Проценко атты қылмыскер Ресей Федерациясымен тұтқынға алынып және Қазақстанға ұстап берілген. Бірақ, көп жағдайда жасырынған құқықбұзушылар саяси баспана сұрайды. Міне, осындай баспана алған қылмыскерлер Қазақстанға ұстап беруге жатпайды» [80].

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі бойынша ТМД мемлекеттерінің тәжірибесінде көпшілік мәселелердің бірін халықаралық іздестіруде болған тұлғаны қамауда ұстау мәселесін құқықтық реттеудің кемшілігі құрайды. Ұлттық заңдарда тиісті қалыптардың болмауы мемлекеттерге ТМД Конвенциясының қалыптарын тікелей басшылыққа алуын жүктейді. Осыған орай, Конвенцияның 60, 61, 62-баптарының тұжырымын қайта қаруды және толықтыруды қажет етуде.

Е. Богачева айтқандай, ТМД мемлекеттерінің экстрадиция процессіндегі ынтымақтастығы Конвенцияның 61-бабының ережесі бойынша (бірақ шарттың тектінде ол оны ережеден алып тастау ретінде қарастырылса да) қалыптасуда. Сонда да, Ресейдің қылмыстық іздестіру қызметкерлері ақпараттық орталықтың мәліметінің негізінде немесе көзделген тұлғаны іздестіру туралы

шифротелеграмманы алғаннан кейін, оны ұстайды, бірақ ұстау кезінде РФ ҚІЖК-нің 122-бабының талабын басшылыққа алуға мәжбүр болады. Тұлғаның ұсталғандығы туралы іздестіру инициатор-елінің ішкі істер органына мәлімдейді, осының нәтижесінде одан берілген хаттардың сандарынан ол жақтан ұстап беру туралы талап кетіп түседі. Бірақ экстрадиция мәселесі тек Бас прокуратураның құзіреттілігіне жатады және көзделген құжаттарды заңды деп тануға болмайды. Осындай хат алысуды Конвенцияның 61-б. 1-бөлімінде көзделген экстрадицияға байланысты қамауға алу туралы өтініш ретінде бағалауға болмайды [81, 24 б.].

Сонымен қатар, Е. Богачеваның ескерткеніндей, ТМД мемлекеттерінің экстрадиция мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастығының тәжірибесі Конвенцияның 61-бабының 2-бөлігінде қарастырылған жеңілдірек жолмен қалыптасуда. Көзделген санаттағы тұлғаларды ұстау (қамауға алу) қандай да бір процессуалдық құжатсыз – аумақтық ішкі істер органдарының қызметтік хат алысуының негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл әрине адам құқығы мен бостандығын бұзады және бұл халықаралық құқықтың да және ресей құқығының қалыптарын мен қағидаларына сай келмейді [81, 24 б.]. Осы жоғарыда аталған мәселелер толық тамандалған деуге болмайды. Олар осы процесті жеке-жеке құқықтық реттеудің қажеттілігін куәландырады, сонымен қатар, осы қызметтің барлық қатысушылары мемлекетаралық (ведомстваралық) келісім арқылы әрекет етуі тиіс. Осыған байланысты О.А. Божелконың ұсынғанындай, «регионаларалық ынтымақтастық тәжірибесіндегі қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті көрсету туралы өтінішті бағыттау рәсімін жеңілдету қажеттілігі, ұйымдастырылған қылмыстық топпен жасалынған қылмысты ашу және тергеу бойынша бірлескен тергеу-оперативтік топты құру және жұмыс істеуі, шекаралық регионда қылмысты «ізің суытпай» қудалау бойынша бірлескен оперативтік шараларды жүзеге асыру қажеттілігі мезі етті» [82, 59 б.].

Қорытындысында Конвенцияның жоғарыда аталған Хаттамасына қатысты тағы бір мәселені айтпай кетпеуге болмайды. Жоғарыда айтылып кеткендей, осы Хаттама ТМД мемлекеттерінің басшыларының Кеңесімен экстрадиция мәселесі бойынша ТМД қатысушы-мемлекеттердің негізгі халықаралық шарты ретінде Конвенцияның тиімділігін арттыру мақсатында

қарастырылған болатын. Бірақ, бүгінде Хаттамада көзделген жаңа прогрессивтік қалыптарды Конвенцияның жаңа редакциясын қабылдағанға дейін жүзеге асыру мүмкін болмай отыр. Нәтижесінде, «бүгінгі күнге дейін Конвенцияның қатысушы-мемлекеттері (Украина мен Беларусь мемлекеттерін қоспағанда) өзіндік заңдық күшіне енуіне байланысты Хаттаманы бекітпейді» [82, 73 б.].

Қосарыда айтылғандарды ескере отырып, айта кеткен жөн, құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы ТМД Конвенциясының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін қарастыратын бөлімі жаңа өңдеуді және толықтыруды қажет етуде, өзіне сөзсіз, осы аталған мәселе бойынша Конвенцияның жаңа редакциясын қабылдау қажеттілігі туындады. Бұл туралы нұсқау берілмеуімен қылмыстылықпен күресудегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің ынтымақтастығын жетілдіру мақсатында «Түркістан» тақырыпта 1999 жылы 21 қаңтарда Минск қаласында өткізіліп, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының бағамнамасының бірінде және осы конференцияға қатысқан әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, өзбекстан, Украина, сондай-ақ, ТМД және Интерпол органының өкілдерінің жұмысында айтылған. Онда былай делінген: «азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Конвенцияның жаңа редакциясын дайындау үшін әділет органының өкілдерінің қатысуымен Жұмысшы топты құру туралы ұсынысты енгізу қажет» [82, 81, 83].

Конвенцияның жаңа жобасы жасалынып, 2002 жылдың 7 қазанда Кишиневте өткен ТМД-ның мемлекеттерінің басшыларының саммитінде азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Кишинев Конвенциясына қол қойды [83, 7 б.].

Бірақ, айта кететін жайт, бұл Конвенцияны біздің елімізде Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңымен ратификацияланған, 2004 жылғы 27 сәуірде күшіне енген (Кишинев, 2002 жылғы 7 қазан) Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенцияға халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Кишинев Конвенциясының 120-бабының 3-тармағына сәйкес, қатысушы – мемлекеттер арасында Минск Конвенциясы мен оның 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттамасының күші жойылған Солай бола тұра, Кишинев Конвенциясының 120-бабының 4-тармағына сәйкес, Кишинев Конвенциясына қатысушы-мемлекеттер мен ол үшін Кишинев Конвенциясы күшіне енген: Кишинев Конвенциясына қатысушы мемлекет арасындағы қатынастарға Минск Конвенциясының күші жүреді.

Минск, Кишинев Конвенцияларының ережелерін орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасының орталық және өзге де мемлекеттік органдарының тізімі «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы» 1993 жылғы 22 қаңтардағы Конвенцияны және «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы 2002 жылғы 7 қазандағы Конвенцияны орындау бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен (2007 жылғы 28 тамыздағы өзгерістерімен) белгіленген.

ТМД мемлекет басшылары қол қойған «Азаматтық, қылмыстық, отбасы істері бойынша құқықтық көмек туралы» Конвенцияның жаңа редакциясы (Кишинев Конвенциясы, 2002 жылы 7 қазан) ратификацияланған соң, ТМД елдері азаматтарының құқықтарын қорғау бұдан былай бұрынғыдан да тиімді болады. Бұл Конвенция 1993 жылы 22 қаңтардағы «Азаматтық, қылмыстық, отбасы істері бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Минск Конвенциясы қарағанда кең мәселелерді реттейді.

Кишинев Конвенциясының 89-бабыда [83, 55 б.], ұстап беруден бас тарту негіздері Минск Конвенциясының 57-бабында көзделген бас тарту негіздерін аумағы кең. Яғни, Кишинев Конвенциясының 89-бабының ережелері 1957 жылғы ұстап беру туралы Европа Конвенциясының және 1990 жылғы ұстап беру туралы Типтік шарттың көзделген бас тарту негіздеріне сай келеді. Кишинев Конвенциясының ережелері құқықтық мемлекет талаптарына, сондай-ақ, адам құқықтарын қорғау талаптарына жауап береді, – деуге болады.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҰСТАП БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ РЕТТЕЛУІ

1.1 Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру құқығын және рәсімін реттейтін ұлттық заңдары

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру құқығы мен оның жүзеге асырылу тәртібіне қатысты мәселелер жоғарыда айтып кеткеніміздей, мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен де реттелінеді. Өйткені өз аумағындағы қылмыс жасаған тұлғаларды шетелдік мемлекетке ұстап беру немесе ұстап бермеу – кез келген мемлекеттің ішкі құзіреті. Осыған орай, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру рәсімімен және құқығын реттейтін Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын зерттеумен және талдау осы жұмыстың бір объектісі болып отыр.

Қазақстан Республикасында тұлғаларды ұстап беруге қатысты қалыптар Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясында, 1991 жылғы 20 желтоқсандағы азаматтық туралы заңында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және де Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрініс тапқан. Осы аталған нормативтік құқықтық актілерді шартты түрде ұстап берілуге жататын субъектілерге қатысты екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа, Қазақстан Республикасының Конституциясын және азаматтық заңын жатқызсақ, осы аталған құқықтық актілерде тек Қазақстан Республикасының өз азаматтарына қатысты қалыптар белгіленген.

Екінші топқа, ҚР Қылмыстық кодексі мен ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодекстерін жатқызамыз. Бұл кодекстер тікелей қылмыстық құқықбұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының

өз азаматтарымен қоса шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды ұстап беру құқығымен және тәртібін реттеуі арналған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабында [84, 17 б.] «Қазақстан Республикасының азаматы, егер Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шетелдік мемлекетке берілмейді», – деген қалыпты бекіткен. Дәл осындай ереже Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңының 9-бабында көрініс тапқан [85]. Осы нормативтік құқықтық актілердегі Қазақстан азаматын шетелдік мемлекетке бермеу туралы ереже абсолютті емес екенін, яғни, өзі қатысатын халықаралық шарттарда өз азаматын ұстап беру туралы ереже көзделсе, Қазақстан осындай іс-әрекетке жол беретіндігін байқауға болады.

Осы тұста өз азаматын қандай жағдайда ұстап бермеу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-бабының 1-тармағында [86], «басқа мемлекеттің аумағында қылмыстық құқықбұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер Қазақстан Республикасындағы халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, сол мемлекетке берілмейді», – деген қалыппен айқындалған. Осы айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы өз азаматтарын олар тек шетелдік мемлекетке біріншіден, қылмыс жасаған жағдайда ұстап беретінін және ұстап беру міндеті екіншіден, халықаралық шарттарда тікелей көрініс тапқанда ғана жүзеге асырылады деген тұжырымға келе аламыз. Сондай-ақ, ҚР ҚК-нің 9-б. 3-тармағына сәйкес, «егер осы мемлекетте қорлау, зорлау, күштеу өзге де қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтын, немесе өлім жазасын қолдану қаупі бар жаза қолданылатын болса, Қазақстан Республикасындағы халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, ешкімде шетелдік мемлекетке берілмейді», – деген тұжырым орын алған. Бұл ереже жаңа қылмыстық заңнаманың жаңалығы деуге болады. Бұл өз елінің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды білдіреді.

Қазақстанның ұлттық заңнамасы өз азаматтарын шетелдік мемлекетке ұстап беру мүмкіндігін жоққа шығармаса, ал, халықаралық қауымдастықта өз азаматтарын ұстап беруге мүлдем жол бермейтін мемлекеттер қатары бар. Мысал ретінде Ресей Федерациясын келтіруге болады. Ресей Федерациясының 1993 жылғы

11-жаңа тоқсандағы Конституциясының экстрадиция институтына 11-баптың 1-тармағы [27, 453 б.] арналған. Соған сәйкес, Ресей Федерациясының азаматы оның аумағынан аластатылмайды немесе басқа мемлекетке ұстап берілмейді. Аластатуға немесе ұстап беруге жол бермеу туралы Конституцияда көрініс алған бұл ереже азаматтарға өз құқықтарымен және бостандықтарын еркін пайдалануға мүмкіндік беретін кепілдіктің бірі болып табылады. Ресей азаматтарын Ресей аумағынан аластатуға тыйым салатын 11-баптың 1-тармағы, кез келге азаматтың кез келген елді тастап кетуге және өз еліне қайтып оралуына құқығы бар екендігін жария ететін Адам құқықтары туралы жалпы декларацияның 13-бабына толық сәйкес келеді [87, 157 б.]. Ресей аумағынан тыс жерде қылмыс жасаған және өз отанына қайтып келген Ресей Федерациясының азаматын аумағында қылмыс жасалған шетелдік мемлекетке ұстап беруден бас тарту осы азаматты Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі (12-бабы) бойынша, қылмыстың жауаптылыққа тарту мүмкіндігін жоққа шығаруға негіз бола алмайды. Егер оның шетелде жасаған әрекеті (әрекетсіздігі) Ресейдің қылмыстық кодексі бойынша қылмыс ретінде танылмаса, он қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды [54, 97 б.].

Негізінен өз азаматтарын ұстап бермеу қағидасы романо-германдық құқықтық жүйеге тән белгі болып табылады. Өз кезегінде «жалпы құқық» елдерінде өз азаматтарын ұстап беру осы құқықтық жүйені ерекшелендіретін белгінің бірі ретінде саналатындығын айта кеткен жөн. «Жалпы құқық» («common law») жүйесінің өз азаматтарын ұстап беруге қатысты ерекше позициясы осы құқықтық жүйенің «аумақтылық юрисдикция» қағидасын басшылыққа алатындығымен түсіндіріледі. Бұл қағидаға сәйкес, сот тек өз мемлекетінің аумағында ғана қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты өз юрисдикциясын жүзеге асырады. Нәтижесінде шетелде қылмыс жасаған және өз еліне қайтып келген мемлекеттің өз азаматы жауаптылыққа тартылмауы да мүмкін. Әдетте Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін романо-германдық құқықтық жүйеге жатқызылатындығы бәрімізге мәлім жайт. Өйткені құқықтық қайнар көзі ретінде, бірінші кезекте, «жалпы құқықтағыдай» сот прецеденті емес, нормативтік құқықтық актілер танылынады.

Қазақстандағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларды ұстап беру құқығы ҚР Қылмыстық кодексінің 9-бабының

2-тармағымен [86] реттелінеді. Соған сәйкес: «Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан шетелдіктермен және азаматтығы жоқ тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе жазасын өтеу үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетелдік мемлекетке ұстап берілуі мүмкін».

Автордың ойынша, осы қалыптағы «шетелдіктер» деген сөздің орнына «шетел азаматтары» деген сөз тіркесін қолдану орынды болар еді. Өйткені, «шетелдік» деген ұғымның халықаралық құқықта екі түрлі, дәлірек айтсақ, кең және тар мағынада деген ұғымға – өздері орналасқан мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын тұлғалардың барлығы жатады. Тар мағынада, бұл ұғымға өздері орналасқан мемлекеттің азаматтары емес, бірақ басқа мемлекеттің азаматтығын иемденетін тұлғалар жатады. Басқаша айтсақ, шетелдіктер деген ұғым шетел азаматы мен азаматтығы жоқ тұлғаны бірге қамтиды. Шетел азаматы мен азаматтығы жоқ тұлғаның анықтамасы 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» заң күші бар Жарлығымен айқындалған [88]. Яғни шетел азаматтары болып Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігіне дәлелі бар адамдар танылады. Ал, азаматтығы жоқ тұлғалар болып Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігіне дәлелі жоқ адамдар танылады.

Автордың пікірінше, Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 9-бабының 2-тармағында шетел азаматымен және азаматтығы жоқ тұлғаларды ұстап беру құқығына қатысты бір мәселені ескермеген. Дәлірек айтсақ, аталған бапта тек Қазақстан аумағынан тыс жерде қылмыс жасаған шетелдіктерді ұстап беру жөнінде ғана сөз болып отыр. Ал, Қазақстан аумағында қылмыс жасаған шетелдіктерді ұстап беру мәселесі мүлдем реттелінбеген. Мұндай позицияны (әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылып жүр) Қазақстан аумағында қылмыс жасаған тұлғаларды тек қазақстандық соттар жауаптылыққа тарта алады деген тұжырыммен негіздеуге болады. Алайда қылмыс жасаған тұлға-

шығу тек Қазақстан аумағында ғана емес, сонымен қатар, басқа мемлекеттерде қылмыс жасағаны белгілі болатын жайттардың болуы әбден мүмкін. Соның негізінде Қазақстан алдында екі немесе бірнеше мемлекетте (соның ішінде Қазақстан аумағында) қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Жоғарыда айтылған ойлардың негізінде автор Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 9-бабының 2-тармағын толықтырып, төмендегідей тәртіпте қайта бекітуді ұсынады: «Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа тартылуы үшін немесе жазасын өтеу үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе өзара екіжақтылық қағидасына сәйкес шетелдік мемлекетке ұстап берілуі мүмкін».

Осы қалыпқа өзара екіжақтылық қағидасын енгізу Қазақстаннан халықаралық-құқықтық шарттық тәжірибесіне толығымен бай келеді деуге болады. Өйткені, бүгінгі таңда қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесіне қатысты мемлекетаралық ынтымақтастықта өзара екіжақтылық қағидасы кеңінен таралып отырғаны белгілі. Оның мәнісі, тағы қайталайтын болсақ, мынадай екі уағдаласушы тарап (мәселен мемлекеттер) өзара келісу негізінде бір-біріне белгілі бір мәселелер бойынша көмек көрсетеді немесе бір-бірлерінің ұстап беруге қатысты талаптарын өзара екіжақтылық негізде қанағаттандырады.

Адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) мен оның тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 60-тараумен (579-595 баптарымен) [89] реттелінеді. Нақтырақ айтатын болсақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі экстрадициялау механизмімен және құқықтық негізін белгілеу кезінде осы институтқа тән барлық белгілерді, сондай-ақ, тәжірибеде ақталған Кишинев Конвенциясында бекітілген қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы ережелерді басшылыққа алған.

ҚР ҚІЖК-нің 579-бабына сәйкес, адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу, егер өздеріне байланысты адамды ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған қылмыстардың

ең болмағанда біреуі үшін бір жылдан кем емес мерзімге бос бостандығынан айыру түрінде жаза көзделген немесе адам бос бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталған және өтелмеген мерзімі кемінде алты айды құрайтын болса жіберіледі. Шет мемлекеттің құзыретті органының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген талаптар сақталған жағдайда ғана қаралуы мүмкін. Адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау) және транзиттік тасымалдау туралы сұрау салулар адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салулар сияқты тәртіппен жіберіледі. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасының құзыретті органына немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген, адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) кедергі болуы мүмкін мән-жайлар болған кезде шет мемлекетке сұрау салуды жіберуден бас тартуға құқылы.

ҚР ҚІЖК және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайда және тәртіппен, қылмыстық процесті жүргізетін орган Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және оның аумағын тастап кеткен адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтінішхатқа қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы өтінішхатпен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына өтініш жасайды. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтінішхат жазбаша нысанда жасалады және онда:

- 1) іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан органның атауы;
- 2) күдіктінің (сотталған адамның) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, азаматтығы туралы деректер, фотосуреттері;
- 3) жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін заңның мәтінін келтіріп, санкциясын міндетті түрде көрсете отырып, осы қылмыстың нақты мән-жайларының жазылуы;
- 4) заңды күшіне енген үкімнің не күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының шығарылған жері мен уақыты туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтінішхатқа:

- 1) егер адамды ұстап беру (экстрадициялау) қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін сұратылса, күдіктінің іс-әрекетін алдын ала саралауды айқындау туралы қаулының, айыптау актісінің, тергеу

қылмыстың немесе соттың адамды күзетпен ұстау туралы қаулы-
ның куәландырылған көшірмелері;

2) егер адамды ұстап беру (экстрадициялау) үкімді орындау-
ға келтіру үшін сұратылса, оның заңды күшіне енгендігі туралы
анықтамамен бірге үкімнің көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінен қыл-
мыс сараланып отырған және олар бойынша ескіру мерзімдері
көзделген бапты қамтитын үзінді көшірмелер;

4) Қазақстан Республикасының уәкілетті органының ұстап беру
(экстрадициялау) сұратылып отырған адамның азаматтығы ту-
ралы қорытындысы;

5) егер сот тағайындаған жазаның бір бөлігін өтеген адамды
ұстап беру (экстрадициялау) сұратылса, жазаның өтелмеген бөлі-
гі туралы анықтама;

6) аумағында іздестіріліп жатқан адам анықталған шет мемле-
кет үшін де қолданылатын Қазақстан Республикасының халықар-
алық шартында көзделген өзге де мәліметтер қоса берілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның
орынбасары Қазақстан Республикасының халықаралық шартын-
да көзделген негіздер болған кезде шет мемлекеттің құзыретті ор-
ганына Қазақстан Республикасына адамды ұстап беру (экстради-
циялау) туралы сұрау салумен жүгінеді. Егер адамды ұстап беруді
(экстрадициялауды) кейінгі қалдыру қылмыстық жауаптылыққа
тиртудың ескіру мерзімінің өтуіне немесе қылмыстық іс бойын-
ша дәлелдемелердің жоғалуына, жойылуына әкеп соқтыруы мүм-
кін болса, адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау) туралы
ҚР ҚДЖК-нің 580-бабында көзделген тәртіппен дайындалатын
сұрау салу жіберілуі мүмкін. Адамды уақытша ұстап беру (экс-
традициялау) туралы сұрау салу қанағаттандырылған жағдайда,
осы адам тиісті шет мемлекетке келісілген мерзімде қайтарылу-
ға тиіс. Процесті жүргізетін орган, қажет болған жағдайда, адам-
ды уақытша ұстап беру (экстрадициялау) мерзімін ұзарту туралы
күжаттарды дайындайды, олар адамды уақытша ұстап беру (экс-
традициялау) мерзімі аяқталардан кемінде жиырма тәулік бұрын
Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына жіберіледі.

Шет мемлекет ұстап берген (экстрадициялаған) адам оны
ұстап берген мемлекеттің келісімінсіз, ұстап беруге (экстради-
циялауға) байланысты емес өзге де қылмыс үшін қылмыстық

жауаптылыққа тартыла алмайды, жазалана алмайды. Шет мемлекет ұстап берген (экстрадицияланған) адам оны ұстап берген мемлекеттің келісімінсіз үшінші мемлекетке берілмейді. Адам ұстап берілгеннен (экстрадицияланғаннан) кейін қылмыс жасаған жағдайларға, сондай-ақ егер ұстап берілген (экстрадицияланған) адам – қылмыстық іс жүргізу аяқталғаннан кейін отыз тәулік өткенге дейін, ал сотталған жағдайда жазасын өтегеннен немесе одан босатылғаннан кейін отыз тәулік өткенге дейін сұрау салушы тараптың аумағынан кетпесе немесе егер ол оған өз еркімен қайтып келсе, қолданылмайды. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адам сұрау салушы тараптың аумағынан өзіне байланысты емес себептермен кете алмаған уақыт бұл мерзімге есептелмейді. Прокурор сұрау салынатын тараптың уәкілетті органын кейіннен хабардар ету үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға қатысты қылмыстық іс жүргізу нәтижелері туралы хабар жібереді.

Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға бұлтартпау шарасы ретінде қолданылатын күзетпен ұстау мерзімінің басталуы оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезінен бастап есептеледі. Қазақстан Республикасына ұстап берілетін адамды шет мемлекеттің аумағында ұстап алу және күзетпен ұстау, сондай-ақ оны этаппен апару уақыты жаза тағайындау кезінде оны күзетпен ұстаудың жалпы мерзіміне есептеледі. Уақытша ұстап беру (экстрадициялау) ішінде Қазақстан Республикасының аумағында адамды күзетпен ұстау уақыты осындай адамның Қазақстан Республикасы сотының үкімімен тағайындалған жазаны өтеу мерзіміне есептелмейді.

Шет мемлекеттің құзыретті органының адамды күзетпен ұстау немесе оған бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындау туралы шешімі:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік тасымалданатын;

2) Қазақстан Республикасына уақытша берілген (экстрадицияланған) адамдарды Қазақстан Республикасының аумағында күзетпен ұстауға негіз болып табылады.

Өзін шет мемлекетке ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселе қаралып отырған адамның:

1) өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу қандай қылмыс бойынша түскенін білуге;

2) қорғаушысының болуына және сөйлесудің құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайда онымен кездесуге, жауап алу кезінде қорғаушысының қатысуына;

3) ұстап алынған жағдайда – ұстап алынғаны және өзінің болатын жері туралы жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне немесе өзге адамдарға хабарлауға;

4) өзін күзетпен ұстауға және өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуға байланысты мәселелерді соттың қарауына қатысуға;

5) ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салумен танысуға немесе оның көшірмесін алуға;

6) күзетпен ұстау, экстрадициялық қамақты қолдану және ұстап беру жөніндегі сұрау салуды қанағаттандыру туралы шешімдерге шағым жасауға;

7) сот отырысында ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде өз пікірін білдіруге құқығы бар. Егер өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы мәселе қаралып отырған адам шетелдік болып табылса және күзетпен ұсталса, онда оның өз мемлекетінің дипломатиялық немесе консулдық мекемесінің өкілімен кездесуге құқығы бар.

Шет мемлекет қылмыс жасағаны үшін іздестіріп жатқан адамды Қазақстан Республикасының аумағында ұстап алуды қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы жүргізеді. Ұстап алынған адамның жеке басы, оның азаматтық тиесілігі жетпіс екі сағат ішінде анықталуға, іздестірудің бастамашысынан жасалған іс-әрекеттің мән-жайлары, оған сәйкес осы іс-әрекет қылмыс деп танылатын баптың мәтіні, құзыретті органның оны күзетке алу және оған іздестіру жариялау туралы шешімі, сондай-ақ адамды күзетке алу қажеттігі туралы растауы талап етіп алдырылуға тиіс. Шет мемлекеттің құзыретті органының ұстап беру (экстрадициялау) туралы талап мәлімделгенге дейін адамды күзетке алу туралы өтінішхаты поштамен, телеграфпен, телекспен, факспен және өзге де байланыс түрлерімен жіберілуі мүмкін. Ұстап алынған адам, егер: ұстап алынған кезден бастап жетпіс екі сағат ішінде оны уақытша күзетпен ұстау туралы немесе оған қатысты экстрадициялық қамақты қолдану туралы өтінішхаттарды қарау

үшін тергеу судьясына жеткізілмесе; ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейтін мән-жайлар анықталса, ол дереу босатылады.

Ұсынылған материалдар зерделенгеннен кейін және ұстап алынған адам іздестіру жарияланған адам болып табылады деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған және ҚР ҚДЖК-нің 590-бабында жазылған негіздер болмаған кезде прокурор адамды ұстап алудың жетпіс екі сағаттық мерзімі аяқталардан он екі сағат бұрын аудандық және оған теңестірілген сотқа осы адамға ол ұстап алынған кезден бастап қырық тәулік мерзімге немесе оны ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу түскенге дейін Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шартында белгіленген өзге де мерзімде уақытша күзетпен ұстауды қолдану туралы өтінішхат енгізеді.

Өтінішхатқа: адамды ұстап алу хаттамасы; адамның шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасағаны және шет мемлекеттің құзыретті органы оған қатысты бұлтартпау шарасын таңдағаны туралы деректерді қамтитын құжаттар; ұстап алынған адамның жеке басын растайтын құжаттар қоса тігіледі. Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясы адамды ұстап алған кезден бастап дереу, бірақ жетпіс екі сағаттан кешіктірмей өтінішхатты қарайды және уақытша күзетпен ұстау туралы не уақытша күзетпен ұстаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Тергеу судьясы уақытша күзетпен ұстаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған жағдайда, сонымен бір мезгілде іздестіріліп жатқан адамды қаулыға наразылық білдіру және облыстық немесе оған теңестірілген сотта істі қарау кезеңінде күзетпен ұстау туралы шешім қабылдайды. Тергеу судьясының осы қаулысының заңдылығы мен негізділігіне шағым жасау, наразылық білдіру және тексеру ҚР ҚДЖК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Адамды уақытша күзетпен қамау туралы прокурор ұстап беру (экстрадициялау) уақыты мен орны туралы ұсыныспен бірге ұстап беру (экстрадициялау) туралы өтініді, экстрадициялық қамаққа алу туралы өтінішхатты жіберген немесе жіберуі мүмкін шет мемлекеттің мекемесіне дереу хабарлайды. Күзетпен ұстау орнының әкімшілігі мұндай адамды күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан он тәулік бұрын бұл туралы прокурорға хабарлауға міндетті.

Уақытша күзетпен ұстау қолданылған адамды босатуды прокурор, егер: сұрау салушы тараптан қырық тәулік ішінде ұстап

беру (экстрадициялау) туралы талап келіп түспесе; қырық тәулік ішінде экстрадициялық қамаққа алу қолданылмаса; ұстап беру (экстрадициялау) мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар белгіленген болса, жүзеге асырады. Адамды босату, егер адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу кеш түссе, сотқа оны осы бақылау кезінде көзделген тәртіппен күзетпен қамауға алу және ұстап беру (экстрадициялау) туралы қайталама өтінішхатпен жүгінуге жол бергі келтірмейді. Уақытша күзетпен ұстау мерзімі аяқталғанға дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу кеш түскен жағдайда, тергеу судьясының уақытша күзетпен ұстау туралы қаулысы осы адамға қатысты экстрадициялық қамаққа алу қолдану туралы қаулыны тергеу судьясы шығарған кезден бастап заңдық күшін жоғалтады.

Сұрау салушы тараптан іздестіріліп жатқан адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуды пошта, телеграф, телефон, факс және өзге де байланыс түрлері арқылы алғаннан кейін прокурор адамды күзетпен ұстау орны бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа ұстап беру (экстрадициялау) мақсатында адамға экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы өтінішхат өткізеді. Тергеу судьясының қарауына өтінішхатпен бірге: шет мемлекеттің құзыретті органының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуының Қазақстан Республикасының тиісті орталық органы куәландырған көшірмесі; адамның азаматтығы туралы құжаттар; қолда бар экстрадициялық тексеру материалдары ұсынылады. Аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясы өтінішхатты қарайды және экстрадициялық қамаққа алуды қолдану туралы не экстрадициялық қамаққа алуды қолданудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Тергеу судьясы өтінішхатты қарау кезінде іздестіріліп жатқан адамның азаматтық тиесілігін, сондай-ақ кінәлілігі туралы мәселені зерттеместен және ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылып отырған адамға қатысты іс бойынша шет мемлекеттің құзыретті органдары қабылдаған процесілік шешімдердің заңдылығын тексерместен, оны ұстап беруге (экстрадициялауға) сұрау салынуына байланысты іс-әрекет бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейтін қылмыс болып табылатынын-табылмайтынын тексереді. Тергеу судьясының осы қаулысына шағым жасауды және наразылық білдіруді осы баптың төртінші бөлігіне сәйкес оның заңдылығы

мен негізділігін тексеретін облыстық немесе оған теңестірілген сот ҚР ҚДЖК-нің 107-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырады. Тергеу судьясы экстрадициялық қамаққа алуды қолданудан бас тарту туралы қаулы шығарылған жағдайда, сонымен бір мезгілде іздестіріліп жатқан адамды: қаулыға наразылық білдіру және облыстық немесе оған теңестірілген сотта істі қарау кезеңінде күзетпен ұстау туралы шешім қабылдайды. Ұстап берілуге (экстрадициялануға) жататын адамға қатысты экстрадициялық қамаққа алу оны ұстап алған кезден бастап он екі ай мерзімге ал сот үкімін орындауға келтіру үшін сұратылып отырған адамға қатысты – ол сұрау салушы мемлекетте сотталған мерзімнен шарттайтын мерзімге қолданылады. Күзетпен ұстау орнының әкімшілігі экстрадициялық қамаққа алу қолданылған адамды күзетпен ұстау мерзімі аяқталардан он тәулік бұрын бұл туралы прокурорға хабарлауға міндетті.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданғаннан кейін экстрадициялық қамаққа алудың он екі ай мерзімі өткен жағдайда, егер: ұстап берілген адамды ұстап беруді сұратып отырған мемлекеттің аумағына этаппен апаруды ұйымдастыру; ұстап берілген адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру туралы қаулысына шағымын қарау үшін қосымша уақыт қажет болса, оны күзетпен ұстау мерзімін аудандық және оған теңестірілген соттың тергеу судьясы, ұстап берілген адамды шет мемлекетке нақты бергенге дейін прокурордың өтінішхаты бойынша, жасалуына ұстап беріліп отырған адам айыпталатын (күдіктелетін) қылмыс бойынша шет мемлекеттің қылмыстық заңының санкциясында көзделген бас бостандығынан айырудың ең көп мерзімі шегінде ұзартады. Экстрадициялық қамаққа алу қолданылған адамды босату прокурордың қаулысы негізінде, оның ішінде осы бапта көрсетілген мерзім аяқталған соң да жүргізіледі, егер осы мерзімде ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмесе, бұл туралы дереу Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына хабарланады. Адамды экстрадициялық қамаққа алудан босату, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, оны ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді орындау үшін шет мемлекетке адамды нақты беру мақсатында қайтадан қолдануға кедергі келтірмейді.

Адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тарту төмендегі жағдайларда орын алады, егер:

1) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса және Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен арадағы халықаралық шартында өз азаматтарын ұстап беру (экстрадициялау) көзделмесе;

2) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуға өкіл болған іс-әрекет Қазақстан Республикасында қылмыс болып табылмаса;

3) ол үшін адамды ұстап беру (экстрадициялау) сұратылған қылмыс Қазақстан Республикасында бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздеме;

4) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адамға Қазақстан Республикасы пана берсе;

5) адамға қатысты нақ сол қылмысы үшін заңды күшіне енген үкім шығарылса немесе іс бойынша іс жүргізу тоқтатылса;

6) адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу алынған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша саясиыстық қудалау бастала алмаса немесе үкім ескіру мерзімдерінің өтуі салдарынан немесе өзге де заңды негіздер бойынша орындауға келтіріле алмайтын болса;

7) өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адамға, Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайлардан басқа, сұрау салушы пиранта азаптауды қолдану қатеріне ұшырауы мүмкін не оның денсаулығына, өміріне немесе бостандығына нәсілдік белгісі, діни нанымы, ұлты, азаматтығы (бодандығы), белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілілігі немесе саяси сенімдері бойынша қауіп төніп тұр деп пайымдауға негіздер болса;

8) адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған іс-әрекет, егер Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен арадағы халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекеше айыптау тәртібімен ғана қудаланса;

9) адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған іс-әрекет, егер Қазақстан Республикасының сұрау салушы мемлекетпен арадағы халықаралық шартында

өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша әскери қылмыстарға жататын болса;

10) шет мемлекеттің орталық органы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының талабы бойынша ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде шешім қабылдау онсыз мүмкін емес қосымша материалдарды немесе деректерді бермесе;

11) адамды ұстап беру (экстрадициялау) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелеріне қайшы келсе;

12) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге де негіздер болса, адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) жол берілмейді. Егер адамды осыған байланысты ұстап беру (экстрадициялау) сұратылып отырған қылмыс Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерде жасалса, бірақ Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталса, ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары экстрадициялық тексеру материалдарын зерделегеннен кейін шет мемлекетке адамды ұстап беру (экстрадициялау) немесе ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бірнеше мемлекеттің адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы талаптары болған кезде адамның қай мемлекетке ұстап берілуге (экстрадициялануға) жататыны туралы шешімді Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары қаулы нысанында қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары өзінің шешімі туралы шет мемлекеттің орталық органына, сондай-ақ осы шешім өзіне қатысты қабылданған адамға және оның қорғаушысына хабарлайды. Ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған жағдайда, осы адамға қаулының көшірмесі табыс етіледі және қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына шағым жасау құқығы түсіндіріледі. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулы оған шағым жасау мерзімі өткеннен кейін орындауға енгізіледі. Қаулыға шағым жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьясының қаулысы заңды күшіне енгізілгенге дейін ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейді.

Шет мемлекетке адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан) қылмыстық қудалауды жүзеге асыруды жоққа шығармайтын негіздер бойынша бас тартылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры шет мемлекеттің құзыретті органының өтінішханасы бойынша осы Кодексте көзделген тәртіппен осы адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуді тапсырады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулысының өкіміне қатысты осы шешім қабылданған адам немесе оның қорғаушысы қаулының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына шағым жасауға алады. Өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамды күзетпен ұстау орнының әкімшілігі шағымды алған соң жиырма төрт сағат ішінде оны Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жібереді және бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын хабардар етеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулыға шағым жасау туралы хабарлама келіп түскен кезден бастап он тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына өзі қабылданған шешімнің заңдылығы мен негізділігін растайтын материалдарды жібереді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы шағымды алған күннен бастап бір ай ішінде адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексеруді прокурордың, өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның және оның қорғаушысының қатысуымен ашық сот отырысында жүргізеді. Айрықша жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін. Отырыстың басында төрағалық етуші қандай шағым қаралуға жататындығын хабарлайды, қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін түсіндіреді. Содан кейін арыз иесі және (немесе) оның қорғаушысы шағымды негіздейді, осыдан кейін сөз прокурорға беріледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы сотта қарау барысында осы адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкестігін тексерумен шектеліп, өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған

адамның кінәлілігі мәселесін зерттемейді және шет мемлекеттің құзыретті органдары қабылдаған процестік шешімдердің заңдылығын тексермейді. Тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мынадай: адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы; шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы; адамды қамақта ұстау мерзімін кемінде бір ай мерзімге бір мезгілде ұзарта отырып, осы шешімді қабылдау үшін елеулі маңызы бар мәселелер қаралғанға дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді тоқтата тұру туралы қаулылардың бірін шығарады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою не шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қаулысы ол жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты оған қатысты ұстап беруді (экстрадициялауды) заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы қаулы шығарған адамды босату ҚР ҚІЖК-нің 589-бабының оныншы бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары мынадай жағдайда, егер: өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адам Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып немесе жазасын өтеп жатса – сотқа дейінгі тергеп-тексеру немесе сот талқылауы аяқталғанға, жазасын өтегенге немесе жазадан қандай да бір заңды негіздер бойынша босатылғанға дейін; өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адам ауыр науқастан зардап шегіп жатса және оны өзінің денсаулық жағдайы бойынша денсаулығына зиян келтірмей ұстап беру (экстрадициялау) мүмкін болмаса – адам сауыққанға дейін шет мемлекетке оны нақты беру кейінге қалдырылуы мүмкін. Адамды нақты беруді одан әрі кейінге қалдыру үшін осы баптың бірінші бөлігінде көзделген негіздер болмаған жағдайда, ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға қатысты экстрадициялық қамаққа алу қолданылады. Егер кейінге қалдыру кезеңінде

адамды ұстап беруге (экстрадициялауға) кедергі келтіруі мүмкін мән-жайлар туындаса, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы өз шешімін қайта қарауға құқығы бар. Егер нақты беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінің өтуіне әкеп соқса немесе шет мемлекетте қылмысты тергеп-тексеруге залал келтірсе, ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылып отырған адам уақытша ұстап берілуі мүмкін. Уақытша ұстап берілген (экстрадицияланған) адам ол үшін ұстап берілген (экстрадицияланған) қылмыстық іс бойынша процестік әрекеттер жүргізілгеннен кейін, бірақ адам берілген күннен бастап тоқсан тәуліктен кешіктірілмей қайтарылуға тиіс. Өзара уағдаластық бойынша осы мерзім ұзартылуы, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыс үшін өтелмеген жазасының мерзімінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Күзетпен ұстау орнының әкімшілігі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулысын алғаннан кейін отыз тәулік ішінде этаппен апаруды және ұстап берілген (экстрадицияланған) адамды ол ұстап берілген (экстрадицияланған) мемлекеттің тиісті органына беруді ұйымдастыруға және оның орындалғаны жөнінде Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына хабарлауға міндетті. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамды беру уақытында шет мемлекеттің құзыретті органына оның Қазақстан Республикасында күзетпен ұстауда болу мерзімі туралы хабарланады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесінің үшінші мемлекеттің осы мекемеге ұстап берген (экстрадициялаған) адамды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдау туралы сұрау салуы ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу сияқты тәртіппен қаралады. Шет мемлекеттердің құзыретті мекемелерінің транзиттік тасымалдау туралы сұрау салуларын қарау кезінде ҚР ҚІЖК-нің 590-бабында көзделген мән-жайлар ғана экстрадициялық тексеруге жатады. Транзиттік тасымалдау тәсілін тиісті ведомстволармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасары айқындайды.

Сонымен қатар, прокурордың нұсқаулары да ұстап беру мәселелерін реттеуде құқықтық негіз болып танылады. Қылмыс

жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін шешетін, дәлірек айтсақ, шетелдік мемлекеттерге ұстап беру туралы талаптар жіберетін және Қазақстан аумағындағы тұлғаларды шетелдік мемлекет үшін ұстап беру мәселесіне қатысты шешім қабылдайтын бірден-бір лауазымды тұлға бұл – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе уәкілетті прокурорлары болып табылады. Өйткені, қылмыстылықпен күресудегі ҚР Прокуратурасының халықаралық ынтымақтастығының маңызды бағытының бірі – халықаралық-құқықтық экстрадиция (ұстап беру) институтын қолдануы болып табылады. Осы экстрадиция институты жалпымен танылған қағиданы, яғни, қылмыс жасаған тұлға қылмысты жасаған елде, не ол ұсталған елде, не жасалған қылмыстан зардап келген елде қатал жазаға тартылуы тиістігін бейнелейді.

ҚР Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодексімен қоса, ұстап беру мәселесі өзге мемлекеттің тапсырмасы бойынша қылмыс жасаған тұлғаларға тиісті шараларды қолдану үшін, яғни қылмыс жасаған тұлғаларды іздестіру және қамауға алу тәртібі ҚР Бас Прокуратурасының 1998 жылғы 8 қыркүйектегі №56/36 «Экстрадициялық қамауға алу және қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы» Нұсқауымен [90] тікелей реттелінеді. Экстрадиция туралы өтінішті қарау тек ҚР Бас прокурорының құзіреттілігіне жатады. Мысалы, ҚР-ның Бас Прокуратурасы 1998 жылы келіп түскен 170 ұстап беру туралы талаптың 74-ін қанағаттандырған. Ұстап беру туралы талаптың көпшілігі Ресей, өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келіп түскен [91]. Сондай-ақ, Алматы қаласының прокуратурасы халықаралық шарттардың қолданылуын және міндеттемелердің орындалуын қадағалау бөлімінің ұстап беру мәселелеріне қатысты статистикалық мәліметтеріне көз жүгіртсек: ҚР ҚДЖК-нің 60-тарауында көзделген тәртіп бойынша 22 ұстап беру туралы өтініш келіп түскен, оның 19 – қанағаттандырылған, ал, 3 – өтініштен бас тартылған [91].

Шетел азаматтарын экстрадициялық қамауға алудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорлардың жұмысы бойынша: ҚР ҚДЖК-нің 60-тарауы тәртібі бойынша 35 шетел азаматы тұтқындалған. Олардың 34 – экстрадициялық қамауға алу туралы қаулы шығарылған. Қамауға алынғандардың ішінен 19 – ұстап берілген. [91].

Еліміздегі экстрадиция (ұстап беру) құқығымен және рәсімінің, яғни құқыққорғау органдарының ұстап беру мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастығының (Интерпол арқылы экстрадициялық қызметті жүзеге асыруда) тәртібінің осындай заңға негізделген актімен реттелуі біздің заң жүйесінің кемшілігін бейнелейді. Осыған орай, толық жүйелендірілген және халықаралық тәжірибені басшылыққа алған, халықаралық шарттар мен Конвенцияларға сүйенген еліміздің экстрадиция туралы арнайы ұлттық заңымызды қабылдау қажеттігі туындауда.

Біздің ұлттық қылмыстық заңнамамызда шешімін тапқан тағы бір маңызды мәселе – бұл өз азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды беру мәселесі. Ол тек Қазақстан Республикасының тиісті шетелдік мемлекетпен халықаралық шартты не Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының шетел мемлекетінің құзіретті органдарымен және лауазымды тұлғаларымен өзара екіжақты түрде келісуі негізінде жүзеге асуы мүмкін. Өз азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамды беруге тек сол адамның келісімі болған жағдайда ғана жол берілетінін ескеру қажет.

Қазақстан қылмыстық заңнамасы бойынша тұлғаларды ұстап беру оларды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе жазасын өтеу үшін жүзеге асырылады. Ал, Қазақстанның халықаралық міндеттемелері бойынша ұстап беру «жазасын өтеу үшін» емес, «заңды күшіне енген үкімді орындау үшін» жүзеге асырылуы тиіс.

Кейбір мемлекеттерде ұстап беру немесе экстрадиция туралы арнайы заңды актілер қабылданып, олар осы мәселеге қатысты қарым-қатынастарды құқықтық тұрғыдан жан-жақты әрі толық реттеуге бағытталған. Осындай елдердің қатарына, өзіміз айтып кеткендей, Ұлыбритания (1989 жылғы ұстап беру туралы заңы), Канада (1985 жылғы ұстап беру туралы заңы), Австрия, Германия, Франция, Швеция, Бельгия, нидерландия, Швейцария, Индия, Мексика және т.б. жатады. Ұстап беру туралы арнайы заңның болуы осы процестің тәртібін нақты белгілеп ғана қоймай, басқа мемлекеттермен осы мәселеге қатысты екіжақты шарттар бекіту қажеттілігін де жояды. Яғни, ұстап беру туралы арнайы заңның негізінде мемлекет қылмыс жасаған тұлғаларды

экстрадициялау мәселесіне қатысты келіссөздерді, екіжақты шарттың болуын талап етпей-ақ, еркін жүзеге асыра алады.

Осыған орай, автор Қазақстан Республикасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы немесе экстрадициялау туралы арнайы нормативтік құқықтық актіні қабылдауды ұсынады. Осындай заңды актіні қабылдауға деген қажеттіліктің бірден-бір себебі мынада деп ойлаймыз: әдетте мемлекеттер арасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру екіжақты немесе көпжақты халықаралық шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанның ұлттық қылмыстық заңнамасында ұстап беру тек тиісті мемлекетпен бекітілген халықаралық шарт болғанда ғана жүзеге асырылуы мүмкіндігі атап көрсетілген. Яғни, шетелдік мемлекет үшін тұлғаны ұстап берудің заңдық негізі біздің мемлекетіміз тек ғана халықаралық шарт құрап отыр. Алайда, әлемде 200-ге жуық мемлекет бар екенін және олардың барлығымен ұстап беру мәселесіне байланысты екіжақты шарт жасасу мүмкін емес екенін ескерсек, осы себепке орай, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі арнайы ұлттық заң негізінде әлдеқайда тез әрі тиімді түрде жүзеге асатыны күмән тудырмайды.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру – бұл құқықтық көмек көрсетудің бір нысаны болып табылатындықтан, ұстап беру мәселесіне арналған арнайы заңды құқықтық көмек көрсету туралы нормативтік құқықтық актінің шеңберінде де бекітуге болады. Ұстап беру туралы заң халықаралық құқықта кеңінен танылған өзара екіжақтылық қағидасын басшылыққа алуға тиіс деп ойлаймыз. Заңның қалыптары ұстап беру құқығымен және рәсіміне қатысты қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің, сондай-ақ, ұстап берудің шарттары мен мерзімі сияқты ережелер көрініс тапқан екіжақты шарттардың баптарын белгілі бір жүйеге келтіре отырып жинақтауға тиіс деген ойдамын. Сонымен қатар, ұстап беру туралы заңда ұстап беру жүзеге асырылатын нақты қылмыстық әрекеттердің тізімін де қамтуға болады.

Қазіргі экстрадициялау институтының негізгі бір міндеті – ұстап берілетін тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанға ұстап берілген тұлға, азаматтығының барлығына және жоқтығына қарамастан, кез келген адамға тән құқықтарды, соның ішінде заң мен сот алдындағы теңдік құқығын иеленеді. Ұстап берілген тұлғаға азаптау мен зорлық –

ломбылық көрсетуге тыйым салынады. Оның дәрігерлік көмекке, өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға, заң көмегін алуға және т.б. құқықтарының барлығы даусыз. Ұстап берілетін тұлғалардың қандай құқықтары қамтамасыз етілетіні туралы қалыптар да ұстап беру туралы арнайы заңда да өз шешімін табуы тиіс.

3.2 Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және экстрадиция туралы екіжақты келісімшарттары

Экстрадиция институтын құқықтық реттеуде оның халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтардың тоғысқан жерінде орналасқандығын ескеру аса қажет. Ұстап беру міндеті мемлекеттер арасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы тиісті шарттар мен Конвенциялардың негізінде пайда болатындықтан, экстрадициялауды халықаралық-құқықтық қалыптармен реттеу бірінші кезектегі маңызға ие болады. Халықаралық-құқықтық реттеу мезанизмі көпжақты және екіжақты халықаралық шарттар мен халықаралық ұйымдар аясында көрініс табады.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге қатысты белгілі бір мемлекеттер арасында бекітілген екіжақты халықаралық шарттардың екі түрі қалыптасқан. Біріншісіне тек арнайы ұстап беру мәселесіне арналған шарттар жатады. Екіншісіне – қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы жалпы шарт аясындағы реттелуі жатады.

Қазақстан Республикасының шарттық-құқықтық тәжірибесінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге қатысты жоғарыда аталған екі түрлі шарттардың барлығы да кездеседі:

1) 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы ұстап беру туралы шарты (1999 ж. 10 ақпанда заңды күшіне енген) [92]; 1996 жылғы ұстап беру туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шарты [93]; ҚР-сы мен Монғолия арасындағы 1993 ж. 22 қазандағы қылмыс жасаған тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе үкімді орындау үшін ұстап беру туралы шарты

(2000 ж. 2 шілдеде күшіне енген) [94]; ҚР-сы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 1997 ж. 8 сәуірдегі қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы шарты [95].

2) 1997 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Корея Халық Демократиялық Республикасының арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартын (2001 ж. 28 шілдеде күшіне енген) [96]; ҚР-сы мен Пакистан Ислам Республикасы арасындағы 1995 ж. 23 тамыздағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарты (2001 ж. 9 ақпанда күшіне енген) [97]; ҚР-сы мен өзбекстан Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шарты (1998 ж. 30 қарашада күшіне енген) [98] мысалға келтіруге болады.

Қазақстан Республикасының ұстап беру туралы екіжақты шарттары Қазақстан Республикасының әділет Министрлігі және Ішкі істер министрлігі жасап шығарған модельді шарттың негізінде жасалынады. Аталған шарттар түп мазмұны жағынан бір-бірінен ерекшелінбейді. Тек кейбір ережелеріне қатысты ішінара ерекшеліктер кездеседі.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы екіжақты шарттарда келісімге келуші тараптар бір-бірінің өтініші бойынша өз аумағындағы тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе заңды күшіне енген үкімді орындау үшін ұстап беруге міндеттеме алады. Қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру тек бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруды немесе одан да ауыр жазаны көздейтін қылмыстарды жасағанда ғана жүзеге асырылады. Ал, заңды күшіне енген үкімді орындау үшін ұстап беру келісімге келуші тараптардың заңнамалары бойынша алты айдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе одан да ауыр жазаға сотталған тұлғаларды ұстап беруді көздейді.

Сонымен қатар, ұстап беру туралы мәселені шешуде және қандай да бір істің Келісуші екі тараптың заңдары бойынша қылмыс болып табылатындығын не қылмыс болып табылмайтындығын анықтау кезінде оның заңды бағалануы және терминологиялық белгіленуінің маңызы жоқ. Тұлғаны ұстап беру туралы өтініш

Келісуші екі Тараптың заңдарына сәйкес әрқайсысына қылмыстық жаза тағайындалатын болса, аталған тұлғаны ұстап беруге әкелетін қылмыстың ең болмағанда біреуі үшін ұстап берілгенде ғана ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тарап соңғы қылмыстарға да қатысты ұстап беруге рұқсат бере алады, – деген ереже төмендегі шарттарда бекітілген (мысалы, 1997 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен өзбекстан Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шартының 58-бабы [98], 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Ұстап беру туралы шартының 2-бабы [92]).

Қазақстанның экстрадициялау туралы екіжақты шарттарының барлығында ұстап беруге жол берілмейтін жағдайлар тізімі келтірілген. Олардың тізімі төмендегідей:

1) егер ұстап берілуі талап етілген тұлға ұстап беру талабы қойылған келісімге келуші тараптың азаматы болса (мұны өз азаматтарын ұстап бермеу қағидасының көрінісі деуге болады. Өз азаматтарын ұстап беруге келісім берілмесе, ұстап беру талабы қойылған Келісуші тарап сұратып отырған тараптың өтінішінің негізінде, ұстап беру талабы қойылған тараптың заңдарына сәйкес оған қарсы қылмыстық қудалауды қозғау үшін тұлғаны өзінің күзиретті органдарына беруге міндетті. Ал, бұл мақсаттарда сұратып отырған Келісуші тарап ұстап беру талабы қойылған тарапқа іске байланысты құжаттар мен дәлелдемелерді жіберуге міндетті. Міне, осы аталған өз азаматтарын ұстап бермеу салдары деп ұғынуға болады);

2) егер ұстап беру талабы келген сәтте қылмыстық қудалау ұстап беру талабы қойылған келісімге келуші тараптың заңнамасы бойынша ескіру мерзімінің өтуіне немесе басқа да заңды негіздердің салдарынан қылмыстық іс қозғалмайтын болса немесе үкім орындауға жатпайтын болса;

3) ұстап беру талабы келген тұлғаға қатысты ұстап беру талабы қойылған тараптың аумағында сол қылмысы үшін үкім шығарылып қойса немесе іс бойынша өндірісті тоқтату туралы заңды күшіне енген қаулы қабылданылған болса;

4) сұратып отырған немесе ұстап беру талабы қойылған келісімге келуші тараптардың заңнамасына сәйкес қылмыс жеке

айыптау тәртібі бойынша қудаланатын болса, ұстап беруге жол берілмейді.

Жоғарыда аталған барлық жағдайлар екіжақты шарттардың барлығында көрініс тапқан. Кейбір екіжақты шарттарда жоғарыда келтірілген жағдайлардан басқа да негіздер белгіленеді. Олар Қазақстанның жекелеген мемлекеттермен, белгілі бір мағынада, саяси қарым-қатынасының деңгейі мен шартының маңыздылығын бейнелейді деуге де болады. Мысалы, 1996 жылғы 5 шілдедегі Алматыда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында бекітілген ұстап беру туралы шартының 3-бабының 2,3,4-тармақтарында [92] ұстап беруге жол берілмейтін ережелер бекітілген:

а) ұстап беру талабы қойылған тараптың заңнамасы бойынша ұстап берілетін тұлғаға баспана құқығын берсе;

б) сұратып отырған келісуші тараптың адамды ұстап беру туралы өтініші оның нәсіліне, дініне, азаматтығына, саяси көзқарастарына байланысты қылмыстық қудалауды қозғау немесе жазаны орындау мақсатымен ұсынылды деп болжауға ұстап беру талабы қойылған келісуші Тараптың толық негізі болса немесе егер сот процесі барысында оның мәртебесіне жоғарыда аталған себептерге байланысты нұқсан келтірілетін болса;

в) ұстап беру өтінішіне қатысты қылмыс сұратып отырған тараптың заңнамасы бойынша әскери қылмыс болып табылғанда жол берілмейді.

Екіжақты шарттарда ұстап беруден бас тартуға мүмкіндік беретін жағдайларда да айқындалған. Мысалы, 1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы шартының 5-бабының 2-тармағына [95] және 1996 жылғы 17 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы қылмыс жасаған тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін немесе үкімді орындау үшін ұстап беру туралы шартының 3-бабына [93] сәйкес, егер ұстап беру талабына қатысты қылмыс ұстап беру талабы қойылған тараптың аумағында жасалған болса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін. Сондай-ақ, бір тарабы Қазақстан Республикасы болатын екіжақты шарттарда ұстап беруден бас тартудың ықтимал жағдайларыда қарастырылған. Яғни, Қазақстан

Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Ұстап беру туралы шарттың 4-бабына орай, мына жағдайлардың бірінде ұстап беруден бас тарту орын алады:

1) ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тараптың заңдарына сәйкес ұстап берілуі сұралған адамға немесе ұстап беру туралы өтінішке байланысты қылмысқа қатысты оның юрисдикциясы болғанда. Бұндай жағдайда, егер ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тарап ұстап беруден бас тартса, ол ұстап берілуі талап етілген адамға қарсы іс қозғалуға тиіс;

2) ерекше жағдайларда, қылмыстың ауырлығын және сұратып отырған Келісуші Тараптың мүдделерін ескере отырып ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тарап ұстап берілуі сұралған адамның жеке бас жағдайлары себебінен, ұстап беру адамгершілік қағидаларына сай келмейді деп есептегенде;

3) ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тарап ұстап берілуі талап етілген адамға қатысты, дәл сол қылмыс үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асырылғанда ұстап беруден бас тартылуы ықтимал.

Қазақстан тәжірибесінде өз аумағында қылмыс жасаған тұлғалардың шетелдік мемлекетте жазаға тартылу фактілері де кездеседі. Мысалы, 2002 жылы 10 желтоқсанда Өзбекстанға берілген қылмыскер Жолмурза Боуединовты келтіруге болады [99]. Ол 2001 жылдың желтоқсан айында Алматы қаласында бір жанұяның мүшелерін өлтірген болатын. Оның алдында оны Өзбекстанның құқыққорғау органдарымен кәметке толмаған қызды зорлағаны үшін іздестірілуде болған. 2002 жылдың мамыр айында қашып жүрген қылмыскер Жолмурза Боуединовты Өзбекстанның ішкі істер министрлігінің криминалды милиция қызметкерлері қолға түсірген. Осыдан кейін Өзбекстан мен Қазақстанның Бас прокурорлары Боуединовты Қазақстанға (Алматыға) экстрадициялау мәселесі туралы ұзақ келіссөздер жүргізген. Қазақстанда оған қатысты қылмыстық кодекстің үш бабы бойынша қылмыстық іс қозғалған болатын. Өзбекстан жағы қылмыс жасаған тұлғаны экстрадициялауға келісімін береді. Бірақ, Қазақстан алдына екі шарт қойылады: біріншісі – Боуединов Өзбекстан сотының үкімінен кейін экстрадицияланады; екіншісі – Қазақстанның құқыққорғау органдары тергеу іс-шаралары аяқталып, айып тағылғаннан кейін қылмыс жасаған тұлғаны Өзбекстанға қайтаруға тиіс.

2002 жылдың тамыз айында Боуединовты өзбек соты 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттап, Қазақстанға берген болатын. Қазақстан жағы қажетті тергеу іс-әрекеттерін жүргізіп, Боуединовқа Алматыда жасаған қылмысы үшін қылмыстық кодекстің үш бабы бойынша айып тағып, 2002 жылдың желтоқсан айында қылмыс жасаған тұлғаны Өзбекстанға қайтарып берді. Алматыда қозғалған қылмыстық істің материалдары да Өзбекстан жағына берілген. Яғни, аталған іс бойынша үкімді Өзбекстан жағы шығарып, тиісті жазасын тағайындайды. Осы тұста неге Қазақстанда қылмыс жасаған тұлғаны Өзбекстанда жауапқа тарту үшін бердік деген сұрақ туындауы мүмкін. Оның себебін, ең алдымен, қылмыскердің қай жерде ұсталғандығымен түсіндіруге болады. Егер Жолмурза Боуединов қылмысты тек Қазақстан аумағында жасаған болса, онда әрине оны Қазақстандық сот жауаптылыққа тартар еді. Сондай-ақ, егер сол тұлға біздің аумақта ұсталған болса, ондай жағдайда да оны жазаға тарту құқығы біздің сотқа берілер еді.

Қазақстан мен Өзбекстанның Бас Прокуратуралары арасында орын алған жоғарыда аталған құқықтық қарым-қатынастар, яғни қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру жөніндегі екіжақты келіс сөздер 1997 жылғы 2 маусымдағы екі мемлекет арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа сәйкес реттелінуде.

Біз атап өткеніміздей, мемлекеттер арасындағы экстрадиция мәселесінің рәсімі бір мемлекеттің екінші мемлекетке жазбаша нысанда жазылған ұстап беру туралы өтінішті (немесе талапты) жіберуден басталады. Жалпы түрде қайталайтын болсақ, халықаралық шарттарға сәйкес ондай өтініштің (немесе талаптың) мазмұны мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) сұрағып отырған және ұстап беру талабы қойылған мекеменің атауы;

2) ұстап беру туралы өтінішіне қатысты тұлғаның аты-жөні, азаматтығы туралы, мекен-жайы немесе орналасқан жері туралы мәліметтер, және осы тұлғаға қатысты басқа да мәліметтер, мүмкіндігінше оның бет-келбеті мен дене бітімін сипаттау, фотосуреті мен саусақтарының іздері;

3) жасалған қылмыстық әрекеттің фактілік жағдайларының сипаттамасы, оның зардаптары мен келтірілген материалдық шығыны;

4) сұратып отырған тараптың іс-әрекетті қылмыс деп тануға негіз болған заңының мәтіні және осы қылмысқа көзделген жаза туралы заң мәтіні;

5) қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзіміне қатысты заңының мәтіні.

Ұстап берілуі талап етілген адамға қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін ұстап беру туралы өтінішке, тұтқынға алу туралы көшірмесі немесе сұратып отырған келісуші Тараптың құзіретті органы берген тұтқынға алу туралы қаулысының көшірмесі қоса берілуге тиіс. Ал, жазаны орындау үшін ұстап беру туралы өтінішке заңды күшіне енген үкімнің көшірмесі және жаза мерзімінің өтелген бөлігі туралы анықтама қоса берілуге жатады. Егер ұстап беру талабы қойылған Келісуші тарап ұстап беру туралы өтінішке қоса жіберілген құжаттарды толық емес деп есептесе, онда аталған Келісуші тарап 60 күннен аспайтын мерзім ішінде сұратып отырған Келісуші тараптан қосымша мағлұматтар ұсынуды талап ете алады. Алдын ала хабарланатын дәлелді себептер болған кезде бұл мерзім 15 күнге дейін ұзартылуы мүмкін. Егер көрсетілген мерзім ішінде сұратып отырған тарап қосымша мағлұматты бермесе, онда бұл оның өтініштен бас тартуы болып түсіндіріледі және тұлға тұтқыннан босатылады. Бірақ, бұл дәл сол қылмыс үшін сұратып отырған тараптың аталған тұлғаны ұстап беру туралы өтінішті қайтадан беруіне кедергі бола алмайды (мысалы, 1996 жыл 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартта қосымша мәліметтер деген ережемен бекітілген [92]). Сұратып отырған Келісуші Тараптың ұсынатын құжаттарына ресми түрде қол қойылуға және ол оны жолдаушы құзіретті органның мөрімен расталуға тиіс делінген ережелер Қазақстанның өзге мемлекеттермен жасасқан барлық екіжақты шарттарда қамтылған.

Қазақстанның барлық екіжақты шарттарында айқындалынғандай, Қазақстан жағынан, ұстап беру мәселесін қарастырып, қажетті шешім қабылдайтын органы – ҚР Бас Прокуратурасы болып табылады. Осы мәселені шешуге құзыретті лауазымды тұлғалар Бас Прокурор мен оның орынбасарлары Қазақстанның кейбір екіжақты шарттарында ұстап беру мәселесін шешуде әділет министрілігінің де құзыретті екені айтылған. Мысалы, 5 шілде

1996 жылғы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарттың 6-бабына сәйкес, Келісуші Тараптар бір-бірімен қатынасты Қазақстан Республикасы тарапына Қазақстан Республикасының әділет министрлігі және Бас прокуратурасы арқылы, ал, Қытай Халық Республикасы тарапынан тағайындалған органдар арқылы жүзеге асырады.

Халықаралық шарттарда ұстап берілген тұлғаны қылмыстық қудалаудың шектері деген түсінік бар. Оның мәнісі: сұрау жіберілген тараптың келісімінсіз ұстап берілген тұлға ұстап беру негіз болған қылмыстан басқа әрекет үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмауға немесе жазаланбауға тиіс. Мұндай норманы ұстап берілген тұлғаны заңсыз қудалаумен жазаға тартудан қорғайтын механизм ретінде қабылдауға болады. Осы тұста сұрау жіберілген тараптың келісімінсіз сұрау жіберген тарап тұлғаны үшінші мемлекетке ұстап бере алмайтындығын да айта кеткен жөн. Мына жағдайларда ұстап беру талабы қойылған Келісуші тараптың келісімі талап етілмейді:

1) ұстап берілген тұлға сұратып отырған Келісуші Тараптың аумағынан кетіп, ерікті түрде оның аумағына қайта келгенде;

2) ұстап берілген тұлғаға сұратып отырған Келісуші Тараптың аумағынан кету бостандығы берілген күннен соң 15 күн ішінде ол оның аумағынан кетпегенде (мысалы, 1997 жыл 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Корей Халық Демократиялық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарттың 34-бабында [96], 1994 жыл 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шартының 65-бабында [100] осы ереже көзделген).

Бір тарабы Қазақстан Республикасы болып табылатын екі шарттарда ұстап берілуге тиіс тұлғаны беру тәртібі өз шешімін тапқан. Мысалы, 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарттың 12-бабына сәйкес, ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тарап сұратып отырған Келісуші тарапқа өзінің ұстап беру туралы өтінішке қатысты шешімі жөнінде тез арада хабарлайды. Ұстап беру туралы өтініш қанағаттандырылған жағдайда ұстап беру талабы қойылған және сұратып отырған Келісуші

Тараптар ұстап беріліп отырған тұлғаны беру мәселелері, соның ішінде берудің күні мен жері жөнінде келісіледі. Ұстап беру туралы өтініш қабылданбаған жағдайда ұстап беру талабы қойылған тарап бұндай шешімнің себебі туралы хабарлайды. Ал, егер сұратып отырған Келісуші тарап ұстап берілуге тиіс тұлғаны белгіленген берілу күнінен кейін 15 күннің ішінде қабылдамаса, онда бұл оның ұстап беру туралы өтініштен бас тартуы ретінде қаралады. Ұстап беру талабы қойылған Келісуші тарап аталған тұлғаны тез арада босатады және дәл сол қылмыс үшін аталған тұлғаны ұстап беру туралы екінші рет берілген өтінішін қабылдаудан бас тартады. Егер Келісуші тараптар біреуі оған бағынбайтын себептер бойынша белгіленген мерзім ішінде ұстап берілуге тиіс тұлғаны бере алмаса немесе қабылдай алмаса, Келісуші тараптар бір-біріне бұл туралы дер кезінде хабарлайды. Келісуші тараптар ұстап берудің белгіленген күнінен бастап 15 күннен аспайтын мерзім ішінде ұстап берудің жаңа күні жөнінде қайта келісулеріне болады.

Экстрадиция туралы екіжақты шарттарда ұстап берілетін тұлғаны алдын ала қамауға алу мүмкіндігі белгіленген. Яғни келісімге келісуші тараптардың бірі кейінге қалдыруға жатпайтын жағдайларда, екіншісіне ұстап беру туралы өтінішті жібергенге дейін, тұлғаны алдын ала қамауға алу туралы өтініш білдіре алады. Мұндай өтініш жазбаша нысанда белгіленген байланыс арналары бойынша беріледі. Алдын ала қамауға алу туралы өтініште тұлғаны қамауға алу туралы қаулының көшірмесі және қылмыскердің жеке басы туралы мәліметтер болуға тиіс. Ұстап беру талабы қойылған Келісуші Тарап сұратып отырған Келісуші Тарапқа аталған өтінішті қарау нәтижелері туралы өз уақытында хабарлауға тиіс. Егер тұтқынға алу туралы хабарды сұтарып отырған Келісуші тарап алған күннен бастап 30 күн ішінде ұстап бету туралы ресми өтінішті ұстап беру талабы қойылған Келісуші тарап алмаса, онда ол тұтқынға алынған тұлғаны босатуға тиіс. Бұл мерзімді ол өтініш бойынша, толық негіздер болған жағдайда он бес күнге соза алады. Ал, осы аталған құжаттар дер кезінде алынса, онда тұтқынға алынған тұлғаны босату оны ұстап беруге кедергі болмайды (мысалы, Вильнюс қаласындағы 1994 жылғы 9 тамыздағы Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер

бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шартының 69-бабы).

Тәжірибеде ұстап беруді кейінге қалдыру және белгілі-бір уақытқа ғана ұстап беру кеңінен таралған. Егер ұстап берілуі талап етіліп отырған тұлға сұраушы тараптың аумағында жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылып жатса немесе жазасын өтеп жатса, онда оның ұстап берілуі қылмыстық қудалау аяқталғанға дейін, жазасын өтегенге немесе жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін. Егер ұстап беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалаудың ескіру мерзімінің өтуіне алып келетін болса немесе қылмысты тергеуді қиындататын болса, сұраушы тараптың өтініші бойынша тұлғаны белгілі-бір уақытқа ғана ұстап беруге болады. Белгілі уақытқа ұстап берілген тұлғаны ұстап беру талабы қойылған шарт жасасушы жақ алдын ала келісілген мерзімде қайтаруға тиіс (мысалы, 1996 жыл 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартында (13-бабы), 1997 жыл 2 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен өзбекстан Республикасы арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шартында (68-бабы) бейнеленген). Уақытша ұстап берілген қылмыс жасаған тұлғаға қатысты тәжірибе Қазақстанда да орын алған. Мысал ретінде жоғарыда аталған Жолмурза Боуединовтің ісін келтіруге болады.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесіне қатысты екіжақты халықаралық шарттарды бекіту мемлекеттердің қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтастығының бір нысаны болып табылады. Жыл өткен сайын Қазақстан осы салада өзінің екіжақты шарттық-құқығының аясын кеңейтуде. Ұстап беру туралы екіжақты шарттардың алғашқылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттерімен бекітіле бастады. Алыс-жақын шет мемлекеттердің ішінде Қытай Халық Республикасы, Моңғолия, Корей Халық Демократиялық Республикасы, Пәкістан, Үндістан, Туркия тағы басқа сол сияқты мемлекеттермен ұстап беру туралы арнайы екіжақты шарттар бекітілген. Аталған екіжақты шарттардың барлығы өзара екіжақтылық қағидасына негізделеді.

Әлемдік тәжірибеде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы шарттарда ұстап берілуге жататын қылмыстық әрекеттердің тізімінде көрініс тапқан шарттар кездеседі. Мысал ретінде 1982 жылы АҚШ пен Аргентина арасында бекітілген ұстап беру туралы шартты келтіруге болады. Аталған шартта 30 қылмыстық әрекеттің түрі бойынша ұстап беру көзделетіні белгіленген.

Қазақстан мен Корея арасындағы аталған шартқа 2003 жылы 13 қарашада Сеул қаласында қол қойылған. Шарттың мақсаты Қазақстан мен Кореяның құзыретті органдары арасындағы тергеуден, алдын ала анықтаудан және соттан жасырынған, сондай-ақ жазасын өтеуден жалтарған қылмыскерлерді ұстап беру мәселелері бойынша ынтымақтастық үшін құқықтық база жасау болып табылады. Шартқа сәйкес, әрбір тарап қылмыстық қудалауды, ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар үшін үкімді орындау үшін іздеу салынған адамды басқа тарапқа ұстап беруге міндеттеледі. Құжаттың 3-бабымен ұстап беруден бас тарту міндетті болатын түпкілікті негіздер көзделген және белгіленген.

2009 жылғы 16 наурызда Абу Дабиде жасалған Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб әмірліктері арасындағы Қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісім Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб әмірліктері арасындағы Қылмыскерлерді ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы Заңымен ратификацияланды.

2012 жылы 19 қаңтарда ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында «Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы Ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» заң қабылданды.

2012 жылы 19 қазанында Елбасы Испаниямен қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек беру туралы Конвенцияны ратификациялау туралы заңға қол қойды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов бастаған қазақстандық делегацияның Венгрияға ресми сапары барысында Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Асхат Дауылбаев Венгрияның Мемлекеттік әділет министрі Роберт Репашимен және Венгрияның Бас прокуроры Петер Полтпен кездесу барысында, Қазақстан мен Венгрия арасындағы қылмыскерлерді ұстап беру туралы шартқа қол қойылды.

Қазақстандық құқыққорғау органдарының трансұлттық қылмыспен күресудегі шетелдік әріптестерімен күш-жігерін біріктіру Қазақстан Бас прокуратурасы жұмысының басым бағыты болып табылады. Еуропалық елдермен осы сияқты шарттарды жасасу еуропалық мемлекеттер тарапынан Қазақстанның құқықтық жүйесіне деген сенімінің артуының, біздің мемлекетіміздегі адамның құқығы мен бостандығын қорғаудағы кепілдемені қамтамасыз етудің жалпыға бірдей халықаралық стандартына жауап беретін тетіктердің құрылуының дәлелі болып табылады.

2013 жылы ҚР «Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» заңы қабылданды. Конвенция ережелері мен өз заңнамаларына сәйкес, тараптар екі мемлекетті біріктіретін байланыстарды қолдауға және нығайтуға ниет білдіре отырып, қылмыстарды болдырмау, тергеу және сотпен қудалау ісінде, әсіресе ұйымдасқан қылмысқа және лаңкестікке қарсы күресте екі мемлекет арасындағы тиімді ынтымақтастықты неғұрлым дамытуға ниет білдіре отырып, екі мемлекет арасында қылмыстық істер бойынша үйлестіруді және өзара көмек көрсетуді өз заңнамаларына және қағидаларына сәйкес жақсартуға ұмтылады. Сондай-ақ, салық, кедендік баж салығы, валюталық бақылау және өзге де қаржы мәселесіндегі қылмыстарда да көмек көрсетіледі. Конвенция ұстап беру мақсатында немесе ұстап беру туралы сұрау салу үшін адамдарды қамауға алу, қылмыстық істер бойынша, оның ішінде сотталған адамдарды тапсыру туралы сот шешімдерін орындау, жекелеген адамдарға немесе үшінші мемлекеттерге тікелей көмек көрсету қатынастарына қолданылмайды. Қазақстан мен Испания Корольдігі арасында қылмыстық істер бойынша өзара көмектер көрсетіледі.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы» заңы мақұлдады. Аталған шарт қылмыспен күресте тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету және ұстап беру саласында Қазақстан мен Иран арасындағы қатынастарды реттейтін болады. Құжаттың ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы қылмыстық қудалауды және үкімді орындауды жүзеге асыру үшін іздеу салынған

адамдарды бір-біріне ұстап беруге міндеттенеді. Шарттың мақсаттарында сұрау салынған сәтте екі тараптың ұлттық заңнамаларына сәйкес жазаға тартылатын және кемінде 1 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза көзделетін қылмыстар ұстап беруге жататын болады. Егер ұстап беру туралы салынған сұрау, сұрау салған тараптың соты бас бостандығынан айыруға соттаған адамға қатысты болған жағдайда, сондай-ақ егер адам кемінде 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылатын жағдайда қылмыскерлер ұстап берілуі мүмкін. Бұл ретте құжатта ұстап берудің рәсімі, қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ транзит пен шығыстар мәселесі қамтылады.

«Қазақстан мен Қырғызстан арасында қылмыскерлерді ұстап беру жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан арасындағы келісім шарттарына сәйкес, іздеуде жүрген қылмыскерлерді қылмыстық жауапқа тарту үшін бір-біріне беретін болды. Екі елдің ұлттық заңнамасына сәйкес, сұрау салу кезінде кем дегенде бір жылға дейін қылмыстық жауапкершілікке тартылатын қылмыскерлерді ұстап беріледі.

2015 жылы 22 қаңтарда ҚР Бас прокуроры Асхат Дауылбаев пен Италияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Стефано Раваньян екі ел арасындағы қылмыскерлерді ұстап беру туралы, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарттарға қол қойды. ҚР Бас прокурорының бүгін осы құжатты бекіту Еуропалық қоғамдастықпен құқықтық қатынастың үдемелі дамуының және Қазақстанның құқықтық жүйесіне сенімнің көрінісі екенін атап өтті. Айта кетейік, Италия қылмыстық-құқықтық саладағы мемлекетаралық шарттардың толық жинағын жасасқан алғашқы еуропалық елдердің бірі болып табылады. 2013 жылдың күзінде екі ел арасында сотталған адамдарды тапсыру туралы келісімге қол қойылды және Қазақстан осы келісімді 2014 жылдың күзінде ратификациялады.

2015 жылы 23 сәуірде Қазақстан мен АҚШ арасында Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартқа қол қойылды [101]. Бұл – АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен қол қойған осы сипаттағы алғашқы келісімі. Тараптар ведомствоаралық қарым-қатынасты одан әрі кеңейтуге, Қазақстан және АҚШ құқықтық жүйелері арасындағы ынтымақтастықты жоғары

деңгейге жеткізуге дайын екенін білдірді. Айта кетейік, келісімге қол қоюдың Қазақстан-Америка құқықтық ынтымақтастығын нығайтудағы, қылмыспен күресудегі екі елдің күштерін жұмылдырудағы тарихи маңызды әрі елеулі оқиға екенін атап өтті. Келісімге қол қою, екі елдің ішкі мемлекеттік рәсімдері аяқталған соң, қазақстандық және америкалық уәкілетті органдардың тергеу, қылмыстық қудалау және қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу саласында, сонымен қатар қылмыстық істерге қатысты тексерулер жүргізу бойынша бір-біріне белсенді құқықтық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы қылмыстылықпен күресу аясында Батыс елдерімен ынтымақтастығының құқықтық негізі жетілдірілуде. Сонымен, бүгінгі таңда ҚР-ның қылмыстық юрисдикциясында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін реттейтін шарттардың екі түрі бар. Бірінші түрі, ҚР-ның атынан жасалынған, ратификацияланған мемлекетаралық шарттар. Оларға жоғарыда сөз болған екіжақты шарттарды жатқызамыз. Ал, екінші түрі – ҚР Бас Прокуратурасы мен ҚР ІІМ-імен жасалынған, ратификацияланбаған ведомствааралық келісімдер болып табылады. Алдағы міндет экстрадиция мәселесін реттейтін екіжақты келісімшарттарға көңіл бөлу. Мысалы, 1993 жылғы 9 наурыздағы (Омск) ҚР ІІМ-мен және РФ-ның ІІМ-нің арасында ынтымақтастық туралы келісім-шартының 7-бабының «а», «б»-тармақтары [102, 61 б.] тұлғаларды ұстап беруге арналған. Сонымен қатар, 1993 жылғы 7 қарашадағы (Алматы) ҚР ІІМ-мен және Литва Республикасының ІІМ арасындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарты [103], 1995 жылғы 24 сәуірдегі (Бішкек) ҚР ІІМ-мен және өзбекстан Республикасы ІІМ арасындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарты [103], ҚР ІІМ-мен және Украина Республикасы ІІМ-нің арасындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарттарын (2-бабының 1. т.) [103] атауға болады.

Қорытындылай келгенде, Қазақстанда қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін реттеуде екіжақты шарттық – құқығы белсенді түрде дамытып келе жатыр деуге толық негіз бар. Бірақ автордың ойынша, аталған екіжақты шарттарда ұстап берілетін тұлғаның құқықтарын қорғау мәселесі жеткілікті түрде реттелмеген. Сондықтан, алдағы уақытта осы мәселе арнайы зерттеу объектісі бола алатынын айта кеткен жөн болар.

3.3 Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру бойынша көпжақты халықаралық құқықтық механизмдерге қатысуы

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру бойынша көпжақты халықаралық-құқықтық механизмдерге халықаралық ұйымдар мен көпжақты халықаралық шарттар аясындағы ынтымақтастықты жатқызуға болады. Бүгінгі таңда Қазақстан қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аясындағы көпжақты халықаралық ынтымақтастықты Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол) және ТМД елдерінің алдыңғы тарауда қаралып өткен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясы, Кишинев Конвенциясы, ТМД-на мүше-мемлекеттердің басшыларының Кеңесі, ТМД мемлекеттері Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесінің шеңберінде жүзеге асыруда.

Мемлекет аумағынан тыс іздестіру әрекеттерін жүзеге асыруда, яғни халықаралық іздестіруде 1923 жылы құрылған Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының [104, 16 б.] алатын орны ерекше. Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының қызметі туралы бізбен жоғарыда айтылған болатын. Бұл ұйым өзінің жүйелі құрылысына, құқықтық негізіне және техникалық қамтамасыз етілуіне қарай, халықаралық полициялық ынтымақтастықты тиімді басқарады. Ұйымның мүшелері мемлекет емес, арнайы полициялық органдар болып табылады [105, 14 б.]. Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының қысқаша тарихына тоқталсақ, 1889 жылы Халықаралық қылмыстық құқық одағының құрылтай отырысы болған. Оның қатысушылары халықаралық аренада болып жатқан халықаралық қылмыстылықпен күресуде әрбір елдің полициялық қызметін бір орталыққа шоғырландыруға шақырды.

1905 жылы герман тіліндегі елдердің криминалистерінің халықаралық конференциясында халықаралық қылмыстылыққа қарсы күресу үшін полициялық қызметті біріктіруге қадам жасалынды. Криминалистер Гамбургте өздерінің 10-шы халықаралық ассамблеясында қарар қабылдады, халықаралық қылмыстылық туралы мәліметті алмастыру үшін барлық елде полициялық орталық бюросын ұйымдастыру қажет, – деген қорытындыға келген.

Халықаралық қылмыстылықпен күресу мәселелері ұқсас халықаралық конференцияларда және конгресстерде кеңінен талқыланылды: 1905 ж. (Буэнес-Айресте); 1909 ж. (Мадридте); 1910 ж. (Буэнес-Айресте); 1912 ж. (Сан-Паулода, Берлинде); 1913 ж. (Вашингтонда). Онда халықаралық қылмыстылықпен күресу үшін халықаралық полиция ұйымын құру мәселесі қозғалынылған.

Криминалдық полицияның 1944 ж. 14-20 сәуір аралығында Монакода өткен бірінші Халықаралық конгрессіне Франция, Италия, Ресей, Австрия және Ұлыбритания елдерінің қылмыстық полицияларының өкілдері қатысты. Конгресс қылмыстарды экстрадициялау және қамау рәсімдерін жүйелендіру мәселесін талқылады. Қорытындысында Монако үкіметіне Парижде халықаралық қылмысты идентификациялаудың бірегей халықаралық бюросын ұйымдастыру және төл құжаттың бірегей стандартын дайындау бойынша халықаралық комиссияны құру жүктелінді. Бірақ, Монакода қабылданылған барлық қарарлар бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуының нәтижесінде қараусыз қалды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Халықаралық полиция ұйымының қажеттілігі арта түсті. Бұл халықаралық қылмыстың кең етек алуымен, осы қылмыстардың салдарынан материалдың шығындардың көбеюімен байланысты болды. Бір елдің құқыққорғау органдарының жеке халықаралық қылмыстылықпен күресуге күші жетпейтін бола бастады. Осыған орай, 1923 жылы 3-6 қыркүйек аралығында Венада Халықаралық полициялық конгресс болды. Конгресстің ерекшелігі, осы жерде Халықаралық полиция комиссиясы құрылды. Яғни, 1923 жылдың 6 қыркүйегінен бастап Интерполдың қалыптасуы басталады. Тек, 1956 жылға дейін бұл ұйым Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясы деп аталынып келген. Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясы 1924 ж. Өзінің даму бағытын белгілейтін қарарын қабылдады. Мысалы, халықаралық қылмыстылық бойынша мәліметті жинайтын мәліметтік бөлімді құру, қылмыс жасаған тұлғаларды халықаралық іздестіру жүйесін дайындау мәселелері көзделген.

1926 ж. 17-20 қыркүйек аралығында Берлинде өткен халықаралық қылмыстық полиция конгрессінің тақырыбы экстрадиция мәселесіне арналды. Бірақ, конгресс өткеннен кейін 4-жылдан кейін экстрадицияны жүзеге асырудың негізгі қағидалары жасалынған

болатын. Бұл жерде айта кеткен жөн, Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясының даму тарихының қараңғы кезеңдеріде болған, яғни герман нацистері өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру мақсатында осы ұйымның архивын белсенді түрде пайдаланған. 1940 жылдан бастап Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін комиссия қызметін неміс қауіпсіздік қызметі басқарған. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін батыс елдерінің полициялық ведомстваларының басшылары Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясын қайта құру бағытында шаралар қабылдай бастады. Соғыстан кейін Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясының конгрессін өткізуді Бельгия мемлекетінің әділет министрлігінің бас инспекторы Ф. Луваж өз мойнына алған.

1946 ж. 3-5 маусым аралығында Брюсселде әлемнің 17 елінің полициялық ведомствасының өкілдері Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясының қызметін қайта құру мақсатында жиналды. Конгресс қатысушылары бірегей Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясын қайта жандандыру пікірінде болған, сонымен қатар, 19 ел Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясына өздерінің қатысуын бекітті. Комиссия 1923 жылғы ескі Жарғымен қоса Уақытша ережені қабылдаған. Осы кезеңнің ерекшелігі, бір мезетте Жарғы да, Уақытша ереже де әрекет етті. Жарғы комиссияның құрылтай құжаты ретінде табылғанымен, классикалық халықаралық құқықтың көзқарасы бойынша Жарғы құрылтай актісінің ұғымына сай келмеген [104, 14-18 бб.]. Комиссияның 24-ші сессиясының қатысушылары 1956 ж. Стамбулде Жарғының жаңа жобасын дайындау туралы шешім қабылдады. 1956 ж. Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясының Бас Ассамблеясының 25-ші сессиясында Венада ұйымның Жарғысы қабылданылып, Жарғының 1-бабына сәйкес, Халықаралық қылмыстық полиция комиссиясы деп аталатын ұйымның аты өзгертілінді, яғни Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол) деп аталынылды [104, 143 б.].

Сонымен, Халықаралық қылмыстық полиция ұйымының тарихына үңіле отырып, Интерполды құрудың инициаторлары мемлекеттер емес, әлемдегі елдердің полициялық қызметінің ұлттық үкіметтік емес ұйымдары екендігіне көз жеткіземіз. Осыған орай, Интерпол – полиция емес, қылмыстылықпен күресудегі

мүдделі елдердің қылмыстық полиция ведомствасын біріктіретін халықаралық ұйым.

80-90 жылдары Интерполға мүше-мемлекеттердің қатары өсті. 1990 ж. Интерполға КСРО-ғы мүше болып енді, бүгінде Ресей Федерациясы КСРО-ның құққабылдаушысы болып табылады. Ал, 1991-1996 жылдары Интерполға мүше болып Армения, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдава, өзбекстан, Эстония, Украина қабылданылды. Қылмыстылықпен халықаралық арена деңгейінде күресетін Интерполға Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, 1992 жылы Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына Қазақстанның енуі туралы мәселе көтерілген, яғни осы жылы Сенегалдың астанасы Дакареде болған 61-ші Бас Ассамблеясында тең құқылы мүше болып қабылданылды [106, 47 б.]. Осы ұйым шеңберінде қылмыс жасаған тұлғаларға халықаралық іздеу салып, ұсталған тұлғаларды іздеу салған мемлекеттерге экстрадициялауда Интерполдың Ұлттық Орталық Бюроларының маңызы аса зор.

ҰОБ – қылмыстылықпен күресу бойынша мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының орталығы және орнындағы Интерполдың тұрақты әрекет ететін органы [8, 92 б.]. Сондай-ақ, бір мезетте ол осы мемлекеттің қылмыстылықпен күресу үшін күзiреттiлiктi иемденетiн полициялық орган болып табылады. Осындай және осыған ұқсас орган бiрде бiр халықаралық ұйымда жоқтың қасы. Халықаралық полициялық ынтымақтастықтың пункті ретінде ҰОБ-сы өзі орналасқан елінің сот, прокуратура, кеден органдарымен, ал, халықаралық деңгейде – өзге елдегі ҰОБ-мен және Бас секретариатпен іскерлік байланыста болады. Бас секретариаттың және өзге елдердің ҰОБ-ның өтiнiштерi мен талаптары сол елдің СІМ-не немесе өзгеде мемлекеттік ведомстваларына емес, тікелей сол елдің ҰОБ-ның басшысына келіп түседі. ҰОБ-ның басшысы кiдiртпей, бұйрық тәртібімен өзіне бағынышты қызметкерлеріне белгіленген мерзімде өтiнiштi орындауын тапсырады. Осы нәтижеге ҰОБ-сы өз қызметінің оперативтігі мен жоғары тиімділігімен қол жеткізеді. Осындай Ұлттық Орталық Бюро Қазақстанда да қызмет етеді. Интерполдың жарғысына және ҚР Үкіметінің 1993 жылғы 20 шiлдедегi «Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына (Интерполға) Қазақстан Республикасының енуіне байланысты шаралар туралы» №629

қаулысына сәйкес [107, 19 б.], ҚР ПМ-нің жүйесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Орталық Бюросы құрылды. ҰОБ-сы ҚР ПМ-нің құрамына кіреді, құрамында екі бөлімнен: мәліметтік-техникалық және халықаралық іздестіруді қамтамасыз ету бөлімдерінен тұрады.

Қазақстан Республикасының ПМ-нің жүйесіндегі 1993 жылы 27 сәуірдегі ҚР ПМ-нің №320 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы туралы Ереженің [107, 20 б.] негізінде Қазақстан Республикасының ҰОБ-сы әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының ҰОБ-сы – қылмыстылықпен күресуге бағытталған Қазақстан Республикасы құқыққорғау және өзге де мемлекеттік органдарының Интерполға мүше-шетелдік мемлекеттерінің құқыққорғау органдарымен және Интерполдың Бас хатшысымен ынтымақтастық органы болып табылатын және бас басқару мәртебесін иемденетін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратының құрамына кіретін криминалдық полиция бөлімшесі. Интерполдың ҰОБ-сы құқыққорғау органдарымен тікелей байланыс жасау үшін өмір сүреді деуге болады. Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің 40 астам елдерімен байланыс орнатқан, яғни осы елдердің полициясымен тікелей жұмыс істелген [108, 72 б.].

ҰОБ-ның басты мақсаты: қылмыстық қылмыс туралы мәліметтермен тиімді халықаралық алмасуын қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шетелдік мемлекеттердің халықаралық құқыққорғау органдарының өтінішін орындауға көмек көрсету; қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын қылмыстылықпен күресу мәселесі бойынша халықаралық шарттардың орындалуын қадағалау. Интерполдың ҰОБ-сы тек қылмыстық қылмыстармен күресу аясында ғана өз қызметін жүзеге асырады (ал, саяси, әскери, діншілдік және нәсілдік қылмыстар қамтылмайды). Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру немесе экстратерриториялауда Ұлттық Орталық Бюроның негізгі атқаратын рөлі төмендегідей: Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Интерполдың Қазақстандағы Ұлттық Орталық бюросына осы ұйымның желісі бойынша белгілі бір тұлғаға іздеу салу немесе оны ұстап беру туралы тапсырыс береді. Ұлттық Орталық Бюро іздеу салынатын

немесе ұстап берілетін тұлғаның болжамды түрде қай мемлекетте орналасуы мүмкін екеніне қарай сол мемлекеттегі Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросына қажетті тұлғаны іздеп тауып, ұстап беру туралы хабар жібереді. Егер шет мемлекеттердің Ұлттық Орталық Бюроларының бірінен іздеу салынған тұлғаның табылғандығы туралы хабар келсе, Қазақстандық Ұлттық Орталық Бюро оған аталған тұлғаны қамауға алу және экстрадициялау туралы туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы дайындаған қажетті құқықтық құжаттардың көшірмесін (қамауға алу туралы қаулының көрмесі, ұстап беру туралы өтініш және басқа да құжаттар) береді. Ал, ұстап беру туралы тапсырманың түп нұсқасын Бас Прокуратура дипломатиялық каналдар бойынша сұрау жіберілген мемлекеттің тиісті әділет немесе прокуратура органына жібереді.

Қазақстан Республикасының ҰОБ-ның тәжірибесінде нәтижелер бар, яғни, халықаралық іздестіруде болған қылмыс жасаған тұлғалардың бірнешеуін ұстаған, экстрадиция туралы мәселені шешу үшін істің бәрі Бас прокуратураға жіберілген. Мысалы, 1 миллион доллар көлемінде ақша қаражатын талан-тараж жасаған және сонында қашып кетіп тығылған, халықаралық іздестіру жарияланған Қазақстанның азаматы қылмыскер Кучманы Полшада ұсталған [108, 73 б.]. Сонымен қатар, Қазақстан Скотленд-Ярдпен бірге тергеуді 1993 жылы бастап 1995 жылы аяқтаған. Англияда 200 мың фунт стерлинг көлеміндегі парфюмерия өнімдерін ірі мөлшерде талан-таражға салынған. Осы қылмыс Англияда басталып Қазақстанда аяқталған. Үлкен мөлшерде жүк жоғалған. Тергеу барысында осы жүк басында Балтикада кездестірілді, ал соңында іздер Алматыға алып келген. Қазақстанға Скотленд-Ярдпен оперативтік-тергеу тобы келген, Қазақстан тарапынан оперативтік шаралар жүргізіліп, контрабандалық жүк келген фирма мен адамдары анықталынған. Тергеу аяқталып, тауарлар алынып, тәркіленген [108, 75 б.].

Бүгінде Қазақстан Республикасында экстрадиция мәселесі 1998 жылы 27 сәуірде ҚР ІІМ-мен бекітілген «Интерпол линиясы арқылы Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдарымен өтінішті жіберу және тапсырманы орындау туралы» Нұсқаумен де реттелінеді [109, 185 б.]. Осы Нұсқаудың мақсаты халықаралық сипаттағы қылмыстың алдын алу, ашу және

тергеу процессінде Интерпол арқылы құқыққорғау органдарымен өтінішті жіберу және тапсырманы орындау тәртібін бекіту болып табылады. Нұсқаудың VI тарауы қылмыс жасаған тұлғаларды тұтқынға алу және экстрадициялауға (ұстап беруге) арналған. Осы Нұсқауға сәйкес, экстрадиция – бұл рәсім, яғни, бір мемлекет өзге мемлекеттен осы мемлекетпен сотталған тұлғаны, немесе оны сотқа тарту немесе үкімді орындау мақсатында оған қатысты ұлттық заңымен қылмыстық қудалау жүзеге асырылған тұлғаны ұстап беруін сұрауы мүмкін. Сонымен қатар, осы жерде бір мезетте экстрадицияны заңдық акті ретінде де қарастырған, яғни ұстап беру талабы қойылған тарап тұлғаны беру арқылы да жүзеге асыруын білдіреді.

Жоғарыда айтып кеткендей, қылмыс жасаған тұлғаларды тұтқынға алу және ұстап беру мәселесі Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының құзіреттілігіне жататындығы бәрімізге белгілі, осыған байланысты экстрадициялауға жататын тұлғаны тұтқынға алу және ұстап беру туралы өтініші ПМ-інің тергеу органына немесе Қазақстан Республикасы Прокуратурасының тергеу және анықтама үшін қадағалау Басқармасына бағытталынады. Республика прокуратурасының тергеу және анықтама үшін қадағалау Басқармасының тапсырмасы бойынша осы елдегі Интерполдың ҰОБ-сы іздестірілген тұлғаның болуы мүмкін елдің Интерполының ҰОБ-сы арқылы немесе Интерполдың Бас секретариаты арқылы халықаралық іздестіруді ұйымдастырады. Шет мемлекеттің ҰОБ-нан оның аумағында іздестірілген тұлғаның табылғандығы туралы мәліметті алғаннан кейін, ұстап беру талабы қойылған тараптың ҰОБ-на Бас прокуратурамен дайындалған тұтқынға алу және ұстап беру туралы халықаралық тергеу тапсырмасының шет тілге аударылған көшірмесін береді. Сонымен қатар, Бас прокуратура көзделген тапсырманың түпданасын ұстап беру талабы қойылған тараптың тиісті әділет немесе прокуратура органына дипломатиялық арна арқылы жібереді.

Нұсқауда өзге де шарттармен және заңдарда көзделгендей, ұстап беруге әкелетін қылмыстар, оларды жасағаны үшін мыналар көзделетін қылмыстарды білдіреді:

1) жасалған қылмыс қауіпті болуы және оны жасағаны үшін бір жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза немесе одан да ауыр жаза көзделсе;

2) жасалған іс-әрекет бір мезетте сұратып отырған елдің де және ұстап беру талабы қойылған елдің де қылмыстық заңы бойынша (екіжақты инкриминациялау ережесі) жазалануы тиіс.

Ұстап беру туралы мәселе қарастырылмайды, егер:

– ұстап беру туралы өтініш түскен тұлғамен жасалған құқықбұзушылық саяси сипатта болса;

– ұстап беру туралы өтініш оның нәсіліне, дініне, азаматтығына, саяси көзқарастарына байланысты қылмыстық қудалауды қозғау немесе жазаны орындау мақсатымен ұсынылды деп болжауға негіздер бар болса;

– ұстап беру әскери құқық аясындағы құқықбұзушылық болып табылатын іс-әрекетке байланысты сұратылған болса, ұстап беруге жол берілмейді.

Интерпол линиясы арқылы ҚР құқыққорғау органдары өтінішті ала отырып, тапсырманы орындаған. Мысалы, өзге елдің алаяқ бизнесмендері біздің елімізге келіп құқықбұзушылық жасаған. Екі ағылшын отбасы Қазақстанда «Элитный туризм» фирмасын ашқан. Анықтай келе, олар бұрыннан бері Еуропада іздеу салынған, ірі халықаралық алаяқтар болып табылған және олар Қазақстанға келіп қудалаудан тығылған. Осы жерде Қазақстанның ҰОБ-сы оларды анықтаған, бірақ олар қашып үлгерді. Осында тағыда Скотленд-Ярддан оперативтік топ келіп, алаяқтарды іздестіруді жалғастырған [108, 75 б.]. Интерпол желісі бойынша қылмыскерлерді ұстап берудің халықаралық – құқықтық механизімі өте ыңғайлы болып табылады. Өйткені ұстап беру процедурасы салыстырмалы түрде қарағанда тез жүреді және Интерполға 180-нен аса мемлекет мүше екенін ескерсек, оның тиімді механизм екеніне көзіміз жетеді. Алайда, Интерпол желісі бойынша кез келген тұлғалар экстрадициялана бермейді. Мысалы, осыған дейін айтып кеткеніміздей, бұл ұйым саяси сипаты бар істерді, сондай-ақ әскери, діни, нәсілдік тұрғыдағы тұлғаларды ұстап беру жөніндегі істерді қарастырмайды.

Экстрадициялау үшін қойылатын басты талаптардың бірі – жасалған қылмыс екі тараптың да (яғни, сұраушы және сұраушы тараптар) заңнамасы бойынша қылмыстық іс-әрекет ретінде танылуға тиіс. Мұны теорияда «екіжақты инкриминация (Айып тағу) қағидасы» деп атайтынын бірнеше рет тілге тиек еткен болғанбыз.

Қазақстан осы жылдар ішінде осы танымал халықаралық ұйыммен ақпарат алмасудың сенімді жүйесін орнықтырды. Интерполдық Ұлттық Орталық Бюросы жыл сайын өлімізде және шетелде жасырынып жүрген 50-ден астам қылмыскерді анықтайды. 2002 жылы Интерполдың сұрауы бойынша Қазақстаннан 4 қылмыскер қайтарылса, ал Қазақстанға 2 қылмыскер қайтарылды [110]. Міне, айта кеткен жөн, өзіміз білетін Міндетті медициналық сақтандыру қорының бұрынғы төрағасы Сұмағұловтың ісі бәрімізге аян. Осы Сұмағұловқа Қазақстанның ҰОБ-сы халықаралық іздестіру жарияланғандығын мысалға айтуға болады [108, 75 б.]. Сондай-ақ, Интерпол желісі бойынша қылмыстық әлемнің бір басшысы Болатбек Несипбаев (Рыжий Алмаз деген бүркеме атпен белгілі) халықаралық іздестіруде болған. Оның өлігі Испанияда табылған. Несипбаевты біздің еліміз жіберген саусақ белгілері бойынша идентификациялау жасалынған [111, 42 б.].

Қылмыстылықтың шекарасы жоқ, қылмыс интернационалды және транснационалды деуге болады. Егер біздер өз шекарамызды қорғасақ, егеменділікке барсақ, ал қылмыскерлер осы шекараны сақтамайды, және осы жерде Интерпол – халықаралық қылмыстылықпен күресудің жалғыз ғана механизмі болып табылады деуге әбден болады.

Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру бойынша көпжақты халықаралық-құқықтық ынтымақтастықтың тағы бір нысанын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберіндегі экстрадициялық мәселелерді шешу қызметтері құрайды. Бүгінгі таңда қылмыстылықпен күресу аясындағы ТМД-на мүше-мемлекеттердің келісімшарттарын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, жалпы механизм деп аталады, яғни экстрадиция мәселесінің Достастық шегінде жүзеге асырылуы, яғни ҚР-сы өзінің халықаралық-құқықтық механизмін бізбен жоғарыда толық қарастырылған Минск Конвенциясы мен Кишинев Конвенциясы шегінде жүзеге асырады. Э.Б. Мельниковтың пікірі бойынша, «Минск Конвенциясы құқықтық көмек туралы халықаралық көпжақты келісімшарттардың «идеалды» моделі болып табылады, Конвенция өз кезегінде халықаралық-құқықтық көмектің жүзеге асырылуын жеңілдетеді және осы процесте қалыптасқан құқықтық кемшіліктерді азайтады» [112, 261 б.].

Минск Конвенциясы мен Кишинев Конвенциясымен қоса, ТМД-ның шеңберіндегі экстрадициялық мәселелер ТМД-на мүше-мемлекеттердің мемлекет басшыларының Кеңесіменде тікелей реттелінеді. Кеңес қылмыстылықпен күресу аясындағы ынтымақтастық тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2000 жылы 25 қаңтарда 2000-2003 жж. аралығында қылмыстылықпен күресудің Мемлекетаралық бағдарламасын бекіту туралы шешім қабылдады [113]. Мемлекетаралық бағдарлама қылмыстылықпен күресудегі ТМД-на мүше-мемлекеттердің ынтымақтастығын жетілдіру мақсатындағы 1998 жылғы 25 қарашадағы ТМД Үкімет басшыларының Кеңесінің шешімін орындау үшін жасалынылды. Қылмыстылықпен күресу бірлескен Мемлекетаралық бағдарламаны қабылдау қылмыстылықпен күресу аясындағы бірігудің маңызды нәтижесі. Осы бағдарлама криминалдық әлеммен күресуде нормативтік құқықтық негізді толық қамтамасыз етеді.

Мемлекетаралық бағдарламаның алдына қойылған шаралары: ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық негіздерін нығайту мақсатында, азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Конвенцияны жетілдіру. Бұл тапсырма ТМД-на мүше-мемлекеттердің Бас прокурорларының Координациялық Кеңесіне жүктелінілді.

– өзге мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру тәртібі туралы ұлттық заңдарды жетілдіру;

– Интерполдың Бас Ассамблеясының және Интерполдың ҰОБ-ның ұсынысын ескере отырып, ТМД-на мүше-мемлекеттердің аумағындағы тұлғаларды мемлекетаралық іздестіру туралы Нұсқауының жаңа редакциясын дайындау;

– ТМД-на мүше-мемлекеттердің қылмыстылықпен күресу аясындағы халықаралық ынтымақтастығының халықаралық-құқықтық базасын кеңейту мақсатында БҰҰ-ның және Европа Кеңесі аумағында жасалынған негізгі шарттарға қосылу тиімділігі туралы мәселені қарастыру.

Бірақ, Мемлекетаралық бағдарламаны жүзеге асыру процесінде біздің көзқарасымыз бойынша, жоспарланған кейбір шаралар тиімсіз. Өйткені, бағдарламада 70-жуық шаралар көзделген. Әрбір мемлекеттің қабылдаған экстрадиция тәртібі ту-

ралы заңдары толық ТМД-ның Минск Конвенциясына сай келмейді. Мысалы, ҚР ҚДЖК мен Минск Конвенциясы мен Кишинев Конвенциясының ережелері бізбен жоғарыда талданылған болатын. Осы алға қойылған мәселелерді шешуге қол жеткізу үшін 2002 жылы 7 қазанда Кишиневте ТМД-ның мемлекет басшыларының Кеңесі 2003-2004 жылдар аралығындағы қылмыстылықпен күресудің жаңа Мемлекетаралық бағдарламасын бекітті [114] және Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Кишинев Конвенциясын қабылдады [83, 9 б]. Мемлекетаралық бағдарламада БҰҰ-ның, оның арнайы мекемелерінің және Европа Кеңесінің шеңберінде жасалынған негізгі халықаралық шарттарды қамти отырып, осы шарттарға қосылу міндеттілігі жүктелінді (мысалы, 1957 жылғы ұстап беру туралы Европа Конвенциясына).

Екіншісі – бұл ведомствалық механизм. Қылмыстылықпен күресудің басты бағытын әртүрлі мемлекеттердің құқыққорғау органдарының өзара әрекеті бейнелейді. Бұл жерде ТМД мемлекеттері Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесінің қызметін айтуға болады. Бас прокурорлардың Үйлестіру Кеңесі 1995 жылы 7 желтоқсанда құрылып, өз қызметін Үйлестіру Кеңесі Ережесінің негізінде жүзеге асыруда. Бас прокурорлардың Үйлестіру Кеңесінің мақсаты 1-бапқа сәйкес, «... қылмыстылықпен күресу саласында ТМД-на мүше-мемлекеттердің прокуратура органдарының ынтымақтастығын нығайту...» [115, 152 б.].

ТМД-ды мемлекет басшыларының Кеңесінің 2000 жылғы 25 қаңтардағы ТМД-на мүше-мемлекеттердің Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесі туралы шешімінде ТМД-на мүше-мемлекеттердің Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесіне Достастықтың мемлекетаралық органы мәртебесі берілді. Бішкекте 2003 жылы 4 қыркүйекте ТМД мемлекеттерінің Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесінің отырысы болды. Күн тәртібінде: тұлғаларды ұстап беру және ТМД-на мүше-мемлекеттердің құқыққорғау органдарының ынтымақтастығын нормативтік құқықтық реттеу туралы мәселелер қойылды. Осы алға қойылған мәселелерді шешу мақсатында 2002 жылы 7 қазанда ТМД елдерінің басшылары қол қойған Кишинев Конвенциясын ратификациялау процессін жеделдету бойынша шаралар қолдануды

ТМДелдерінің басшыларына жүктелген [116, 13-14 бб.]. Үйлестіру Кеңесі өз отырысын Киевте 2004 жылдың сәуірінде өткізуді шешкен.

Өз кезегінде Л.Ю. Галенская, ұстап беруге жататын тұлғаны іздестіру ісінде мүдделі мемлекетке құқықтық көмек көрсету, біріншіден, дипломатиялық жолмен және екіншіден, өз елінде іздестіру және анықтау өкілеттілігін иемденетін органдар арасындағы байланыс арқылы жүзеге асырылу мүмкіндігін атап көрсеткен [40, 8-10 б.]. Осы көзқарас халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мақсатында кеңінен қолдау табуда. Мысалы, 1992 жылғы 24 сәуірдегі қылмыстылықпен күресу аясындағы тәуелсіз мемлекеттердің ПМ-нің өзара әрекет етуі туралы келісім-шартының 6-бабына сәйкес, «қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе үкімді орындау үшін тұлғаларды ұстап беруге» өзара көмек береді. Ал, 1999 жылы шілдеде ҚР-сы ТМД-на мүше-мемлекеттердің аумағындағы құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің келуі және өзара әрекет ету тәртібі туралы шартты бекітті.

Тағы бір айта кететін жай, 1996 жылы бірінші рет және жалғыз ғана прокурорлар ұйымы болып табылатын Прокурорлардың Халықаралық Ассамблеясы құрылған. Бұл ұйым қылмыстылықпен күресудегі құқыққорғау органдарының өзара әрекет етуінің тағы бір желісінің қалыптасқандығын көрсетеді. Міне, 1999 жылы қыркүйекте ҚР-сы Бас прокуратурасы осы халықаралық ұйымның мүшесі болып қабылданылды [117, 47 б.].

Жұмыстың осы бөлігінде қарастыруды талап ететін тағы бір мәселе – бұл Еуропа Кеңесі аясында 1957 жылы қабылданған және экстрадиция аясындағы халықаралық құқықтың атақты қайнар көздерінің бірі ретінде танылған ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясына [57] Қазақстанның қосылу қажеттілігі. Қазақстан бұл Конвенцияға бүгінгі таңда, ең алдымен, осы жалпы еуропалық аймақтық ұйымның мүшесі болып табылмағандықтан қатыспайды. Біздің еліміз бұл ұйымға мүше боп ену мәселесі жайлы онымен 1995 жылдан бастап ресми келіс сөздер жүргізіп келеді. Қазіргі уақытқа дейін оңды жауап аланған жоқ. Дегенмен де, республикамыз өзіне бақылаушы мәртебесін беруді белсенді түрде танытуда, өйткені бұл құқықтық жағдай оған болашақта осы ұйымның толық құқықты мүшесі болуға мүмкіндік береді. Ал, Еуропа Кеңесінің өзі, сірә, Қазақстанның толық мүшелігі

туралы мәселені қарастыруға болмайды деген пікірді ұстанатын көрінеді. Логикаға сүйенсек мұндай позиция 1989 жылы Еуропа Кеңесі – парламенттік ассамблеясының Консультативті (кеңес беруші) органымен оның Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерін, оларды ұйымның толық құқылы мүшелігіне қабылдағанға дейін, білдіру үшін құрылған арнайы шақырылған ел мәртебесін де жоққа шығаруға тиіс.

Еуропа Кеңесінің ресми көз қарасы бойынша Қазақстанға, ұйымның өз жалғасын қайта қарастыру жөніндегі арнайы комитетімен ұсынылған, ассоцияцияланған-мүше мәртебесін беру қалыптасқан жағдайдан шығуға мүмкіндік берер еді. Еуропа Кеңесінің өз позициясына сүйенсек, бұл мәртебе Республикаға ұйыммен қажетті байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Мәселен, мұндай мәртебе кезінде Қазақстанның көптеген маңызды жалпы еуропалық Конвенцияларға, соның ішінде ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясына қосылуы Еуропа Кеңесі тарапынан қолдау табатын болады. Осылайша, ұйымның толық құқылы мүшесі болмағанның өзінде Қазақстан осы халықаралық шартқа қосыла алар еді. Алайда, қазіргі уақытта да Республикаға бақылаушы немесе ассоцияланған мүше мәртебесін бергенге дейін де, бұл мәселені шешу негізінен Еуропа кеңесінің өзіне байланысты. Ұйымның жоғарғы органы ретіндегі Министрлер кабинеті ғана парламенттік ассамблеяның ұсынысы бойынша Еуропа Кеңесіне мүше болып табылмайтын сол бір немесе өзге мемлекетті Конвенцияға қосылуға шақыруға уәкілетті. Бұл, сондай-ақ, Еуропа кеңесінің 44 мүше-мемлекетінің Қазақстанда ұстап беру туралы шарттың толық құқылы мүшесі ретінде қабылдап, өздеріне одан туындайтын тиісті халықаралық-құқықтық міндеттемелерді алуға дайын екендігіне келісімін де ескерген маңызды екенін білдіреді. Қалай болғанда да, 1957 жылғы ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясы мен 1975 жылғы және 1978 жылғы оның қосымша Хаттамаларына мүше болу тілегі Республиканың өзінен, сондай-ақ, қазіргі уақытта Еуропа Кеңесінің мүшелері болып табылатын КСРО құрамындағы бұрынғы 9 одақтық республикаларды (Ресей, Литва, Латвия, Эстония, Украина, Молдова, Грузия, Армения, әзірбайжан) тарта алатын оның саяси ерік-жігерінен туындау керек. Ерекше қолдауға Қазақстан Ресей тарапынан ие болар еді. Өйткені, оның ресми

өкілі ретінде бүгінгі таңда он көрнекті еуропалық қайраткерлерден тұратын және Еуропа Кеңесіне мүше елдердің мемлекет және үкімет басшыларының тапсырысы бойынша ұйымды жаңа міндеттер мен оның кеңейтілген құрамына қайта бейімдеу үшін Министрлер Комитетімен 1997 жылдың қазан айында құрылған даналар Комитетінің мүшесі болып табылады.

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылай келе, Қазақстанның халықаралық қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтастығының екі түрге бөлуге болады:

1) шарттық-құқықтық (яғни, осы жұмыстың жоғарғы бөлімінде айтылғандай Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы екіжақты шарттарды жасасуы);

2) Конвенциялық механизм (яғни, халықаралық ұйымдар аясындағы институциялық механизмі және арнайы келісімдерді жасасу жолдары).

Осындай ынтымақтастық процесінде мемлекет халықаралық құқықбұзушылықты саралаудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін келіседі, халықаралық қылмыстылықтың алдын алу және жою шараларын белгілейді, жеке қылмыстарға және қылмыс жасаған тұлғаларға өз юрисдикциясын белгілейді, жазаның қайталанбауын қамтамасыз етеді, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті жүзеге асырады.

Түйіндей келе, Қазақстанның халықаралық қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтастығының төмендегідей негізгі нысандарын бөліп көрсетуге болады:

- мемлекеттер арасында жасалынған арнайы келісімдерге қатысты қылмыстық алдын алу және бұлтартпау;
- қылмыстық қудалау үшін өзге мемлекетке немесе халықаралық органға қылмыскерді ұстап беру;
- өзге мемлекетте сот әділдігін жүзеге асыру кезінде өз мемлекетінің азаматының құқықтары мен бостандығын қорғау;
- қылмыстылықтың себебі мен өзге де мәселелерін бірігіп анықтау, сонымен қатар, полициялық және өзге органдардың жұмысының тәжірибесімен алмасу;
- өзге мемлекетке материалдық-техникалық көмек көрсету, оперативтік, құқықтық мағлұматтармен алмасу және т.б.

Қазақстан Республикасының халықаралық қылмыстылықпен күресудегі осы жоғарыда аталған нысандарға бөлу халықаралық қылмыстылықпен күресудегі қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесінің күрделілігімен және мүдделі мемлекеттің егемендігіне тікелей қол сұғатындығымен байланысты болып отыр. Экстрадициялық рәсім өте күрделі, уақыты бойынша ұзақ прогресс, яғни, бірнеше мемлекеттердің мүддесіне қол сұғылатындығымен айқындалынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғалымдар арасында ұстап беру институтының пайда болуына қатысты екі ғылыми көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарастағы ғалымдар, ұстап беру институтының қалыптасуын халықаралық құқықтың дамуымен байланыстырса, ал келесі ғалымдар тобы ХІХ ғасырдың аяғымен және ХХ ғасырдың басындағы буржуазиялық төңкеріспен байланыстырады. Екінші концепцияның өкілдері халықаралық құқықты өздігінен қалыптасқан құқық саласы ретінде қарастыра отырып, оның пайда болуын мемлекеттің пайда болуымен және қоғамдағы таптардың бөлінуімен байланыстырмайды және халықаралық құқықтың ерте кезеңде болғандығын жоққа шығарады.

Зерттеуде осы концепция сынға алынды және көптеген қайнар көздерді талдау ұстап беру институтының құл иеленушілік және феодалдық кезеңдерде қалыптасқанын көрсетеді. Жұмыста, сонымен қатар, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының негізгі ережелері феодализмнің ыдыраған және капитализмнің пайда болуы және дамуы кезеңінде толығымен қалыптасқандығы айқындалды. Ұстап беру кез келген нысанында ертеден қалыптасқан институт, өйткені оның бастауын ерте кезеңдерден көруге болады, – деген көзқарасты иеленетін ғалымдардың осы көзқарасына осы зерттеудің авторыда қосылды. Сонымен, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты ұзақ тарихи қалыптасу және даму кезеңдерінен өткен. Ұстап беру кез келген нысанында әлі халықаралық құқық қалыптарының жүйесі қалыптаспаған және ол туралы жазылған ілім болмаған кезеңде пайда болған ерте цивилизациядағы институт болып табылады, – деген Бедидің пікірімен келісуге орынды.

Ұстап беру таптық қоғамның барлық тарихи түрлерін, мысалы, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік кезеңдер сатысынан өткен ерте институттардың бірі. Ерте ғасырда пайда

болған қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру институты кейіннен кейін маңызды өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер ұстап беру институтының қалыптасу процесінің халықаралық құқықтың дамуымен қатар жүргендігімен байланысты және таптық қоғамның барлық тарихи кезеңдерін қамтиды. Сөзсіз, халықаралық құқық кез келген тарихи кезеңнің бейнесін бейнелейді және сондықтан сол кезеңдерде өмір сүрген мемлекеттердің өзара қарым-қатынасының шегінде дамыған. Сонымен, қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру ерте кезеңнен белгілі екендігі және қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттердің өзара көмектесуінің ескі құралы болып табылатындығы ешқандай күдік тудырмайды. Халықаралық құқықтың жалпымен танылған қалыптарының негізінде мемлекеттер ынтымақтастығын кеңейту осы институттың бүгінгі және болашақта дамуын қамтамасыз етеді.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының терең тарихына қарамастан және бүгінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру ұғымына қатысты әртүрлі талқылаулар кездесуде, осыған орай, осы түсінікті жетік талдауды қажетті етуде. Осы ұғымның анықтамасына әртүрлі қарау, қылмыстық заңның кеңістікте әрекет етуінен және ұстап беруді жаза актісі ретінде бағалаудан туындауда. Міне, осы орай, ғалымдардың қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтына қатысты белгілі ғылыми ұғымдардың мазмұнын талдай келе, оның анықтамасын келесідей тұжырымдауды ұсынады.

Жалпы құқық бойынша, ұстап беру – халықаралық сипаттағы қылмысты жасаған тұлғаны аумағында қылмыс жасаған тұлға орналасқан бір мемлекет (ұстап беру талабы қойылған) оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін немесе осы тұлғаға қатысты заңдық күшіне енген үкімді орындау үшін аумағында қылмыс жасалған немесе қылмыс жасаған тұлға сол мемлекеттің азаматы болып табылатын өзге мемлекетке беру болып табылады. Осы анықтамаға орай, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының негізгі белгілерін бөліп көрсетуге болады:

1. Экстрадицияға қатысты барлық мәселелер сөзсіз мемлекеттің өкілетті органдарының ішкі өкілеттігіне жатқызылады. Тек, мемлекет ғана халықаралық құқықтың субъектісі ретінде ұстап беру туралы заңдарды дайындайды және қабылдайды, тиісті

халықаралық шарттарды жасасады және экстрадиция мәселесі бойынша мемлекетаралық тәжірибелік қызметті жүзеге асырады.

2. Ұстап беру тек қылмыстық іс-әрекет істеген жеке тұлғаға ғана қатысты, яғни, ұстап берудің субъектісі ретінде қылмыс жасаған және сол қылмыс үшін сотталған немесе қылмыс жасады деп сезіктелген және ұстап беруді талап етіп отырған мемлекеттің аумағынан тыс жерде болған жеке тұлға болып табылады.

3. Ұстап беру тек жасалған қылмыстық іс-әрекетке ғана қолданылады.

4. Ұстап беру туралы мәселені шешу ұстап беру талабы берілген тұлғаның азаматтығымен тығыз байланысты.

5. Халықаралық сипаттағы қылмысты жасаған тұлғаны ұстап беру туралы қойылған талап дұрыс шешімін тапқан жағдайда, сұратып отырған мемлекет қылмыстық іс-әрекет осы тұлғамен жасалынған деп есептейді.

6. Ұстап берілген тұлғаны ұстап беретін мемлекет анықтаған соттық қудаланады немесе жазалауға тартылады, яғни, ұстап беру ұстап берілген тұлғаның қылмыстық жазасын жорамалдайды.

7. Доктрина бір ауыздан, экстрадиция процесті құрайды, – деген тұжырымды қолдауда. Жоғарыда айтылған ұстап беру ұғымында авторлар «акті», «беру», «процесс» жөнінде сөз қозғаған. Әрине бұнымен келіспеске болмайды. Бірақ, ұстап беру институты тек процессуалдық құқық қалыптарынан құралады деген ұғымды бермеуі қажет. Демек, біз жоғарыда айтып кеткендей, ұстап беру туралы қалыптар Конституцияда, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде қамтылған. Сонымен қатар, ұстап беру ұлттық заңдармен қоса халықаралық келісімшарттарымен де реттелінеді. Осы айтылғандардың барлығы ұстап беру процессінің негізін құрайтын қалыптардың кешендік сипатын растайды.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелерінің күрделі аспектілерінің бірі болып ұстап берудің құқықтық негізі табылады, өйткені құқық доктринасында әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Сонымен, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының құқықтық негіздері мыналар бола алады: қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің құқықтық негізі ретінде екіжақты және көпжақты келісімшарттар, Конвенциялар, мемлекеттің ұстап беру туралы ұлттық заңдары және өзара көмектесу қағидасы танылы-

нады; ұстап беру міндеттемесі мүдделі мемлекеттердің ұстап беру туралы тиісті шарттарының және Конвенциялардың негізінде ғана пайда болады; ереже бойынша, ұлттық заңдар ұстап беру туралы шарттарды жасасу үшін негіз болуы мүмкін, сонымен қатар, ұстап беру рәсімін белгілейді; өзара көмектесу қағидасы мемлекеттердің ұстап беру туралы келісімдер мен Конвенциялардың шарттарын сақтаудың алғы шарты болып табылады, осы жерде оның шарттарын мемлекет сақтаған кезде кінәлі тұлғаны ұстап берудің негізі ретінде қызмет етеді.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институты ұстап беруге болмайтын қылмыс жасаған тұлғалардың кейбір санатын белгілейтін жалпымен қабылданған ережелерді қамтиды. Біз осыған дейін айтып кеткендей, келісуші тараптар өз арасында жасалған, осы мәселе бойынша халықаралық келісімшарттарында ұстап беруден бас тартудың негіздерін белгілей алады. Сондай-ақ, айта кеткен жөн, бұл тізім тұрақты болып табылмайды, өйткені, тараптар өзара келісе отырып, ұстап беруден бас тартудың өзге негіздерін белгілеуі мүмкін. Сайып келгенде, ұстап беруден бас тартудың жалпымен қабылданған негіздерін «абсолютті» деп қарастыруға болмайды, олар ереже бойынша шектеулі сипатты иемденеді немесе осы жағдайды (тізімді) кеңейтуде ұстап беру туралы шарты арқылы оның негізгі мақсатына қол жеткізуге болады, яғни, қылмыс жасаған тұлғаны жасаған қылмысы үшін соттау немесе жазасын өтеу үшін мүдделі мемлекетке берілуі жөнінде сөз болып отыр.

Бүгінгі таңда халықаралық құқықта ұстап беруден бас тарту негіздері екі топқа бөлінуде: императивтік және факультативтік. Осындай саралау алғаш рет 1990 жылғы 14 желтоқсандағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарарымен қабылданылған ұстап беру туралы Типтік шартта қамтылған. Еуропалық Конвенциямен салыстырғанда императивтік негіз толығырақ қарастырылған. Осы жұмыста талданылған, әлемдік тәжірибеде қалыптасқан негіздер біздің егеменділігімізді бейнелейтін ұлттық заңдарда көрініс алғаны жөн болары еді.

Әлемдік тәжірибеде экстрадициялық заңдарға тиселі қағидалар бар, осы қағидаларға сүйене отырып, Конвенциялар, шарттар, келісімдер және ұлттық заңдар дайындалады және қабылданылады. Бұл мынандай төмендегі қағидалар: экстрадицияға ұлттық ти-

селігінің (мемлекеттің өз азаматтарын ұстап бермеуі) әсері; Осы жерде мемлекет « *aut tradere, aut judicare*» (немесе ұстап беру, немесе соттау) қағидасын ұстанады; ұстап берілетін қылмыскердің құқықбұзушылығының сипаты (саяси қылмыс экстрадиция үшін негіз бола алмайды); екіжақты сотқа тиселігі (жасалған іс-әрекет сұратып отырған және ұстап беру талабы қойылған мемлекеттің де заңы бойынша жазаланатын құқықбұзушылық болып табылуы тиіс); «*non bis in idem*» (экстрадициядан бас тартылады, егер тұлға осы құқықбұзушылық үшін сотталған болса); нақтылық (экстрадиция үшін негіз болып табылатын құқықбұзушылық үшін қудалау, ұстау және тұтқындау, сотта мақсатында тұлғаны ұстап беруін талап ету); жоғарғы жазалау шарасы (егер сұратып отырған тарап өлім жазасын қолданбаса).

Өз еліміздің ұлттық заңдарын және де екіжақты келісімшарттарды жасасуда осы қорытындыланған қағидаларды әрдайым басшылыққа алуымыз қажет деп ойламын.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру әдетте дипломатиялық жолмен жүзеге асырылады. Бірақ, көп жағдайда экстрадиция туралы мәселені қарастыру мүдделі мемлекеттің әділет министрлігі, прокуратура және полиция органдары арасында белгіленген қатынастарда да тікелей орын алады. Осы органдар арқылы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру тәртібі айқындалынады. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру тәртібі, сот әділдігін жүзеге асыру үшін қылмыс жасаған тұлғаны алуда (ұстап берілуінде) артықшылық құқығын қай мемлекет иеленеді, - деген сұраққа жауап іздеуде үлкен рөл атқарады. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру тәртібі Интерпол желісімен тікелей реттелінетіні бәрімізге аян. Сөзсіз, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы іске егер Интерпол қатысатын болса, тезарада шешімін табады. Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, халықаралық экстрадициялық тәжірибеде бүгінгі таңда ұстап беру рәсімін жетелдетуге талаптану байқалуда, әсіресе оның дайындық сатысын – келген мемлекеттің аумағында жасырынып жатқан қылмыс жасаған тұлғаны ұстауды және тұтқындауды жетілдету қажеттілігі салдарынан, Интерполдың қатысуымен уақытша тұтқынға алу идеясы өмірге келді.

Халықаралық-құқықтық деңгейде ұстап беру мәселесімен байланысты сұрақты қарастыруда және шешуде Біріккен Ұлт-

тар Ұйымының алатын орны зор. БҰҰ-ның қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аясындағы мемлекеттер ынтымақтастығының тиімділігін арттырудағы қызметі халықаралық қылмыстық қылмыстылықтың алдын алу және күресу мәселесін шешу қажеттілігімен байланысты. Осы жұмыспен айналысуға негізінде басты органдары тартылды: Бас Ассамблеясы, Қауыпсіздік Кеңесі, Халықаралық Соты, Экономикалық және әлеуметтік Кеңес (ЭКОСОС), Секретариаты, Қамқоршылық бойынша Кеңесі. БҰҰ-ның аясында халықаралық қылмыстық қылмыстарымен күресу туралы халықаралық шарттардың жобасы жасалынды, бүгінгі таңда олардың көпшілігі әрекет етуде. Біз айтып кеткендей, 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес, ұстап беру туралы Типтік шарт қабылданылды. Осы БҰҰ-ның кепілдемелік құжатының негізінде қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беруден бас тартудың императивтік және факультативтік негіздерін қамтиды. Сайып келгенде, Типтік шарт мемлекеттерге ұстап беруге әкеп соқтыратын қылмыстарын санын азайтуға жөн сілтейді. Сонымен қатар, Типтік шартты келісуші тараптардың заңындағы тиісті қылмыстың құрамын қалыптастыратын терминологиялық және конструктивтік екершелігіне байланысты ұстап беру үшін кедергілердің жоқтығын бейнелейді және де транзиттік тасымалдаудың ерекшелігін бейнелейтін ережелерді қамтиды. Сөзсіз, адам құқықтарын қоғау талаптарына жауап беретін Типтік шартты еліміздің екіжақты және көпжақты келісімшарттарды жасасу кезімізде басшылыққа алуымыз қажет.

Тағы бір халықаралық ынтымақтастықтың институтциялық механизмінің бірі – Еуропа Кеңесі. Еуропа Кеңесі – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған бірінші еуропалық үкіметаралық регионалдық ұйым бола отырып, халықаралық қылмыстылықпен күресу аясында шешуші орындардың бірі иеленеді. Осы ұйымның мақсатының бірі құқықтың негізгі мәселесі бойынша мүше – мемлекеттер арасында тығыз ынтымақтастықты қамтамсыз ету болып есептелінеді. Мемлекеттердің осындай ынтымақтастығының нәтижесі болып 1957 жылы 13 қыркүйекте қабылданылған ұстап беру туралы Еуропа Конвенциясы танылады. Бүгінгі таңда осы мәселені жан-жақты қамтитын, халықаралық құқықтық деңгейде қа-

былданған Конвенция ретінде қарастырылады. Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы еуропалық Конвенцияның ережелерін талдай отырып, оның барлық қалыптары жоғарыда аталған экстрадициялық заңдардың алты қағидасын көздейтіндігіне қолымыз жетіп отыр.

Қорытындысында айта кеткеніміз жөн, Конвенция ережесін және оған қабылданған Қосымша хаттаманы адал орындауын Еуропа Кеңесінің қылмыстылық мәселесі бойынша Еуропалық комитет қадағалауда. Осы ережені жүзеге асыру кезінде туындауы мүмкін кез келген мәселелерді достық реттеуге көмектесу мақсатындағы барлық қажетті әрекеттерді жүргізеді.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету – мемлекеттердің қылмыстылықпен күресу аясындағы ынтымақтас­тығының дәстүрлі нысанының бірі. ТМД-ның аясында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесі он мемлекетпен-бұрынғы одақтық республикалар арасында (әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, өзбекстан және Украина) Минск қаласында 1993 жылы 22 қаңтарда жасалынған азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Конвенциясымен реттелінді, бірақ бұл Конвенция кең мәселелерді реттей алмады. Осыған орай, ТМД мемлекет басшылары қол қойған «Азаматтық, қылмыстық, отбасы істері бойынша құқықтық көмек туралы» Конвенцияның жаңа редакциясы (Кишинев Конвенциясы, 2002 жылы 7 қазан) ратификацияланды, ТМД елдері азаматтарының құқықтарын қорғау бұдан былай бұрынғыдан да тиімді болады. Бұл Конвенция 1993 жылы 22 қаңтардағы «Азаматтық, қылмыстық, отбасы істері бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Минск Конвенциясы қарағанда кең мәселелерді реттеп отыр.

Кишинев Конвенциясының 120-бабының 3-тармағына сәйкес, қатысушы - мемлекеттер арасында Минск Конвенциясы мен оның 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттамасының күші жойылған. Солай бола тұра, Кишинев Конвенциясының 120-бабының 4-тармағына сәйкес, Кишинев Конвенциясына қатысушы-мемлекеттер мен ол үшін Кишинев Конвенциясы күшіне енбеген: Кишинев Конвенциясына қатысушы мемлекет арасындағы қатынастарға Минск Конвенциясының күші жүреді. Кишинев Конвенциясы-

ның 89-бабыда [83, 55 б.], ұстап беруден бас тарту негіздері Минск Конвенциясының 57-бабында көзделген бас тарту негіздерін аумағы кең. Яғни, Кишинев Конвенциясының 89-бабының ережелері 1957 жылғы ұстап беру туралы Европа Конвенциясының және 1990 жылғы ұстап беру туралы Типтік шарттыңда көзделген бас тарту негіздеріне сай келеді. Кишинев Конвенциясының ережелері құқықтық мемлекет талаптарына, сондай-ақ, адам құқықтарын қорғау талаптарына жауап береді, – деуге болады.

Қазақстан Республикасында тұлғаларды ұстап беруге қатысты қалыптар Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясында, 1991 жылғы 20 желтоқсандағы азаматтық туралы заңында, 2014 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және де Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрініс тапқан. Осы аталған нормативтік құқықтық актілерді шартты түрде ұстап берілуге жататын субъектілерге қатысты екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа, Қазақстан Республикасының Конституциясын және азаматтық заңын жатқызамыз. Осы аталған құқықтық актілерде тек Қазақстан республикасының өз азаматтарына қатысты қалыптар белгіленген. Екінші топқа, Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстерін жатқызамыз. Бұл кодекстер тікелей қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының өз азаматтарымен қоса шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды ұстап беру құқығымен және тәртібін реттеуге арналған.

Қазақстанда ұстап беру тәртібі осы заңдармен қоса, ІІМ-нің арнайы Нұсқауымен де реттелінеді. Еліміздегі экстрадиция (ұстап беру) құқығымен және рәсімінің, яғни құқыққорғау органдарының ұстап беру мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастығының (Интерпол арқылы экстрадициялық қызметті жүзеге асыруда) тәртібінің осындай подзаконный актімен реттелуі біздің заң жүйесінің кемшілігін бейнелейді. Осыған орай, толық жүйелендірілген және халықаралық тәжірибені басшылыққа алған, халықаралық шарттар мен Конвенцияларға сүйенген еліміздің экстрадиция туралы арнайы ұлттық заңымызды қабылдау қажеттігі туындауда. Осыған орай, автор Қазақстан Республикасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы немесе экстрадициялау туралы арнайы нормативтік құқықтық актіні қабылдауды ұсынады. Осындай заңды актіні қабылдауға деген

қажеттіліктің бірден-бір себебі мынада деп ойлаймыз: бүгінде елімізде экстрадиция мәселесі тек мемлекеттер арасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру екіжақты немесе көпжақты халықаралық шарттың негізінде ғана жүзеге асырылуынан туындап отыр.

Сонымен қатар, қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін реттейтін ҚР Қылмыстық кодексінің 9-бабын 2-тармағын өңдеуді қажет етуде, осыған орай, оны төмендегідей редакцияда тұжырымдауға болады:

9-бап. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлғаны ұстап беру

2. Қазақстан Республикасының аумағында және тыс жерлерде қылмыс жасаған және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа тартылуы үшін немесе жазасын өтеу үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына немесе өзара екіжақтылық қағидасына сәйкес шетелдік мемлекетке ұстап берілуі мүмкін».

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесіне қатысты екіжақты халықаралық шарттарды бекіту мемлекеттердің қылмыстылықпен күресудегі ынтымақтастығының бір нысаны ретінде, экстрадиция институтын құқықтық реттеуде оның халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтардың тоғысқан жерінде орналасқандығын ескеру аса қажет. Ұстап беру міндеті мемлекеттер арасында қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру туралы тиісті шарттар мен Конвенциялардың негізінде пайда болатындықтан экстрадициялауды халықаралық-құқықтық қалыптармен реттеу бірінші кезектегі маңызға ие болады. Халықаралық-құқықтық реттеу механизмі көпжақты және екіжақты халықаралық шарттар мен халықаралық ұйымдар аясында көрініс табады.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге қатысты белгілі бір мемлекеттер арасында бекітілген екіжақты халықаралық шарттардың екі түрі болады. Біріншісіне тек арнайы ұстап беру мәселесіне арналған шарттар жатады. Мысалы, 1996 жылғы ұстап беру туралы ҚР мен Қытай арасындағы шарт немесе 1996 жылғы ұстап беру туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шарт. Ал, екіншісі – қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы жалпы шарт аясында реттелінеді.

Қазақстан Республикасының шарттық-құқықтық тәжірибесінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруге қатысты жоғарыда аталған екі түрлі шарттардың барлығы да кездеседі. Жыл өткен сайын Қазақстан Республикасы осы салада өзінің екіжақты шарттық құқығының аясын кеңейтуде. Ұстап беру туралы екіжақты шарттардың алғашқылары тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерімен бекітіле бастады. Алыс-жақын шет мемлекеттердің ішінде Қытай, Моңғолия, Корей халық Демократиялық Республикасы, Пәкістан Үндістан тағы басқа сол сияқты мемлекеттермен ұстап беру туралы арнайы екіжақты шарттар бекітілген. Аталған екіжақты шарттардың барлығы өзара екіжақтылық қағидасына негізделеді.

Қорытындылай келгенде, Қазақстан Республикасы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселесін реттеуде екіжақты шарттық – құқығын белсенді түрде дамытып келе жатыр деуге толық негіз бар. Бірақ автордың ойынша аталған екіжақты шарттарда ұстап берілетін тұлғаның құқықтарын қорғау мәселесі жеткілікті түрде реттелмеген. Сондықтан, алдағы уақытта осы мәселе арнайы зерттеу объектісі бола алатынын айта кеткен жөн болар. Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы қылмыстылықпен күресу аясында Батыс елдерімен ынтымақтастығының құқықтық негізін жетілдіруді талап етуде, өйткені ұстап беру және құқықтық көмек көрсету туралы осы елдермен екіжақты келісімшарттардың жоқтығы себеп болуда.

Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру бойынша көпжақты халықаралық-құқықтық механизмдерге халықаралық ұйымдармен көпжақты халықаралық шарттар аясындағы ынтымақтастықты жатқызуға болады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аясындағы көпжақты халықаралық ынтымақтастықты Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол) және ТМД елдерінің алдыңғы тарауда қаралып өткен азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Кишинев Конвенциясы шеңберінде жүзеге асырылуда.

Қылмыстылықпен халықаралық арена деңгейінде күресетін Интерполға Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, 1992 жылы мүше болып енді. Осы ұйым шеңберінде қылмыс жасаған тұлғаларды халықаралық іздеу салып, ұсталған тұлғаларды іздеу

салған мемлекеттерге экстрадициялауда интерполдың ұлттық орталық бюроларының маңызы аса зор. Осындай Ұлттық Орталық бюро Қазақстанда да қызмет етеді. Интерпол желісі бойынша қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің халықаралық – құқықтық механизімі өте ыңғайлы болып табылады. Өйткені ұстап беру рәсімі салыстырмалы түрде қарағанда тез жүреді және Интерполға 180-нен аса мемлекет мүшесі екенін ескерсек, оның тиімді механизм екеніне көзіміз жетеді.

Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаны ұстап беру мәселелері бойынша көпжақты халықаралық-құқықтық механизмінің бірі болып бізбен жоғарыда талқыланылған ТМД-ның Кишинев Конвенциясы табылып, республикамыз ұлттық қылмыстық заңдарымен салыстыру жүргізілді. Яғни, салыстыру нәтижесінде осы аталған Конвенция ережелерінің ұлттық заңда толық бейнеленбегендігіне көз жеткіздік. Осығын орай, ұлттық қылмыстық заңдарымызды көпжақты Конвенциялар мен шарттарға негіздеудің талабы туындап отыр.

Халықаралық-құқықтық атақты қайнар көздерінің бірі ретінде танылған беру туралы Еуропа Конвенциясына Қазақстанның қосылу қажеттілігі туындауда, бірақ Қазақстан бұл Конвенцияға бүгінгі таңда, ең алдымен, осы жалпы еуропалық аймақтық ұйымның мүшесі болып табылмағандықтан қабылданылмай отыр. Бұл, әрине болашақтың ісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Bedi S.D. Extradition in International law practice. – Rotterdam, 1966. – 180 p.
2. Грабарь В.Э. Материалы к истории литературы международного права в России (1647-1917). Отв. ред. В.Н. Дурденевский и С.Б. Крылов. – М., Изд-во АН СССР, 1958. – 491 с.
3. Гефтер А.В. Европейское международное право. – СПб., 1880. – 457 с.
4. Коровин Е.А. История международного права. Пособие к лекциям, Вып. 1. (От древности и до конца XVIII века). – М., 1946. – 107 с.
5. Конституция и законодательные акты буржуазных государств XVII-XIX вв. Сборник документов. / Сост. Блохин Н.Н. – М.: Госиздат, 1957. – 588 с.
6. Никольский Д. О выдачу преступниковъ по началамъ международного права. – СПб., 1884. – 539 с.
7. The American Journal of International Law, 1908. – V.2. – pp.243-251.
8. Панов В.П. Сотрудничество государств в борьбе с международными уголовными преступлениями. – М., Юрист, 1993. – 160 с.
9. Ривье А. Учебник международного права. – М., 1893. – 801с.
10. An Act redpecting the Extradition of Fugitive Criminals // The Revised statutes of Canada. 1952, v.v (Supplement). – Ottawa, 1953. – 56 с.
11. Францъ Листъ. Международное право с систематическомъ изложении (переводъ с шестаго нѣмецкаго изданія подъ редакціей проф. В.Э. Грабаря). – Юриевъ (Дерптъ), 1912. – 760 с.
12. The American Journal of International Law, 1935. – V. 1-2. – pp. 300-304.
13. The American Journal of International Law, 1928. – V.22. – pp. 313-319.
14. Избранные источники по международному частному праву XIX и XX веков. Вып. 1 (Сост. проф. В.И.Дурденевский). – М., Юриздат, Всесоюз. ин-т. юрид. наук НКЮ СССР, 1941. – 76 с.
15. The American Journal of International Law, 1926. – V.20. – pp. 243-251.
16. Внешняя политика Советского Союза в период Отечественной войны. Документы и материалы. Т.1. – М., Госполитиздат, 1946. – 803 с.
17. Международное право в документах. Сборник / Сост. проф. Н.Т.Блатова. – М.: Политическая литература, 1982. – 856 с.
18. Док. Е (CN.4) 983, п.167; Histori of the UN War Crimes Comission, chap. XIII. «Arrangements for the Surrender of War Criminals».
19. Док. Е (CN) 983, п.168.
20. Мирный договор с Италией от 10 февраля 1947 г. // Международное право. Сборник документов (Сост. А.С. Испоинов, М.А. Кремнев, А.Н. Талалаев и Л.Н. Шестаков). – М.: Юридическая литература, 2000. – 816 с.

21. Trousse P., Vanhzelewjn J. Les problemi actuels de L'extradition // Revue de droit penal et de criminologie, 1968. – №5. – P.26-31.
22. Бельсон Я.М. Международная организация уголовной полиции (Интерпол) // Советское государство и право, 1974. – №12. – С. 92-97.
23. Бельсон Я.М. Интерпол: прошлое и настоящее // Правоведение, 1980. – №3. – с. 92-97.
24. Лукашук И.И., Наумов А.В. Международное уголовное право (учебник). – М.: Спарк, 1999. – 287 с.
25. Конституция общенародного государства (сборник документов под ред. М.С. Смиртюкова и К.М. Боголюбова. – М.: Политиздат, 1978. – 247 с.
26. Шушилов В.П. Международная правовая помощь по уголовным делам // Советское государство и право, 1974. – № 3. – С. 85-91.
27. Конституция государств-участников СНГ. – М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА. – М., 1999. –736 с.
28. Konstytucja Rzeczypospolitej – Warszawa, 1997. – 96 p.
29. Решение от 7 июля 1989 г. по делу «Soering v. Kingdom» // European Court of Human Rights, 1989. – A/.Vol. 161. – p. 113-117.
30. Договор о реализации шенгенского соглашения между правительствами стран экономического союза Бенилюкса, Федеративной Республики Германия и Французской Республики от 14 июня 1985 г. (Шенген, 19 июня 1990г.) // Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Шенгенская соглашения между правительствами стран Бенилюкс от 19.06.90».
31. Мартенс Ф.Ф. Современное международное право цивилизованных народов. Т.2. Изд. 5-е доп. и испр. – СПб., 1905. – 626 с.
32. Симсон Э. О невыдачь собственныхъ подданныхъ. Международно-правовое исследование. – СПб., 1892. – 338 с.
33. Опленгейм Л.Л. Международное право. / пер. с 6-го англ. изд., доп. Г. Лаутерпахтом. / под. ред. и с предисл. проф. С.Б. Крылова. Т.1. – М., Гос. изд. инстр. лит., 2-я тип. Изд-ва Акад. наук СССР, 1948. – 408с.
34. Rolin F. Quelques questions relatives a Lextradition // Recueil des Cours. – 1923. – V.1. – p. 181-194.
35. Соколов С. Институт выдачи преступников и советское законодательство // Революционная законность, 1926. – №9-10. – С. 45-49.
36. Международное право (Учебное пособие) / Под ред. проф. Д.Б. Левина и доц. Г.П. Калужной. – М., 1960. –334 с.; Международное право: учебник. / Под ред. проф. Л.А. Моджоряна и доц. Н.Т. Блатовой. – М.: Юридическая литература, 1979. – 584 с.
37. Основы уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик. – М.: Юридическая литература, 1969. – 56 с.
38. Уголовный кодекс Китайской Народной Республики от 1 июля 1979 г. // Сборник «Китайская Народная Республика. Конституция и законодательные акты» / Под ред. доктора юридических наук, проф. Л.М. Гудошника. – М.: Прогресс, 1984. – 472 с.
39. Уголовный кодекс Народной Республики Болгарии. – М.: Юридическая литература, 1970. – 176 с.

40. Галенская Л.Н. Международная борьба с преступностью. – М.: Издательство «Международные отношения», 1972. – 167 с.
41. Валеев Р.М. Выдача преступников в современном международном праве: (Некоторые вопросы теории и практики). – Казань: Издательство Казанского университета, 1976. – 126 с.
42. Панов В.П. Международное уголовное право: учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 1997. – 309 с.
43. Гроций Гуго. О праве войны и мира. / пер. с латин. А.Л. Саккетти. – М., Госюриздат, 1956. – 868 с.
44. Международное право: учебник. / под ред. проф. Ю.М. Колосова и Э.С.Кривчиковой. – М.: Международные отношения, 2000. – 720 с.
45. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН 3(1) «О выдаче и наказании военных преступников», принятая 13 февраля 1946 г. // Международное право в избранных документах. Сост. Л.А. Моджорян и В.К. Собакин. Отв. ред. В.Н. Дурденевский. – Т.3. – М., 1957. – 415 с.
46. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН 170(2) «О выдаче преступников войны и изменников», принятая от 31 октября 1947 г. // Юрист – справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Соглашения о выдаче и передаче для отбытия наказания».
47. Галенская Л.Н. Выдача преступников в доктрине и практике Канады // Правоведение, 1983. – №6. – С. 90-94.
48. Ляхов Е.Г. Терроризм и межгосударственные отношения. – М.: Международные отношения, 1991. – 215 с.
49. Тункин Г.И. Теория международного права / Под общей ред проф. Л.И. Шестакова. – М.: Зерцало, 2000. – 416 с.
50. United States Reports. – Vol. 290. – 1993. – p. 272-277.
51. Малеев Ю.М. Принцип «выдать или наказать» в отношении преступления «незаконный захват воздушного судна». // Советское государство и право, 1974. – №10. – С. 101-105.
52. Уголовный кодекс Российской Федерации // Сборник кодексов Российской Федерации. Изд-ое 3-е, перераб. и доп. – М.: Информационно-издательский дом «Филинь», 1998. – 664 с.
53. Якубовский Д. Экстрадиция по традиции или по закону? // Юрист, 1997. – №12. – С.49-51.
54. Конституция Эстонской Республики от 28 июня 1992 г. // Конституции 16 стран мира. Сборник. – Алматы: «Жеті жарғы». –1995. – 576 с.
55. Беляев С. Юридическая регламентация института экстрадиции (выдачи) // Государство и право, 1998. – №1. – С.96-99.
56. Действующее международное право. Сборник документов. В 3-томах. Т.3. – М.: Издательство Московского независимого института международного права, 1997. – 832 с.
57. Конвенция о выдаче преступников, принятая Советом Европы от 13 декабря 1957 г. // Сборник документов Совета Европы в области защиты прав человека и борьбы с преступностью / Сост. Москалькова Т.Н. и др. – М.: Издательство Спарк, 1998. – 301 с.
58. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам, принятая в г. Минске 22 января 1993 г.

- (Раздел IV, часть I «Выдача преступников»)// Казахстан. Международные договоры с государствами-участниками СНГ / Авт.: Э.Б. Мухамеджанов, И.В. Межибовская. – Алматы: Баспа, 1997. – 496 с.; Протокол к Конвенции о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам (28.03.97 – 17.09.99) // ҚР халықаралық шарттар бюллетені – Бюллетень международных договоров РК, 2003. – №3. – с. 12-19.
59. Типовой договор о выдаче, принятый в соответствии с резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН от 14 декабря 1990 г. // Международное уголовное право в документах. В 3-х томах. Составитель – М.Б. Кудайбергенов. – Т.1. – Алматы: Данекер, Ғылым, 1999. – 264 с.
60. Указание Генеральной прокуратуры Российской Федерации от 20 июня 2002 г. № 32/35 «О порядке рассмотрения ходатайств иностранных государств об экстрадиции в связи с введением в действие УПК Российской Федерации»// Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Указание Генеральной Прокуратуры РФ от 20.06.02 № 32/35»
61. Деревяшкин А. Материалы по международному уголовному праву // Государственный институт по изучению уголовной исправительно-трудовой политики при Прокуратуре Союза ССР, 1934. – Бюл. 8-9. – 47 с.
62. Закон ФРГ об экстрадиции от 23 декабря 1929 г.
63. Велчев Б. «Политическое преступление» в международном уголовном праве // Международная жизнь, 1999. – № 5. – С. 79-84.
64. Договор об оказании правовой и судебной помощи по гражданским и уголовным делам между Республикой Болгария и Государством Кувейт 1988 г. // Държавен вестник, 1989. – № 59. – С. 20-27.
65. Действующее международное право: сборник документов. В 3-томах. Т.1. – М.: Издательство Московского независимого института международного права, 1996. – 864 с.
66. Действующее международное право: сборник документов. В 3-томах. Т.2. – М.: Издательство Московского независимого института международного права, 1997. – 832 с.
67. Дженис Марк, Кей Ричард, Брэдли Энтони. Европейское право в области прав человека. Практика и комментарии. – М.: Права человека, Будапешт. Институт по Конституционной и Законодательной Политике (COLPI). – 1997. – 640 с.
68. Castel J., Williams Sh. Canadian criminal Law: international and transnational aspects. – Toronto, 1981. – 620 p.
69. The American Journal of international Law, 1935. – V.12. – pp. 412-420.
70. Родионов К.С. Интерпол: вчера, сегодня, завтра. – М.: Международные отношения, 1990. – 224 с.
71. Nepote J. European Police Cooperation in Criminal Matters // International Criminal Police Review, 1970. – № 238. – pp. 141-146.
72. Родионов К.С. Интерпол: миф и действительность. – М.: Международные отношения, 1986. – 192 с.
73. Уголовная юстиция: проблемы международного сотрудничества. Международный научно-исследовательский проект. (Руководители проекта проф. В.М.Савицкий и проф. Э.Б.Мельникова). – М.: БЕК, 1995. – 279 с.

74. Устав Объединенных Наций // Сборник важнейших документов по международному праву. Часть II особенная. / сост. М.В. Андреева. – М.: Институт международного права и экономики. Изд-ва. «Триада, Лтд», 1997. – 544 с.
75. Официальные отчеты Экономического и социального Совета ООН, 41 сессия. Док. № 8, E/4184.
76. Международное гуманитарное право в документах / сост.: проф. Ю.М.Колосов и доц. И.И. Котляров. – М.: Издательство Московского независимого института международного права, 1996. – 556 с.
77. Статут Международного уголовного суда // Организация Объединенных Наций: сборник документов. / отв. ред. В.В. Вахрушев. – М., Изд-во «Наука», 1981. – 648 с.
78. Международное право: учебник. / Авт. колл.: Г.В. Игнатенко, М.В. Кучин, Л.А. Лазутин и др. / под. ред. Г.В. Игнатенко. Изд. 2-ое, перераб. и доп. – М.: Высш. шк., 1995. – 399 с.
79. Дашков Г.В., Быкова Е.В. Проблемы теории и практики экстрадиции (выдачи) в странах СНГ // Прокурорская и следственная практика, 1998. – № 2. – с. 120-128.
80. Каирбеков М. Экстрадиция – не значит похищение // Юридическая газета. – № 50. – 14 ноября 2001 г.
81. Богачева Е. Экстрадиция // Законность, 2000. – № 5. – С. 24-25.
82. Божелко О.А. О проблемах совершенствования сотрудничества государств-участников Содружества Независимых Государств в борьбе с преступностью // Прокурорская и следственная практика, 1999. – № 1-2. – с. 56-63 (весь номер).
83. Кишиневский саммит президентов государств-участников СНГ // Прокурорская и следственная практика, 2002. – №3-4. – с. 7-8.; Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам, принятая в г. Кишиневе 7 октября 2002 г. // Прокурорская и следственная практика, 2002. – №3-4. – С. 9-61.
84. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2014. – 96 б.
85. Закон «О гражданстве РК» от 20.12.1991 г. // Вести Казахстана, 1992. 4 января.; Указ Президента РК имеющий силу закона от 03.10.95 г. «О внесении изменений и дополнений в Закон О гражданстве РК» // Вести Казахстана, 1995. 4 октября.
86. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Юрист, 2015. – 608 б.
87. Комментарий к Конституции Российской Федерации. Изд. 2-е, доп. и перераб. – М.: Издательство БЕК, 1996. – 664 с.
88. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы 1995 ж. 19 маусымдағы ҚР Президентінің заң күші бар Жарлығы // Ведомости Верховного Совета РК, 1995. – №9-10. – С. 68.
89. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 608 б.
90. Указание Генеральной прокуратуры РК №56/36 от 8 сентября 1998 г. «По вопросам экстрадиционного ареста и выдачи преступников» // Нормативные акты Генеральной прокуратуры РК и иные акты ГП. Сборник, 2000. – №1.

91. Из материалов обобщений Управления международных отношений Генеральной прокуратуры Республики Казахстан; Из материалов прокуратуры г. Алматы (материалы о работе прокурора по надзору за применением международных договоров и исполнением обязательств); Из материалов прокуратуры г. Алматы (материалы о работе прокурора по надзору за законностью экстрадиционного ареста иностранных граждан) // Форма №7.
92. ҚР-сы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 1996 жылғы 5 шілдедегі ұстап беру туралы шарты // Бюллетень международных договоров РК - ҚР-ның халықаралық шарттар бюллетені, 1999. – №6. – 62-70 бб.
93. Договор между РК и Грузией о выдаче лиц, совершивших преступление, для привлечения их к уголовной ответственности или приведения приговора в исполнение (Тбилиси, 17 сентября 1996 г.) // Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Договор о выдаче и передаче для отбытия наказания»
94. Договор между РК и Монголией о выдаче лиц, совершивших преступление, для привлечения их к уголовной ответственности или для приведения приговора в исполнение (Уланбатор, 22.10.1993 г.) // Сборник документов по международному праву. Том 1. / Под общ. Ред. К.К.Токаева. Сост. Атанов М.М., Ибрашев Ж.О., Ауталипова А.С. и др. – Алматы: САК, 1998. – 576 с.
95. ҚР-сы мен Қырғыз Республикасы арасындағы ұстап беру туралы шарты (08.04.97 – 02.07.00) // Бюллетень международных договоров РК – ҚР халықаралық шарттар бюллетені, 2001. – №5. – 15-24 б.
96. ҚР-сы мен Корей Халық Демократиялық Республикасы арасындағы 1997 ж. 5 сәуірдегі азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шарты (07.04.97 – 28.07.01) // Бюл. меж. дог. РК – ҚР халықаралық шарттар бюл., 2002. – №2. – 53-68 б.
97. ҚР-сы мен Пакистан Ислам Республикасы арасындағы азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарты (23.08.95 – 09.02.01) // Бюл. меж. дог. РК – ҚР халықаралық шарттар бюл., 2002. – №1. – 23-36 б.
98. ҚР-сы мен өзбекстан Республикасы арасындағы азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы шарты (02.07.97-30.10.98) // Бюл. меж. дог. РК – ҚР халықаралық шарттар бюл., 1999. – №5. – 48-86 б.
99. Кучуков Т. проводы душегу ба // Экспресс К., 11 декабря 2002 г. № 235/151481
100. Договор между РК и Литовской Республикой о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам (Вильнюс, 09.08.94) // Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Двусторонние соглашения»
101. Қазақстан мен АҚШ арасында Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарты // Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Двусторонние соглашения»
102. Соглашение о сотрудничестве между МВД РФ и МВД РК от 09 января 1993 г. // Илларионов В.П., Путова И.В. Правовые и организационно-

- методические аспекты международного розыска преступников: учебное пособие. – М.: Книжный мир, 1999. – 94 с.
103. Соглашения о сотрудничестве между МВД РК и МВД Литовской от 07.11.93 г. (Алматы); Соглашения о сотрудничестве между МВД РК и МВД Республики Узбекистан от 24.04.95 г. (Бишкек); Соглашения о сотрудничестве между МВД РК и МВД Республики Украины от 12.02.94 г. // Сборник актов о правовой помощи по уголовным делам / Сост. Акпарова Р.Н. – Алматы: Данекер, 2002. – 201 с.
104. Овчинский В.С. Интерпол (в вопросах и ответах). – М.: ИНФРА-М, 2001. – 320 с.
105. Токсанбаев А.Б. Особенности правового статуса Интерпола как межправительственной организации // Предупреждение преступности, 2002. – №1. – С. 14-17.
106. Айтуарова А.Б. Использование возможностей Национального центрального бюро Интерпола в раскрытии и расследовании международных уголовных преступлений, носящих международный характер. Диссертация к.ю.н. – Караганда, 2001. – 110 с.
107. Постановление Кабинета Министров РК от 20 июля 1993 г. №629 «О мероприятиях в связи с вступлением РК в Международную организацию уголовной полиции (Интерпол)»//Нормативные акты. Интерпол. Сост. Б.С.Карикболов. – Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1998. – 56 с.
108. Карикболов Б.С. Преступление без границ // Зан және заман, 1998. – №5. – С. 71-75.
109. Инструкция о порядке исполнения и направления правоохранительными органами Республики Казахстан запросов и поручений по линии Интерпола, утверждена приказом МВД РК от 27.04.98 г. №132 // Международное уголовное право в документах. В 3-х томах. Сост. М.Б. Кудайбергенов. Том 2. Алматы: Данекер, 1999. – 229 с.
110. Интерполмен байланыс нығая берді // Егемен Қазақстан, 15 қараша 2002 ж.
111. Галимжанов Н.М. Интерпол в Казахстане – контакты крепнут // Фемида, 1998. – №10. – С. 40-43.
112. Мельникова Э.Б. Международная правовая помощь при расследовании и судебном разбирательстве уголовных дел // Уголовный кодекс России. Лекции-очерки (Под ред. В.М.Савицкого). – М., 1997. – 261 с.
113. Решение Совета глав государств Содружества Независимых Государств от 25 января 2000 года о Межгосударственной программе совместных мер борьбы с преступностью на 2000-2002 гг.// Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Решение Совета глав государств СНГ от 25.01.00»
114. Решение Совета глав государств Содружества Независимых Государств от 7 октября 2002 года о Межгосударственной программе совместных мер борьбы с преступностью на 2003-2004 гг.// Юрист-справочная правовая система. Юрист 4.0 / Документ «Решение Совета глав государств СНГ от 07.10.02»
115. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесі туралы 7 желтоқсан 1995 жылғы Ережесі // Қазақ

- стан Республикасының прокуратурасы туралы нормативтік құқықтық актілер жинағы. Құрастырған І.Ж. Бактыбаев – Алматы, 1997. – 296 б.
116. Протокол заседания Координационного Совета Генеральных прокуроров государств-участников Содружества Независимых Государств (04.09.2003 г. г. Бишкек) // Прокурорская и следственная практика, 2003. – №3-4. – С. 9-14.
117. Акпарова Р.Н., Жумабаев О.И. Проблемы разработки и реализации в Казахстане международных и национальной программ борьбы с преступностью // Прокурорская и следственная практика, 2000. – №1-2. – С. 41-47.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ	3
КІРІСПЕ	4

1. ЭКСТРАДИЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру институтының қалыптасуы және дамуы	8
1.2 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің түсінігі, құқықтық негіздері және алғы шарттары	26
1.3 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беруден бас тарту мәселесінің императивтік және факультативтік негіздері	46
1.4 Қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап берудің тәртібі	61

2. ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҰСТАП БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ИНСТИТУЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

2.1 Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру аясындағы мемлекеттер ынтымақтастығының тиімділігін арттырудағы қызметі	72
2.2 Еуропа Кеңесі шеңберіндегі мемлекеттердің ынтымақтастығы	85
2.3 Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша құқықтық көмекті жүзеге асыру контексінде қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру мәселелеріне қатысты ынтымақтастығы	94

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҰСТАП БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ РЕТТЕЛУІ

3.1 Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру құқығын және рәсімін реттейтін ұлттық заңдары	105
	105

3.2 Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және экстрадиция туралы екіжақты келісімшарттары	125
3.3 Қазақстан Республикасының қылмыс жасаған тұлғаларды ұстап беру бойынша көпжақты халықаралық құқықтық механизмдерге қатысуы	139
ҚОРЫТЫНДЫ	154
ӘДЕБИЕТТЕР	165

Ғылыми басылым

Даубасов Сәбит Шығажырханұлы

**ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІ ҮСТАП БЕРУ
(ЭКСТРАДИЦИЯ) ИНСТИТУТЫН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Редакторы *А. Иманғалиева*

Компьютерде беттеген *А. Қалиева*

Мұқабасын безендірген *С. Колесников*

Мұқабаны безендіруде қолданылған сайт

www.bag.kz

ИБ № 8362

Басуға 25.08.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.

Көлемі 10,9 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1750.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби ағындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.